



ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ  
ТҰРАҚТЫ ДАМУ  
ТУРАЛЫ ЕСЕП  
2017



Karachaganak

## ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2017

### БАЯНДЫ БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛУ ЖОЛЫНДА

Назарларыңызға Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. компаниясының қазақстандық филиалы жыл сайын жариялайтын тұрақты даму туралы есептің оныншы басылымын ұсынамыз. Осы есепте біздің 2017 жылдағы қызметіміз үш негізгі бағыт бойынша жете баянадалады: қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік және экономикалық салалар. Сонымен қатар, бұл құжат басқару әдіс-тәсілдеріміз, инновациялық серіктестік арқылы құрылған мүдделі тараптармен әрекеттесу нәтижелеріміз, әлеуметтік және экологиялық бастамаларымыз және жобаларымыз туралы ақпаратты да қамтиды.



10  
басылым

## МАЗМҰНЫ

### КІРІСПЕ

- 4 Тұрақты даму туралы есеп жөнінде
- 6 Бас директордың алғысөзі
- 7 Қысқаша шолу
- 9 Маңызды аспектілер
- 11 Стейкхолдерлермен әрекеттесу
- 18 КПО Бизнес моделі

### ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ШОЛУ

- 20 КПО өндірістік нысандары
- 22 Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар
- 23 2017 жылдағы өндіріс
- 25 Кен орнын игеру жобалары

### ЖАУАПТЫ ОПЕРАТОР

- 26 Басшылық ету және басқару әдістері
- 31 Этикалық тәртіп
- 33 Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі
- 53 Денсаулықты қорғау
- 58 Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

### ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

- 75 Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйелері
- 76 2017 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары
- 79 Атмосфераға тасталатын шығарындылар
- 85 Қоршаған орта мониторингі
- 89 Энергияны пайдалануды реттеу
- 90 Су қорларын пайдалану
- 96 Қалдықтар мәселесін басқару
- 101 Биотүрлілік

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

- 104 Әлеуметтік инвестициялар
- 111 Жабдықтауды ұйымдастыру
- 113 Жергілікті қамтуды дамыту

### ЕСЕП БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 116 GRI көрсеткіштерінің кестесі
- 128 Даму кепілдігіміз
- 130 Терминдер мен қысқартулар
- 134 Бізбен байланыс
- 135 Кері байланыс

## 2017 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ

Тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер өндірісі

145,8

млн. б.м.э.

Газды кәдеге жарату көрсеткіші

99,92%

Жұмыс уақытын жоғалту оқиғаларының көрсеткіші

0,08

Тіркелуге жататын оқиғалардың жалпы көрсеткіші

0,11

Жол-көлік оқиғаларының көрсеткіші

0,05

КПО компаниясының сатып алу қызметіндегі жергілікті қамту үлесі

54,1%

Еңбек ресурстары құрамындағы жергілікті қамту үлесі: басшылық

76%

Еңбек ресурстары құрамындағы жергілікті қамту үлесі: кәсіби мамандар және басқарылатын қызметкерлер

95%



**Тұрақты даму туралы есеп жөнінде**

Бас директордың алғысөзі  
Қысқаша шолу  
Маңызды аспектілер  
Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік  
КПО Бизнес моделі

**ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП ЖӨНІНДЕ**

**БІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕМІЗ**

КПО Қарашығанақ кен орнын жергілікті қауымдастықтар үшін әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерін кеңейтумен қатар, экономикалық және экологиялық үйлесімде дамытуды көздейді.

КПО-ның коммерциялық ұйым ретінде тұрақты дамуға өз үлесін қосу мүддесі келесіні қамтиды:

- Компания қызметімен байланысты туындаған жағымды мүмкіндіктерді барынша арттыру, ал кері әсерді азайту;
- Қабылданған шешімдердің ұзақ мерзімді салдарын назарға алу;
- Мүдделі тараптарды сындарлы сұхбатқа тарту;

- Корпоративтік басқару мен айқындықтың үздік тәжірибелерін тиімді үндестіру.

Біз тұрақты даму қағидаларын бұлжытпай сақтауға мүдделіміз және бұл әрекетіміз өзіміздің тұрақты даму тұжырымдамамызды мазмұндаған. Аталмыш қағидалар тұрақты дамудың «Тұрақты даму – бүгінгі күн талаптарын орындай келе, болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне ешқандай кесір тигізбейтін даму» деген жалпылай белгілі анықтамасына толықтай сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының Біріккен ұлттар ұйымының тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) бағытанушылығымен келісе отырып, олардың жетістіктерін біз өзіміздің тұрақты даму тұжырымдамамызда айқындалған қағидаларды орындау арқылы ескереміз (төмендегі 1-суретте келтірілген).

**1-СУРЕТ. ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОДЕКСІНДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ҚАҒИДАЛАР АРҚЫЛЫ ТДМ-НА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ**



**ЕСЕПТІҢ АЯСЫ МЕН ҚАМТУ ШЕГІ** GRI 103-1, 102-1, 102-50, 102-51, 102-52

КПО тұрақты даму туралы есебінің қамту шегі Қарашығанақ мұнай және газ конденсаты кен орнымен, Орынбор (ҚОТЖ) және Атырау (ҚАТЖ) бағытындағы экспорттық құбыр жүйелерімен байланысты компанияның барлық қызметіне қатысты.

Осы есепте біздің 2017 жылғы көрсеткіштеріміз сипатталып, келесі жылға жасалған жоспарларымыз айқындалған. Мұнда берілген деректер алдыңғы жылғы көрсеткіштермен салыстырмалы түрде берілген. Осылайша біз тұрақты дамудағы жасалған қадамдарымызды және бағытанушылығымызды көрсете аламыз. Бұл құжат әдеттегідей жетістіктерімізді де, мәселелі тұстарымызды да қамтиды. Біздің маңызды аспектілерімізді есептің мазмұнынан айқын көре аласыздар. Берілген әрбір маңызды аспект бойынша біз өзіміздің әдіс-тәсілдеріміздің қысқаша сипаттамасын бердік және есеп беру уақытында орын алған дамуымызды баяндадық. Осылайша, оқырмандар маңызды аспект бойынша қолға алынатын шараларымызбен және ұстанымымызбен ұғымды түрде таныса алады.

2016 жылғы тұрақты даму есебіміз 2017 жылдың қыркүйек айында жарияланған болатын. Біздің барлық бұрынғы тұрақты даму туралы есептерімізді компаниямыздың [www.kpo.kz/sustainability](http://www.kpo.kz/sustainability) веб-сайтынан және корпоративтік жауапкершілік есептері бойынша ең ірі ғаламдық онлайн каталогтардың бірі болып табылатын корпоративтік тіркелім веб-сайтынан [www.corporateregister.com](http://www.corporateregister.com) таба аласыздар.

**ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕПТІЛІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАҒАНДЫҚ БАСТАМА** GRI 102-54

Осы есеп есептілік жөніндегі жағандық бастаманың (GRI) ең соңғы стандартының талаптарына сәйкес дайындалды. КПО-ның 2013

жылдан 2016 жылға дейінгі есептері есептілік жөніндегі жағандық бастаманың төртінші нұсқаулығына (GRI G4) сәйкес жарияланды. КПО GRI G4 нұсқаулығы ережелерін Қазақстан Республикасында алғаш қолданған компаниялардың бірі болды. Одан бұрынғы басылымдар GRI G3 нұсқаулығына сай жасалған болатын. Есепті дайындау барысында біз GRI стандартына сәйкес ашықтық пен сапаның тиісті деңгейін қамтамасыз етуге тырыстық.

**АҚПАРАТТЫҢ ТӘУЕЛСІЗ РАСТАЛУЫ** GRI 102-56

Берілетін ақпараттың тәуелсіз расталуы есептеріміздің айқындығы мен ашықтығының тиісті деңгейін сақтауға өз септігін тигізетініне біз сенімдіміз.

Есепте ұсынылатын деректердің анық-дұрыстығы үшінші жақтың тәуелсіз тексерісімен расталады. Бұл мақсатта КПО компаниясы 2009 жылдан бері сарапшы ұйымдардың аудиторлар тобын жыл сайын қабылдап келеді. Ақпараттың дұрыстығын сыртқы жақпен растау үдерісі есеп мазмұнын ISAE 3000 стандартына (ақпараттың дұрыстығын растау бойынша халықаралық стандарт) сәйкес шектеулі талдауды қамтиды. Тексеріс нәтижесінде осы есептің ақпараттың нұсқасына тіркелетін ақпарат сәйкестігі бойынша растау сертификаты беріледі.

2017 жылғы есеп ЕУ сыртқы растау компаниясымен куәландырылды. Бұл ұйымның қызмет аясы әрбір тақырыпқа берілетін ақпаратқа түсінік беруді және кемшіліктерді анықтауды қамтиды. Ақпаратты шектеулі түрде растаудың көлемі мен шарттары 2017 жылғы Қарашығанақтағы тұрақты даму туралы есептің тәуелсіз тексерісі туралы есептің [128-129](#) беттерінде берілген.



2016 жылғы Тұрақты даму туралы есебінің қорытындысы бойынша марапаттау рәсімі





Тұрақты даму туралы есеп жөнінде  
**Бас директордың алғысөзі**  
**Қысқаша шолу**  
 Маңызды аспектілер  
 Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік  
 КПО Бизнес моделі



**БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ** GRI 102-14, 102-15, 102-50

Құрметті оқырмандар,  
 Назарларыңызға «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының тұрақты даму туралы есебінің мерейтойлы оныншы басылымын ұсынуға қуаныштымын.  
 Бұл есепте қызметіміздің барлық түбірлі бағыттары, соның ішінде өндірістік-шаруашылық, әлеуметтік және экологиялық үдерістері бойынша қорытынды жасалады.  
 Компания алдындағы ең маңызды міндет - негізгі мүдделі тараптармен үздіксіз әрекеттесу арқылы Қарашығанақ кен орнын экономика жағынан тиімді және қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан қауіпсіз пайдалану. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен мүмкіндіктер жасау бағытында компания тынымсыз жұмыс істеуде. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ең жоғары стандарттарды мүлтіксіз сақтай отырып, озық технологияларды енгізу және ҚР мемлекеттік органдарымен ұзақ мерзімді әріптестікті нығайту - қызметіміздің күре бағыттарының бірі.  
 2017 жылы Қарашығанақ жобасы бойынша шетелдік консорциум және Қазақстан Республикасы арасындағы қарым-қатынасты реттейтін басты құжат - Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімге қол қойылудың (ӨБТК) 20-жылдық мерейтойы тойланды.  
 Жалпы және тұтас алғанда, 2017 жыл есімізде қызметіміздің көптеген саларында айрықша жетістіктерге қолымыз жеткен жыл болып қалады. Мәселен, көмірсутекті шикізат өндірісінің жалпы көлемі мұнай баламасындағы 145,8 млн баррелді құрап, жоба тарихындағы рекордтық көрсеткішті бағындыруымызға мүмкіндік берді. Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ) саласында да елеулі табыстарға жеттік. Әлемдік мұнай өнеркәсібі әлі де бастан кешіріп жатқан экономикалық қиыншылықтарға қарамастан, біз 2018 жылы да тұрақтылықты және қызметкерлеріміздің қауіпсіз жұмыстануын қамтамасыз етуге қажетті барлық күш-жігерімізді салуды жалғастырмақпыз.  
 КПО қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштері де әлемдік дәрежеге сай жоғары деңгейде қалып отыр. Мысалы, CO<sub>2</sub> шығарын-

дылары жалпы өндірілген көмірсутектердің мың тоннасына шаққанда 63 тоннаны құраса, парниктік газ шығарындыларын азайту көлемі CO<sub>2</sub> - баламасының 447 мың тоннасына жетіп отыр. Мұндай елеулі жетістіктер - шығарындыларды азайту бойынша шаралар мен технологияларды сәтті жүзеге асырудың айғағы.  
 Компаниямыз үшін әсерлі жетістіктердің қатарында 2015 жылы басталып, 2017 жылдың соңында сәтті аяқталған Березов пен Бестау ауылдарын көшіру жобасының алатын орны ерекше. Бұл - консорциумның тұрақты даму мәселелерін шешудегі жауапкершілікке мол және адал ниетті ұстанымын анық көрсететін КПО тарихының ең маңызды парағы.  
 Компания қызметінің басқа да салалары туралы ақпарат осы есептің "Қысқаша шолу" тарауында берілген. 2018 жылдың сәуір айында Эдвин Блом («Шелл») КПО Бас директоры лауазымында Ренато Маролиді («Эни») алмастырғанын айта кеткен жөн. Бұған қоса, 2018 жылы Компанияның жоғарғы басшылығы қатарында басқа да кадрлық өзгерістер күтілуде.  
 Болашақта КПО бұрыннан қалған бағасыз мұра мен тәжірибені қолдана отырып, Қазақстан Республикасы және серіктес компаниялар мүддесі үшін Қарашығанақ бірегей кен орнын игеруде жаңа табыстарға қол жеткізуге ниетті. Әрине, Компания қызметкерлерімен, мемлекеттік органдармен, жергілікті халықпен және басқа да мүдделі тараптармен сенімді қарам-қатынас - табысты қызметіміздің шарты.  
 Ұсынылып отырған есеп Қарашығанақ жобасындағы қызметіміздің түрлі қырларын тереңірек түсінуге және қол жеткізген жетістіктеріміз, жұмысымыз барысында пайда болатын қиыншылықтар, яғни, осындай ауқымды және күрделі Қарашығанақ жобасының ажырамас бөлігі болып табылатын барлық тұстар жайында көбірек білуге өз септігін тигізетініне сенемін!  
**Эдвин Блом**  
 КПО бас директоры



**ҚЫСҚАША ШОЛУ** GRI 102-15

КПО-ның тұрақты даму туралы есебі ұйымның тұрақты даму аспектілерін және оның экологиялық, экономикалық, әлеуметтік саладағы басты жетістіктерін жариялайды. Біз қызметіміз бен мүдделі тараптарымыз үшін маңызды мәселелер жайында есеп береміз. Маңызды тақырыптарымызды біз есептің мазмұнында мақсатымыз ретінде атап көрсеттік. GRI 410-1  
 КПО үшін өндірістік мақсаттарға жету және тұрақты даму саласындағы іс-шараларды жүзеге асыруда 2017 есептік жылы сәтті болды. Біз табиғатты қорғау және қызметкерлерге қауіпсіз әрі жайлы жұмыс орындарын қамтамасыз ету жолында тынбай еңбек етуді жалғастырдық. Компанияның қызмет жүргізу аймағында өмір сүретін және жұмыс жасайтын адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқор болу - біздің басты міндетіміз болып қала береді. GRI 102-15

2017 жылы КПО-ның 2016 жылғы тұрақты даму туралы есебі Ұлттық рейтингте және Жылдық есептердің VII-ші сайысында «Тұрақты даму туралы ең үздік есеп» номинациясы бойынша 1-ші орынға лайық деп танылғанын айта кеткен жөн. RAEX мамандандырылған рейтинг агенттігі Қазақстан биржасымен бірлесе отырып, қаржы және қаржы емес есептердің бұл сайысын қазақстандық тауар маркаларын көтермелеу және корпоративті есеп беру сапасын жақсарту мақсатында өткізіп келеді.

КПО ұжымы үшін бұл танылымның маңызы зор, басқаша айтқанда, ол компанияның көпжылдық еңбегін қорытындай келе, жаңа белестерді бағындыруға ынталандырады. КПО жетістіктері, сайып келгенде, энергия секторы және қоғам арасындағы диалогта маңызды қарым-қатынас инструменті ретінде қаржы емес есептің жалпы табысына өз үлесін қосқанына сенімдіміз.

**ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ, ӨНДІРІС ТҮТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТІ**

Біздің ұстанымымыз – қауіпсіздікпен байланысты қауіп-қатерлерді техникалық тұрғыдан мүмкіндігінше қысқарту және оқиғалардың әлеуетті ықпалын барынша азайту. Біз қауіпсіздікті компания тұрақтылығында ең маңызды тақырыптардың бірі деп санаймыз, сол себепті процесс пен жеке мінез-құлықты жетілдіруге жағдай жасауға тырысамыз.  
 2017 жылы үш жарақат алу оқиғалары тіркелді. КПО және оның мердігер ұйымдарында еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі көрсеткіші 0.08 және есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі 0.11 құрады, бұл көрсеткіш 2016 жылмен салыстырғанда 50%-ға төмендеді. Бұл КПО тарихындағы ең үздік жетістік болып белгіленді.  
 Жол көлік оқиғалардың көрсеткіші, керісінше, 2016 жылғы 0.02-мен салыстырғанда 0.05-ке өсті, 2016 жылы бір оқиға орын алса, 2017 жылы оның саны екіге өсті. Бұл сандық өсуді КПО есебінің шекті параметрлерінің 2017 жылы IOGP қағидаларына сәйкестендірілгенімен түсіндіруге болады («ЕҚ және ҚТ бойынша көрсеткіштер» тарауын қараңыздар).  
 Компания жыл бойына технологиялық үдеріс қауіпсіздігі мен өндіріс тұтастығын жетілдіру жолында бар күшін салып келді. Біз ықтимал

жазатайым оқиғалардың алдын алу немесе оларды бақылау үшін қауіпсіздік тосқауылдары арқылы тоқтатылуы мүмкін жаңа жеке қауіп-қатерлерді білуге және анықтауға назар аудардық. Дайындалған қауіпсіздік тосқауылдарының «жарамдылық күйі» сол тосқауылдардағы саңылауларды анықтап, олардың іс-жүзіндегі оқиғаларға айналуын болдырмау үшін үнемі бақыланып келді.  
 2017 жылы қауіпсіздікті басқару жүйесін жүзеге асыру жұмыстары бойынша біраз ілгері жылжыдық. Мәселен, Газды кешенді дайындау қондырғысы (ГҚДҚ-2) және ерте мұнай өндіру станциясының (EMӨС) бұрынғы қоршаулары ұзындығы 4,5 км-ге созылатын жаңа қоршаулармен толықтай жаңартылды.

**ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНІМДІ ӨТКІЗУ**

2017 жылы өндірілген сұйық өнімнің шамамен 95% тұрақтандырылған мұнай күйінде Каспий құбыр желісі консорциумы (КҚК), Атырау-Самара құбыр желісі арқылы және әрі қарай «Транснефть» желісі бағытымен батыс нарықтарына сатылды.  
 0.16 млн тоннаға жуық мұнай Атырау-Самара құбыр желісі арқылы экспортталып, КПО тарихындағы рекордтық ең төмен көлемді құрады. Сондай-ақ, КПО Орынбор бағытына жөнелтілетін тұрақтандырылмаған конденсаттың жеткізілім көлемін 624 мың тоннаға қысқарта алды. Орынборға жөнелтілетін тұрақтандырылмаған конденсаттың жылдық көлемінің осындай рекордтық төмен көрсеткіші нәтижесінде Компанияда сұйық көмірсутек ағынын Орынбор бағытынан КҚК-на өзгерту арқылы сатылымнан түсетін пайданың өсуі орын алды.

Қабат қысымын ұстап тұру және сұйық көмірсутектер қайтарымын арттыру мақсатында 2017 жылы компания қабатқа 9,3 млрд. текше метр шамасында газ айдады және бұл алынған газдың жалпы көлемінің 49%-на тең.  
 Біз өндіруді оңтайландыруға басты назар аударатын ұңғымаларды бұрғылау бағдарламасын жүзеге асыруды және оларды өндіріс нысандарымен байланыстыруды жалғастырып келдік. Бес жаңа ұңғыма сәтті бұрғыланып, ісінетін пакер арқылы бекітілді. Бұрғылау мұнарасының төменгі жабдықтарының динамикалық дірілін азайтуға бағытталған, сондай-ақ бұрғылау жұмыстары кезіндегі тоқтаусыз каротаж жасауға қолданылатын құралдардың пайдалану мерзімін арттыруға және ұңғыма кенжарын тереңдетпей жұмыс істеу уақытын азайтуға мүмкіндік беретін үздіксіз инновациялар мен зерттеулердің арқасында бір ұңғыманың бұрғылау көрсеткіші үздіктер қатарында болса, басқа екі ұңғыма - жоғары кварталыде.

**ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕР**

Біз қоршаған ортаға әсерлерді анықтау және бақылау үшін, сонымен қатар бұл саладағы көрсеткіштерді үнемі жақсарту мақсатында кешенді экологиялық менеджмент жүйесін қолданып келеміз.  
 2017 жылғы шілде айында КПО-да 2015 жылғы жаңа ISO 14001 стандартына сәйкестік бойынша аудит жүргізілді, нәтижесінде экологиялық менеджмент жүйесінің тиімділігі Bureau Veritas өкілетті халықаралық ұйым аудиторларымен расталды.  
 2017 жылы КПО Қазақстанның энергосекторында ең алғашқылардың бірі болып ISO 50001: 2011 стандартына сәйкестік сертификатын алды, сөйтіп энергия тиімділігі мен энергияны үнемдеудің басты қағидаттарын сақтауға берілгендігін дәлелдеді.



Тұрақты даму туралы есеп жөнінде  
Бас директордың алғысөзі  
**Қысқаша шолу**  
**Маңызды аспектілер**  
Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік  
КПО Бизнес моделі

Шығарындылар көлемін азайту, қалдықтар мәселесін басқару және жаңа технологияларды пайдалану компанияның басты назарындағы бағыттар болып қалады. Мәселен, КПО газды кәдеге жарату көрсеткіші 99.92%-ті құрайтын әлемдік деңгейге жетті.

2017 жылы маусымда КПО-ның «Қарашығанақ кен орнында сарқынды суды қайта пайдалану» жобасы «Эни» компаниясының Миланда өткен «Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша марапаттау» рәсімінде үздік экологиялық және озық тәжірибелі жобалардың бірі деп танылды. Бұл жоба сарқынды суларды оқшауланған жинағыш тоғанға құю арқасында тұщы суды пайдалану көлемін азайту бағытындағы компанияның жұмыстарын атап көрсетті. Мұндай әрекет жерүсті, жерасты сулардың бетіне және топыраққа ластағыш заттардың енуін болдырмайды. Жоғарыда айтылғандай, бұл жоба озық тәжірибе үлгісі деп танылып, «Эни» компаниясының басқа жобаларына енгізуге ұсынылды.

Бұдан басқа, осы жылдың аяғында КПО Қазақстандағы қоршаған ортаға ең жауапты мұнай және газ компанияларының арасында 2-ші орынға ие болды. Салтанатты шараны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қолдауымен, БҰҰ-ның Орталық Азиядағы қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (UNEP-CA), «КРЕОН капитал» және Ұлттық рейтинг агенттігімен бірлесе отырып, Ресейдің Әлемдік жабайы табиғатты қорғау қоры және «КРЕОН» тобы ұйымдастырды.

Мемлекеттік органдар мен құрушы компанияларымыздың қатаң талаптарын орындаудан бөлек біз КПО шеңберімен шектелмей, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне кеңірек көзқарас қоямыз. 2017 ж. бастап біз жыл сайын «Uralsk Green Forum» халықаралық экологиялық форумын өткізіп, онда реттеуші органдармен, мердігерлермен және үкіметтік емес ұйымдармен (УЕУ) бірге «жасыл экономикаға» көшу перспективаларын талқылаймыз. Бүгінде қолданылған технологиялар болашақ қоғамның талаптарын қанағаттандыра алмайтынын түсінеміз.

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КӘСІБИ ДАМУ**

Сәтті қызметіміз толықтай қызметкерлеріміздің берілгендігі мен жұмысына тәуелді, сол себепті жұмыскерлерімізбен адал әрі сенімді байланыс орнату - біз үшін әдеп пен заң талаптары ғана емес, одан әлдеқайда жоғары мәселе.

Жоғары білікті қызметкерлерді тарту және оларды компаниямызда сақтау арқылы ғана біз бәсекеге қабілетті және инновациялық компания бола аламыз. Сол себепті қызметкерді жеке оқыту мен кәсіби дамытудың әрбір және барлық сатысында бағдарламалар мен кәсіби өсу бойынша шараларды жүзеге асырамыз.

Қызметкерлер құрамындағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы аясында 10 шетел азаматтары иеленген лауазымдарға жергілікті жұмысшылары тағайындалды. Оған қоса осыған дейін шетел азаматтары иеленіп келген 22 қызмет орны қысқартылды. 2017 жылдың аяғына қарай жергілікті кадрлар жалпы штаттың 91%-ын құрады.

Компания қызметкерлеріне үздіксіз кәсіби дамып, одан әрі өсуге қажетті білім мен тәжірибе алу үшін жағдай жасауға бағытталған 2017-2020 жылдарға арналған қарқынды даму бағдарламасы 2016 жылдың соңында бастау алды. Үш жылға бекітілген бағдарлама - кадрлық резервті дайындау жоспарының ажырамас бөлігі, ол еңбек ресурстарын жоспарлауға және қызметкерлер құрамындағы жергілікті дамуды арттыру бойынша 2015-2020 жылдарға арналған бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған.

Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге қол қойылғаннан бері жергілікті кадрларды дайындауға 200 млн-нан аса АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлінді, бұл ретте Компания кадрларды ең үздік халықаралық оқу орталықтары және институттарында оқытумен қатар, өз оқу орталықтарында да дайындады.

**ЭКОНОМИКАҒА ИНВЕСТИЦИЯ ТARTУ**

КПО ӨБТК және КПО жергілікті қамтуды дамыту саясатына сәйкес Қарашығанақ жобасында жергілікті қамтуды барынша арттыру үшін едәуір күш салып келеді.

Есептік жылы КПО-ға жеткізілген тауарлар, жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамтудың үлесі 54.1%-ке жетті, ақшалай көлемде шамамен 400 млн АҚШ долларын құрайды. Жалпы алғанда, 1997 жылы Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімге қол қойылғаннан бері, КПО сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесі 6,6 млрд. АҚШ долларын құрады.

КПО-ның жергілікті қамтуды дамытуға қосқан үлесі үкімет органдарымен қатар өнеркәсіптік бірлестіктермен де жоғары бағаланды. Осылайша, КПО-ның бұрынғы бас директоры Ренато Мароли «Құрмет» орденімен марапатталды. Елбасы Н.Назарбаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қозғаушы күші болып табылатын Қарашығанақ жобасын басқаруға қосқан елеулі еңбегі үшін Ренатоға осы мемлекеттік марапатты табыстады.

Өңіраралық өзара әрекеттесу бастамасы аясында КПО басшылығы 2017 жылы еліміздің үш өңіріне сапар шегіп, мұнай кен орындарына қызмет көрсететін компаниялар мен машина жасайтын кәсіпорындарды аралап, жергілікті өндірістік әлеуетті зерттеді.

2017 жылы пайдалануға берілген КПО әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалары қатарында Ақсай қаласындағы дене шынықтыру - сауықтыру кешені, көшелерді жарықтандырудың жаңа желілері мен Орал қаласындағы жөнделген жолдар, сонымен қатар БҚО Бөрлі ауданындағы толықтай қайта салынған Балалар өнер мектебі бар.

**ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

Біз жергілікті әлеуетті дамыту және жергілікті халықты қолдауға бағытталған бастамалар арқылы өз қызметімізді жүргізетін өңірдің тиімділігін арттыруға ынтыламыз.

Жергілікті мүдделі тараптармен диалог жүргізу - компания үшін ең маңызды әрекет. Ауылдық кеңестер өзара қарым-қатынас құрудың ең тиімді құралы болып ұзақ уақыт бойы қалуда. 2017 жылы Қарашығанақ кен орнына жақын маңда орналасқан бес (Приурал, Успеннов, Березов, Жарсуат, Пугачев) ауылдық округтерде 17 жиын өтті. Бұдан басқа, Ақсай қаласында басым көпшілігі ұңғыма сағасын байланыстыру және құрылыс жобалары бойынша жұмыстардың қоршаған ортаға әсерін бағалауға арналған тоғыз қоғамдық тыңдаулар өтті.

2015 жылы бастау алған Березовка және Бестау ауыл тұрғындарын көшіру жобасы 2017 жылы сәтті аяқталды. Бұл жоба Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге, ҚР қолданыстағы заңнамасына, көшіруге қатысты халықаралық стандарттарға (IFC PS5) сәйкес жүзеге асырылды.

Көшірілген тұрғындарға көшудің бірнеше нұсқасы және өтемақы таңдаулары ұсынылды. Нәтижесінде жергілікті тұрғындардың 60.5% Ақсай қаласындағы көппәтерлі үйдегі пәтерді, 26.5% Ақсай қаласынан 5 км қашық орналасқан Аралталдағы жер телімі бар жер үйді таңдады, ал қалған 13% ақшалай өтемақы алуды жөн көрді.



**МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР GRI 102-44, 102-46, 103-1**

Соңғы он жыл бойы КПО әр жыл сайын тұрақты даму туралы есепті жариялап келеді. Бұл бастамамыз Қазақстандағы бизнеске еліктеуге тұрарлық жарқын үлгіге айналды. Есепті дайындау барысында біз қаржылық емес есеп беру саласында дүние жүзі бойынша үздік деп танылған тәжірибеге жүгініп, құрушы компаниялардың озық дағды-ережелерінен үйренеміз.

Маңызды аспектілерді және олардың шегін жыл сайынғы тұрақты даму туралы есепте айқындауда біз есептілік жөніндегі жаңандық бастаманың 4 (GRI 4) нұсқаулығын ұстанамыз, сонымен қатар тұрақты даму бойынша маңызды деректерді халықаралық мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастығы (IOGP) көрсеткіштерімен салыстыра ұсынамыз.

Тұрақты даму туралы есеп беру үрдісі ақпарат алмасу, деректерді жинау және компаниядағы салааралық ішкі және сыртқы қатынасы дамытады. <sup>GRI103-1</sup> Бірнеше жыл бойы біз есепті дайындаумен байланысты жұмыс істеп, өзімізге маңызды болып табылатын аспектілердің бірқатарын айқындап, олардың даму қарқынын жариялап келеміз. Маңызды аспектілер тізімі 1-кестеде берілген. Маңызды аспектілер КПО-ның жалпы әрекетімен де, оның бөлек өндірістік операцияларын орындау барысындағы, сонымен қатар Компанияның мердігерлермен және, қазіргі тілде стейкхолдер<sup>1</sup> деп аталатын, мүдделі тараптармен әрекеттесу арқылы жасалатын экономикалық, экологиялық және әлеуметтік ықпалға қатысы бар мәселелерді қозғайды. Бұндай ықпалдардың ішкі де, сыртқы да көріністері анықталады. <sup>GRI102-43</sup> Маңызды аспектілеріміздің материалдылығын есептің мазмұнынан көруге болады, ал GRI стандарттары Компанияның менеджмент саласындағы тәсілдерін және негізгі көрсеткіштерін ескере отырып таңдалады.

Есеп беру жылы ішінде орын алған маңызды аспектілеріміздегі өзгерістер әртүрлі бақылаушы органдармен, құрушы компанияларымызбен, өкілетті орган «PSA» ЖШС-мен, бизнес серіктестерімізбен, мердігерлерімізбен, жергілікті қауыммен және бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) өкілдерімен көп тарапты әрекеттестік барысында

1-КЕСТЕ. ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІ <sup>GRI 102-47</sup>

МЕНЕДЖМЕНТ САЛАСЫНДАҒЫ ӘДІСТЕР		МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР
ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАСТАР	ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ЖӘНЕ АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕК	Корпоративтік басқару және менеджмент саласындағы әдістер
		Қызметкерлеріміздің еңбегін қорғау мен қауіпсіздік техникасы (біздің мердігерлер үшін де маңызды)
		Қызметкерлеріміздің денсаулығын сақтау
		Жұмысқа орналастыру және өтемақы
		Кәсіби дамыту және оқыту
		Әлеуметтік, мәдени және жыныстық әртүрлілік, тең мүмкіндіктер
		Қызметкерлер және басшылық арасындағы өзара қарым-қатынас
Еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтарға қатысты түскен шағымдарды және жолдауларды қабылдау		

<sup>1</sup> Қызмет жүргізу әрекетіне немесе шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін, мұның ықпалына түсуі мүмкін немесе өзін ықпалға түскендер ретінде санауы мүмкін тұлға немесе ұйым (ISO 9000:2015)



Тұрақты даму туралы есеп жөнінде  
Бас директордың алғысөзі  
Краткий обзор  
**Маңызды аспектілер**  
**Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік**  
КПО Бизнес моделі

1-КЕСТЕ. ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ) GRI 102-47

		МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР
ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАСТАР	АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикасы
		Кәсіби одақтарға мүшелік және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі
		Мердігерлерді адам құқығы бойынша оқыту
	ҚОҒАМ	Жемқорлыққа қарсы әрекет
		Жобаның жергілікті қоғам өркендеуіне кері әсер етуі ықтимал қауіптер туралы шағымдарды және жолдауларды қабылдау
		Жобаның әсеріне ұшыраған жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу; әсер ету деңгейін бағалау және бәсеңдету тәсілдері
		Төтенше жағдайларға қарсы әрекет ету дайындығы және жергілікті қауымдастықтармен әрекеттесу тәсілдері
		Өндірістік жабдықтың тұтастығы және технологиялық үдеріс қауіпсіздігі
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	Парниктік газдар мен ластағыш заттардың шығарылу көлемін азайту	
	Ауа тазалығын қадағалау	
	Қатты және сұйық қалдықтар мәселесін басқару, сарқынды суларды қайта пайдалану немесе жою	
	Зиянды заттардың төгілуі	
	Су көздерін пайдалану	
	Электр қуатын пайдалануды реттеу	
	Биологиялық алуан түрлілік және экожүйелерді сақтау	
	КПО-ның қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөнінде шағымдарды және жолдауларды қабылдау	
	Қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қаражат бөлу	
	ISO 14001 және ISO 50001 бойынша сертификаттау	
ЭКОНОМИКА	Жергілікті қызметкерлер санын ұлғайту	
	Өзіміз жұмыс жүргізетін аймақтардағы инфрақұрылымға, соның ішінде жергілікті ұйымдарға қолдау көрсетуге салынатын инвестициялардың үлесі	
	Жергілікті халықты электр энергиясымен қамтамасыз ету	
	Жергілікті қамтуды дамыту және оның тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулерді сатып алу үдерісіндегі үлесі	
	Сатып алу тәжірибелері мен жеткізілімдерді ұйымдастыру	
	Мемлекетке жасалған төлемдердің жариялылығы (Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы)	
Есептелген дәлелденген қорлар мен өндіріс мөлшері		



СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК GRI 102-42, 102-43

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік қатынастарын орнату – тұрақты даму үдерісінің іргетасы және кез-келген бизнес өркендеуінің негізі болып табылады. Біз өзіміздің мүдделі тараптарымызбен тығыз байланыстамыз және олардың ой-пікірлеріне үлкен назар аударамыз.

Мүдделі тараптармен әрекеттесудегі тұрақты даму туралы есептің біздер үшін маңызы зор. КПО қызметінің ауқымына орай оның стейкхолдерлер құрамын көптеген топтар мен ұйымдар құрайды. Олардың арасындағы ең маңыздылары 2-суретте көрсетілген.

Біздің мүдделі тараптармен қатынасымыз күнделікті әрекет шеңберінде және заңнамаға мен Компанияның ішкі саясатына сай жүзеге асырылады. Бұл – жоспарлау және тиісті ақпаратты құжаттау

негізінде ұйымдастырылған және реттелген үдеріс. КПО бөлімдері өздерінің мүдделі тараптарын өз бетімен анықтап, олармен әрекеттесу тәжірибесі туралы осы есепте бөлісуде.

Компаниямызда тұрақты даму туралы есепті жариялау нәтижесі бойынша кері байланыс алудың алуан түрлі жолдары пайдаланады, соның ішінде телефон байланысы, Sustainability@kpo.kz электронды поштасы көмегімен және КПО ресми парағы www.kpo.kz арқылы. Келесі есепті дайындау кезінде біз келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды ескереміз.

1-СУРЕТ. КПО СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРІ GRI 102-40



Жоғарыда айтып өткендей, КПО қолданысындағы мүдделі тараптармен әрекеттесу тәртіптері мен әдістері хаттар, отырыстар және жиналыстардан конференциялар, форумдар, ашық есіктер күндері, әлеуметтік сауалнамалар және басқа да тәсілдерге дейін түрленеді.





Тұрақты даму туралы есеп жөнінде  
Бас директордың алғысөзі  
Қысқаша шолу  
Маңызды аспектілер  
**Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік**  
КПО Бизнес моделі

2-кестеде 2017 ж. стейкхолдерлермен әрекеттесуіміз бойынша қысқаша шолу берілген.

2-КЕСТЕ. 2017 Ж. СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР ТОПТАРЫМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ ҮЛГІЛЕРІ GRI 102-13, 102-43, 102-44

ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ	2017 Ж. ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН ШАРАЛАРЫ	МАҢЫЗДЫ АСПЕКТ / ТАҚЫРЫП
<b>Құрушы компаниялар («Эни», «Шелл», «Шеврон», «Лукойл», «ҚазМұнайГаз»)</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>Директорлар кеңесінің жиналыстары;</li> <li>Мердігерлер комитетінің кеңестері;</li> <li>Операторлар комитетінің кеңестері;</li> <li>Мердігерлер комитетінің қосалқы комитетінің кеңестері;</li> <li>Операторлар комитетінің қосалқы комитетінің кеңестері;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚТ және қауіпсіздік мәселелері;</li> <li>Өндіріс көрсеткіштерін оңтайландыру;</li> <li>Жылдық жұмыс бағдарламасы және бюджет, қосымша қаражатқа өтім, шығын жұмсауға рұқсат; 5 жылдық бизнес жоспар;</li> <li>ҚОҚ мәселелері;</li> <li>Даму бойынша ірі және шағын жобалар;</li> <li>Мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу және сату;</li> <li>КПО компаниясымен дайындалған "Қарашығанақ кен орнындағы сарқынды суларды қайта пайдалану" жобасын 2017 жылғы маусым айында өткізілген Eni Safety and Environmental Award қоршаған ортаны қорғау мен қауіпсіздік техникасы саласындағы марапаттау салтанатында ең үздік экологиялық жобалар қатарында болды. Бұл жоба Eni компаниясының басқа бөлімдері арасында озық әдіс ретінде кейінгі таратылуға және кеңінен қолдануға ұсынылды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдері;</li> <li>Есептелген дәлелденген қорлар мен өндіріс мөлшері;</li> <li>Жергілікті қамтуды дамыту және оның тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулерді сатып алу үдерісіндегі үлесі;</li> <li>Су қорларын пайдалану;</li> </ul>
<b>Өкілетті орган «PSA» ЖШС</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>Басқару жөніндегі бірлескен комитет (БК) кеңестері;</li> <li>Сатып алу бойынша бірлескен комитет (СБК) кеңестері;</li> <li>Өтім бойынша бірлескен комитет (ӨБК) кеңестері;</li> <li>Жергілікті қамту бойынша қосалқы комитет кеңестері.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жылдық жұмыс бағдарламасын және бюджетті, қосымша қаражатқа өтімді мақұлдау;</li> <li>Ірі келісімшарттарды мақұлдау;</li> <li>Әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды мақұлдау.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жергілікті қамтуды дамыту және оның тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулерді сатып алу үдерісіндегі үлесі;</li> <li>Өзіміз жұмыс жүргізетін аймақтардағы инфрақұрылымға, соның ішінде жергілікті ұйымдарға қолдау көрсетуге салынатын инвестициялардың үлесі;</li> </ul>
<b>Қызметкерлер</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>Корпоративтік шаралар, сайыстар, марапаттау рәсімдері;</li> <li>Жиналыстар; кездесулер, хат жолдаулар;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>КПО және мердігерлік ұйымдар қызметкерлерін ҚТ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы жеткен жетістіктері үшін қауіпсіз әрекет мәдениетін нығайту шеңберінде әр тоқсан сайын марапаттау.</li> <li>КПО және мердігерлік ұйымдар қызметкерлері қатысатын ҚТ сақтау бойынша өткізілетін кезектен тыс жиналыстарды өткізу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Еңбекті қорғау, ҚТ және қоршаған ортаны қорғау;</li> <li>Қызметкерлерді кәсіби дамыту және оқыту, жергілікті қызметкерлер санын ұлғайту;</li> </ul>



ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ	2017 Ж. ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН ШАРАЛАРЫ	МАҢЫЗДЫ АСПЕКТ / ТАҚЫРЫП
<b>Қызметкерлер</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>Тәртіп Кодексі және Мүдделер қақтығысы саясатының ережелері бойынша жыл сайынғы ақпараттандыру;</li> <li>ҚТ, денсаулықты қорғау, қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс және т.б. тақырыптар бойынша онлайн оқыту;</li> <li>Әртүрлі тақырыптағы қызметкерлерге арналған электронды сауалнамалар; Студенттермен кездесу, форумдар өткізу;</li> <li>Корпоративтік БАҚ арқылы ақпараттандыру: корпоративтік интранет-портал, кітапшаларды шығару және тарату, Компания кеңселеріндегі электронды дисплейлерде жариялау;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>КПО 2017 жылдың қаңтар айында компания нысандарына қызмет көрсететін қызметтер арасында жыл сайын өткізілетін «Үздік өрт сөндіру бөлімі» және «Үздік газдан құтқару қызметі» сайысының нәтижелерін қорытындылады. Сайыста өрт сөндірушілердің кәсіби дайындығы, ТЖ кезінде қарсы әрекет ету деңгейі және іс-қимылдары, апаттық-құтқару жабдығының күйі, нысандармен әрекеттесуі және өрттің алдын алу бойынша жүргізілген шаралар бағаланды. КПО нысандарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ТЖ алдын алу және жою саласындағы жоғары кәсіби көрсеткіштері үшін 26 және 31-өрт сөндіру бөлімдерінің қызметкерлері естелік сыйлықтармен және сертификаттармен марапатталды.</li> <li>КПО компаниясы 2017 жылдың қыркүйек айында КПО және мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінен ҚОҚ тақырыбында тың ұсыныстар мен пікірлер алу мақсатында қоршаған ортаны қорғау күніне қарай ұйымдастырылған «Үздік экологиялық бейнебаян» сайысының нәтижелері бойынша марапаттау рәсімін өткізді. Қатысушылардың жоғары кәсіби деңгейде жасаған жұмыстары компанияның экологиялық бейнебаяндарын шығару кезінде ескерілетін болады.</li> <li>2017 жылдың қазан айында КПО компаниясы жас түлектерді кәсіби дамыту бағдарламасының 10 жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өтті. Бұл бағдарлама ОРІТО мұнай мен газ академиясының халықаралық стандарттарын негізделген және инженерлік-техникалық құрамның жас мамандарын дайындауды көздейді: өндіріс және техникалық қызмет көрсету операторларын, бұрғылау супервайзерлерінің көмекшілерін және аудармашыларды. 2017 жылдың соңына қарай, 300-ден астам түлек оқудан өтіп, Компанияның әртүрлі бөлімдеріне сәтті орналастырылды. Бұл бағдарлама - Қарашығанақ жобасы бойынша серіктес компаниялардың озық халықаралық тәжірибесін Қазақстан Республикасымен бөлісудің жарқын үлгісі.</li> <li>2017 жылдың қыркүйек айында КПО өндірісті оңтайландыру және оның тиімділігін арттыруға бағытталған өнертапқыштық ұсыныстар сайысының жеңімпаздарын марапаттау салтанатын өткізді.</li> <li>Қызметкерлердің өндірістік және әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша шағым-пікірлерін «жедел желі» қызметі арқылы жолдауы;</li> <li>Денсаулықты сақтау саласындағы қызмет көрсету сапасы бойынша қызметкерлерге арналған онлайн сауалнама; ақпараттық және телебайланыс бойынша қызмет көрсету бөлімінің өз қызметінің сапасы туралы сауалнамасы;</li> <li>ҚТ, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс сияқты тақырыптар бойынша онлайн-тренинг;</li> <li>Қазақстан халықтарының тілдері күнін жыл сайын қыркүйек айында атап өту.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтарға қатысты түскен шағымдарды және жолдауларды қабылдау;</li> <li>Қызметкерлер және басшылық арасындағы өзара қарым-қатынас, қызметкерлерді кәсіби дамыту және оқыту,</li> <li>Әлеуметтік, мәдени және жыныстық әртүрлілік, тең мүмкіндіктер</li> </ul>
<b>Мемлекеттік органдар (министерліктер, жергілікті және аймақтық бақылаушы органдар, кедендік органдар, сот органдары)</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>Жұмыс жиналыстары, сапарлар, кездесулер;</li> <li>Есеп беру;</li> <li>Форумдар, конференциялар;</li> <li>Марапаттар;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>2017 жылдың мамыр айында КПО Батыс Қазақстан облысында алғаш рет «Uralsk Green Forum» халықаралық экологиялық форумын дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне ұштастырып өткізді. ҚР Энергетика Министрлігі, БҚО әкімшілігі және БҚО табиғатты қорғау бойынша мамандырылған прокуратурасының қолдауымен ұйымдастырылған бұл форум ҚОҚ саласындағы қазіргі әдістерді, зерттеулердің ғылыми тәжірибесін талқылаудың, сонымен қатар энергия сақтау мен энергия тиімділігін арттыру саласындағы жаңа технологиялар жөніндегі ақпаратпен алмасу алаңына айналды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қоршаған ортаны қорғау;</li> <li>ПГ және ластағыш заттардың шығарылу көлемін азайту;</li> </ul>





Тұрақты даму туралы есеп жөнінде  
Бас директордың алғысөзі  
Қысқаша шолу  
Маңызды аспектілер  
**Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік**  
КПО Бизнес моделі

2-КЕСТЕ. 2017 Ж. СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР ТОПТАРЫМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ ҮЛГІЛЕРІ. (ЖАЛҒАСЫ) GRI 102-13, 102-43, 102-44

ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ	2017 Ж. ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН ШАРАЛАРЫ	МАҢЫЗДЫ АСПЕКТ / ТАҚЫРЫП
<b>Мемлекеттік органдар (министрліктер, жергілікті және аймақтық бақылаушы органдар, кедендік органдар, сот органдары)</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>ТЖ бойынша кешенді жаттығулар;</li> <li>Министрліктертерге қарасты жұмыс топтарына КПО-ның қатысуы;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>2017 жылдың маусым айында КПО тұрақты дамуға арналған энергетика жөніндегі VIII халықаралық форумға және «Энергетиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету» атты министрлік конференцияға қатысты. Осыған қоса, КПО жыл сайынғы Астана экономикалық форумына және «Болашақ энергиясы: инновациялық сценарийлер және оларды жүзеге асыру әдістері» тақырыбындағы WSEC-2017 инженерлер мен ғалымдардың дүниежүзілік конгрессіне де қатысты.</li> <li>2017 жылдың маусым айында КПО ЭКСПО-2017 шеңберінде өткізілген «Moving Forward, Fueling the Future» GE конференциясына қатысты. Бұл шараға өңірлік және халықаралық ірі компаниялардың 100 астам жетекшілері, сонымен қатар ҚР мемлекеттік органдарының өкілдері келді. Конференцияның негізгі мақсаты - газ өнеркәсібінің және көлік машиналары құрылысының даму болашағын талқылау.</li> <li>2017 жылдың қазан айында мемлекеттік экологиялық сараптама қызметі КПО компаниясының 2018 жылғы шығарындылар жобалары бойынша оң қорытынды жасады. 2017 жылғы 12 қазанда кен орны аймағында мемлекеттік экологиялық сараптама қызметінің сараптамалық көшпелі кеңесі өткізілді. Кеңес 2018 жылға арналған компанияның ағынды сулармен жерасты көкжиектерге енгізілетін шекті рауалы шығарынды (ШРШ) нормативтерінің жобасын және шекті рауалы төгінді (ШРТ) нормативтерінің жобасын қарауды көздеді. Мұндай шара БҚО аймағында бірінші рет өткізілді. Осындай практиканы болашақта басқа да ірі кәсіпорындарда енгізу жоспарлануда, себебі мекеме қызметімен көріп танысу әділірек талдау жасауға мүмкіндік береді.</li> <li>2017 жылдың ақпан айында КПО Қазақстан Республикасының Энергетика Министрлігі алқасының кеңейтілген отырысына қатысты.</li> <li>2017 жылдың 15 желтоқсанында, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мейрамы қарсаңында, бірқатар КПО қызметкері әртүрлі деңгейлі марпаттарға ие болды. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жарлығымен БҚО әлеуметтік-экономикалық дамуының қорғаушы күші болып табылатын Қарашығанақ жобасын сауатты басқарудағы еңбегі үшін КПО бас директоры Ренато Маролиге «Құрмет» ордені табыс етілді. КПО жергілікті бизнесті дамыту жөніндегі директоры Бейбіт Сабилов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Айрықша үлесі және еңбегі үшін КПО бірқатар жұмыскеріне ҚР Энергетика Министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Еңбек ардагері» медальдері, «KAZENERGY» қауымдастығының медальдері, ҚР Энергетика Министрлігінің төсбелгілері, құрмет қағаздары және алғыс хаттары табысталды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жергілікті қамтуды дамыту және оның тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулерді сатып алу үдерісіндегі үлесі;</li> </ul>



ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ	2017 Ж. ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН ШАРАЛАРЫ	МАҢЫЗДЫ АСПЕКТ / ТАҚЫРЫП
<b>Контрагенттер (жеткізушілер/мердігерлер, тапсырыс берушілер, банкілер)</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>Форумдар, конференциялар,</li> <li>Жұмыс кездесулері, сапарлар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>2017 жылдың сәуір айында бас директор Ренато Мароли бастаған КПО делегациясы Ақтөбе қаласына іссапармен барды. Ақтөбе облысының 20-ға жуық мекемесі қатысқан кеңейтілген жиналыста КПО өкілдері тауар, жұмыс және қызметтерді сатып алуға жергілікті қамтудың ықтимал мүмкіндіктері туралы ақпаратпен бөлісті.</li> <li>2017 жылғы мамыр айында КПО компаниясында қазақстандық мұнайсервистік мекемелер және тауар өндірушілер үшін форум ұйымдастырылды. Мұнда жергілікті қамтуды дамыту мәселелері және Қарашығанақ кен орнын игеру қызметіне отандық бизнестің қатысу мүмкіндіктері талқыланды. Сонымен қатар, қазақстандық тауар өндірушілер және жеткізушілер КПО компаниясының жоспарланған даму жобаларымен, алдын ала квалификациядан өту үдерістерімен, ерте тендер өткізу және сынама тапсырыс беру механизмдерімен таныстырылды. Форум барысында КПО, БҚО әкімшілігі, «Орал» ӘКК» ҰК» АҚ және өңірдің машина жасау мекемелері арасында мұнай-газ өнеркәсібі үшін машина жасау саласын дамыту бойынша әріптестік жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.</li> <li>2017 жылдың тамыз айында өңіраралық әрекеттесу мен әріптестікті дамыту аясында бас директор Ренато Мароли бастаған КПО делегациясы Оңтүстік Қазақстан облысына іссапармен барды. Сапар барысында КПО мен «Кентау трансформатор зауыты» АҚ арасында отандық трансформаторлармен жабдықтау жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды және КПО мердігер ұйымы - Baker Hughes пен «Шымкентцемент» АҚ арасында тығындау цементін дайындау және жеткізу жөнінде келісімшарт жасалды.</li> <li>2017 жылғы тамызда ЭКСПО-2017 алыңында Батыс Қазақстан облысының инвестициялық әлеуетімен таныстыру өткізілді. Оған КПО және басқа да көптеген компаниялар делегациялары, ҚР министрліктер мен ведомстволар, шетелдік миссиялар, «Астана Экспо - 2017» ҰК» АҚ және Астана қаласы әкімдігінің өкілдері қатысты.</li> <li>2017 жылғы қыркүйекте КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелрі бойынша мердігерлермен форум өткізді. Форумға қатысқандар арасында «Шелл» және «Аджип Қарашығанақ» өкілдері, КПО жоғарғы басшылығы және 45 мердігерлік ұйым өкілдері болды.</li> <li>2017 жылдың қазан айында КПО делегациясы, Батыс Қазақстан облысының әкімдігімен және «PSA» ЖШС-мен Алматы қаласында өткен "ALMATY INVEST 2017" V халықаралық форумға қатысты. Сапар шеңберінде Алматы қаласы мен БҚО әкімдерінің және КПО бас директорының қатысуымен кеңейтілген отырыс өткізіліп, алматылық компаниялардың КПО қызметіне қатысу мүмкіндігі талқыланды. Жергілікті қамту бағдарламасын жүзеге асыру аясында КПО алматылық «Schneider Electric» ЖШС-мен Қазақстан аймағында модульді электр станцияларын өндіру жөнінде келісімшарт және «KazSpro-N» ЖШС-мен КПО қажеттіліктеріне отқа төзімді арнайы киім тигу жөнінде ұзақ мерзімді келісімшарт жасасты.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жергілікті қамтуды дамыту және оның тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулерді сатып алу үдерісіндегі үлесі;</li> <li>Еңбекті қорғау, ҚТ және қоршаған ортаны қорғау;</li> </ul>



Тұрақты даму туралы есеп жөнінде  
Бас директордың алғысөзі  
Қысқаша шолу  
Маңызды аспектілер  
**Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік**  
КПО Бизнес моделі

2-КЕСТЕ. 2017 Ж. СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР ТОПТАРЫМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ ҮЛГІЛЕРІ. (ЖАЛҒАСЫ) GRI 102-13, 102-43, 102-44

ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ	2017 Ж. ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН ШАРАЛАРЫ	МАҢЫЗДЫ АСПЕКТ / ТАҚЫРЫП
<b>Бизнес серіктестер (мұнай-газ компаниялары, бизнес-қауымдастықтар)</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Конференциялар, форумдар, кездесулер</li> <li>■ Сайыстар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ 2017 жылғы наурыз айында КПО Атырау қаласында өткен «Қазмұнайгазсервис – 2017» VI жыл сайынғы конференцияға қатысып, «Еділ-Орал.kz» мұнайгазсервистік компаниясымен жарылудан қорғалған және жарылудан қорғалмаған электрқозғалтқыштарын жөндеу және қайта орау қызметін көрсету туралы келісімшарт жасасты.</li> <li>■ 2017 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының іскерлік әлеуетін нығайтуға бағытталған КПО компаниясы мен Милан қаласының италиялық-қазақстандық сауда палатасының бірлескен форумына италиялық инжинирингтік және өнеркәсіптік мекемелер қатысты. Бұл шара қазақстандық және мүдделі италиялық компаниялар арасында мұнай-газ жабдығын жобалау және өндіру саласында бірлескен кәсіпорын (БК) құру мүмкіндіктерін талқылауды көздеді.</li> <li>■ 2017 жылғы шілде айында КПО компаниясы британиялық қаражат мен технологияларды жаңа өндіріс пен бірлескен кәсіпорындар құру мақсатына тарту үшін Ұлыбританияның мұнай-газ сервистік компаниялары мен өндірушілерінің форумына қатысты. Компанияның осындай форумдарға қатысуы мұнай-газ өндірістерінің өзара әрекеттесу ауқымын кеңейтіп, Қазақстан экономикасына үздік дүниежүзілік технологияларды тартудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.</li> <li>■ 2017 жылдың тамызында «БҚО мұнай-газ өнеркәсібі үшін машина жасау» қосалқы кластерінің форумына қатысты.</li> <li>■ 2017 жылдың қыркүйек айында КПО «WestKazInvest-2017» IV халықаралық инвестициялық форумға қатысты.</li> <li>■ 2017 жылдың желтоқсан айында RAEX рейтингтік агенттігі жыл сайын өткізілетін VII жылдық есептер (2016 жыл бойынша) сайысын өткізді. Бұл бәйгеде КПО компаниясының 2016 жыл бойынша тұрақты даму туралы есебі Қазақстандағы тұрақты даму есептері арасында үздік деп танылды. Агенттік сарапшыларының бағалауы бойынша, КПО компаниясының есебінде тұрақты дамудың негізгі аспектілері, соның ішінде корпоративтік басқару мен мүдделі тараптармен әрекеттесу мәселелері, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салалардағы тиімділік көрсеткіштері сапалы және айқын сипатталған, компанияның кадрлық саясаты мен жергілікті халықпен әрекеттесуі толық баяндалған.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Жергілікті қамтуды дамыту және оның тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулерді сатып алу үдерісіндегі үлесі,</li> <li>■ Тұрақты даму саласында есеп беру</li> </ul>
<b>БАҚ (ұлттық, аймақтық, жергілікті)</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Хаттар, ақпараттандыру, БАҚ сұранымдарына жауап қайтару форматында, ҚР ресми тұлғаларымен кездесулер барысында жүйелі әрекеттесу</li> <li>■ Әлеуметтік желілер, вебсайт, әртүрлі БАҚ құралдарында жариялау, сұхбат, видео арқылы ақпараттандыру</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ 2017 жылдың қазан айында КПО Қарашығанақ кен орны бойынша "Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК)" қол қоюдың 20 жылдық мерей-тойын тойлады. Салтанатты шараға республикалық және жергілікті атқарушы органдардың, КПО құрушы компанияларының өкілдері, Қарашығанақ жобасының қызметкерлері мен ардагерлері, қоғамдық қайраткерлер мен БАҚ өкілдері қатысты. ӨБТК құжатына қол қою сәтінен бастап, Компания өндірісте және әлеуметтік қызметте қыруар жетістіктерге қолын жеткізді. Соның ішінде (бірақ олармен ғана шектелмей):             <ul style="list-style-type: none"> <li>• экспорттық құбыр желісін және шикізатты дайындау мен кері айдаудың жаңа нысандарын іске қосу;</li> <li>• кен орын инфрақұрылымын жетілдіру;</li> <li>• көптеген жаңа ұңғымаларды бұрғылау;</li> <li>• БҚО әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту және табиғатты қорғау шараларын жүзеге асыруға бағытталған инвестициялар;</li> <li>• сатып алу үдерісіндегі жергілікті қамту деңгейінің едәуір өсуі.</li> </ul> </li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Әртүрлі маңызды тақырыптар</li> </ul>



ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ	2017 Ж. ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН ШАРАЛАРЫ	МАҢЫЗДЫ АСПЕКТ / ТАҚЫРЫП
<b>Жергілікті қауымдастықтар (Ақсай және көршілес ауылдық округ тұрғындары) Үкіметтік емес ұйымдар (коммерциялық емес ұйымдар, бастамашыл топтар, қоғамдық қорлар)</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Консультативтік кеңестер,</li> <li>■ Қоғамдық тыңдаулар,</li> <li>■ Жергілікті қоғамды әлеуметтік қолдау шаралары</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан ауыл тұрғындарымен әлеуметтік және инфрақұрылымдық қолдау жөнінде 2017 жылы 12 консультативтік кеңес өткізілді.</li> <li>■ 2017 жылы КПО жаңа өндірістік нысандар салу және қолданыстағыларын жетілдіру (соның ішінде ұңғымалар, долдар, тазарту қондырғылары, қалдықтарды кәдеге жарату нысандары, қауіпсіздік жүйелері, қоршаулар және т.с.с.), сонымен қатар олардың қоршаған ортаға әсерін бағалау тақырыбында тоғыз қоғамдық тыңдау өткізді. Бұл жиындарға өңір қоғамдастықтары (Берлі ауданы әкімдігінің өкілдері, маслихат депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстық және аудандық БАҚ өкілдері) қатысты. Тыңдаулардың барлығы іс жүзінде өткізілген деп танылды.</li> <li>■ 2017 жылы КПО тұрғындармен байланыс бөлімінің қызметкерлері Березовка және Бестау ауылдарының қоныс аудару мәселелері бойынша тұрақты кездесулерін өткізді.</li> <li>■ 2017 жылдың қыркүйек айында КПО өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту бағдарламасы шеңберінде Ақсай қаласында салынған дене шынықтыру және сауықтыру кешенін пайдалануға сәтті тапсыру жөнінде жариялады.</li> <li>■ 2017 жылдың 1 маусымында компания мердігерлік ұйымдармен бірлесіп ұйымдастырылған Халықаралық балалар күні мерекесін жыл сайынғы атап өту шарасына белсенді қатысты. «Біз өз балаларымыздың қауіпсіз болашағын таңдаймыз!» атты бұл шара жол қауіпсіздігіне арналды. Мереке соңында барлық қатысушы балаларға марапаттар мен сыйлықтар табысталды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынас</li> <li>■ Еңбекті қорғау, ҚТ және қоршаған ортаны қорғау;</li> </ul>
<b>Кәсіподақтар</b>		
<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Еңбек ресурстары басқармасының қызметкерлермен қарым-қатынас жөніндегі тобына әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша қызметкерлердің жолығу механизмдері;</li> <li>■ Ұжымдық шарт;</li> <li>■ Спорттық және мәдени шаралар.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Компания қызметкерлерінің еңбек қатынастары жөніндегі мәселелер бойынша кәсіподақ өкілдерімен тұрақты әрекеттесуі.</li> <li>■ Жыл ішінде шаңғы жарысы, веложарыс, футбол, волейбол, теннис, шахмат және т.б. сияқты бірқатар спорт түрлері бойынша әртүрлі сайыстар, жарыстар, спартакиадалар өткізілді.</li> <li>■ Қызметкерлердің жалпы қалалық шараларға, мерекелік шерулерге, сенбіліктерге қатысуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтарға қатысты түскен шағымдарды және жолдауларды қабылдау;</li> <li>■ Әлеуметтік, мәдени және жыныстық әртүрлілік, тең мүмкіндіктер</li> </ul>



Тұрақты даму туралы есеп жөнінде  
Бас директордың алғысөзі  
Қысқаша шолу  
Маңызды аспектілер  
Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік  
**КПО Бизнес моделі**

## КПО БИЗНЕС МОДЕЛІ



### АКТИВТЕР



#### Қаржылық және экономикалық активтер

Жылдық жұмыс бағдарламасы және бюджетті мақұлдау, өндіріске демеу көрсету, өндірісті жетілдіру мен қосымша шығындар арқасында құрушы компаниялардың және PSA өкілетті органның тарапынан көрсетілетін қаржылай қолдау



#### Өндірістік активтер

- Қарашығанақ кен орны
- Ұңғымалар
- Технологиялық нысандар:
  - ГКДҚ-2 нысаны - мұнай мен газды бөлу және газды тазарту қондырғылары. Олар газды кері айдауға арналған;
  - ГКДҚ-3 нысаны - төмен температуралы сепараторы бар 4 айыру желілері және мұнай/газ экспорты нысандары;
  - ҚӨК - төрт технологиялық желісі арқылы көмірсутектер ағыны және ГКДҚ-2 мен ГКДҚ-3 нысандарынан келетін конденсатты тұрақтандыратын және тазартып, экспортталатын мұнай ағынын дайындайтын нысан;
  - Экоцентр - бұрғылау жұмыстарында пайда болатын сұйық және қатты қалдықтарды қауіпсіз өңдеу және пайдалануды қамтамасыз ететін нысан;
- Экспорттық бағыттар;
- Кен орынды игеру/ келешек жобалар.



#### Интеллектуалды капитал

- Құрушы компаниялар мен өкілетті орган PSA тарапынан көрсетілетін келесі тараптардағы қолдау:
  - Өндіріс;
  - Жобаларды әзірлеу және енгізу;
  - ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ;
  - Қаржы, салық және аудит;
  - Жеткізілімдерді ұйымдастыру;
  - Маркетинг;
  - Нормативтік сәйкестік;
  - Әлеуметтік жобалар;
- Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесі



#### Адами капитал

- Қызметкерлер (жергілікті және шетел);
- Жергілікті қызметкерлерді / дарындары кәсіби жетілдіру;
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау;
- Әдістемелер және шеберлік;
- Халықаралық тәжірибе мен білім;
- Оқыту және тәлімгерлік



#### Табиғат қорлары

- Көмірсутектер қоры (сұйық және тазартылмаған газ);
- Биотүрлілік және экожүйелер;
- Ауа, су, топырақ



#### Әлеуметтік капитал

- Алуан түрлі мәселелер бойынша мүдделі тараптармен әрекеттесу



### ӨНДІРІС



#### Технологиялар

Қойнауқатты игерудің, бұрғылаудың, мұнай және газ өндірісінің, активтерге қызмет көрсету мен оларды жөндеудің, газды кәдеге жарату деңгейлері және газды кері айдаудың әлемдік озық технологиялары



#### Қоршаған орта

- Экологиялық менеджмент саласындағы әлемдік деңгейдегі көрсеткіштер;
- Қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды өткізу;
- Газды кәдеге тиімді жаратудың әлемдік деңгейі



#### Өндіріс тиімділігі

- Мұнай баррелін өндірудегі әлемдік деңгейдегі төмен шығындар



#### Қауіпсіздік техникасы және өндіріс тұтастығы

- Өндіріс қызметін тұрақты және қауіпсіз жүргізу, сонмен қатар еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік техникасы мен өндіріс тұтастығының негізгі қағидалық жүйесі қолданылады;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ барлық аспектілеріне ерекше назар аудару;
- Жеке қауіпсіздік;
- Табиғи және техногендік төтенше жағдайларды және олардың салдарын болдырмау, жою және барынша азайту арқылы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары көздейтін көрсеткіштерді ортақ мақсаттарымен сәйкестендіру



### ЛОГИСТИКА ЖӘНЕ ӨТІМ



#### Біздің өнімдер

КПО негізгі экспорттық өнімдері:

- Шикі (өңделмеген) мұнай;
- Тұрақтандырылмаған конденсат;
- Тазартылмаған (өңделмеген) газ;
- Жанармай газы;
- Электр қуаты



#### Біздің нарықтар

- КПО көмірсутектерді еуропалық нарықтарға және Қазақстан мен Ресейге жақын нарықтарға жеткізеді



#### Тасымалдау бағыттарымыз

Логистикалық желілеріміз арқылы өнімдерімізді сатып алушыларымызға жеткіземіз. Олардың арасындағы негізгі экспорттық жүйелер:

- Қарашығанақ-Атырау тасымалдау жүйесі ;
- Каспий Құбыр Консорциумы құбыр желісі;
- Атырау-Самара құбыр желісі ;
- «Транснефть» құбырлар жүйесі;
- Қарашығанақ-Орынбор тасымалдау жүйесі .



### ТҰРАҚТЫ ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫМЫЗ



#### Экономикалық маңыздылығымыз

- Кен орынның жалпы құндылығын барынша арттыру мақсатында оны әлемдік деңгейдегі стандарттарға сай басқару;
- Ауқымды инвестициялар және кірістің тұрақты ағыны;
- Сыйақы, өтемақы және жәрдемақы;
- Қазақстан экономикасына үлес;
- Салықтық төлемдер;
- Инвестицияларды жанама тарту
- Білім мен технологиялық жаңалықтарды табыстау;
- Жергілікті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу арқылы жергілікті индустрияны дамыту



#### Пайдалану және экологиялық маңыздылығымыз

- Жоғары сапалы өнімдер және тұрақты қуат жеткізу;
- Өнімді жеткізудің қауіпсіздігі;
- БҚО тұрғындарын электр қуатымен қамтамасыз ету;
- Шығарындылардың және басқа да қалдықтар көлемінің азаюы;
- Табиғат қорларын оңтайлы пайдалану



#### Әлеуметтік маңыздылығымыз

- Әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру;
- Жұмысқа орналасудың жағымды мүмкіндіктерін жасау және сақтау;
- Жергілікті қызметкерлерді оқытудың және кәсіби дамытудың мүмкіндіктері;
- Қаржылай демеушілік, ерікті жарна және қайырымдылық арқылы жергілікті қауымдастықтарды қолдау;
- Жергілікті өндірушілерді қолдау мақсатында жергілікті қамтуды дамыту бастамаларына қатысу





**КПО өндірістік нысандары**

Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар  
2017 жылдағы өндіріс  
Кен орнын игеру жобалары



Қарашығанақ өңдеу кешені

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО) Қазақстандық филиалы Қазақстан Республикасы аймағында өндірістік және геологиялық барлау қызметін жүргізетін халықаралық мұнай және газ компаниясы. КПО өз қызметтерін Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан және 280 шаршы километрден астам аймақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсаты кен орындарының бірі болып табылатын Қарашығанақ кен орнында жүргізуде. <sup>GRI 102-3, 102-4, 103-1</sup>

Қарашығанақ кен орны шалғай және пайдалануға қиын аймақта орналасқан. Мұнда қоршаған ортаның температурасы қыста -40°C, жазда +40°C аралығында болуы мүмкін. Үстіңгі қабаты 3 500 м. тереңдікте орналасқан қор қалыңдығы 1 600 м-ді құрайды әрі аса күрделі және ерекше болып

табылады. Көмірсутектерінің құрамында 4,5%-ға дейін улылығы жоғары күкіртті сутегі және белгілі бір жағдайларда коррозиясы жоғары болуы мүмкін көмірқышқыл газы (CO<sub>2</sub>) бар.

**ҚР қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның 17.11.2017 күнгі отырысында қабылданған Қарашығанақ кен орнындағы мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорын қайта есептеу туралы соңғы КПО есебінің бағалауы бойынша Қарашығанақта 13,3<sup>2</sup> млрд баррель сұйық көмірсутек пен 60,23 трлн. текше фут газ бар, және олардың 12%-на жуығы бүгінгі күнге дейін өндірілген.** <sup>G4 - OGI</sup>

Бүгінгі таңда Қарашығанақ жобасын бес құрушы компания – «Эни», «Шелл», «Шеврон», «Лукойл» және «ҚазМұнайГаз» басқарып, Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім және Реттеу жөніндегі келісім негізінде бірлесіп жұмыс атқарып келеді.

1997 жылы Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге қол қойған сәттен 31.12.2017 күні аралығында экономикалық кірісті тұрақты көбейтуге және қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға бағытталған алдыңғы қатарлы технологияларды қолданып, Қарашығанақ кен орнын игеруге 23,2 млрд-тан астам АҚШ доллары бөлінді. 2017 жылдың соңында КПО-ның көп ұлтты ұжымында 4 421 адам еңбек етті. <sup>GRI 102-7</sup>

**КПО ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРЫ** <sup>GRI 102-7, 102-4</sup>

Көмірсутектерді өндіру, дайындау және өңдеу жұмыстары бір-бірімен байланысқан негізгі үш қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), ГКДҚ-2 мен ГКДҚ-3. Негізгі нысандарды байланыстырып, өндірістік ағындарды ұңғымадан қондырғыларға қарай және қондырғылар арасында бағыттап, өнімдерді жинауға және бөлуге арналған ішкі өндірістік өткізгіш құбырлар жүйесі шамамен 2000 км-ді құрайды. Сондай нысандардың қатарына Мұнайды бастапқы өңдеу станциясы (МБӨС) мен Эко орталығы жатады. Нысандар жөнінде толық ақпарат КПО-ның 2014 жылғы тұрақты даму есебінде берілген (6-8 бб.).

КПО-да қолданылатын тұрақтандырылған сұйық көмірсутектерді тасымалдау жүйесіне негізгі экспорттық бағыт – ҚӨК және Үлкен Шаған ауылындағы екі сорғы станциясы бар «Қарашығанақ – Атырау» тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ), сондай-ақ КПО-ның Атырау терминалында өнімді қабылдау және сақтауға арналған нысандары кіреді. Екінші экспорттық бағыт – бұл көмірсутекті өнімдерді Ресей Федерациясында орналасқан Орынбор газ өңдеу зауытына тасымалдау үшін КПО қолданатын «Қарашығанақ-Орынбор» тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ).


**2017 жылдың аяғына қарай Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры 441 ұңғыманы құрады: соның ішінде 115 пайдалану және 17 тазартылмаған газды кері айдау ұңғымалары жұмыс істейді.**

Алдыңғы жылмен салыстырғандағы ұңғымалар қоры санының 29-ға өсуі негізінде кенішті игеруді қолдау үшін бұрғыланған шағын ұңғымалардың (бақылау ұңғымалары) есебінен орын алып отыр.

<sup>2</sup> Өткен кезеңдермен салыстырғандағы деректердің айырмашылығы геологиялық барлау мәліметтерінің жаңартылуымен байланысты.



3-СУРЕТ. ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫ НЫСАНДАРЫ







КПО өндірістік нысандары  
Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар  
2017 жылдағы өндіріс  
Кен орнын игеру жобалары

**БІЗДІҢ ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР** GRI 102-2, 102-6

КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектерді, тазартылмаған газды және жанармай газын өндіреді және өңдейді. Алынған көмірсутек өнімдерінің басым көпшілігі сатудан түсетін кірісті көбейту мақсатында экспортталады.

2017 жылы өндірілген сұйық өнімнің 95% жуық көлемі тұрақтандырылған мұнай күйінде батыс нарықтарына келесі жолдар арқылы сатылды:

- Каспий құбыр желісі консорциумы (КҚК);
- «Транснефть» құбыр жүйесі арқылы Атырау-Самара құбыр желісіне және одан әрі.

КҚК құбыр желісі арқылы КПО мұнайы Новороссийсктің Қара теңіз портына жеткізіледі (Оңтүстік Озереевка), ал Атырау-Самара құбыр желісі мұнайды Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына және Қара теңіздегі Новороссийск портына (Шесхарис) жеткізуге пайдаланылады (4-сурет).

Маркетингтің негізгі мақсаты - таза бағасы ең жоғары құбыр желісі болып табылатын КҚК арқылы экспорттың және мұнайды сатудың көлемін барынша арттыру. Дегенмен, Атырау-Самара бағытымен тасымалданатын өнімнің таза бағасы КҚК құбырынан сәл төмен болса да, ол КҚК желісінде қандай да бір іркілістер жағдайында қолданылатын аса маңызды тармақ болып қала береді.

2017 жылы мұнай сатылымдары бойынша оңтайлы нұсқаларды үздіксіз іздеу нәтижесінде КПО-ға ең тиімді болып табылатын КҚК құбыр желісі арқылы рекордтық көлемдегі 10,5 млн. тонна мұнай экспортқа жіберілді. Сонымен қатар, аталған уақыт ішінде Атырау-

Самара құбыр желісі арқылы жеткізілген мұнай көлемінің КПО тарихындағы ең төмен көрсеткіші - 0,16 млн. тіркелді. Осылайша, КҚК бағыты арқылы мұнайды ең жоғары таза бағасымен сату көлемі барынша көбейді. Сұйық көмірсутектердің қалған көлемі Орынбор қаласы арқылы Ресейге және жергілікті нарыққа тұрақтандырылмаған конденсат күйінде жеткізілді.

Кен орнында алынған газ қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қайтадан қабатқа айдалады, сонымен қоса «КазРосГаз» ЖШС-мен жасалынған Газды сату бойынша ұзақ мерзімді келісім бойынша тазартылмаған газ күйінде сатылады немесе КПО нысандарының қажеттіліктері және жергілікті электр қуатын таратушы компаниялар үшін электр энергиясын өндіру мақсатында (күкіртті сутектен) тазартылады.

2017 жылы Орынбор ГӨЗ-да кейінгі өңдеу үшін КПО «КазРосГаз» ЖШС-не 8,8 млрд.м³ шикі газ сатты.

Сондай-ақ, 2017 жылы КПО Орынбор бағытында жеткізілетін тұрақтандырылмаған конденсат көлемін де 624 мың тоннаға дейін азайта алды. Орынборға тасымалданатын тұрақтандырылмаған конденсат осындай жылдық көлемі рекордтық төмен болып табылады. Нәтижесінде, сұйық көмірсутектер көлемін Орынбор бағытынан КҚК желісіне ауыстыру арқылы сатылымнан түсетін пайда көлемі де өсті.

Қабат қысымын ұстап тұру және сұйық көмірсутектер қайтарымын алдағы жылдары арттыру мақсатында 2017 жыл ішінде компания қабатқа ~ 9,3 млрд. текше метр газ айдады және бұл алынған газдың жалпы көлемінің шамамен 49%-на тең.

4-СУРЕТ. ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР



**2017 ЖЫЛДАҒЫ ӨНДІРІС** GRI 102-2, 102-7

2017 жылы КПО компаниясы тұрақты және тұрақсыз сұйық көмірсутек пен газ күйіндегі 145,8 млн. баррель мұнай эквивалентінде (б.м.э.) өнім өндірді. 2017 ж. газды жеткізу 8,8 млрд. текше метрге жетті.

3-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛҒЫ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ

		2015	2016*	2017
<b>Жалпы өндіріс көлемі**</b>	млн б.м.э.	141,7	139,7	145,8
<b>Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі</b>	мың т	10 796	10 466	11 247
<b>Газ өндірісінің жалпы көлемі</b>	млн. м³	18 234	17 659	18 924
<b>Газды кері айдау</b> Сатылуға арналмаған, қабатқа кері айдалған газ көлемі	млн. м³	8 652	8 040	9 289
<b>Тазартылған газ</b> ҚӨК-де ішкі қажеттіліктер үшін пайдаланылады	млн. м³	687,5	605,4	739,5

4-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛҒЫ САТЫЛЫМДАР

		2015	2016	2017
<b>Сатылымның жалпы көлемі</b>	млн б.м.э.	137,6	137	142,3
<b>Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер</b> Орынбор ГӨЗ және шағын МӨЗ жеткізілетін конденсат	мың т	677	898	657
<b>Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер</b> КҚК және Атырау-Самара құбыры арқылы жеткізілетін мұнай және тұрақтандырылған конденсат	мың т	10 127	9 697	10 715
<b>Тазартылмаған газ</b> Орынбор ГӨЗ-на	млн. м³	8 799	8 934	8 782
<b>Тазартылған газ</b> БҚО тұрғындарының қажеттіліктері үшін	млн. м³	68,1	50,8	97,7

\* Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу жылы

\*\* Өндірістің жалпы көлеміне қабатқа кері айдалған газ көлемі кірмейді

**2017 ЖЫЛДАҒЫ БҰРҒЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ.**

2016 жылы Қарашығанақтағы өндірісте екі бұрғылау қондырғысы қолданылды. Бір бұрғылау қондырғысындағы жұмыс 2017 жылдың желтоқсан айында аяқталды.

Бес жаңа ұңғыма сәтті бұрғыланып, ісінетін пакер арқылы бекітілді. 2017 жылдың аяғында алтыншы ұңғыманы бұрғылау 2018 жылдың қаңтарында сәтті тәмамдалды. Кен орнынның батысындағы жоспарлы жетілдіру аймағында екі жаңа ұңғыма бұрғыланды. Сегіз ұңғыма желіге қосылды.

2017 жыл ішінде бұрғылауда компания келесі жетістіктерге қол жеткізді:

- Бірде-бір тіркелетін оқиғасыз және ықтимал қауіпті оқиғасыз жасалған жұмыстың көлемі және жалпы көлік жүрісінің ұзақтығы сәйкесінше 2,5 млн адам-сағат және 3,5 млн км көрсеткішін құрады. Ұңғыма операциялары барысында қауіпсіздік техникасы саласындағы компанияның елеулі жетістіктерге жетіп, осындай жоғары деңгейді сақтап тұруы компания қызметкерлері және мердігерлердің ҚТ мәселелерін шешудегі, сонымен қатар адамадармен, жабдықпен және процесстермен байланысты қорғаныс тосқауылдарынның ғайтудағы жеке жауапкершіліктерін түсінулері мақсатында ҚТ мәселелеріне қатысты олардың тиісті ұстанымын қалыптастыру арқасында мүмкін болды. Жүргізілген жұмыстар араласу мәдениетін дамытуды, тәлімгерлікті, мердігерлерді белсенді



КПО өндірістік нысандары  
Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар  
**2017 жылдағы өндіріс**  
Кен орнын игеру жобалары

- тартуды, өндірістік қауіпсіздікті жетілдіруді және қауіп-қатерлер туралы хабардарлықты арттыруды, сонымен қатар қолдау жүйелері мен процесстерін қалыптастыруды қамтыды.
- Бұрғылау мұнарасының төменгі жабдықтарының динамикалық дірілін азайтуға бағытталған, сондай-ақ бұрғылау жұмыстары кезіндегі тоқтаусыз каротаж жасауға қолданылатын құралдардың пайдалану ұзақтығын арттыруға және ұңғыма кенжарын тереңдетпей жұмыс істеу уақытын азайтуға мүмкіндік беретін үздіксіз инновациялар мен зерттеулердің арқасында бір ұңғыманың бұрғылау көрсеткіші үздіктер қатарында болса (5-процентиль), басқа екі ұңғыма - жоғары (25-процентиль) кварталда.
- 9858 ұңғымасының 8-1/2 дюймдік бөлігін (37,5 сағат ішінде 563 метр бұрғыланды, яғни ұңғылаудың орташа жылдамдығы - 15 м/сағ) және 6 дюймдік бөлігін (82 сағат ішінде 1261 метр бұрғыланды, яғни ұңғылаудың орташа жылдамдығы - 15,38 м/сағ) бұрғылау кезінде ұңғылаудың рекордтық жылдамдығы тіркелді.
- Құрушы компаниялар мен сервистік мердігерлерден келіп түскен ақпарат негізінде, жабық циклді бұрғылау технологиясы, соның ішінде жазық ұңғыма окпанын кеңейту - әлемде алғаш рет қолданылды; бұл технология бұрғылау ерітіндісінің сіңірілуі немесе азаюы жағдайында да бұрғылау жұмыстарын жалғастыруға мүмкіндік береді. Осыған қоса, бұл әдіс Қарашығанақ кенішінде кездесетін кеңінен жарылған жыныстарды бұрғылау кезінде пайдалануға тиімді екенін дәлелдеді.

Бұрғылау жұмыстарын қауіпсіз және тиімді жүзеге асыруға бағытталған барлық күш-жігеріміз қоршаған ортаны қорғау мәселесіне де жұмылдырылды. Соның арқасында келесі нәтижелерге қолымыз жетті:

- Ығыстыру ерітіндісі ретінде көмірсутектерді пайдалану әрекеті тазалау жұмыстары кезіндегі алауда жағу көлемін және соның арқасында ұңғыманы өндіріске қайтару уақытын азайтуға мүмкіндік берді;
- Жоғары қысымды жүйені (жоғары қысымды айырғыштар мен сорғылар) ұңғыманы тазалау әрекетінде қолдану алауда жағылатын көлемді және, тиісінше, ауаға тасталатын шығарындыларды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді (толық ақпарат Ауаға тасталатын шығарындылар бөлімінде). Жоғары қысымды (ЖҚ) кері айдау сорғысын үздіксіз қолдану - ұңғыма сағасындағы динамикалық қысым шығару құбырындағы қысымнан артқаннан кейін көмірсутектерді шығару құбыры арқылы бірден айдауға мүмкіндік берді; атап айтқанда, кен орынның батысындағы жоспарлы жетілдіру аймағында орналасқан ұңғымалар үшін көмірсутектер жоғары қысымды айырғыштан шығару құбырына тікелей айдалып, соның арқасында алауда жағу көлемі барынша азайтылды.
- Сенсорлар орнатылған "ақылды" иірімді сорғыш-компрессорлы құбырларды пайдалану арқылы тиімділігі жетілдірілген ұңғыма ішіндегі жұмыстардың арқасында құралдың кенжарда қалу уақыты қысқарып және, сәйкесінше, иірімді сорғыш-компрессорлы құбырларды қолданумен жүргізілетін жұмыстар тездетілді және айдалатын тотығу тежегіштерінің көлемі азайтылды.
- Ұңғымалық автоматты манипулятор жүйесі бір түсуі кезінде шарлар мен дефлекторларды ұнтақтауды бірінғай әрекет ретінде жүзеге асырады. Сонымен қатар, каротажды құрылғыларды жұмыстағы ұңғымалардың көлденең бөлшегін манипатор арқылы зерттеу үшін қолдану тіркелетін деректер сапасын ғана арттырмай, қандай да бір ерітіндіні (ортаны) енгізілуін талап етпейді. Бұл, өз алдына, ұңғыманы тазалауды тездетіп, жердегі өңдеу қондырғылары ағынының тұрақтылығына жағдай жасайды.

- Ұңғымаларды тазарту жұмыстарын жүргізу барысындағы алауда жағудың толық көлемі осындай жетілдіру әрекеттері арқасында 2017 жылға белгіленген көлемнен 60%-ға, соның ішінде сұйық көмірсутектерді жағу көлемі 84%-ға азайды.

### ЖОСПАРЛЫ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

КПО-ның жоспарлы жөндеу жұмыстарының (ЖЖЖ) стратегиясы, бұрынғыдай, қауіпсіз және үздіксіз өндірісті және заң нормаларына сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, жоспарлы жұмыстар арасындағы интервалдарды арттырып, оларды іс жүзінде жүргізу уақытын азайту есебінен өнім алуды оңтайландыруға және шығындарды төмендетуге бағытталған.

Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жоспарлау кезінде КПО қауіп-қатерлерді бағалауға негізделген тәсілді (қауіп факторларын ескеретін инспекция) қолданады. Қазақстан Республикасының тиісті талаптарын сақтай отырып, негізгі жабдықтардың барлық түрлерін қамтитын қауіп-қатерлерді бағалау негізінде аралықтарды пайдалану арқылы, жөндеу жұмыстары арасындағы интервалдарды арттыру әрекеті жүзеге асырылады. Басқа жұмыстарға жаңа немесе жетілдірілген қондырғыларды орнату және қажетті өзгерістер енгізу арқылы жоспарлы жөндеу жұмыстарын техникалық жобалау жатады.

2017 жылғы жоспарлы жөндеу жұмыстары кесте бойынша, жазатайым оқиғасыз және жарақатсыз сәтті аяқталды. ЖЖЖ кезінде ҚӨК мен ГҚДҚ-2 нысандары және жинақтау жүйесі мамыр, қыркүйек және қаза айларында, ал ГҚДҚ-3 қыркүйек айында жартылай тоқтатылды.

### СУ ҚОРЛАРЫН БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қарашығанақ кен орнындағы басты мәселелердің бірі – өндіріс барысында пайда болған қабаттық және технологиялық суды кәдеге жарату. Өндірістік судың көбею нәтижесінде компания өндірістік шығындарға, өндіріс тұтастығы мен экологиялық нормаларды сақтау міндеттеріне кесірін тигізетін жағдайларға ұшырап отырады.

Сонымен қатар компания алдында өндірістік үдеріске қажетті су көлемін және өндірістік қызметкерлер мен жаңа нысандардың құрылысына тартылған жұмыскерлерге қажетті ауыз су көлемін қамтамасыз етудің күрделі мәселесі тұр.

КПО-ның бүкіл кен орны аясындағы су ресурстарын басқарудың қысқа, орташа және ұзақ мерзімді стратегиясы қабаттық және технологиялық суды кәдеге жаратуға және ауыз суды үздіксіз жеткізу мәселелерін шешуге бағытталған. Аталмыш стратегия бірқатар шағын жобалар мен өндірістік бастамалар көмегімен жүзеге асырылуда. Мұндай жобалардың бірі - мұнай сепарациясы жүйесін жетілдіру жобасы. Осыған байланысты жұмыстар 2017 жылы сәтті түрде ілгері жылжып, 2018 жылы бұл жоба аяқталып, өзгерістер іске қосылғалы тұр.

### ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ӨНДІРУ СТРАТЕГИЯСЫ

2017 жылы КПО Қарашығанақ кен орнының және «Қарашығанақ -Атырау» тасымалдау жүйесінің, соның ішінде Үлкен Шаған мұнай айдау станциясының және 1-26 желілік тораптардың өндірістік қажеттіліктеріне электр қуатын газтурбиналы электр станциялары арқылы өндіруін жалғастырды.

КПО БҚО тұрғындарына қажетті электр қуатының өндірісін және жеткізілуін жалғастырып келеді. Орта есеппен, қысқы кезеңде 42 МВт-ға дейін, ал жаз уақытында 27-ден 42 МВт-қа дейін энергия беріледі. 2017 жылы Батыс Қазақстан облысына жеткізілген электр энергиясының жалпы көлемі 307,6 млн кВт-сағ. көрсеткішіне тең.

2017 компания ҚКЖ-1 болашақ жобаларын энергиямен қамтамасыз етудің қолданыстағы және қосымша мүмкіндіктерін, соның ішінде жаңартылатын қауат көздері көмегімен жеткізуді, жан-жақты зерттеу жұмыстарын бастады.



Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі әкімшілік ғимарат

### КЕН ОРНЫН ИГЕРУ ЖОБАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының Мердігері ретінде КПО мұнай кен орындарын пайдаланудың әлемдік оңтайлы тәжірибесіне сәйкес кен орнының келісілген аумағында мұнай өнімдерін шығаруға және өндіруге қажетті барлық мұнай-газ операцияларын өткізуге міндетті. II-Кезең бастапқы бағдарламасын аяқтағаннан соң, КПО Өндірістік қызмет бағдарламасының II сатысын 2003 жылдан бері қаржыландырып келеді. Бұл саты Қарашығанақ кен орнын одан әрі дамытуды, оның ішінде жаңа пайдалану ұңғымаларын бұрғылауды, бұрыннан бар ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізуді, өндірістік нысандарды жетілдіруді, өндірістің жоғары деңгейін сақтауға және Қазақстан Республикасының игілігі үшін экономикалық тиімділігін арттыруға қажетті басқа да жобаларды қамтиды.

Нақтылап айтқанда, ұлғайып бара жатқан газ факторы қолданыстағы газ дайындау нысандардың қуаттылығы бойынша шектеуге себеп болып, сұйық көмірсутектер өндірісінің азаюына әкеліп соғатын жағдайларды болдырмау үшін осындай қосымша нысандар, өндірістік инфрақұрылым және ұңғымалар қажет. Осыны ескере отырып, 2014 жылы өндіріс деңгейін көтеру жобаларының бағдарламасы дайындалды.

2017 жылы КПО өндіріс деңгейін көтеру жобаларының портфолиосын дайындауды жалғастырды. ГҚДҚ-2 газды кері айдау жүйесін жетілдіру жобалары шеңберіндегі 5-құбыр желісін тарту және газ айдау ұңғымаларын қосу үшін алдын ала жобалау жұмыстары аяқталып, ақырғы инвестициялық шешім қабылданды.

ГҚДҚ-2 нысанының 4-газды кері айдау компрессоры жобасын толығымен дайындау, соның ішінде жоба тұжырымдамасын таңдау бойынша семинарлар өткізу, компрессорды жеткізуге келісімшарт жасасу және алдын-ала жобалауға кірісу жұмыстары жүргізілді.

ҚӨК газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасы бойынша жұмыстар жалғасып, бірқатар ұзақ жеткізілетін бұйымдар мен материалдар үшін келісімшарттар жасалды, жобаның ақырғы қаралуына және ақырғы инвестициялық шешімнің қабылдануына бағытталған дайындық жасалды. Одан басқа, бағаналарды орнату бойынша келісімшарт жасалып, қазіргі уақытта бұл келісімшарт орындалуда.

### ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫ (ҚКЖ-1)

КПО кезеңдерге бөлініп жоспарланған Қарашығанақты кеңейту жобасының 1 кезеңі арқылы (ҚКЖ-1) Қарашығанақ кен орнын игеру бағытында жұмысын жалғастырып келеді.

ҚКЖ-1 жүзеге асыру құрушы компанияларға да, Қазақстан Республикасына да қосымша пайда әкелетіні сөзсіз. Бұл табыс кен

орындағы өсіп келе жатқан газ факторымен байланысты мәселені шешу үшін қосымша ұңғымаларды, көмірсутек шикізатын өңдеу мен дайындау нысандарын және газ айдауды іске қосу арқасында тұрақты сұйық көмірсутектерді өндіру және дайындау көлемін сақтап тұру арқылы пайда болады.

Бағалау және тұжырымдаманы таңдау әрекеті ұсынылған тұжырымдамаларды іс-жүзінде жүзеге асыру мүмкіндіктерін расптау жұмыстарын, соның ішінде қауіп-қатердің сандық бағасының (ҚСБ) дайындалған үлгісін ұсынылатын жаңа нысандарды салу және пайдалану барысында қызметкерлердің қауіп-қатерге тап болу ықтималдылығын талдау үшін пайдалануды қарастырады. Үлгі нәтижелері жаңа нысандарды орналастыру, бөлу және жобалау сызбасын әзірлеу қауіп-қатерлерді іс жүзіндегі ең төмен жетімді деңгейге дейін азайтуға жағдай жасауды қамтамасыз ету үшін қолданылады.

ҚКЖ-1 жүйелер және жабдықтар құрылысындағы қауіпсіздік деңгейін көтереді және жаңа нысандардың тұтас пайдалану мерзімі ішінде технологиялық қауіпсіздікке, өндіріске жұмылдырған қызметкерлерге әсер ететін қауіп-қатерлердің (соның ішінде улы газдар әсерінен болатын қауіп-қатерлердің) төмендеуіне әкеледі.

Қоршаған ортаға тиетін әсерді мейлінше азайту ҚКЖ-1 үшін негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. ҚКЖ-1 ұсынылатын жаңа нысандарды дамыту қолданыстағы ең үздік әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. ҚКЖ-ның атмосфераға шығарылуы модельдеудің үздік тәжірибелері кен орны айналасындағы санитарлық-қорғаныс аймағының (СҚА) шекарасына тиетін кез-келген әсерді бағалау үшін жүргізіледі.

2017 жылы ҚКЖ-1 келешек нысандарының орналасу тәртібін оңтайландыруға бағытталған зерттеу жұмыстары одан әрі жалғасты. Бұл жұмыстар жоба экономикасын жақсарту мақсатында (компрессияға беріктікті кезеңдеумен қоса) күрделі шығындарды оңтайландыру, жалпы күрделі шығындарды азайту және өтеуді барынша көбейту көзделген болатын.

Жобалауға дейінгі ізденіс жұмыстарын жүргізу аяқталғаннан кейін, жобаның экономикалық тиімділігін бағалаудың екінші семинары 2018 жылы өткізіледі. Одан соң жобаны орындаумен (соның ішінде қолданыстағы нысандардағы жұмыстар, бір мезгілдік операциялар, ұзақ жеткізілетін жабдықтар тізімін анықтау, компрессорлық қондырғы, жинақтау жүйесі жобалау және дайындық жұмыстарының көлемін анықтау) байланысты қауіп-қатерлерді толық түсіну үшін жобалық шешімдерді егжей-тегжейлі дайындауды қамтитын алдын ала жобалау кезеңі басталады. Кейін, жобаны мақұлдауға ұсыну үшін техникалық жобалау әзірленетін болады.



**Басшылық ету және басқару әдістері**

Этикалық тәртіп  
Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
Денсаулықты қорғау  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

**БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІ**

**БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ҚҰРЫЛЫМЫ GRI 102-18**

Қарчағанак Петролиум Операйтинг Б.В. Қазақстан филиалы (КПО) өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім бойынша (бұдан әрі - ӨБТК) Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнын (бұдан әрі - ҚМГКК) игеретін бірлескен кәсіпорын ретінде 1997 жылы құрылды. GRI 102-5

Қарашығанақ кен орнын игеру жұмыстарының сәтті жүзеге асырылуы халықаралық бес мұнай-газ өндіруші компания (бұдан әрі - құрушы компаниялар немесе мердігер компаниялар) мамандарының кәсіби білімдері мен жинақтаған мол өндірістік тәжірибелеріне байланысты, атап айтсақ:



29,25%



29,25%



18%



13,5%



10%

КПО тұрақты ұйымдық табысқа жетудің кілті болып табылатын жалпы басшылық ету, қауіп-қатерді басқару, ішкі бақылау және сәйкестік бойынша кешенді және тиімді жүйені қалыптастырды. Біздің жалпы басқаруға қатысты ұстанымымыз жоғары басшылық стратегиясының бағыттары мен нұсқауларының жүйелі және тиімді түрде орындалуы үшін тиісті шешімдерді қабылдау мен қамтамасыз ету механизмдерін іске қосуды көздейді.

Компанияның ұйымдық құрылымы белгіленген бизнес мақсаттарға Қазақстан Республикасының, оның атынан өкілдік ететін өкілетті орган - PSA ЖШС-нің және Мердігер компаниялардың мүдделері үшін сыртқы ортаға үздіксіз бейімделу арқылы жету әрекетіне қолдау көрсету үшін дайындалды.

КПО-ның ең басты екі басқару органы: Басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК) және Өтім бойынша бірлескен Комитет (ӨБК). ӨБТК бойынша бұл комитеттер бес Мердігер компанияның әрқайсысының өкілінен және Өкілетті орган өкілінен тұрады. ББК және ӨБК шешімдерін қабылдауда Мердігер компаниялардың әрқайсысының және Өкілетті органның бір дауысы бар және кез-келген шешімді мақұлдау үшін екі жақтың да дауысы қажет.

**Басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК)**

ББК мұнай-газ операцияларының және әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалардың ӨБТК талаптарына сай орындалуын қамтамасыз ету мақсатында оларды жалпы қадағалау әрекетіне жауапты. ББК жауапкершілігіне тиесілі мәселелерге жылдық жұмыс жоспары мен бюджетті, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды, сонымен қатар Кен орнын игеру жоспарына енгізілетін әрбір өзгертулерді қарастыру және мақұлдау жатады. ББК отырыстары жылына, кем дегенде, үш рет өткізіледі. 2017 ж. осындай отырыстар сәуір, шілде мен қараша айларында өткізілді. Басқару жөніндегі бірлескен комитетте төрағалық ету міндеті Өкілетті орган өкіліне тиесілі. Батыс Қазақстан облысы әкімі ББК отырыстарына жергілікті қоғам өкілі ретінде дауыс құқығынсыз қатысады. КПО Бас Директоры бастаған КПО Басшылығы ББК отырыстарына дауыс құқығынсыз қатыса алады.

**Өтім бойынша бірлескен Комитет (ӨБК)**

ӨБК көмірсутекті және көмірсутекті емес өнімдердің ӨБТК талаптарына сай өтімімен байланысты барлық іс-әрекеттерге жауапты.

Бұл Комитет мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу, алмастыру және сату қызметіне қатысты ұсыныстарды мақұлдайды. Бұл орайда басты міндеттердің бірі кіріс көлемін барынша арттыру болып табылады. Өтім бойынша бірлескен Комитетте Мердігер компаниялардың біреуінің өкілі төрағалық етеді. КПО Маркетинг Директоры ӨБК отырыстарына дауыс құқығынсыз қатыса алады.

**ББК құрамындағы қосалқы комитеттер**

Сатып алу бойынша бірлескен Комитет (СБК) - КПО жасасатын негізгі келісімшарттарды мақұлдау немесе олар бойынша келісім беруге жауапты және ББК мақұлдауына ББК тендерлік процедураларына сәйкес қызмет ететін ББК құрған қосалқы комитет. СБК-нің ББК-мен бірдей қатысу мен дауыс беру құқықтары бар және оның шешімдері бірауызды қабылдануы тиіс.

Жергілікті қамту бойынша қосалқы комитет (ЖҚК) - ББК құрған және Мердігер компаниялар мен Өкілетті орган өкілдерінен тұратын қосалқы комитет. ЖҚК тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алумен, сондай-ақ еңбек ресурстарында қазақстандық қызметкерлер санын ұлғайтумен, оларды оқыту және кәсіби дамытумен байланысты сұрақтар бойынша Басқару жөніндегі бірлескен комитетке қолдау көрсетуге жауапты. Бұған қоса, ЖҚК жергілікті қамтуға қатысты Қазақстан Республикасымен, Өкілетті органмен немесе Мердігер компаниялармен ұсынылатын жоспарлар мен бағдарламаларды талқылауға және талдауға қатысады.


**Мердігерлер комитеті және Операторлар комитеті**

Бірлескен қызмет жөніндегі келісімшартқа (БҚК) сәйкес, Қарашығанақ бірлескен кәсіпорны басқару мен бірлескен қызмет туралы шешім қабылдаудың екі деңгейлі жүйесімен басқарылады. Басқарудың төменгі деңгейі - операторлар комитеті. Ол кәсіпорнының басқарылуын қадағалайды және ӨБТК-ге сәйкестікті бақылайды. Жоғарғы деңгей - Мердігерлер комитеті, ол ББК отырыстарында талқылауға ұсынылатын барлық мәселелерге қатысты Мердігер компаниялардың ұстанымын дайындауға жауапты.

Басшылық етудің жалпы құрылымы 5-суретте берілген.



5-СУРЕТ. ҚАРАШЫҒАНАҚ КӘСІПОРНЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ GRI 102-18







**Басшылық ету және басқару әдістері**

Этикалық тәртіп  
Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
Денсаулықты қорғау  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

Бұған қоса, КПО компаниясын кәсіби қолдау, бақылау, қадағалау қызметтерімен және кеңеспен қамтамасыз ететін мамандырылған қосалқы комитеттер де жұмыс істеуде. Жауапкершілік шегіне орай, әрбір қосалқы комитетке Мердігер немесе Оператор компаниялардың әрқайсысының өкілдері кіреді.

Әрбір қосалқы комитеттің өкілеттік шеңбері жазбаша бекітілген. Сонымен қатар әрбір қосалқы комитет Мердігерлер комитеті немесе

Операторлар комитеті белгілеген процедуралар талаптарын сақтауы тиіс және Мердігерлер комитеті немесе Операторлар комитетіне бағынышты. Қосалқы комитет отырыстары бекітілген кестеге сай жыл ішінде өткізіледі. Қабылданған шешімдер мен жасалған ұсыныстардың барлығы жиналыс хаттамаларына немесе осындай жиналыстар нәтижесі бойынша дайындалатын шаралар тізімдемесіне енгізіліп тіркеледі.

**5-КЕСТЕ. МЕРДІГЕРЛЕР КОМИТЕТІ ЖӘНЕ ОПЕРАТОРЛАР КОМИТЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚОСАЛҚЫ КОМИТЕТТЕРІНІҢ (ҚК) ТІЗІМІ**

**Мердігерлер комитеті**

1. Өтім бойынша Мердігерлер Комитеті (ӨМК)
2. Жұмыс бағдарламасы мен бюджет бойынша ҚК
3. Қаржы бойынша ҚК
4. Салық бойынша ҚК
5. Аудит бойынша ҚК
6. Сақтандыру бойынша ҚК
7. Корпоративтік байланыстар және Үкіметпен қарым-қатынас бойынша ҚК
8. Заң мәселелері бойынша ҚК

**Операторлар комитеті**

1. Өндірістік мәселелер бойынша ҚК
2. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша ҚК
3. Қауіпсіздік мәселелері бойынша ҚК
4. Техникалық мәселелер бойынша ҚК
5. Еңбек ресурстары бойынша ҚК
6. Тұрақты даму бойынша ҚК

Атап айтқанда, корпоративтік байланыстар және Үкіметпен қарым-қатынас жөніндегі қосалқы комитет үкіметтік органдармен және қоғамдық қарым-қатынас жөніндегі Мердігер компаниялардың және ӨБТК-нің талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету, сондай-ақ жалпы бизнес мақсаттарына жету жолында компанияның осы салада атқарып жатқан жалпы стратегиялық міндеттерін бақылау үшін құрылды. Бұл қосалқы комитет әр тоқсан сайын отырыстар өткізіп, КПО қызметімен байланысты ықтимал мәселелер/қауіптер және/немесе мүмкіндіктер жайында Мердігерлер комитетіне Жобаны іске асыру және іскерлік беделін қорғау барысы туралы объективті ақпаратты қоғамға жеткізу тұрғысынан хабарлайды. Мердігер компаниялардың әрқайсысының өкілі және кәсіпорын директорымен тағайындалған КПО өкілі осы қосалқы комитет қызметіне қатысады. Барлық шешімдер және/немесе ұсыныстар қосалқы комитет мүшелерінің барлығының келісуі жағдайында ғана қабылданады.

Ауылдарды көшіру, жергілікті қоғаммен жұмыс, тұрақты даму бойынша есеп беру, БАҚ өкілдерімен әрекеттесу, ӨБТК құжатына қол қоюдың 20 жылдық мерейтойын атап өту және КПО-ның әртүрлі қоғамдық шараларға қатысуы бойынша кәсіби кеңес және техникалық сараптама ұсыну мақсатында корпоративтік байланыстар пен Үкіметпен қарым-қатынас бойынша қосалқы комитетінің және тұрақты даму бойынша қосалқы комитет қызметтері 2017 жылы біріктірілді.

**БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ GRI 103-2**

ӨБТК талаптарына сәйкес және қызмет атқаратын әр саласында КПО көптеген тәртіптерден, саясаттардан және озық дағдылардан алынған халықаралық мақұлданған стандарттарға сай қызмет етеді. Олардың барлығы КПО басқару жүйелеріне енгізілген және келесі қағидалық құжаттарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	ӨНДІРІСТІК МӘСЕЛЕЛЕР	ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫ	ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ҚОСҚАН ҮЛЕС	ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІК
<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қарашығынақ корпоративтік басқару жүйесі бойынша нұсқаулық</li> <li>■ Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарманың менеджмент жүйесі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Өндірісті басқару жүйелері бойынша нұсқаулық,</li> <li>■ Маркетинг басқармасының басқару жүйесі</li> <li>■ Қаржы басқармасының басқару жүйесі</li> <li>■ Құзыретті басқару жүйесі саясаты.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ менеджмент жүйесі бойынша нұсқаулық және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жөніндегі саясат,</li> <li>■ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру бойынша жылдық жоспар</li> <li>■ Еңбек гигиенасын басқару бойынша қағида, Энергетикалық саясат және энергия менеджмент жүйесі бойынша нұсқаулық;</li> <li>■ Қауіпсіздік басқармасы бойынша нұсқаулық.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Жергілікті қамту бойынша саясат;</li> <li>■ ББК Хатшылығын басқару жүйесі</li> <li>■ Әлеуметтік қызмет саласындағы регламенттер мен стандарттар;</li> <li>■ Қаржылай демеушілік және қайырымдылық жөніндегі саясат</li> <li>■ Еңбек ресурстарын басқару жүйесі бойынша қағида;</li> <li>■ Әлеуметтік жобалар басқармасын басқару жүйесі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ КПО Тәртіп кодексі</li> <li>■ Мүдделер қақтығысы</li> <li>■ Сәйкестікті қамтамасыз ету саясаты</li> </ul>



Орал кеңсесіндегі Басқару бойынша бірлескен комитет отырысы





**Басшылық ету және басқару әдістері**

**Этикалық тәртіп**

Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі

Денсаулықты қорғау

Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

**ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ** GRI 102-15

Мұнай және газ өндіру қызметі жеке өндірістік қауіпсіздік, атмосфераға залалды заттардың шығарылуы, қалдықтардың пайда болуы, судың және топырақтың ластануы сияқты мәселелер мен қоршаған ортаға, адамдарға және жергілікті қоғамдылықтарға тиетін әсерді ескере отырып, мұқият ұйымдастырылуы тиіс. Мұнай және газ өндірісімен айналысатын риясыз кәсіпорын ретінде КПО үшін қауіп-қатерлерді тұрақты басқару – ерекше маңызды іс. Бұл келесі қауіп-қатерлерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- қызметкерлердің қауіпсіздігі мен өндіріс тұтастығына төнетін қауіп, көбінесе күкіртті сутектің немесе заңсыз қосылулар кезіндегі ықтимал шығарылындарға байланысты;
- қоршаған ортаға төнетін қауіп, көбінесе ықтимал ағындардан, қалдықтардан, атмосфераға залалды заттардың шығарылуынан пайда болады;
- этикалық сәйкестік ережелерінің өзіміздің, мердігерлік және қосымша мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерімен бұзылуы нәтижесінде пайда болатын қауіп;
- жергілікті білікті мамандарды жұмысқа тартумен және сақтаумен байланысты қауіптер.

Қызметтік қауіп-қатерлерді айқындап, тиімді басқару үшін КПО ішінде, компания қызметі кезінде қолданылатын, ресми қауіп-қатерлерді басқару үрдісі енгізілді. Осы үрдіс, сонымен қатар рөлдер мен міндеттер де қауіп-қатерді басқару тәртібі нұсқаулығында сипатталған.

Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарма қауіп-қатерлерді басқару жүйесін үнемі жетілдіріп, корпоративтік қауіп-қатерлерді тіркеу құжатын жүргізуге жауапты. Корпоративтік қауіп-қатерлерді тіркеу құжаты орын алуы ықтимал қауіп-қатерлер тізімін, сонымен қатар оларды азайту мақсатында қолданылатын іс-әрекет жоспарларын қамтиды. GRI 102-29

КПО жоғары басшылығының қатысуымен өтетін әр тоқсан сайынғы қауіп-қатерлер комитеті жиналастарында барлық сын-қауіптер жөнінде есеп беріліп, олар талқыланады. Әр жиналыстан кейін корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарушы ақпараттың нақтылығын және өзектілігін негіз етіп, қысқаша КПО-ның қатерлі қауіптерін қамтитын қауіп-қатерді тіркеу құжатын мердігер комитетіне тоқсан сайын тапсырады. GRI 102-33

Ерекше қауіптерді азайту шаралары туралы толық ақпарат осы есептің тиісті тарауларында берілген.

**ТИІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ** GRI 103-3

КПО ішкі аудит бөлімі ұйым абыройын көтеруге және жекелеген департаменттер мен жалпы өндіріс тиімділігінің жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және әділ кеңес пен талдау беру бойынша қызмет көрсетіп, қауіп-қатерлерді басқару, бақылау және басшылық етудің тиімділігін бағалау мен арттыруға қатысты жүйелік және тәртіпті ұстанымды қолдану арқылы КПО-ның өндіріс мақсаттарына жетуіне көмектеседі.

Аудит бойынша жылдық жоспар компания қызметінің барлық қырларына, соның ішінде бизнес процесстердің тиімділігі мен нәтижелілігі, заңнаманың, ережелердің және ішкі тәртіптердің сақталуы, қаржы және басқару бойынша есеп берудің дұрыстығына

**6-КЕСТЕ. 2014-2017 Ж.Ж. КПО-НЫҢ ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕРІ (АҚШ ДОЛЛАРЫ)**

2014	2015	2016	2017
2,1 млрд	1,2 млрд	369 млн	897 млн

және анықталған кемшіліктерді түзетуге бағытталған шаралар бойынша тиісті әрекеттер жоспарлары сияқты сұрақтарға қатысты дайындалады және қолданылады. Одан басқа, құрушы компаниялар қауіп-қатерлерді басқару, бақылау және басшылық етудің салаларында қосымша сенімдік пен кепілдік үшін жыл сайынғы өз аудиттерін өткізеді. Аудиттердің нәтижелері аудит бойынша қосалқы комитет және сыртқы аудиторлар арқылы жоғарғы басшылыққа және құрушы компанияларға жеткізіледі.

Тиімділікті қамтамасыз ету бөлімі жобалардың тиімділігін КПО Экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету қағидаттары туралы ереженің негізгі қағидаларына сәйкес КПО барлық жобаларының тиімділігін бағалау бойынша жұмыстар жүргізеді. Жобалардың белгілену кезеңінен іске қосу әрекетіне дейінгі тиісті барлық қадамдарды жасағандарын бағалау жобалардың тиімділігін бағалау, функционалды техникалық тексерулер, сараптамалық қолдау және семинарлар өткізіледі. Ірі және күрделі жобалардың тиімділігін бағалау үдерісіне құрушы компания өкілдері қатыстырылса, шағын жобаларға КПО ішіндегі тәуелсіз топтар жұмылдырылады.

Жобалардың тиімділігін қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру мақсатында 2018 жылға арналған Тиімділікті қамтамасыз етудің кешенді картасын дайындау жоспарлануда. Бұл құжатта КПО барлық бөлімдерінің тиімділігін қамтамасыз етуді көздейтін шаралар жинақталады.

**ӨНДІРУШІ САЛАЛАРДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ БАСТАМАСЫ**

КПО Қазақстан Республикасы (ҚР) табиғи ресурстарын басқару кезіндегі табыстар айқындығы мен барлық құру тізбегін қамтамасыз етуге бағытталған Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасын (ӨСАБ) қолдайды.

2017 жылғы Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы бойынша 13-Ұлттық есепке сәйкес 2017 жылы КПО ҚР бюджетіне салық және төлемдер ретінде 897 млн АҚШ долларын (31.12.2017 жылғы ҚР Ұлттық банк бағамы бойынша) төлеген.

2017 жылғы КПО есебі ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне және аталмыш Комитеттің "Батыс Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану өңіраралық департаменті" ("Батысқазжерқойнауы") Республикалық мемлекеттік мекемесіне 2018 жылғы 25 сәуірде жіберілді. КПО өз салық міндеттемелері бойынша ӨСАБ есептерін ҚР күзиретті органдарына өздігінен 2014 жылдан бері ұсынып келеді.

Жер қойнауын пайдаланушылар ӨСАБ есептерін "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" интеграцияланған ақпараттық жүйесінің веб-порталы арқылы ұсынады. ӨСАБ бойынша қорытынды ұлттық есептер кез келген мүдделі тарап үшін <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports> сілтемесі бойынша ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің сайтында қолжетімді.

КПО компаниясымен ҚР мемлекеттік бюджетіне төленген салықтар жөніндегі мәліметтер "ҚР мұнай-газ және тау-кен өндіру секторларының төлеушілердің салықтық және салықсыз төлемдер/түсулер бойынша қорытынды есептеме" бөлімшесінде <http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/home> сілтемесі бойынша ашық қолжетімділікте жарияланған.



**ЭТИКАЛЫҚ ТӘРТІП** GRI 102-16

**ТӘРТІП КОДЕКСІ** GRI 103-2

КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестігін қамтамасыз ету жүйесі компания ішіндегі нормативтік-құқықтық сәйкестіктің барлық аспектілерін реттейді және оларға басшылық етеді. Осы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етудегі негізгі құжат - Тәртіп кодексі. Құжат этикалық қағидаларды, құндылықтарды және

компанияның ішкі және сыртқы әрекеттері кезіндегі, соның ішінде жеткізушілермен, өндірушілермен және басқа да серіктестермен қатынасындағы мінез-құлық, тәртіп ережелерін анықтайды.

Тәртіп кодексі соңғы жаңартылған басылымы 2017 жылдың маусымында шығарылды.

Біздің корпоративтік құндылықтарымыз келесіні қамтиды:

<b>Тәртіп</b>	Біз адал жұмыс істейміз және жоғары этикалық стандарттарды сақтаймыз. Өз қызметтімізді КПО және құрушы компанияларға қатысты қолданылатын құқықтық, нормативтік және лицензиялық талаптарға сәйкес жүргіземіз.
<b>Қызметкерлер</b>	Бір-біріміздің арамыздағы қатынастарымызды адалдық, құрмет және сыпайылық негізінде құрамыз. Біз бір-бірімізге сенеміз және көпұлтты ұжымымыздың әртүрлі мәдениеттерін құрметтейміз және қолдаймыз.
<b>Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау</b>	Біз бір-біріміздің денсаулығымызға және қауіпсіздігімізге зор көңіл бөлеміз, сонымен қатар қауіпсіз, қорғалған және денсаулығымызға зиянсыз ортада жұмыс істеу үшін барлық жағдай жасаймыз. Қызметіміздің нәтижесінде қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін есерлерді болдырмауға бағытталған жұмысымызды жалғастырамыз.
<b>Серіктестік</b>	Қазақстан Республикасының өкілетті органдарымен, құрушы компанияларымызбен және жұмыс орнымыздағы жергілікті қоғаммен тиімді, нәтижелі, бірлескен және сенімді қатынас сақтауға айрықша көңіл бөлеміз. Жергілікті қоғамдастықтармен жұмыс істей келе, оларға пайда әкелуге және барынша қолдау көрсетуге құштармыз.

**ТӘРТІП КОДЕКСІ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ ТАРАТУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ** GRI 412-2, 205-2

Компания КПО тәртіп кодексінде келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидалары барлық қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға ниетті.

Көп мәдениетті ұжымына байланысты қызметкерлерді этикалық қағидалар мен ережелер тақырыбында оқыту халықаралық компания болып табылатын КПО үшін өте маңызды. КПО-ның жаңадан қабылданған қызметкерлерінің барлығы КПО тәртіп кодексіне кіріспе курсына өтуге міндетті. Жүйелі түрде өткізілетін бұл курс оларды тәртіп кодексіне сәйкес компанияның әдептілік ережелерімен және жеке міндеттерімен таныстыру мақсатын көздейді.

Әрбір қызметкердің КПО-ның интранет желісінде орналасқан тәртіп кодексімен және басқа да этикалық сәйкестік саясаттармен онлайн оқып танысу мүмкіндігі бар. КПО-ның барлық қызметкерлері талаптармен танысқандығын осы салаға қатысты ұсынылаған жеке міндеттемелермен келісу арқылы жыл сайын растау қажет. Интранет жүйесін пайдалану мүмкіндіктері жоқ қызметкерлерге қағазға басылған нұсқалар таратылып, танысқандығы жөнінде қолы қойылған даналар қайтадан жиналады. 2017 жылдың желтоқсан айының соңына қарай КПО қызметкерлерінің 89% нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау декларациясын толтырды.

Осыған қоса, КПО-ның этикалық сәйкестікті оқытуға арналған онлайн модульдері бар. Бұл модульдер тәртіп кодексі, мүдделер қақтығысы және жемқорлыққа қарсы күрес тақырыптарын қарастырады.

КПО мердігерлік ұйымдары үшін этикалық сәйкестікті оқытуды ұйымдастыру шеңберінде 2017 жылдың қазан айында КПО этикалық талаптарды сақтау жөнінде жыл сайынғы семинар өткізді. Бұл семинар 2013 жылдан бері жүргізіліп келеді. 2017 жылғы семинар жұмысына 19 ірі және шағын мердігерлік ұйымның жоғарғы басшылығының 29 өкілі қатысты. Семинарда жемқорлыққа қарсы заңнамаға және КПО-ның тәртіп кодексі мен этикалық сәйкестік стандарттарына қатысты сұрақтар қарастырылды.

**СӘЙКЕСТІКТІ САҚТАУ ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ШАРАЛАР** GRI 102-17, 103-3

КПО-ның тегін, анонимдік және құпия жедел желісі 2012 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

Жедел желі КПО қызметкерлері, жеткізушілері және мүдделі тараптары үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын құрудағы маңызды құрал болып табылады. КПО-ның жедел желісіне әкімшілік ету қызметін халықаралық аккредиттелген және осы саладағы көшбасшы жеткізуші NAVEX Global компаниясы жүзеге асыруда.



Басшылық ету және басқару әдістері  
**Этикалық тәртіп**  
**Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі**  
 Денсаулықты қорғау  
 Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

Тәулік бойы жұмыс жасайтын жедел желі қызметкерлер, мердігерлер және басқа да мүдделі тараптар үшін ықтимал құқықтық және этикалық тәртіп бұзушылық, соның ішінде дискриминация, жыныстық алымсақтық, мүдделер қайшылығы, қоршаған ортаға зиян келтіру немесе қауіп төндіру және/немесе қаржылық бұзушылық немесе жемқорлық туралы хабарлауға мүмкіндік береді. Шағым түсіруші қызмет бабындағы лайықсыз іс-әрекет немесе бұзушылық туралы телефон арқылы немесе жазбаша түрде хабарлай алады. Кейін бұл шағым нормативтік-құқықтық сәйкестік кеңесшісіне және заңға сәйкестікті сақтау бойынша бөлім менеджеріне талдау және қолданылуы тиіс шараларды анықтау үшін жіберіледі.

2017 жылы жедел желі арқылы және тікелей заң директорына жіберілген 27 хабар қабылданды. Барлық шағымдар мұқият талданып, тиісті шара қолданылды. Шағымдардың көбі қызметтік қарым-қатынастармен байланысты болды. Қолданыстағы арыздарды өңдеу процедурасы және тәртіптік мәселелерді қарастыру тәртібіне сәйкес және жағдайдың сипатына байланысты бұл шағымдар шешілді. Этикалық тәртіпсіздік мәселелері нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша тергеу нұсқаулықтары негізінде қаралып, олар жөніндегі есептер КПО-ның сәйкестік сақтау комитетіне тиісті шаралардың қолданылуы үшін жіберілді.

Оған қоса, қосымша қадағалау мен бақылау мақсатында, заң директоры КПО-да жұмыс істемейтін тұлғаларға көрсетілген өкілдік шығындар мен жолақылар, КПО қызметкерлері қабылдаған корпоративтік сыйақылар және өкілдік шығындар, мүдделер қақтығысы және туыстық қатынастардағы тұлғаларды жұмысқа алу, жемқорлыққа тағылу күдіктері сияқты жағдайларды тіркеу кітаптарын жүргізеді.

**КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІГІН ТЕКСЕРУ** GRI 205-2

КПО ҚР жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі заңдарын, сонымен қатар құрушы компаниялар тіркелген елдердің халықаралық заңдарын сақтауы тиіс. Осыған байланысты, КПО өзінің барлық бизнес серіктестерінен, мердігерлерінен және тауарды, жұмыстарды мен қызметтерді жеткізушілерінен, басқа да келісімшарт бойынша қарсы тараптарынан бизнесті жүргізудің этикалық ережелерін сақтау бойынша кепілдік талап етеді. Осындай кепілдікке ие болу әрекетінің басты аспектілерінің бірі - «бизнес серіктестерімізді тану» әдісін ұстану.

Осы мақсатта КПО ықтимал бизнес серіктестерінің әрқайсысымен байланысты қауіптерді анықтау үшін және бұл қауіптерді төндіру мүмкін мәселелерін реттеу шараларын айқындау мақсатында этикалық сәйкестікті тексеру бағдарламасын 2012 жылдан бері жүргізіп келеді.

Қауіп-қатерді бағалау мақсатында, әрбір ықтимал бизнес серіктестімізге меншіктік түрі және иесі, жетекшілер және шаруашылық-саудалық қызмет жүргізу тәжірибесі, соның ішінде оның этикалық іскерлік қағидалары туралы ақпарат алу мақсатында сауалнама жіберіледі. Ықтимал серіктес компания туралы корпоративтік ақпаратты растау және оның іскерлік тәжірибесі туралы қандай да бір жағымсыз есептердің жоқтығын тексеру үшін КПО қауіп-қатерді басқару және нормативтік-құқықтық сәйкестік мәселелері бойынша «Дю Джонс» халықаралық деректер қорын және басқа да салықтық, заң дерекқорларын пайдаланады. Содан кейін, компанияның бизнес серіктес болуға сәйкестігін, сондай-ақ, қажет болған жағдайларда, қалдықтық қауіптерді азайтуға қолданылатын тиісті шараларды анықтау мақсатында қауіптерді бағалау жұмыстары жүргізіледі.

Жаңа және бұрыннан жұмыс істеп келген бизнес серіктестер үшін қауіптерді бағалау кезінде елеулі өзгерістер орын алған жағдайда,

қажетті шараларды қабылдау мақсатында этикалық сәйкестікті тексеру әрекеті жүйелі түрде қайталанып тұрады. Іске қосылған уақыттан бері жұмысы нәтижесінде пайда болған жаңа жетілдірулерді қосу мақсатында, этикалық сәйкестікті тексеру процедурасын КПО компаниясы 2017 жылы қайта қарады. Бұл талдау бизнес серіктестерге қатысты этикалық сәйкестікті тексеру жиілігі туралы түсініктемелерді қамтыды.

Сонымен қатар, КПО өзінің бизнес серіктестерінен КПО-мен жасалған келісімдердегі міндеттемелерді орындау арқылы жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы қолданыстағы қазақстандық және халықаралық заңдарға сәйкес жұмыс істеуді талап етеді.

КПО жергілікті компаниялардың КПО-ның этикалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуде қолдау көрсетіп келеді. КПО-ның келісімшарттар және сатып алу жөніндегі бөлімі жергілікті компанияларға КПО құжаттарының типтік үлгілерін ұсынады. Солардың арқасында мердігерлік ұйымдар КПО талаптарына жауап беретін өз тәртіп кодексін жетілдіре алады, сонымен қатар өз келісімшарт құжаттарын, оның ішінде қосалқы мердігер қызметтері немесе жабдықтар мен материалдарды сатып алу үшін пайдалануға болатын құжаттарды да қайта қарастыруға мүмкіндік алады.

Осы шаралардың барлығы серіктестерімізге КПО-ның бизнес жүргізуде жоғары этикалық стандарттарды ғана ұстанатынын көрсететініне сенімдіміз. Біз жемқорлық пен парақорлықты болдырмау мақсатында бизнес серіктестерімізді қолдап, олармен ынтымақтастықта қызмет етудеміз.



ҚОК операторлар бөлімінде



**ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТІ**

**ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ** GRI 102-15

Қарашығанақ сияқты техникалық күрделі кен орнын игеру кезінде қауіпсіздік техникасын, өндіріс тұтастығын және қауіпсіздік қызметін қамтамасыз ету сәтті жұмыстың шешуші факторы болып табылады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету - біздің барлық әрекетіміздің негізі, осыған орай Қарашығанақ күн сайын алдымызға жаңа күрделі мақсат-міндеттерді қойып келеді. Өнеркәсіптік нысандарды пайдалану барысында жабдық температураның күрт өзге-

рулеріне ұшырап, осының салдарынан өндіріс тұтастығы мен сенімділігімен, сонымен қатар қызметкерлерді қауіпсіз жұмыс шарттарымен қамтамасыз етумен байланысты мәселелер пайда болады. Өндірілетін көмірсутекті шикізаттағы күкіртті сутектің жоғары деңгейі және айдалатын газдың жоғары қысымы бізден кен орнын қауіпсіз пайдаланумен байланысты мәселерді шешуді талап етеді.

2017 жылы КПО компаниясы ЕҚ және ҚТ көрсеткіштері бойынша үздік нәтижеге, соның ішінде, жалпы тіркелетін оқиғалар көрсеткішінің компания тарихындағы ең төмен деңгейіне қол жеткізді. Осындай жоғары нәтижеге қарамастан, КПО жұмыс орнындағы менмендіктің қауіпін түсініп, ЕҚ және ҚТ көрсеткіштерінің түгел ұйым бойынша жоғары деңгейін ұдайы ұстап тұру мақсатында жігерлі қызмет атқарады.

**7-КЕСТЕ. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІМІЗ** GRI 103-2

2017 ЖЫЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ	МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ
2017 жылдың шілде айында ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікке қайта сертификаттау аудитін өткізу.	Орындалды	ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестік бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОК Басқару жүйелері және ҚОК басқару жүйесінің аудиті 2017 жылғы 8 және 12 тамыз аралығында «Bureau Veritas Certification» сертификатталған агентігімен өткізілді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>2018 жылғы мамыр айында құрушы компаниялар («Эни» мен «Шелл») аудитін өткізу;</li> <li>2018 жылдың маусым айында ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікке бақылау аудитін жүргізу;</li> <li>Жаңа ISO 45001 стандартының талаптарына ЕҚ, ҚТ және ҚОК басқару жүйесінің сәйкестігін талдау.</li> </ul>
<ul style="list-style-type: none"> <li>Мердігерлер мен КПО топ жетекшілерінің (супервайзерлер) ЕҚ, ҚТ және ҚОК саласындағы біліктілігін тексеруді жалғастыру;</li> <li>КПО топ жетекшілерінің (супервайзерлер) ЕҚ, ҚТ және ҚОК саласындағы біліктілік жүйесін өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің біліктілікті қамтамасыз ету жүйесінің дерекқорымен біріктіру мүмкіндігін қарастыру.</li> </ul>	Толық емес	ЕҚ, ҚТ және ҚОК саласындағы біліктілікті бағалау - үздіксіз қолданыстағы жоба. 2015-2016 жылдар аралығында жүргізілген біліктілікті бағалау үрдісінің нәтижесінде анықталған кемшіліктерді жоюға арналған жұмыстар 2017 жылы одан әрі жалғасты. ЕҚ, ҚТ және ҚОК саласындағы біліктілік жүйесін өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің біліктілікті қамтамасыз ету жүйесімен біріктіру жұмыстарының күрделілігі мен уақыттың көп алатынына байланысты, бұл шара 2018 жылға қалдырылды.	Топ жетекшілерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОК саласындағы біліктілік жүйесін өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің біліктілікті қамтамасыз ету жүйесімен біріктіру
Қызметі едәуір жоғары қауіп деңгейімен байланысты мердігер ұйымдарға басымдық бере отырып, мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОК саласындағы көрсеткіштерін тиімді басқару үшін мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОК саласындағы көрсеткіштерді басқару стратегиясының жаңартылған нұсқасын енгізу.	Орындаулы жалғасуда	Мердігер ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОК көрсеткіштерін басқару стратегиясы жаңартылды; Келісімшарттардың өмірлік циклінің әрбір кезеңінде жүзеге асыру қажетті шаралар белгіленді және келісімшарт түрлері мен ЕҚ, ҚТ және ҚОК саласындағы қауіптерге қатысты жаңартылды. ЕҚ, ҚТ және ҚОК бойынша қауіп жоғары немесе орташа екінші санатты келісімшарттарға басымдылық берілді (яғни мердігер ұйымы КПО компаниясының ЕҚ, ҚТ және ҚОК талаптарын сақтай отырып, жұмысты өзінің ЕҚ, ҚТ және ҚОК бойынша басқару жүйесі негізінде жүзеге асырады).	Егер мердігер қызметін КПО басқару жүйесіне сәйкес келмейтін өзін ЕҚ, ҚТ және ҚОК басқару жүйесі негізінде жүргізетін болса, мердігер компаниясының ЕҚ, ҚТ және ҚОК стратегиясын зауыттан тыс аймақта (ғимараттардың, жолдардың құрылысы) жүргізілетін құрылыстарға қатысты ЕҚ, ҚТ және ҚОК бойынша қауіп-қатерлер деңгейі жоғары және орташа келісімшарттар талаптарын енгізу арқылы өзгерту (келісімшарттың санаты Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығының нұсқамасы бойынша).





Басшылық ету және басқару әдістері  
Этикалық тәртіп  
Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
Денсаулықты қорғау  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

7-КЕСТЕ. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІМІЗ (ЖАЛҒАСЫ) GRI 103-2

2017 ЖЫЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ	МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ
Өндірістік бөлімге қауіпсіздік техникасы бойынша қолдау көрсетуді жалғастыру: ■ ГҚДҚ-3 нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау, ■ ҚӨК нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау.	Толық емес	ГҚДҚ-3 нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау есебі құрушы компаниялармен ұсынылып, PSA өкілетті органына жіберілді. ҚӨК нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау жүзеге асырылған жоқ, себебі қауіп-қатердің сандық бағасының жаңартылуына қажет мәлімет (соның ішінде кен орнындағы және кен орнынан тыс қауіп-қатерлер) 2018 жылдың 1 тоқсанында ғана ұсынылды.	■ ГҚДҚ-3 нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау құжаты бойынша PSA өкілетті органының мақұлдауын алу. ■ ҚӨК нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау құжатын шығару. ■ ГҚДҚ-2 нысанындағы қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау құжатын шығару.
ҚР талаптарын ескере отырып, келесі нысандар үшін нысандардың өндірістік қауіпсіздігі бойынша декларацияларын енгізу: ■ ҚӨК; ■ Ұңғымалар қоры; және ■ Экоорталық.	Толық емес	ҚӨК және ұңғымалар қоры нысандарының өндірістік қауіпсіздік бойынша декларациясы жаңартылып, сараптамадан өтіп, ҚР индустриалды даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінде тіркелді. Экоорталық нысанының өндірістік қауіпсіздік бойынша декларациясы тиісті жұмыс құжаттамасының болмауына байланысты жартылай тәмамдалды.	ҚР талаптарын ескере отырып, келесі нысандар үшін нысандардың өндірістік қауіпсіздігі бойынша декларацияларын енгізу: ■ Экоорталық, ■ ГҚДҚ-3/ҚОТЖ ■ ГҚДҚ-2 ■ Ұңғымалар қоры.
Жобаларға кадрларды қабылдау барысында кеңес беру жұмыстарын жүргізу және қызметкерлерді минималды қатыстыру стратегиясының орындалуын қадағалау (4-газды кері айдау компрессоры жобасы және ҚӨК газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасы). Көшірудің III кезеңін іске асыруды жалғастыру – ҚӨК және ГҚДҚ-2 нысандарынан уақытша жұмысқа тартылған және көмекші қызметкерлерді көшіру.	Орындалды	ҚӨК мен ГҚДҚ-2 көшіру жоспарына сәйкес, қауіп-қатерді сандық бағалау әрекеті үшін дайындалған жұмыстағы қызметкерлер бойынша мәліметтер қызметкерлерді минималды қатыстыру стратегиясының талаптарын қамтиды. Уақытша жұмысқа тартылған және көмекші қызметкерлердің кейбірін ҚӨК нысанынан Пилоттық қалашыққа және Ақсайға көшіру жүзеге асырылды. Еңбек ресурстары басқармасының өкілі ГҚДҚ-2 нысанынан Ақсай қаласына көшірілді.	Ірі апаттық жағдай орын алған кезде кен орынындағы қызметкерлерді хабарландыру, қорғау және эвакуациялаудың тиісті апаттық жүйелері арқылы қызметкерлерге тәніп тұрған қауіп-қатерді ең төмен деңгейде сақтай отырып, ҚМГКК барлық нысандарындағы қызметкерлер санының деңгейін тиісті деңгейде сақтау үшін қызметкерлерді кен орынындағы жұмыстарға қатыстыруды барынша азайту стратегиясын енгізу және ұстану.
■ Деректердің дәлдігін қамтамасыз ету үшін жерсеріктік навигация технологиясының көмегімен алынған деректерді пайдалана отырып, кен орны нысандарындағы қызметкерлерді есепке алу жүйесінің деректерін тексеру; ■ Сынау нәтижелерін талдау және жоғары басшылыққа аталмыш технологияны кеңірек көлемде қолдану мәселесіне қатысты ұсынымдар жасау.	Орындалды	Кіруді бақылаудың электрондық жүйесінен (EACS) және жерсеріктік навигация технологиясынан (GPS) алынған мәліметтердің сараптамасы әрбір жүйенің өзіне тән қайталама дәлсіздіктерін көрсетті, олардың кейбірін жақын арада жоюға болады. Осы екі жүйенің деректерді алу, өңдеу және есеп беру қызметтерін жақсарту мүмкіндіктері айқындалды. GPS жүйесінің жетілдірілген жаңа үлгісі және есепті жүргізу параметрлері ұсынылды. Тиісті сынақ 2018 жылдың 1-тоқсанына жоспарланған.	GPS жүйесін пайдалану реттеліп жатқан кезде, ГҚДҚ-3 нысанында болу уақыты туралы деректерді EACS жүйесі арқылы тиімді жіберу үшін бағдармалық жасақтама/ процесті дайындау.
	Жаңа міндет		Қауіп-қатерді басқару жүйесінің негізгі қағидаларын жаңарту
	Жаңа міндет		ГҚДҚ-2, ҚӨК және БМС нысандарының қауіпсіздік бойынша есептерін қайта қарау
	Жаңа міндет		ГҚДҚ-2 және ҚӨК нысандарының апатты жағдайлардағы эвакуациялау және құтқару жұмыстарын бағалауды, стратегиялар мен жүзеге асыру жоспарларын жаңарту




ЕҚ ЖӘНЕ ҚТ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕР GRI 103-3

2010-2017 жылдар аралығындағы ЕҚ және ҚТ бойынша көрсеткіштерді біз 2017 жылғы деректерге ерекше көңіл бөле отырып ұсынамыз. Бұл әрекетіміз деректер беталысын зерттеуге және қарқынын сараптауға мүмкіндік береді. Адам-сағат ішінде жасалған белгілі бір

жұмыс көлемі барысында орын алған оқиғалар жиілігі қызметіміздің сәттілігін анықтайды. 1-сызбада КПО-дағы еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ)<sup>1</sup> мен есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ)<sup>2</sup> көрсетілген.

2017 жылы КПО компаниясы ЕҚ, ҚТ және ҚОЖ көрсеткіштері саласында елеулі нәтижеге қол жеткізді: 2016 жылы ЕЖОЖ 0,17-ні құраса, 2017 жылы 0,08-ді құрады, ал ЕТОЖ 2016 жылы 0,24 болса, 2017 жылы 0,11-ге дейін төмендеді. Оқиғалар жиілігі 50%-дан астам деңгейге азайып, КПО тарихындағы ең үздік нәтиже болып тіркелді.

1-СЫЗБА. ЕҢБЕК ЕТУ ҚАБІЛЕТІН ЖОҒАЛТУҒА ӘКЕЛГЕН ОҚИҒАЛАР ЖИІЛІГІ МЕН ЕСЕПКЕ АЛЫНУЫ ТИІС ОҚИҒАЛАР ЖИІЛІГІ: КПО ЖӘНЕ МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАР, 2010-2017 ЖЖ GRI 403-2



КПО-да ЕЖОЖ бен ЕТОЖ көрсеткіштерін есептеу үшін келесі әдістер қолданылады:

<sup>1</sup> Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ) = еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + өліммен аяқталған оқиғалар) x 1 000 000 / адам-сағат;

<sup>2</sup> Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ) = есепке алынуы тиіс оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар + еңбек ету қабілеті шектелген жағдайлар) x 1 000 000 / адам-сағат.

8-кестеде КПО-дағы ЕЖОЖ көрсеткіштері мердігерлік ұйымдардағы ЕЖОЖ көрсеткіштерімен салыстырылып берілген. КПО мен мердігерлік ұйымдар бойынша деректер бұл жерде бөлек келтірілген және жалпы көрсеткішті алу үшін бұл деректерді біріктірудің қажеті жоқ, оның орнына есептеу формуласын қолданған жөн.

8-КЕСТЕ. ЕҢБЕК ЕТУ ҚАБІЛЕТІН ЖОҒАЛТУҒА ӘКЕЛГЕН ОҚИҒАЛАР ЖИІЛІГІ: КПО ЖӘНЕ МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРДЫ САЛЫСТЫРҒАНДА, 2010-2017 ЖЖ. GRI 403-2

КӨРСЕТКІШТЕР	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (КПО)	0,00	0,71	0,42	0,58	0,14	0,14	0,00	0,14
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,23	0,21	0,30	0,17	0,22	0,10	0,23	0,05

9-кестеде КПО ЕТОЖ көрсеткіштері мердігерлік ұйымдардағы ЕТОЖ көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде келтірілген.

9-КЕСТЕ. ЕСЕПКЕ АЛЫНУЫ ТИІС ОҚИҒАЛАР ЖИІЛІГІ: КПО МЕН МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРДЫ САЛЫСТЫРҒАНДА\* 2010-2017 ЖЖ.

КӨРСЕТКІШТЕР	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (КПО)	0,11	1,00	0,42	0,58	0,14	0,27	0,27	0,14
Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,47	0,36	0,36	0,41	0,32	0,31	0,23	0,10

\* Ескерту: алғашқы медициналық жәрдем көрсетілген оқиғалар өндірістік жарақаттар санына қосылмайды.



Басшылық ету және басқару әдістері  
 Этикалық тәртіп  
**Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі**  
 Денсаулықты қорғау  
 Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

КПО компаниясы ешбір оқиғасыз және жарақатсыз жұмыс ортасын қалыптастыруға бар күшін салып келеді, дегенмен 2017 жылы адамның жарақат алуымен аяқталған үш (3) оқиға орын алды. Атап айтқанда, еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген екі оқиғаның біреуі құбырлар түйінін көтеру жұмыстары барысындағы қызметкердің қол жарақатын алуы болса, екіншісі - жол көлік оқиғасы кезіндегі жұмысшы басының жарақаттануы. Жарақат алған қызметкерлер жұмысқа бірнеше күннен кейін орала алды.

Тіркелуге жататын үшінші оқиға асхана жұмысшысының жеңіл күйі алуы нәтижесінде тіркелді. Дегенмен, жеңілдетілген жұмыс тәртібіне ауысып, оның жұмыс жалғастыруға мүмкіндігі болды. Үш жарақаттың екеуі – мердігерлік ұйымдардың жұмысшылары, ал біреуі – КПО жұмысшысы.


КПО көліктері 2016 жылы 65 млн. километр өтсе, 2017 жылы 39 млн. километрден астам жолды жүріп өтті. Бұл көрсеткіш КПО компаниясы есептілігінің қамту шегі Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының (IOGP) нұсқаулығына қатысты қайта қаралуы нәтижесінде орын алды: Қарашығанақ кен орнынан тыс КПО компаниясына қызмет көрсететін (көлік қызметін ұсынушыларды қоспағанда) басқа мердігер ұйымдардың өтілген

жолы статистикадан шығарылды. 2017 жылдан бастап КПО компаниясының жол-көлік статистикасына КПО мен көлік қызметін ұсынушылардың кен орындағы және одан тыс өтілген жолы, сонымен қатар басқа мердігер ұйымдардың кен орынның ішінде ғана өтілген жолы енгізіледі.

Құрушы компаниялар және ТШО компаниясы өкілдерінің қатысуымен өткен жол қауіпсіздігі бойынша тәжірибе алмасу шараларынан кейін КПО есеп беру үдерісі қайта қаралды. Бұл шаралар озық тәжірибелермен алмасу, жол-көлік қауіпсіздігіне әсер ететін қауіп-қатерлерді төмендету жолдарын анықтау және пікір-кеңестерді жете дайындау /мақұлдау үшін ұйымдастырылды.

Осылайша, жол-көлік оқиғаларының жиілігі (ЖКОЖ) 1 млн.км өтілген жолға шаққанда 2016 жылғы 0,02 көрсеткішінен 2017 жылы 0,05-ке (бұрынғы есептеу әдісімен санағанда - 0,03) артты. 2017 жылы тек екі жол-көлік оқиғасы орын алса да, 2016 жылғы бір жол-көлік оқиғасымен салыстырғанда бұл көрсеткіш едәуір жоғары болып көрінеді. Орын алған екі жол-көлік оқиғасының біріншісі қосымша мердігер ұйымының тақталар тиелген тіркемесінің аударылуы болса, екіншісі - мердігер компаниялардың екі автобусының соқтығысуы қалы.

2-СЫЗБА. ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ ЖИІЛІГІ: КПО ЖӘНЕ МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАР, 2010-2017 ЖЖ. GRI 403-2



Жол-көлік оқиғаларының жиілігін есептеу әдісіміз:

- ЖКО жиілігі = ЖКО саны (ауыр дәрежелі) x 1 000 000/км жүріс.
- Жүріп өткен жолды есептеудің жаңа (2017) әдістемесі: КПО көлік құралы мен көлік қызметін ұсынушылардың кен орындағы және одан тыс жүріп өткен жалпы жолы, км., + басқа қызмет ұсынушы мердігер компаниялардың кен орны аумағында ғана жүріп өткен жолы.
- Жүріп өткен жолды есептеудің бұрынғы әдістемесі: КПО көлік құралы мен көлік қызметін ұсынушылардың кен орнындағы және одан тыс жүріп өткен жолы.

10-КЕСТЕ. ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ ЖИІЛІГІ: КПО МЕН МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРДЫ САЛЫСТЫРҒАНДА, 2010-2017. GRI 403-2

КӨРСЕТКІШТЕР	2010 г.	2011 г.	2012 г.	2013 г.	2014 г.	2015 г.	2016 г.	2017 г.
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (КПО)	0,13	0,00	0,00	0,00	0,00	0,25	0,00	0,00
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,09	0,02	0,00	0,14	0,10	0,02	0,02	0,06 (0,04*)

\* ескі әдістемемен есептелген мердігер ұйымдардың жол-көлік оқиғаларының жиілігі




КПО КӨРСЕТКІШТЕРІН МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ БАСҚА ДА ҰЙЫМДАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІМЕН САЛЫСТЫРУ GRI 103-3


Жыл сайын біз ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерімізді басқа мұнай және газ өндіруші операторлардың көрсеткіштерімен салыстырып отырамыз. КПО қызметі тиімділігінің көрсеткіштері көптеген әлемдік оператор-компаниялары қызметіне негізделген Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) жыл сайын жариялайтын деректерімен салыстырылады.

2017 жылы жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттар көрсеткіші екі есе көбейді, алайда саланың басқа да ұйымдарымен салыстырған кезде КПО жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттар көрсеткіші мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығының 10 үздік компанияларының көрсеткіштерінен әлдеқайда төмен (3-сызбаны қараңыз). IOGP орташа статистикалық көрсеткіштері жайлы ақпарат, он үздік мұнай мен газ өндірушілерінің және ең үздік мұнай мен газ өндірушісінің көрсеткіштері жайлы мәліметтер [www.iogp.org](http://www.iogp.org) сайтында берілген.

3-СЫЗБА. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУШІЛЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДАҒЫ КПО КӨРСЕТКІШТЕРІ, 2005-2017 ЖЖ. GRI 403-2, 103-3



4-СЫЗБА. АДАМ ҚАЗАСЫМЕН АЯҚТАЛҒАН ОҚИҒАЛАР ЖИІЛІГІ: КПО ЖӘНЕ МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАР, 2010-2017 ЖЖ. GRI 403-2



Адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігін есептеу әдістемеміз:

- Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (адам жұмыс істеген бір миллион сағатқа) = адам қазасымен аяқталған оқиғалар саны x 1 000 000/адам-сағаттар. КПО компаниясында 1 адам қазасымен аяқталған оқиға 2011 жылы орын алды.





Басшылық ету және басқару әдістері  
Этикалық тәртіп  
Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
Денсаулықты қорғау  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

11-КЕСТЕ. АДАМ ҚАЗАСЫМЕН АЯҚТАЛҒАН ОҚИҒАЛАР ЖИІЛІГІ: КПО ЖӘНЕ МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАР, 2010-2017 ЖЖ. GRI 403-2

КӨРСЕТКІШТЕР	2010 г.	2011 г.	2012 г.	2013 г.	2014 г.	2015 г.	2016 г.	2017 г.
Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (КПО)	0,00	0,14	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00

**ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ**  
GRI 103-2

КПО мұнай-газ операцияларымен байланысты денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға төнетін қауіп-қатерлерді жүйелі басқару мақсатында 2009 жылы енгізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйесі негізінде жұмыс істейді. КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйесі ISO 14001 және OHSAS 18001 халықаралық стандарттарымен бекітілген элементтерді қамтиды.

Жүйенің алғашқы сертификатталуынан бері, бақылау аудиті жыл сайын тиісті куәландырылған үшінші жақпен жүзеге асырылады. ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікті қайта сертификаттаудың соңғы аудиті 2017 жылғы шілде айында Bureau Veritas агенттігімен өткізілді. Қайта сертификаттау нәтижесі жүйенің пайдалануға толық дайындығы мен ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 талаптарына толық сәйкестігін көрсетті. КПО компаниясының біріктірілген басқару жүйесі 2020 жылғы қыркүйек айына дейін сертификатталған. Жаңа ISO 45001 стандартының шығарылуы (OHSAS 18001:2007 стандартын алмастыратын) 2018 жылға жоспарланып отыр. Сонымен қатар, бұл стандарт біздің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ біріктірілген жүйесіне жаңа талаптар орнатады. GRI 103-3

Өндірістік қызметті белгіленген мақсаттарға сәйкес және қолданыстағы корпоративті басқару жүйесі мен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесінің талаптарына сай жүргізілуін қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесі ішкі аудиттердің тұрақты түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді. 2017 жылғы аудит бағдарламасы шеңберінде КПО 2017 жылы 11 ішкі аудит және мердігер ұйымдардың қызметін тексерудің 19 аудитін жүргізді. Аудит оқиғалардың алдын алуды және Деминг циклінің әрбір кезеңінің толық жүзеге асырылуын қолдау мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің сапасын және оның үздіксіз жетілуін көздейді.

Аудиттің тиімділігін және оның талаптарға сәйкестігін қарау жүйесін қамтамасыз ету мақсатында, барлық аудиттердің қорытындылары сарапталып, ұсынылған деректер негізінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы талаптарға сәйкестік бойынша есеп дайындалады. 2017 жылғы есеп компанияда қалыптасып келе жатқан беталыс пен жетілдіру бойынша пікір-кеңестерді қамтиды.



**ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ**  
GRI 102-15, 103-3


КПО қауіп-қатерді басқару жүйесінің негізгі қағидалары КПО компаниясының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді және қызметтік қауіп-қатерлерді басқару үдерісін, сонымен қатар Қарашығанақты басқару жүйесінде өзінің рөлін сипаттайды. Бұл құжат келесі нұсқауларды қамтиды:

- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлердің рұқсат етілген деңгейдегі қауіптер деп есептелуі үшін төмендеуі тиіс деңгейді анықтау;
- қауіп-қатерлердің лайықты төмен деңгейі деп санауға болатындай деңгейге жетуі үшін қауіп-қатерлерді одан әрі төмендетудің шарттарын қолдану;
- қауіп-қатердің рұқсат етілген деңгейінің шарттары.

2017 жылы қауіп-қатерді басқару жүйесінің негізгі қағидалары қайта қаралып, құрушы компаниялар мен ISO/OHSAS қайта сертификаттау аудитінің ұсыныстарына сәйкес жаңартылды. Өзгерістердің басым бөлігі қауіп-қатер матрицасының рөлдер мен жауапкершіліктердің қайта қаралуымен, қауіп-қатерді бағалаумен және оларды зерттеумен, сонымен қатар қауіп-қатерді бақылау және сараптаумен байланысты.

ҚР Азаматтық қорғау заңына (№ 188-V) сәйкес КПО Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнындағы нысандардың өндірістік қауіпсіздігі бойынша декларациясын (ӨҚД) әзірледі және оларды жаңартып тұрады. 2017 жылы біз ұңғымалар қоры және ҚӨК өндірістік қауіпсіздігі декларациясын дайындадық. ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3 нысандарының өндірістік қауіпсіздігі бойынша декларацияларының дайындалуы басталды.

ГҚДҚ-3 үшін қолданыстағы қауіп-қатерді азайту бойынша шараларды жүргізу мақсатында қауіп-қатердің рұқсат етілген деңгейіне қолжеткізу мүмкіндіктерін зерттеу және қауіпті іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін растау есептері құрушы компанияларға жіберіліп, олармен расталды.



Қауіп-қатердің рұқсат етілген деңгейіне қолжеткізу мүмкіндіктерін зерттеуде ГҚДҚ-3 нысанында қауіп-қатерді азайту бойынша өндірістік қадағалаудың төрт шарасы белгіленген, олардың мақсаты – қауіпті рұқсат етілген деңгейге жеткізу. Қауіп-қатерді азайту бойынша шараларды іске асыру аясында электрондық кіруді бақылау жүйесін (ЭКБЖ) пайдалану арқасында қызметкерлердің ГҚДҚ-3 нысанында іс жүзінде болған уақытын дәл тіркейтін жазба 2017 жылдан бері жүргізілуде.

Жұмысшы тобының нысанда болған уақыты немесе олардың өндірістік аймақта болған уақыт аралығы туралы мәліметтер қауіп-қатерді сандық бағалаудың негізін құрайтын бастапқы деректер болып табылады. Қауіп-қатерді сандық бағалауда (ҚСБ) қолданылатын қызметкерлердің өндірістік аймақта болған уақыт аралығы туралы бастапқы мәлімет бұған дейін жыл сайын орындалған жұмыстар бойынша нысан жетекшілерінің тәжірибесіне негізделген. Нысандарда электрондық кіруді бақылау жүйесі 2016 жылы қауіп-қатерді сандық бағалауда уақыт пен нысанға келген адам саны туралы мәліметтерді бағалау және жұмыс топтарының өндірістік аймақта болу уақытын қадағалауды арттыру үшін енгізілді. Электрондық кіруді бақылау жүйесіндегі мәліметтер әр адамның іс-жүзінде нысанға келу немесе нысаннан шығу уақытын көрсетеді және нысандардағы ҚСБ, ӨҚД және басқа технологиялық зерттеулерде бастапқы деректердің сенімді құралы ретінде қолданылуы мүмкін.

ЭКБЖ-нен алынған деректерге сүйеніп, әр жұмысшы тобының ҚӨК мен ГҚДҚ-2 нысандарында болу уақыты да қадағаланды. КПО қауіп-қатерді басқару жүйесінің негізгі қағидаларының негізінде, 2017 жылы өндірістік аймақтарда ұзақ болған қызметкерлердің сол аймақтардағы жұмыс уақыты қауіп-қатердің рұқсат етілген деңгейінің шарттарына сәйкес мейлінше азайтылды.

КПО-ның кен орнында жұмыс істейтін қызметкерлерге, мердігерлерге, келушілер мен үшінші жақтарға улылығы жоғары күкіртсутекті газ (H<sub>2</sub>S) әсерінің қатерлі қауіпі бар. Осы қауіпті азайту мақсатында кен орнында 2017 жылы H<sub>2</sub>S төтенше жағдайында адамдарды қорғау стратегиясы бүкіл кен орнына арналған H<sub>2</sub>S қауіпін және төтенше жағдайлардан қорғау жүйесінің бір бөлігі ретінде енгізілді. Стратегия жоспарланбаған H<sub>2</sub>S шығуы кезінде адамдарды қорғау жолдарын, соның ішінде газ шығуын анықтау, оған қарсы апаттық әрекет ету, қорғаныш құралдарын пайдалану, апаттық шығу және құтқару шараларын, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету саясаттарын белгілейді. Стратегия H<sub>2</sub>S қауіпін қорғау шараларын ұйымдастыру жоспарларын, технологиялық нысандар мен ықтимал әсерлерге ұшырауы мүмкін басқа да нысандарға арналған процедуралар мен нұсқаулықтарды дайындауға қатысты минималды талаптарды да анықтайды. Кен орнында адамдарды H<sub>2</sub>S-пен байланысты төтенше жағдайда қорғау стратегиясы осы салада құрушы компания сарапшылары 2017 жылы бекіткен КПО-да апаттық эвакуация мен құтқару жұмыстарын бағалау әдістемесінде көрсетілген ережелер мен болжамдар жиынтығына негізделген.

КПО-да нақты әрбір өндірістік нысанға қатысты қауіпсіздік бойынша бөлек сегіз есеп және Ұлыбританияның ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ ережелеріне және озық тәжірибеге сәйкес бүкіл кен орнының қауіпсіздігіне қатысты бір жалпы есеп бар. Бұл қауіпсіздік туралы есеп әрдайым қолданыста болғандықтан, ұдайы тексерілуі және жаңартылуы тиіс. Бұл құжат өндірістік жұмыстармен байланысты жоба құжаттамаларын жете зерттеуге және қауіп-қатерді азайту бойынша шараларды анықтауға мүмкіндік беретін негізгі қауіпті факторларды жою үшін дайындалған.

2017 жылы ГҚДҚ-2 мен ҚӨК қауіпсіздігі туралы есептерді қайта қарау мен жаңарту жұмыстары басталды. Аталған жаңартулар аясында ГҚДҚ-2 мен ҚӨК нысандарында қауіп-қатерді талдау бойынша нысан өкілдері мен үшінші жақ қатысқан семинарлар өткізілді. Семинардың қорытындылары тиісті есептерде келтірілген.

Нысанның қауіп-қатерін сандық бағалаулары қауіпсіздік туралы есепке қосымша ретінде жүргізіледі және нысанның өзгертулерін енгізу мен жобаны жетілдіру үшін жаңартылды. Қауіп-қатерді сандық бағалау әдістемесі ережелер жинағы және болжамдар зерттеу құжаттары «PSA» өкілетті органының сұранымы бойынша қайта қаралды. ҚӨК мен ГҚДҚ-2 нысандарының қауіп-қатерлерді сапалық бағалау бойынша есептері қайта қаралып, қауіп-қатерді сапалық бағалаудың бекітілген әдістемесіне сай жаңартылды.

Оған қоса, 2017 жылы КПО кен орнында жұмыс істейтін қызметкерлердің және басшылардың бойынша шешім қабылдау, сондай-ақ өзгертулер мен жетілдіру жобаларын іске асыру нәтижесінде адам өміріне төнетін қауіп-қатердің деңгейін анықтау әрекеттерін қолдау мақсатында бір уақытта орындалатын жұмыстар мен ҚСБ тұжырымдамаларын таңдау жүргізілді.

ENI компаниясының қолдауымен КПО ҚСБ әдістемесін, ережелер жинағын, өткізу болжамдарын ескере отыра, «eRainbow» бағдарламалық жасақтаманы қолдану арқылы барлық кен орнына таралуы мүмкін шығарындылардың қауіп-қатерін бағалауды жаңартуға бастама-шылық етті. Бұл әрекет H<sub>2</sub>S қауіп кезінде төтенше эвакуация, құтқару жұмыстары, әсіресе апаттық әрекет ету шараларына қатысты талаптарды қайта қарауға да мүмкіндік береді.

Бұдан басқа бұрын айқындалмаған қауіпті факторларды анықтау, бағалау және қадағалау үшін 2017 жылы қауіп-қатерді сапалық бағалау бойынша бірқатар сессиялар өткізілді. Қауіп-қатерді бақылау қорытындылары тиісті есептерде көрсетілген.

ГҚДҚ-2 қауіптерді және пайдалануға жарамдылықты ақырғы талдау шарасы 2017 жылы басталып, 2018 жылы аяқталды. Қауіптерді және пайдалануға жарамдылықты ақырғы талдау бастапқы жобалау кезіндегі қауіптерді және пайдалануға жарамдылықты талдаудан кейінгі қондырғы құрылымын жетілдіру және операциялық жұмыс тәртібіне өзгертулер енгізумен байланысты барлық қауіпті факторлар мен пайдалану мәселелерінің қамтылғанын және тиісті бағаланғанын қамтамасыз етеді.

2017 жылы ГҚДҚ-2, ҚӨК және ұңғымалық жұмыс алаңдарындағы өрт пен газ анықтағыштарының орналасу сызбасы бағаланды. Бұл бағалаудың мақсаты - өндірістік нысандардағы өрт пен газды анықтау жүйесінің орналасуын, сызбасын және қабілеттілігін жабдық бүтіндігінің бұзылуының кез келген жағдайына қарсы тиісті әрекет етуге жарамды жүйе жұмысының сенімділігіне көз жеткізу үшін талдау. 3D үлгісін қолдану арқылы газ бен өрт анықтағыштарының орналасу сызбасын және толықтай қамтылуын тексеру аяқталды. ГҚДҚ-3 нысанында өрт пен газ анықтағыштарының орналасу жерлерін қайта қарау басталды.

Ұңғыма сағасында газ ағынын акустикалық анықтауыштарын сынау қорытындылары бойынша кеңестер енгізілген тексеру есебі дайындалды. КПО ұңғымалық жұмыс алаңдарында газ ағынын акустикалық анықтауышын қолдану жөнділігі туралы түпкілікті шешім зерттеу барысында жиналған мәліметтер негізінде қатыстырылған тараптармен екі жақты келісілді.





Басшылық ету және басқару әдістері  
Этикалық тәртіп  
**Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі**  
Денсаулықты қорғау  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту



Химиялық талдау зертханасының ассистенті, Айнура Суханбердина, «Шелл» компаниясынан «Жарақатсыз, оқиғасыз» көреткіші бойынша марапатқа ие болды

### 2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОСПАРЫ GRI 102-11, GRI 103-3

Келесі жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспарын дайындау үшін КПО күнделікті қызметтер аясынан тыс ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында бірқатар іс-шараларды жыл сайын жоспарлап келеді. Бұл жоспар өткен жылдың қорытындыларына және халықаралық озық тәжірибелерге негізделген.

Жоспардың жалпы мазмұны тиісті салаларға қатысты тоғыз элементтен тұрады. Әрбір элемент бойынша шараларды компания көлеміндегі жобаларда алатын орны негізінде КПО-ның тиісті бөлімшелері орындайды. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары іс-шараларының орындалуы қадағаланып, ай сайын тиісті есеп дайындалады.

- I. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптарына сәйкестік;
- II. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшілік және қадағалау;
- III. Мердігерлік ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қызметін басқару;
- IV. Өндіріс тұтастығы мен қауіп-қатерді басқару;
- V. Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты сақтау;
- VI. Қоршаған ортаны қорғау;
- VII. Жол қауіпсіздігін басқару;
- VIII. Жобалардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша көрсеткіштерін басқару;
- IX. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

2017 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жетілдіру жоспары компанияның барлық директораттарына таралатын 40 маңызды шарадан және жетілдіруден тұрады. Жоспардың 93% астам көлемі жүзеге асырылды, кейбір іс-шаралар 2018 жылға қалдырылды. Негізгі шаралар және нәтижелер төменде қысқа түрде келтірілген.

#### I. ЕҚ, қт және қоқ басқару жүйесінің талаптарына сәйкестік

Қызметкерлердің қауіпті факторлар жөнінде хабардар болуын және оқиғалар туралы хабарлау мәдениетін арттыру мақсатында барлық көмекші жаттығу материалдары қарастырылған оқиғаларды тергеудің электрондық оқыту бағдарламасы жасақталды. Бұл электрондық оқыту барлық қызметкерлер үшін қарастырылған, олардың ішінде 40% оқуды сәтті аяқтады.

#### II. ЕҚ, қт және қоқ саласындағы жетекшілік және қадағалау

2017 жылы КПО және мердігерлердің топ жетекшілерінің (супервайзерлер) ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша біліктілігі бағаланды. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша біліктілікті арттыру жоспары жетекші супервайзерлердің біліктілігін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласы бойынша бағалау барысында анықталған кемшілікті жою үшін жасалды.

#### III. Мердігерлік ұйымдардың еқ, қт және қоқ саласындағы қызметін басқару

2017 жылы мердігер ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін басқару стратегиясына кейбір жаңа элементтер енгізілді, соның ішінде:

- Әр келісімшарттың түріне арналған бағалау критерийлері бар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша стандартталған сауалнаманы тендерлік ұсыныстарды бағалау жоспарына қосу;
- Мердігерлерді мобилизациялауға дейін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексеруді өткізуге арналған бақылау парағы;
- Мердігер ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптарын сақтау деңгейін анықтайтын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерін бағалау үлгісі (қосымша D). Осы бағалау мәліметтері келешекте келісімшарт мерзімін ұзартуда немесе жаңа тендерлерді өткізуде ескерілетін болады.
- Жаңартылған стратегия және енгізілген өзгерістер бойынша танымды сессиялар мердігер ұйымдарды басқаруға жұмылдырылған негізгі қызметкерлерге жүргізілді.



#### IV. Өндірістік нысандардың тұтастығы және қауіп-қатерлерді басқару G4-DG13, GRI 103-3

Тосқауыл моделін жартылай автоматтандыруды жетілдіру үшін тосқауыл моделі құралдарының бағдарламалық жасақтамасының техникалық талаптарының сипаттамасы жасалды.

Қауіп-қатерді басқарумен байланысты 2017 жылы жүзеге асырылған шаралардың толық сипаты «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді басқару» тарауында келтірілген.

#### V. Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау

2017 жылы жұмыс орнындағы адам денсаулығына және қоршаған ортаға төнетін қауіптерді толықтай түсіну мен бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Бензолдың әсерінен төнетін қауіпті азайту жоспарының шаралары жүргізілді, соның ішінде бензолдың адам денсаулығына төнетін қауіпін немесе рұқсат етілген шамадан асып кетуін анықтамаған бензол деңгейін бақылау жүзеге асырылды.
- КПО нысандары мен ғимараттарында асбесттің болуын анықтау мақсатында 2016 жылы өткізілген зерттеудің ұсыныстары кеңсе және тұрғын үй-жайлардың тиісті иелеріне мәлімделді. Бұл әрекеттің мақсаты - асбесттің бар екені дәлелденген кез-келген жағдай үшін жауапкершілігін түсінетініне көз жеткізу және келешекте асбестті қолдануды болдырмау. ҚР аймағында асбестті қолдануға әлі күнге дейін рұқсат екенін, ал Еуропада оған тыйым салынғаны туралы мәліметті айта кеткен жөн.
- Легионелла бактериясы туралы хабардарлық деңгейін арттыру бойынша шаралар өткізілді, сумен қамтамасыз ету жүйесінің қауіп-қатерін бағалауды қамтитын легионеллезден төнетін қауіпті азайту жоспары енгізілді. КПО-ның ауыз су қауіпсіздігін қадағалау процедурасы аталған бағалаудың қорытындылары негізінде қайта қаралды.

#### VI. Қоршаған ортаны қорғау

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту жоспары аясында 2017-2021 жж. арналған ауаға тасталатын шығарындыларды азайту бойынша КПО-ның мүмкіндіктеріне сараптама жасалды. ҚМГКК дамыту жоспарлары, ҚОҚ бойынша шаралар жоспарлары, қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіштері және т.б. жобаларға енгізілетін бірқатар жобалар/ұсынылған шаралар тізімі бекітілді.

Ағаштар мен бұталарды құмырсқадан және аурулардан қорғау үшін 2017 жылы Қарашығанақ кен орнының 553,5 гектар аумағын алып жатқан жасыл егістеріне далалық бақылау жұмыстары өткізілді.

2018-2020 жылдарға арналған Қарашығанақ кен орнының биотүрлілігін сақтау бойынша әрекет ету жоспары дайындалды. Оның мақсаты - биотүрлілік пен экожүйемен байланысты бизнес қауіп-қатерлерін анықтау, оларды тиісті деңгейде шешу және мүмкіндігінше оларды қосымша артықшылықтарға айналдыру.

ҚМГКК нысандары мен бұрғылау аймақтарынан шығарылған қарды сақтау орнын белгілеу үшін, «ҚМГКК нысандарында қарды жинау» бастамасына жобалау құжаттамасы, соның ішінде енді қарды сақтау үшін белгілі алаңды қолдану бойынша ұсыныстар дайындалды.

#### VII. Жол қауіпсіздігін басқару

Жолдағы қауіпсіздікті тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында КПО «Шелл», «Эни», «Шеврон», «ҚМГ» және «ТШО» өкілдерінің қатысуымен жолдағы қауіпсіздік бойынша кездесу ұйымдастырылды. Бұл кездесуде сапарларды жоспарлау және тәжірибемен алмасу мәселелеріне басты назар аударылды. Жол қауіпсіздігін одан әрі нығайту бойынша ұсыныстар жол қауіпсіздігін жетілдіру жоспарына енгізіліп, 2017 жылы жүзеге орындалды:

- КПО мен мердігер ұйымдардың сапарларды басқару бойынша процедураларының талаптарындағы айырмашылықтарды сараптау;

- Көлік ішіндегі бақылау жүйесінің (КІБЖ) тиімділігін қамтамасыз ету және мердігер ұйымдардың барлық көліктеріне КІБЖ-ін орнату;
- Жол-көлік оқиғалары бойынша есептерді IOGP және серіктес-компаниялардың талаптарына сәйкес жүргізу;
- Тақталарды (плиталарды) тасымалдау бойынша өзгерістерді басқару үдерісін жүзеге асыру;
- Ақсай қаласы мен кен орны аралығында теміржол қатынас жолдарын кен орнынан/кен орнына материалдарды тасымалдау үшін қалпына келтіру, осылайша жүкті тасымалдауда қауіптерді азайту;
- Теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдауды сараптау, қауіп-қатерлерді азайту шараларын дайындау.

#### VIII. Жобаларды жүзеге асыру барысында еқ, қт және қоқ басқару

Жобалармен байланысты ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қауіп-қатерлерін басқаруды жетілдіру мақсатында және 2017-2020 жылдарға арналған жобалық қауіптер деңгейіне сәйкестікті сақтау үшін жобаларды жүзеге асыру жөніндегі директорат ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тиімді стратегияны қолданысқа енгізді.

#### IX. Қауіпсіздік

ҚР терроризмнен қорғауға қатысты № 191 қаулысының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін 2017 жылы теледидарлық тұйық жүйелерін орнатуды аяқтау бойынша өзгерістерді басқаруға қатысты қысқа мерзімді шаралар жүзеге асырылды.

Қауіпсіздікпен байланысты қауіп-қатерді азайту үшін қауіптер мен қатерлерді бағалау бойынша әрекет ету жоспары әзірленді, бұл жоспарды жүзеге асыру шаралары басталды.

2018 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жетілдіру жоспары сол тоғыз элементтерден құралған.



Мердігерлермен өткізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша форум 2017





Басшылық ету және басқару әдістері  
Этикалық тәртіп  
Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
Денсаулықты қорғау  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

**ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ЖӘНЕ АҚПАРАТ АЛМАСУ** GRI 102-11

Компанияда ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ оқиғаларынан тиісті сабақ алу және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ байланысты сұрақтар мен мәселелерді талқылау үшін әртүрлі деңгейдегі жиындар үнемі өткізіліп отырады. КПО мердігер ұйымдары да осы талқылауға қатысады.

Мәселен, 2017 жылы 28 қыркүйекте өткізілген КПО және мердігер ұйымдардың «Жарақатты мүлдем болдырмау және экологиялық қауіпсіздікке қол жеткізу» атты ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ атты форумына КПО, «Шелл», «Ени» және 45 мердігер ұйымның жоғары басшылық өкілдері қатысты.

Осы форум жетекшілердің бір-бірімен тәжірибе алмасуына және жұмыс алаңында қауіпсіздікті жетілдіру бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне берілгендігін және алаңдаушылығын білдіруге бірегей мүмкіндік береді. Қатысушылар талқылауға белсенді қатысып, әрбір қатысушы «ЛЕГО» конструкторы көмегімен өз ұйымындағы ҚТ мәдениетін жақсартуға қатысты өз берілгендігінің үлгісін жасады.


«КПО-мен қауіпсіздікте 2017» - бұрын қолданылып келген «Эни-мен қауіпсіздікте» мінез-құлықты өзгерту бағдарламасының және «Шелл» бастамасының үлгісінде дайындалған қызмет ету мәдениетін өзгерту бағдарламасы.

КПО-мен қауіпсіздікте бағдарламасы кішігірім топта «Бір-біріне қамқор болу», «Жұмысты орындауда өз өзіне асыра сену» (қауіптерге үйреніп кету) және «Дилеммалар» тақырыптарындағы талқылауларға басты назар аударады. Бұл бағдарлама 2017 жылы 10-шы мамырда басталып, тамыз бойы жалғасты. Бұл аралықта өткізілген 360 сессияға КПО мен мердігер ұйымдардың 7 400 жұмыскері қатысты.


**ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ БОЙЫНША КАРТАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ** GRI 102-11, 103-3

2017 жылдың ішінде ұсынылған бақылау көрсеткіші мен жаңа бақылаушылардың санының өсуіне қатысты КПО-ның ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ бағдарламасы едәуір алға басты.

5-СЫЗБА. БАҚЫЛАУ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ БОЙЫНША КАРТАЛАРДЫ ТАЛДАУ, 2012-2017ЖЖ.



6-СЫЗБА. КАРТА БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ




Жалпы алғанда, 2017 жылы келесі статистикалық мәлімет тіркелді:

- 2017 жылы ішінде 21 000 астам бақылау өткізілді;
- 14 716 түзету шаралары тағайындалып, оның 98%-ы сәтті орындалды;
- 23 ықтимал қауіпті жағдайлар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары арқылы хабарланып, бұл жағдайлар бойынша тергеу жұмыстары бұдан да қауіпті оқиғалардың алдын алу үшін жүргізілді;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бойынша комитеттердің 102 отырысы өткізілді;
- Бақылау деректерін талдау негізінде қосымша 66 іс-шаралар мен бастамалар ұсынылды;
- Жаңа 1 653 бақылаушы оқу курсынан өтті.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары туралы жаңа жаттықтыру бейне ролигі түсіріліп, бақылау және қауіпсіз жағдай туындаған кезде араласу әдістері туралы білімдерін жетілдіру мақсатында мердігер ұйым қызметкерлерінің назарларына ұсынылды. Компания қызметкерлері үшін бейне ролик электрондық сауалнама ретінде толтырылды.

2017 жылы карта комитеттерінің насихаттауы мен ынталандыруының арқасында мердігер ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карта бағдарламасына қатысу қарқыны едәуір өсті. Сонымен қатар, 11 мердігер ұйымдарға КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ дерекқорын тікелей пайдалануға рұқсат берілді, олар карталарды жүйеге жүктеп, әрі қарай жасалынатын әрекеттерді бақылауға мүмкіндік алды.

7-СЫЗБА. КПО ЖӘНЕ МЕРДІГЕР ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ КАРТА БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІН САЛЫСТЫРУ, 2012-2017 ЖЖ.



КПО ынталандыру бағдарламасының мақсаты - қызметкерлердің ҚТ көрсеткіштеріне ерекше мән беріп барынша қолдау. Оның қорытындылары төмендегідей:

- 400-ден астам КПО және мердігер ұйым қызметкерлеріне сапалы бақылаулар үшін естелік сыйлықтар табысталды.
- Тоқсан қорытындылары бойынша ең үздік бақылаулары үшін 70 жұмысшыға ақшалай сыйлық табысталды.

- Тоқсан сайынғы жүлденің жаңа 2 санаттары, «Ең үздік бақылау – қауіпті жағдай/ықтимал қауіпті жағдай» және «Кеңседегі қауіпсіздік бойынша ең үздік бақылау», өндірістік емес аймақтарда маңызды бақылаулар мен ықтимал қауіпті жағдайды бақылау үшін сызбаға енгізілді.





Басшылық ету және басқару әдістері  
Этикалық тәртіп  
Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
Денсаулықты қорғау  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

**АПАТҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУДІ БАСҚАРУ** GRI 102-11

Қарашығанақ кен орны операторы ретінде КПО төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға қарсы әрекет ету мәселелеріне ерекше назар аударады.

КПО компаниясы қызметкерлердің қысқа және ұзақ мерзімде кез келген ықтимал төтенше жағдайларға жауап беруге дайындығын қамтамасыз етуге жауапты. Сондай-ақ, бизнестегі төтенше жағдайларды жоспарлауды жүзеге асыруда компанияның тиімділігін қадағалау да маңызды.

КПО-да оқиғалардың, апаттардың және төтенше жағдайлардың туындау қаупі болған кезде шұғыл әрекет жасап, олардың көлемін бағалап, олардың өрши түсу қаупін болдырмау мен бақылау үшін шешімдер қабылдауға қажет 3 деңгейлі апатқа қарсы әрекет ету жүйесі бар.

- I-деңгей: Жұмыс алаңында немесе сол жерде нысанның өз күшімен реттелетін оқиғалар.

- II-деңгей: Төтенше жағдайдың ықпалы жұмыс алаңы ішінде шектеліп қалды, бірақ мемлекеттік төтенше жағдайлар қызметтері немесе басқа ұйымдардың ресурстарын пайдалануды талап ететін ықтимал сыртқы әсердің болуы мүмкін.
- III-деңгей: Орналасқан жердің ресурстық мүмкіндіктерінің шегінен тыс және қосымша ресурстар мен қолдауды көрсететін апатты бақылау тобын жұмылдыруды қажет ететін, немесе компанияның абыройына нұқсан келтіруі мүмкін күшейіп кету ықтималдығы бар оқиға.

Жыл сайын аталған жүйе КПО-ның төтенше жағдайда әрекет ету жоспарының 1-ші, 2-ші, 3-ші деңгейіне және оқытуларға сәйкес түрлі жаттығулармен тексеріледі. Осындай жаттығулардың рекордтық көрсеткіші 2017 жылы тіркелген:

**12-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БОЙынША ӨТКІЗІЛГЕН ЖАТТЫҒУЛАР.**

ЖАТТЫҒУ ТҮРІ / АТАУЫ:	ҚАТЫСТЫРЫЛҒАН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДА ӘРЕКЕТ ЕТУ ДЕҢГЕЙІ	КҮНІ	ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ СИПАТ ТАМАСЫ
Арнайы тактикалық жаттығулар	I деңгей	Маусым, 2017 жыл	Көшім каналының Қарашығанақ-Атырау құбырымен қиылысқан жерінде мұнайдың төгілуін бондарды пайдалану және мұнай жинағыш көмегі арқылы тоқтату.
ҚӨК аймағындағы ОРИОН біріктірілген төтенше жағдай жаттығулары	I, II, III және Оператор компаниялар	Шілде, 2017 жыл	ҚӨК 230-шы аймағында улы сұйықтықтың оқыту мақсатындағы жасанды төгілуіне байланысты өрт сөндіру, апаттан құтқару қызметтерін және медициналық топтардың жұмылдыруымен, сондай-ақ 700-ден аса жұмысшының кен орнынан шығарылуымен өткізілген жаттығу
ГКДҚ-2 нысанындағы «Куазар» атты топтық штабтық жаттығу	I-ші және II-ші деңгейлер	Тамыз, 2017 жыл	ГКДҚ-2 нысанының 200-ші аймағында сепаратордың шығаберісінде оқыту мақсатындағы жасанды төгілулер
«Плутон» атты топтық штабтық жаттығу	II-ші және III-ші деңгейлер	Тамыз, 2017 жыл	Елдегі қауіпсіздік және қорғау жағдайының нашарлауы себебінен шетелдік қызметкерлерді эвакуациялау
«Сатурн» атты топтық штабтық жаттығу	II-ші және III-ші деңгейлер	Қараша, 2017 жыл	Төтенше жағдайға қарсы әрекет етуді және қауіпсіздік қызметінің іс-әрекеттерін пысықтау үшін қауіпсіздікті сақтауға қатысты террористің жасанды шабуылын ұйымдастыру
ГКДҚ-3, ҚӨК, ұңғымалық операциялардың жұмыс аймақтарының топтық штабтық жаттығулары	I-ші және II-ші деңгейлер	Тамыз, қараша, 2017 жыл	Нысандардың апаттық жағдайда әрекет ету жоспарларына сай таңдалған сценарийлер
«Рея» атты топтық штабтық жаттығу	II деңгей	Қараша, 2017 жыл	КПО қауіпсіздігімен байланысты эвакуациялану жоспары (КПО-AL-SEC-GLS-00011) әлі де жетілдірілуі тиіс аймақтарды анықтау үшін сыналды



Жыл бойы апатты бақылау топтарының қатысуымен жүргізілген апта сайынғы басшылық және штабтық жаттығулар кен орнында және Ақсай қаласында өткізіліп, әртүрлі апаттық сценарийлер талқыланды.

Жылда өткізілген 15-тен астам жаттығу сессияларында 91 персонал оқыту курсынан өтті. Осылайша қызметкерлердің төтенше жағдайда және болуы мүмкін мобилизация кезіндегі әрекет ету дағдылары мен шапшаңдығы жеткілікті деңгейде сақталуда.

2017 жылы КПО ҚР заңнамасына сәйкес компания қызметкерлері азаматтық қорғаныс жөнінде оқытуын электрондық жүйе арқылы жалғастырды. Апаттық құтқару қызметтері және КПО нысандарының басшылары мен басшылығы БҚО ТЖД-де азаматтық қорғаныс курсынан және ҚР ИІМ ТЖ Комитеттің оқу орталығында білімін жетілдіру курсынан өтті. Бұған қоса, апаттық әрекет ету тобының 68 мүшесі кең ауқымды оқиғаларды қадағалау бойынша арнайы курстан өтті.

**ТҰРҒЫНДАР ДАЙЫНДЫҒЫ** GRI 102-11

Қарашығанақ маңында орналасқан елді мекендердегі тұрғындарды хабарландыру станцияларының тұрақты дайындығын қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылы КПО-ның апатқа әрекет ету мамандары апаттық дабыл жүйесін ай сайын сынақтан өткізіп тұрды.

Сондай-ақ, компания хабарландыру станциясы жабдықтарының үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізді.

Приурал, Димитрово, Қарашығанақ, Жаңаталап, Жарсуат, Березовка, Амангелді, Қаракемір және Успен ауылдарында станцияларды жаңғырту жұмыстары 2017 жылы сәтті аяқталды.

2017 жылы КПО мамандары кен орнына және Қарашығанақ-Атырау (ҚАТЖ) құбырына жақын орналасқан ауылдық округтердің ресми тұлғаларымен бірқатар кездесулер өткізді. Бұл кездесулер туралы мәлімет 13-кестеде берілген.

**13-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛЫ КПО-НЫҢ ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНА ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ РЕСМИ ТҰЛҒАЛАРЫМЕН АПАТТЫҚ ӘРЕКЕТ ЕТУГЕ ҚАТЫСТЫ КЕЗДЕСУЛЕРІ**

№	МАҚСАТЫ	САНЫ	ҚАТЫСҚАН ҚОҒАМДЫҚ ТОПТАР
1	Хабарландыру станциясының мақсаты мен апаттық дабыл қосылған кездегі тұрғындардың әрекеттері туралы Приурал, Жарсуат, Димитров, Қарашығанақ, Жаңаталап, Успен, Амангелді, Березовка, Бестау, Қаракемір және «Тұңғыш» ЖШС жауапты тұлғаларын ақпараттандыру	Жалпы саны 148 адамның қатысуымен 34 жиналыс	Әкімдер және елді мекендер әкімдігінің қызметкерлері, жауапты тұлғалар мен лауазымды тұлғалар
2	Ауыл округтері әкімдерінің, лауазымды тұлғалардың, Қарашығанақ кен орнына жақын елді мекен тұрғындарының қатысуымен апаттық сигнал қосылған кезде тұрғындардың әрекетін пысықтау және кен орны аумағында апаттық жағдай орын алған кезде тұрғындарды эвакуациялауға қатысты оқыту жаттығуларын өткізу	Жалпы саны 74 адамның қатысуымен 6 жаттығу	Әкімдер және елді мекендер әкімдігінің қызметкерлері, жауапты тұлғалар мен лауазымды тұлғалар, қоғамдастықтардың мүшелері
3	Өрт қаупі кезінде ауылшаруашылық қызметтерді қауіпсіз жүзеге асыру тәртібі туралы Приурал, Жарсуат Димитрово, Қарашығанақ, Жаңаталап, Успен, Амангелді, Березов, Бестау, Қаракемір елді мекендері тұрғындарын және Тұңғыш ЖШС қызметкерлерін ақпараттандыру	Жалпы саны 51 адамның қатысуымен 8 жиналыс	Әкімдіктер қызметкерлері және ауыл шаруашылық қожалықтары өкілдері
4	Қарашығанақ - Үлкен Шаған – Атырау (ҚАТЖ) экспорттық құбыр желісі бойындағы елді мекендердің лауазымды тұлғаларын Қарашығанақ –Атырау экспорттық құбыр желісінде төтенше жағдай туындаған кезде өзара іс-қимыл тәртібі туралы хабарлау	33 елді мекенге сапар жасалып, 80 адам қатысты	Әкімдер және елді мекендер әкімдігінің қызметкерлері, жауапты тұлғалар мен лауазымды тұлғалар

Жоғарыда айтылғандардан бөлек, КПО су тасқыны, өрт қаупі және қысқы кезеңдерде жергілікті атқарушы органдармен тығыз жұмыс жасауды жалғастыруда.



Басшылық ету және басқару әдістері  
Этикалық тәртіп  
Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
Денсаулықты қорғау  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫ GRI 102 -11, 103-2, OG-13

14-КЕСТЕ. ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕР GRI 103-2

2017 ЖЫЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ	ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МАҚСАТТАРДЫ ОРЫНДАУДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ
Экспорттық құбырлар жүйесі мен Эко орталық жұмысына қатысты тосқауылдар моделін енгізу бойынша жұмыстарды аяқтау.	Жартылай орындалды	Эко орталықты және экспорттық құбырлар жүйесін тосқауылдар моделіне біріктіру үшін жаңартылған бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуге, оның ішінде техникалық талаптарды әзірлеуге бағытталған жұмыс көлемін дайындады.	Тосқауылдар моделінің жаңа бағдарламалық жасақтаманы сатып алу үдерісін аяқтау; жаңа бағдарламалық жасақтаманы енгізуді 2019 жылы бастау.
Қолданысқа енгізілген өндірістік қызмет тиімділігінің стандарттарының тәуелсіз жақпен мақұлданыуын қамтамасыз ету.	Жартылай орындалды	Өндірістік қызмет тиімділігінің 20 стандарты дайындалып, оның 17 тәуелсіз жақпен мақұлданды. Қызмет тиімділігінің стандарттарын пайдалануға енгізудің әсерін саралау жалғасуда.	Физикалық тосқауылдарды басқару үдерісін күшейту мақсатында қызмет тиімділігінің стандарттарын техникалық қызмет көрсетуді басқарудың компьютерленген жүйесіне енгізуді бастау.
Өндіріс нысандарының тұтастығын қамтамасыз ететін тұтастықтың операциялық терезесі үшін стандартты дайындау және ҚӨК-те тиісті сынауларды өткізу.	Жартылай орындалды	КПО апаттық дабылдарды басқару стратегиясын қайта қарап, әрекет жоспарын дайындады. Тиісті жерлердегі физикалық жүйелер жаңартылды, ішкі стандарттар мен анықтамалықтар қайта қаралды, бақылау және қадағалау үдерісі жетілдірілді.	2019 жылдың аяғына жоспарланған толық рационализация процесін іске қосу және одан әрі жалғастыру.
Технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы жағдайларын азайту мақсатында Өндірістегі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ ережелерінен хабардарлықты арттыру бойынша шараларды дайындау	Орындалды	Технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы жағдайларын азайту әрекетін қолдау үшін, 2017 жылдың ортасында "Өндіріс қауіпсіздігінің негіздері" шарасы іске қосылды. Бұл бастама қызметкерлердің ағындылар мен төгілулерді азайтуға қатысты жеке жауапкершілігі туралы хабардарлығын арттыруды көздейді. Компания халықаралық және КПО ішкі оқиғаларының статистикасын сараптамау негізінде белгіленген 30%-ға дейінгі көрсеткішке азайтуды көздейді.	Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі хабардарлықты арттыру шарасын жалғастырып, тосқауылдарды бақылау және қадағалауды күшейту мақсатында жиналған ой-пікірлерді талдау негізінде іс-шаралар жоспарын дайындау.

Абыройлы ұйымдар өздерінің өндірістік қызметіне қауіп төндіру мүмкін қатерлер жөнінде толық ақпарат алу үшін ұдайы ізденісте болады және қауіп-қатерлердің жалпы деңгейін көтеруі мүмкін жаңа қауіптер туралы білуге құштар. Осындай білімдерді жинау арқылы және тиісті қауіпсіздік тосқауылдарын басқару мен растау көмегімен қауіп-қатерлерді тиімді азайтуға және, сонымен қатар, кең ауқымды апаттық жағдайлар қауіпін болдырмауға және басқаруға болады. Осындай әдісті ұстана отырып, КПО өндіріс тұтастығы бөлімі қолданыстағы қауіпсіздік тосқауылдары құралының кем-шіліктері немесе осал тұстарын анықтау үшін оның күйін бағалап отырады. Осылайша қауіпсіздік тосқауылдарының ауқымды апаттық себебіне айналуына жол берілмейді.

Бұл мақсатқа жетудегі басты құрал - негізгі өндірістік қондырғылардың әрқайсысының қауіп-қатерлері бойынша көрнекі сараптаманы ұсынатын "Тосқауылдар моделі". Бұл құралдың негізгі артықшылықтары төменде келтірілген:

- Жеке өндіріс тұтастығы тосқауылдарына сәйкес өндірістік мәселелерді жіктеу;

- Қауіп-қатер деңгейі бойынша күрделі мәселелерді жіктеу және қауіп-қатер деңгейін ескере отырып, кейіннен басым шараларды анықтау;
- Нысандағы және корпоративті деңгейдегі басшылыққа кең ауқымды апаттық жағдайлар қауіпінің, соның ішінде "негізгі қауіп-қатерлердің" жиынтық көрінісін ұсыну;
- Нысан жұмысы аясында жүргізілетін күнделікті қауіп-қатерлерді бағалау шараларына қоса, нысанның әр учаскесіндегі қауіп-қатерлерге қатысты ақпаратты ұсыну.

КПО компаниясына өндірістік қауіпсіздікпен қатысты оқиғаларды болдырмау үшін уақытылы әрекет ету мақсатында қауіптердің жиынтық суретін нысан және корпоративті деңгейде талдау және хабарлау үшін өндірістік қызметтің негізгі көрсеткіштерінің бірқатар саны қосымша таңдалды.

Осылайша, компанияның өндірістік қауіпсіздігінің мәдениетін және мүмкіндіктерін арттыру үшін, 2017 жылы КПО кен орны нысандарының барлығына енгізілген өндіріс тұтастығын басқару жүйесін нығайтуды жалғастырды.



6-СУРЕТ. КПО-НЫҢ ТОСҚАУЫЛДАР СТАТУСЫ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРУ ҮДЕРІСІ



ФИЗИКАЛЫҚ ТОСҚАУЫЛДАР

1. КПО Өндіріс тұтастығы тосқауылдарының моделі GRI 103-2


Қазіргі уақытта тосқауылдар моделі құралы шешімдерді қабылдау үшін кеңінен қолданылады және оны КПО порталынан табуға болады. КПО бөлімдерінің/бөлімшелерінің бұл үдеріске қатысу деңгейі дәйекті түрде өсіп, пайдаланушылар саны 170-ке жетті. КПО-ның өзекті қатерлерін өсу қауіпі мен тиісті шараларды анықтау және ақпарат алмасуға мүмкіндік туғызу үшін, 2017 жылы КПО өндіріс тұтастығы бөлімі КПО барлық бөлімдері арасындағы өзара әрекеттесу және интеграция үдерісін тұрақты жетілдіріп отырды. Үдеріс тиімділігін онлайн деректердің күрт өсуі арқылы жетілдіру және ықтимал қауіпті жағдайларға қарсы әрекет ету уақытын азайту мақсатында тосқауылдар моделінің жаңартылған бағдарламалық жасақтамасын енгізу 2018/19 жылдарға жоспарланып отыр. Тосқауылдар моделінің 2016 - 2017 жылдардағы жетілуі және КПО бөлімшелері арасындағы интеграцияның өсу қарқыны төменде сипатталған.

2016: Ауқымды апаттар қауіпінің көрінісімен бөлісу, оны түсіну және басқару мақсатындағы 2016 жылдағы әрекеттесу, негізінен, өндіріс тұтастығы және өндірістік директоры, соның ішінде кен орны бөлімдері мен басшылығы арасында орын алды. Осындай әріптестік жалпы қауіп-қатердің тиімді және көрнекі түсінігін толық және егжей-тегжейлі қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ал бұл, өз кезегінде,

мүдделі тараптар және жоғары басшылықтың қауіп-қатерлерді басқару мәселелері бойынша әрекеттестігін реттеуге септігін тигізді. Өндіріс тұтастығын басқару комитетінің тоқсан сайынғы форумы және корпоративтік қауіптер комитетінің форумы секілді жиындарға қатысу арқылы өндірістік емес және қосымша бөлімшелердің бұл үдеріске қатысу деңгейі төмен болды.

2017: 2017 жылы бөлімдер арасындағы өзара әрекеттесу деңгейі айтарлықтай өсті. Мәселен, қосымша бөлімшелер ақпарат алмасу үдерісіне тікелей және белсенді қатыса бастады. Осылайша, жобалау, келісімшарт жұмыстары мен сатып алулар, сондай-ақ корпоративтік мәселелерді басқару басқармасы да өндірістік қауіп-қатерлермен жұмыс істеу үдерісіне тосқауылдар моделін саралау жөніндегі сарапшы отырыстарына қатысу және өндірістік бөлімдер мен нысанның тұтастығы және қауіптерді басқару бөлімдерінің қатысуымен қауіп-қатерді бағалау бойынша бірлескен жиналыстар өткізу арқылы белсенді кірісті. 2017 жылы тосқауылдар моделін ауқымды апаттарға әкелуі мүмкін мәселелі сұрақтарды шешу үшін қауіптерді тіркеудің әмбебап құралы ретінде пайдалану жөнінде шешім қабылданды.

7-СУРЕТ. КПО ТОСҚАУЫЛДАР МОДЕЛІ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСУДЫҢ 2017 ЖЫЛҒЫ ҰЛҒАУЫ





Басшылық ету және басқару әдістері  
Этикалық тәртіп  
**Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі**  
Денсаулықты қорғау  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

2016 жылғы нәтиже бойынша, КПО тосқауылдар моделі серіктес компания болып келетін бірлескен кәсіпорындармен мақұлданды. Осыған Шелл компаниясының барлау және өндіріс бөлімшесінің өндіріс тұтастығы бөлімінің «Тосқауылдар моделі және белгілі аймақтар үшін тосқауылдар моделі» жобасы үздік марапатқа ие болғаны да кіреді.

Жалпы, 2017 жылы КПО ерекше назарды талап ететін 70 өндірістік қауіпті жағдайларды айқындады. Олардың 24-і азайтылды немесе жойылды. Қалған 46 фактор үшін тиісті әрекет жоспары әзірленді. Тосқауылдар моделінде белгіленген және тіркелген кейбір қауіптер табиғаты бойынша ұзақ мерзімді болып келеді және ұзақ мерзімді әрекет жоспарлы шаралар қабылданғанша қолданыстағы аралық қадағалау шараларымен қатаң бақылануы тиіс.

**2. Өндіріс тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін бақылау** GRA 103-3

Өндіріс тұтастығы жөніндегі бөлім тосқауылдар қызметінің тиімділігін бақылауды қамтамасыз етеді. Бұл әрекет сүбелі деректерді КПО өндірістік қауіпсіздігі тиімділігінің негізгі көрсеткіштеріне енгізу арқылы жүзеге асады. Аталмыш талдау ауқымды апаттық жағдайлар қауіпін болдырмау немесе азайтудың негізгі қадағалау шаралары туралы хабардарлық деңгейін арттыруға бағытталған. Оперативті қызметкерлерге, жоғары басшылыққа және оператор-компанияларға есеп ай және тоқсан сайын беріледі. Қызмет тиімділігі көрсеткіштерінің кейбір деректері салалық есептілік үшін (белгілі бір компанияларға

сілтемесіз) мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастығына (IOGP) жіберіледі.


Қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін аса белсенді пайдалану арқасында, 2017 жылы үш елеулі жетістікке қол жеткіздік:

- 1) Қауіпсіздіктің негізгі элементтеріне (ҚНЭ) техникалық қызмет көрсету бойынша орындалу мерзімі шыққан жұмысқа сұранымдар санының түгелдей болмауы;
- 2) 2016 жылмен салыстырғандағы алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы оқиғаларының 30% азаюы;
- 3) Апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру жобасы.

**2.1 Қауіпсіздіктің негізгі элементтеріне техникалық қызмет көрсету**

КПО техникалық қызмет көрсету тобының қауіпсіздіктің негізгі жабдығының жұмысқа жарамды және қолжетімді күйінде болуын қамтамасыз етумен байланысты тиісті және жеткілікті қадағалау шараларының қолданылатынын жете бақылайды. Ол үшін қауіпсіздіктің негізгі жабдығына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмысқа сұранымдардың аяқталғаны қадағаланады. Бұл әрекет орындалу мерзімі шыққан жұмысқа сұранымдардың санын айтарлықтай төмен деңгейге жеткізуге мүмкіндік берді. 8-сызбада есеп беру кезеңіндегі қауіпсіздіктің негізгі жабдығына техникалық қызмет көрсету бойынша мерзімі шыққан жұмысқа сұранымдардың орындалған жұмыс көлеміне қатысты саны берілген.


**8-СЫЗБА. ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ЖАБДЫҒЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІНІҢ ШЫҒУЫ**



Қызмет тиімділігінің көрсеткіштерінің сәйкестігі және құнды ақпараттың мүдделі тараптарға жеткізілуі мақсатында 2018 жылы қызмет тиімділігінің жаңа көрсеткіштері енгізіліп, қауіпсіздіктің негізгі элементтерінің жинақтамасы дайындалады.

**2.2 Технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы** GA 06 13


Ірі апаттардың қауіпін басқару және талдау технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалардың алдын алудың және олардың күрделілік дәрежесін төмендетудің негізі болып табылады. Технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиға орын алса, тиісті деңгейдегі тергеу жүргізілуі тиіс. Кейінгі шаралардың тіркеу және бақылау үшін осы оқиғаға байланысты барлық деректер, тың мәліметтер, негізгі себептер, кеңестер және лайықты шаралар КПО Synergi деректер қорына енгізіледі.



2014-2017 жылдарғы статистикалық сараптамасы 2017 жылдағы жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы жағдайлары соңғы 4 жыл ішінде ең төменгі деңгейде екенін көрсетті.



**9-СЫЗБА. ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАР БОЙЫНША ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚОРҒАНЫШ ҚАБАТЫ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ ЖАҒДАЙЛАРЫ, 2014-2017 ЖЖ..**



Шартты белгілер:

- 1-дәреже едәуір көп салдары бар технологиялық үдеріспен байланысты алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылу жағдайларының санына қатысты (IOGP қауымдастығына хабарлануға жататын);
- 2-дәреже салдары төмен технологиялық үдеріспен байланысты алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылу жағдайларының санына қатысты (IOGP қауымдастығына хабарлануға жататын);
- 3-дәреже технологиялық үдеріспен байланысты алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығы бұзылуының өзге жағдайларына қатысты; IOGP қауымдастығына бұл оқиғалар жайында хабарланбайды, Компания бұл жағдайлар жайында ақпаратты ішкі талдаулар және болған жағдайлардан сабақ алу үшін жинайды.

2017 жылы 1-дәрежеге жататын 2 ағынды орын алды. КПО компаниясы осы қатарлардың деңгейлері үшін халықаралық стандарттардағы рұқсат етілген API754 және IOGP 456 шекті мәндерді қолданады. 2017 жылы аталмыш стандарттардағы бұл деңгейлер қайта қаралып, олардың қатаңдығы күшейтілді. Бұдан бұрынғы жылдары 1-дәрежеге жататын ағындылар болған жоқ. Жоғарыда айтылған 2017 жылы орын алған 1-дәрежеге қатарға жататын 2 ағынды стандарттарының алдыңғы нұсқасына сәйкес 2-қатарға жатқызылатын еді.

2017 жылы тіркелген 1-дәрежелі 2 ағындыға ҚӨК су тазарту қондырғысындағы газ ағынымен ҚӨК конденсатты экспорттау аймағындағы конденсаттың төгілуі жатады.


Бірінші оқиғада газ ыдыстың келте құбырындағы 13 мм саңылаудан ағып кетті. Жарақаттанғандар туралы ақпарат тіркелген жоқ. Оқиғаның негізгі себебі - акустикті бейтараптандырудың қолданыстағы қондырғысынан келетін өнімнің агрессивті әсерінен пайда болған коррозия. Қауіп деңгейін азайту шарасы ретінде ыдыстың барлық келте құбырлары композитті материалмен оралды. Бұл процессті қайта қарау жоспарлануда.

Екінші оқиға конденсаттың дренаждау ыдысының қысымнан сақтау клапанынан төгілуінен орын алды. Нысанның дабыл жүйесі іске қосылмай, қызметкерлерді эвакуациялау жүзеге асырылмады. Жарақаттанғандар туралы ақпарат тіркелген жоқ. Бұл оқиғаның бірнеше негізгі себептері бар, атап айтсақ: ҚӨК конденсат экспорты сорғысының жетілмеген дизайны және жабдық дренаждау жүйесінің деңгейді бақылау құралдарымен байланысты проблемалар. Өткізілген тергеуден кейін айқындалған орындалуы тиіс 21 шараның 13 жылдың аяғына дейін орындалып болды.

КПО технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалардың барлығына қатысты тергеулер, негізгі себептер талдауларын өткізіп, орындалуы тиіс шаралар жоспарын дайындайды. Оны 10-сызбада көрсетілген талдаудан көруге болады.

Жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуымен байланысты оқиғалар санын азайту - бұл нысандардың өмірлік циклының барлық кезеңдеріндегі жобалау, пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсетуге әрбір КПО директорының қатысуын талап ететін күрделі үдеріс. Бұл қауіпсіздікпен байланысты оқиғаларды басқару жүйесіндегі осал тұстарды анықтау және зерттеу арқылы тиісті шараларды қолдану бойынша жұмыстарды 2018 жылы жалғастырамыз.

**10-СЫЗБА. 2017 ЖЫЛҒЫ КПО-ДАҒЫ ЖАБДЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚОРҒАНЫШ ҚАБАТЫ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ.**



2017 жылы іске қосылған бастамалардың бірі - "Өндірістік қауіпсіздіктің негіздері" болып табылады. Бұл бағдарлама қызметкерлердің өндірістік қауіпсіздіктің негізгі талаптарынан хабардарлығын арттыруға бағытталған. Ол өндірістегі ағындылар мен төгілулердің көбі үшін ортақ болып келетін себептерді және басқа операторлардың оқиғаларынан сабақ алу әрекеттерін қамтиды. Осы шара туралы толық ақпарат бұл есептің "Өндірістік қауіпсіздіктің негіздері" тарауында беріледі.

**2.3 Апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру** GRA 103-3

2017 жылы КПО апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру жобасын бастады. Бұл жоба дабылдарды және олардың басымдылықтарын белгілеу үшін қолданылатын тізбекті критерийді өндірістік жағдайларды қадағалаумен байланысты адамдарға және табиғатқа зақым келтіру қауіпін басқару мақсатында анықтауды және оңтайландыруды көздейді.

Есеп беру жылы барысында қолданыстағы дабыл жүйесіне қатысты барлық ішкі стандарттар және процедуралар тиісті халықаралық стандарттар мен ережелерге сәйкестігі бойынша қайта қаралды. Оның нәтижелері "КПО дабыл жүйесін басқарудың айқындалуы қағидалары" құжатында жарияланды. Бұл құжат дабылдарды басқарудың жоғары үйлесімді әдісін қамтамасыз ету жолдары және апаттық дабыл жүйесінің пайдалану мерзімі ішінде оның жетілу жолдары бойынша нұсқауларды қамтиды.





Басшылық ету және басқару әдістері  
 Этикалық тәртіп  
**Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі**  
 Денсаулықты қорғау  
 Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

«КПО дабыл жүйесін басқарудың айқындаушы қағидаларына» сәйкес, қажетті шаралардың барлығы үш кезеңде өткізіледі. Жобаны аяқтау 2019 жылдың соңына жоспарланып отыр. Дабыл жүйесін оңтайландыру кезеңдері:

- Алғашқы бағалау (жалғасуда): әрбір нысанға қатысты (ГКДҚ-3, ГКДҚ-2, ҚӨК және т.б.) қолданыстағы дабыл жүйесінің деректер қоры бойынша есеп дайындау;
- Апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру жаттығулары: алдыңғы кезеңде өткізілген талдау негізінде негізгі акционерлердің қатысуымен (өндіріс қызметкерлері, техникалық және орталық жөндеу мамандары, т.б.) бірқатар семинар өткізіледі;
- Қолданысқа енгізу: апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру жаттығулары нәтижелері қолданыстағы автоматтандырылған жүйеге техникалық қызмет көрсету бөлімімен енгізіледі.

Жетілдіру жұмыстары аяқталғаннан соң, КПО апаттық дабыл жүйесінің халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестік деңгейі айтарлықтай артады. Басты мақсатымыз - басқару тетігі бөлмесіне келетін дабылдар санын оңтайландыру арқылы, операторлардың назары маңызды сигналдарда ғана болуын қамтамасыз ету.

**3. "Өндірістік қауіпсіздіктің негіздері" шарасы** GRI 103-3

Өндірістік қауіпсіздіктің негіздері (ӨҚН) - мұнай және газ өндірісі саласында орын алған өндірістік қауіпсіздікпен байланысты күрделі оқиғалардан тиісті нәтиже шығарып, сабақ алу. КПО Шелл компаниясының

ӨҚН материалдарын өз мақсатына бейімдеп, бағдарламаны 2017 жылғы тамызда іске қосты. Басты назар жаңа талаптарды белгілеуге емес, қолданыстағы пайдалану әдістері және тәртіп ережелеріне берілді.

ӨҚН негізгі міндеті - күнделікті жасалатын жұмыстарға қосымша назар аудару және қауіпті жағдайлар мен іс-әрекеттерді жою арқылы өндірістік қауіпсіздікпен байланысты оқиғалар санын азайту. Бұл бастама кен орны аймағындағы оперативті персоналға (КПО және мердігерлер) бағытталған. Осы ақпаратты жеткізу үшін кен орны аймағындағы барлық нысандарға көрнекі материалдар (жарнамалық тақтайшалар, плакаттар және пластикалық карталар) таратылды, ал өндіріс тұтастығы бөлімінің өкілдері осы тақырыптарда презентациялар өткізді.


Негізінен, бұл бағдарлама орыс тілінде өткізіліп, өндірістегі 1509 қызметкердің 1108 қызметкерін, сондай-ақ ӨҚН таныстырылым жиналыстарына қатысқан 214 мердігерді қамтыды. Сессияларға қатысушылардан талқылауларға қатысып, өз тәжірибе-білімдерімен бөлісіп және алаңдаушылықтарын айту сұралды. Жиналыс барысында қатысушылар ӨҚН мәселесінің барлық он тақырыбын қамтитын 52 сұрақтан тұратын сауалнамаға жауап берді. КПО Өндіріс тұтастығы бөлімі бұл сауалнаманы КПО нысандары мен жүйелеріне қатысты барлық он тақырып бойынша өндірістік қауіпсіздіктің өзекті мәселелерінің ықтимал жағдайларын анықтау үшін дайындады. Жалпы алғанда 704 сауалнама толтырылып (яғни, қатыстырылған адамның 63.53%), алынған жауаптар талданды. Нысан басшыларына кері байланыс нәтижелері тиісті шараларды орындау үшін жіберілді.

**№ 8-СУРЕТ. КПО ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗДЕРІ**

 АШЫҚ ДРЕНАЖ ЖӘНЕ КӨМІРСУТЕКТЕР МЕН ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТЕКТЕРДІ ҮРЛЕУ ЖЕЛІЛЕРІ ҮШІН ӘРДАЙЫ ЕКІ ТООҚАУЫЛДЫҚ КОНФИГУРАЦИЯНЫ ҚОЛДАНЫҢЫЗ	 АШЫҚ ДРЕНАЖ НЕМЕСЕ ҚАУІПТІ ЗАТТЕКТЕРДІ АЙДАУ ҮДІСТЕРІН ЕШҚАШАН ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ	 ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН БАС ЖАБДЫҚ АҚАУЛЫ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА, ҚАУІП-ҚАТЕРЛДІ АЗАЙТУДА МЕРЗІМДІ ШАРАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАҢЫЗ	 БАРЛЫҚ ЖОҒАРЫ ҚАУІПТІ ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАҒАН КЕЗДЕ ПРОЦЕДУРАЛАРДЫҢ ТАЛАБЫН САҚТАП, ӘР КЕЗЕҢНІҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚОЛТАҢБАМЕН РАСТАҢЫЗ	 ЖЕЛІЛЕРДІ ТЕКСЕРҢІЗ - КОНФИГУРАЦИЯДАҒЫ КЕЗ - КЕЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТЕКСЕРІП, РАСТАП ОТЫРЫҢЫЗ
 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАҢЫҢЫЗ	 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ АЯҚТАҒАННАН KEЙІН ЖАЛҒАУЛАРДЫҢ БІТЕУЛІГІН ТЕКСЕРҢІЗ	 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БАСТАМАС БҮРЫН ЖАБДЫҚТАҒЫ ҚЫСЫМНЫҢ ОРЫНДАЛҒАНЫНА, ЖӘНЕ ҚАЖЕТ АЖЫРАТУЛАРДЫҢ ЖҮРГІЗІЛГЕНІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ	 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРҒА ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОСҚАН КЕЗДЕ ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНЫҢЫЗ ЖӘНЕ КЕРІ АҒЫНҒА ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫШТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІҢІЗ	 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮДІСТІҢ КРИТИКАЛЫҚ ДАБЫЛ ДЫБЫСТАРЫНА СӘЙКЕС ӘРЕКЕТ ЕТІҢІЗ



**9-СУРЕТ. ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗДЕРІ САЛАСЫНДА ТАБЫЛҒАН АҚАУЛЫ ТҮСТАРДЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ ДИАГРАММАСЫ**



Бұл диаграмма алынған жауаптарға негізделген статистикалық деректерді көрсетеді. Ол өндіріс қауіпсіздігінің өзекті мәселелерінің КПО-да орын алған өндірістік қауіпсіздікпен байланысты тиісті оқиғалармен арасындағы арақатынасы орнатылған әрбір ӨҚН тақырыбымен бірге талдауды қамтиды (мысалы, ӨҚН белгеле бір тақырыбымен байланысты 3 қатарлы 2 оқиға). "Өрмек тәріздес" диаграмманың ортасына қарай ұмтылған жасыл сызық қабылданғандардың арасында жағымды жауаптардың жеткіліксіздігін немесе білдірілген алаңдаушылықты көрсетеді. Бұл жайт басшылықпен лайықты түрде қаралып, тиісті шаралар қолға алынады.

КПО өндірістік қауіпсіздікке негізделген мәдениетті дамытуды және ауқымды апаттық жағдайлар қауіпін қадағалаудың қырағы әдістерін күшейтуді жалғастырады. Біз барлық пайдаланушыларға түсінікті және басымдылықпен жүзеге асырылатын тосқауылдарды басқарудың тиімді және ұтымды қағидаларын дайындауды және қолдануды, сондай-ақ өндіріс тұтастығы және қауіпсіздігі бойынша шараларды әзірлеуді және жүргізуді көздейміз. Бұл қадамдар арқылы және КПО барлық бөлімшелерінің әрекеттесуі арқасында ауқымды апаттардың алдын алуға болады.

**ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТІ**

КПО Компания мен мердігерлер қызметкерлерінің қауіпсіздігін, сондай-ақ интеллектуалды және материалдық емес активтермен қоса

нысандардың тұтастығын үздік халықаралық стандарттарға және ҚР заңдары мен нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес қамтамасыз етуге аса мүдделі.

КПО қауіпсіздік қызметі КПО-ның ықтимал қауіпсіздік қауіп-қатерлері мен қатерлерді анықтау бойынша жыл сайынғы талдауларға негізделген қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қауіп-қатерлерді бағалау жұмыстарын жүргізіп тұрады, және сол бағалау жұмыстары нәтижелері бойынша қауіп-қатерлерді төмендетуге көмектесетін сәйкес қауіпсіздік шараларын енгізеді. Құрушы компаниялар қауіпсіздік қызметтері өкілдерімен берілген ақпарат бойынша 2017 жылы ешбір қауіпсіздік қауіп-қатері жоғары дәрежелі қауіп-қатерлер категориясына жатқызылмады.

КПО-да үздіксіз бақылауды және бақылау-өткізу пункттері арқылы, офистер мен құбырларға кіру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қауіпсіздік қызметінің 900-ден астам кәсіби қызметкері жұмыс жасайды. Қауіпсіздік қызметінің тиімді бақылау шараларының арқасында 2017 жылы Компания активтері ұрлануының жеті фактісі тергеліп, нәтижесінде алты адам жұмыстан босатылды. Оған қоса, 2017 жылы қауіпсіздік қызметі қызметкерлері алкоголь, есірткі және психотроптық заттарды қабылдау тыйымы саясатын бұзу бойынша күдіктелген 58 тәртіп бұзушыны анықтады.

Құбырлар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосылатын зор үлестің арқасында КПО-да соңғы сегіз жыл ішінде ешқандай экспорттық құбырға заңсыз қосылу фактісі тіркелмеген.



Басшылық ету және басқару әдістері  
Этикалық тәртіп  
Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
Денсаулықты қорғау  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

15-КЕСТЕ. ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІМІЗ GRI 103-2

2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ	МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР
КПО экспорттық құбыр желісіне заңсыз қосылуларды болдырмау.	Орындалды	Экспорттық құбыр желісінің үздіксіз мониторингі мобильді күзет қызметімен және 'Ortasense' дабыл жүйесімен жүргізілді.	КПО экспорттық құбыр желісіне заңсыз қосылуларды болдырмау
Қауіпсіздік сақтау қызметін көрсету өкілдерін, соның ішінде жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерді адам құқықтарының сақталуы мен қауіпсіздік қағидалары бойынша дайындауды жалғастыру.	Орындалды	2017 жылдың соңына қарай, оқытудан өткен қауіпсіздік қызметкерлерінің үлесі 100%-ға жетті.	Қауіпсіздік сақтау қызметін көрсету өкілдерін, соның ішінде жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерді адам құқықтарының сақталуы мен қауіпсіздік қағидалары бойынша дайындауды жалғастыру
Қауіпсіздікті басқару жүйесі (ҚБЖ) жобасының I-кезеңін аяқтау: ■ ГҚДҚ-2 және БМС нысандарында қоршаулар орнатуды аяқтау; ■ ҚӨК және ГҚДҚ-3 нысандарына қоршауды орнату. ҚБЖ жобасының II-кезеңін бастау: ■ ҚБЖ II-кезеңінің жобалау, сатып алу және орнату жұмыстары тендерін жүргізіп, аяқтау. ■ Жобаның инженерлік сатысын жалғастыру.	Орындалуда	ГҚДҚ-2 және Бастапқы мұнай станциясында (БМС) қоршаулар орнату жұмыстары аяқталды. Жобалау, сатып алулар және құрылыс келісімшарты бойынша тендер басталды.	■ ҚӨК және ГҚДҚ-3 нысандарында қоршау орнатуды аяқтау; ■ Жобалау, сатып алулар және құрылыс келісімшартын жасасу; ■ Жаңа жобаларды жүзеге асыруда Жобаны жүзеге асыру директорына қолдау көрсету.

Біз экспорттық құбырды патрульдеу кезіндегі оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жергілікті тұрғындардың қолдауы мен қатысуын аса жоғары бағалаймыз. 2017 жылы іс жүзінде құбыр бойында орналасқан 3 аудан орталығы мен 28 ауылға сапар болған. Бұл сапарлардың мақсаты лауазымды тұлғалар мен ауыл тұрғындарының кез келген оқиғаның ықтимал қауіп-қатерлері мен салдары, оқиға кезіндегі эвакуация процедурасы, сондай-ақ апатқа қарсы әрекет ету бойынша оқыту жаттығулары туралы хабардар болу деңгейін көтеру болды. Біз тұрғындарға құбыр маңындағы кез келген күдікті деп табылған іс-шаралар туралы алдын ала және кешіктірмей хабар беруге кеңес береміз.

Сондықтан аудан әкімдіктері лауазымдық тұлғаларымен, мектеп қызметкерлерімен, төтенше жағдай бөлімдерінің жоғары лауазымды өкілдерімен және ауыл тұрғындарымен жоғарыда айтылған тақырып бойынша көптеген кездесулер өткізді.

2015 жылдан бері КПО құрушы компаниялардың қауіпсіздік және адам құқықтары бойынша ерікті қағидалар (VPSHR) бастамасын қолдап келеді. 2017 жылы КПО-ның кен орнында/Ақсай қаласында және экспорттық құбыр желісі бойында қауіпсіздік қызметін атқаратын екі компаниясының жаңадан қабылданған қызметкерлеріне кәсіпорын қызметіне қатысты адам құқықтары саласындағы саясаттар мен ережелер бойынша арнайы оқыту курстары өткізілді. 2017 жылдың соңында қауіпсіздік бойынша оқытудан өткен қауіпсіздік сақтау қызметкерлерінің үлесі 100%-ды құрады. GRI 410-1

2017 жылы қауіпсіздікті басқару жүйесін (ҚБЖ) дамыту және іске асыру жұмыстары одан әрі жалғасын тапты. Жыл ішінде 4,5 км жаңа қоршаулар орнатылып, ГҚДҚ-2 мен БМС-ның ескі қоршаулары толықтай ауыстырылды. ГҚДҚ-3 мен ҚӨК-де қоршаулар орнату жұмыстары 2018 жылы аяқталады деп жоспарланды. GRI 103-3

Оған қоса ҚБЖ жобасы сәйкес бақылау-өткізу пункттерінде біріктірілетін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жетілдірілген атқарымдық электрондық құралдар жүйесінің орнатылумен толықтырылатын болады.

Нәтижесінде барлық нысандарғы қауіпсіздікті бақылауға жарықтандыру, периметр бойынша басып кіруді анықтау жүйесі, электрондық кіруді бақылау жүйесі, бейнебақылау жүйесі, қауіпсіздікті басқарудың орталықтандырылған пункті, дыбысты ортақ дыбыл жүйесі, сондай-ақ деректерді апаттық басқару орталығына беру мүмкіндігі кіретін болады. Жоғарыда айтылғанның барлығы жүзеге асқаннан кейін КПО нәтижесінде ҚР нормативтік-құқықтық актілері талаптарына толық сәйкес болады.

2017 жылы Компанияның барлық қызметкерлерін қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерімен таныстыру бойынша кең ауқымды науқан жүргізілді. Бұл шараға азаматтық қорғаныс жөніндегі бөліммен бірге жасалған қызметкерлерді эвакуациялау бойынша алты жаттығу, екі электрондық оқыту курсы, екі топтық-штабтық оқу және кең ауқымды апаттар кезіндегі қауіпсіздік қатері жағдайында қызметкерлерді эвакуациялау жоспарын орындау бойынша дағдарысты ахуалдарды басқару тобының бір оқуы кірді.

Өткен жылдардағыдай компанияға қарсы экстремистік әрекет қауіпі біз үшін ең көкейкесті мәселе болып қала бермек. КПО-ның ҚР-ның құқық қорғау органдарымен жергілікті, аймақтық және республикалық деңгейде өзара әрекеттесуі алдын ала хабардар және дайын болуымыз үшін өте маңызды. 2018 жылы осы қатерлерді бақылау шаралары туралы хабардарлық деңгейін көтеруге жәрдемдескен мемлекеттік органдар өкілдерімен жүйелі түрде кеңестер өткізуді жалғастыру жоспарға енгізілген.



ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ

КПО өз қызметкерлерін жұмыс орнындағы денсаулыққа әсер ететін қауіпті факторлардан қорғауды және салауатты өмір салтын насихаттауды көздейді.

16-КЕСТЕ. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕР GRI 103-2

2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ	МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР
■ «Жүрек саулығы» бағдарламасының соңғы жылын аяқтау. ■ 4-жылдық нәтижелерді талдаудың негізінде денсаулық жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу	Орындалды	«Жүрек саулығы» бағдарламасы аяқталды	Хабардарлықты арттыру мақсатында жүрек-қан тамырлары жүйесін нығайту бағдарламасын енгізу
Кемшіліктерді анықтау үшін және омыртқа ауруларымен күресудің өзге тәсілдерін іздеп табу үшін арқа ауыруын алдын алу бағдарламасын қайта бағалау	Орындалды	Бағдарлама жабылды. Бағдарламаны жаңарту жоспары көзделмеген.	
Медициналық тексеруден өтетін қызметкерлердің санын арттыруға бағытталған насихаттау іс-шараларын жалғастыру	Орындалды	Салауатты өмір салтын насихаттау іс-шаралары жүргізілді, оның ішінде ҚТ бойынша презентациялар, хабардарлықты жақсарту постерлері, денсаулық бюллетеньдері және интранет бетіндегі басылымдар.	Сабырлықты, шаршағанды бақылау және жүрек-қан тамырлары ауруларына назар аударып салауатты өмір салтын насихаттауды жалғастыру
Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау жұмыстарын жалғастыру	Орындалды	Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалайтын 210 шара өткізілді. 2016 жылмен салыстырғанда, өсім жұмыс орындарының қосымша эргономикасынан және «сұрату бойынша» бағалаудан болды.	Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалауды жалғастыру
Әртүрлі әсер ету сценарийлері үшін бензолды жеке бақылаудың комплексті жұмыстарын жүргізу	Орындалды	Бензолды жеке бақылау шаралары жүргізілді. Сынама анализі бензол әсері деңгейінің қауіпсіз шекте болғанын көрсетті. 2018 жылға жүйелі бақылау шаралары жоспарланбаған. Бензолдың әсер ету қауіп-қатер деңгейін төмендету жоспары әзірленді.	
Ортада легионелланың кездесу қауіпін бағалау. Легионеллезаны бақылау бойынша бағдарлама мен іс-шаралар жоспарын әзірлеу.	Орындалды	Қауіп-қатерді бағалау шаралары жүргізілді. Легионелланы бақылау процедурасы жарияланды. Легионелла қауіп-қатерін төмендету жоспары әзірленді.	Легионелла қауіп-қатерін төмендету жоспарын жүзеге асыру.



Басшылық ету және басқару әдістері  
Этикалық тәртіп  
Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
**Денсаулықты қорғау**  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту

**ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК**

ВКПО-ның кен орнындағы және Ақсай қаласындағы медициналық қызмет көрсету клиникалары КПО қызметкерлеріне алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Сондай-ақ, олар қауіпсіздікті сақтау тұрғысынан маңызды қызметкерлерге ауысым алдындағы тексерулерді, оның ішінде кездейсоқ алкоголь тексерулерін жүргізеді.

**17-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КӨРСЕТКІШТЕРІ	АУЫСЫМ АЛДЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР (ЖҮРГІЗУШІЛЕР/ОПЕРАТОРЛАР/ЭЛЕКТРИКТЕР)
Клиникаға жолыққан пациенттер саны	2 062
Медициналық мекемелерге жеткізілген пациенттер саны	98
Оқытулар мен тәжірибелік сабақтар саны	481
Жедел жәрдем көрсету үшін оқытылған қызметкерлердің саны	296
Тексерулердің саны	91 296
Жұмысқа жарамсыздық жағдайларының саны	2
Алкогольге іріктеп тексеру	2 158
Алкогольге іріктеп тексерудің оң нәтижелері	0

**НАУҚАСТАРДЫ ЕМДЕУ** GRI 403-3, 403-4

Медициналық сақтандыру қызметтерін жеткізуші емделушілерді ауруханаға жатқызу мен оларды бақылау бойынша күн сайынғы есептерді КПО-ның Денсаулық сақтау бөліміне тапсырып отырады. Денсаулық сақтау бөлімі сондай-ақ кейіннен беталысты анықтау үшін қолданылатын еңбекке жарамсыздық парағын талдай отырып, еңбекке жарамдылықты уақытша жоғалтуға әкелген ауру-сырқауларды қадағалап отырады. Медициналық сақтандыру КПО және кәсіподақтар арасындағы ұжымдық шарттың бір бөлігі.

**Жұмыс орнында болмауды қадағалау** GRI 403-2, 403-3


КПО-дағы жұмыс орнында болмау көрсеткіштері № 7-кестеде көрсетілгендей тұрақты болып қалуда. Соңғы 6 жыл ішінде тіркелген

кішкене өсімді медициналық қызметтер қамту аясының бірте-бірте кеңеюімен, сондай-ақ заңнамаға өзгерістердің енгізілуімен түсіндіруге болады.

Жалпы аурулардың өткен жылдармен салыстырғанда өсуі келесі нозологияларда байқалады:

- Жедел тыныс жолдары жұқпалары J 06,
- Жедел фарингит және ангина (тонзиллит) J 02-05,
- Көздің аурулары және оның қосалқы бөлшектері H 00-59,
- Күнделікті өмірдегі жарақат алу және улану,
- Тірек-қимыл аппараты мен дәнекер тінінің аурулары M 00-99.

**11-СЫЗБА. КПО ЖҰМЫС ОРНЫНДА БОЛМАУ КӨРСЕТКІШІ 2010-2017 ЖЖ.**



КПО-да жұмыс орнында болмау көрсеткішін есептеу үшін келесі әдіс қолданылады:

- Жұмыс орнында болмау көрсеткіші = жұмыс орнында болмауына (ауруға байланысты) байланысты жоғалтылған нақты күндер саны x 100 / жұмысшылардың жалпы саны. Жұмысшылардың басқа себептермен жұмыста болмаған күндері туралы деректер жоқ.
- КПО-да бақылаушы органдардың талаптарына сәйкес, жұмыс орнында болмау көрсеткішін қызметкерлер саны бойынша (адам-сағатына емес) есептеу әдістемесі қабылданған.




ЖЫЛ	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Қызметкерлер саны	2 689	2 655	2 764	2 911	3 067	3 187	3 173	3 126
Жоғалтқан күндер саны	14 224	14 344	16 149	17 215	17 855	19 066	19 181	22 277
Жұмыс орнында болмау	529	540	584	591	582	598	605	713

**Кәсіби аурулар** GRI 403-2, 403-3

2013-2017 жылдары аралығында КПО-да кәсіби аурулар байқалған жоқ.

**12-СЫЗБА. КПО-ДАҒЫ КӘСІБИ АУРУЛАР, 2009-2017 ЖЖ.**



КПО кәсіби аурулардың жиілігін келесі формула бойынша есептейді:

Кәсіби аурулардың жиілігі (бір миллион атқарылған адам-сағатына шаққанда) = кәсіби аурулардың саны x 1 000 000 / адам-сағаты.

**Ауыз су сапасы мен қоғамдық тамақтану пункттерінің қауіпсіздігін бақылау**

2017 жылы азық-түлік қауіпсіздігін тексеру шаралары КПО және мердігерлер асханаларымен шектелмей, Орал қаласының қоғамдық мейрамханаларын да қамтыды. Бұл, қалада жұмыс жасайтын қызметкерлер санының артуы және Компания қаржыландыратын іс-шараларды тағамдармен тек бекітілген қамтамасыз етушілер пайдаланатынына кепілдік беру қажеттілігінен туындады. КПО қызмет көрсету бөлімі бірнеше қоғамдық тамақтандыру объектілерінің басшыларына өз мекемелерінде инспекция жүргізуді ұсынды. Нәтижесінде КПО денсаулық және өндірістік гигиена мамандары тексерген жеті мейрамхананың үшеуі КРО стандарттарына сай болды және Компанияның іс-шаралары үшін қоғамдық тамақтану қызметтерін жеткізетін қолайлы жеткізуші ретінде танылды.

Азық-түлік қауіпсіздігі бойынша жыл сайынғы бағдарламаның шеңберінде КПО-ның денсаулық сақтау және өндірістік гигиена мамандары КПО қызметкерлері мен мердігерлеріне қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсететін 51 асхананы тексерді.

2017 жылы Легионелламен ластану қаупін бағалау мақсатында КПО-ның барлық нысандарында ыстық және салқын сумен қамтамасыз ету жүйелеріне зерттеу жүргізілді. Бұл шараларды атқару нәтижесінде қауіп-қатерлерді басқару мақсатында Легионелланы бақылау жоспары әзірленді.

**Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау** GRI 403-3, 403-4

2017 жылы денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау бойынша 210 шара жүргізілді. Оларға қауіпсіздік сақтау тұрғысынан маңызды қызметтер, эргономиканы бағалау және жұмыс орнындағы қауіп-қатерлерге өзгерістер енгізу бойынша денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау шаралары жатады. Бұл шаралардың егжей-тегжейлі сипаттамасы 2016 жылға арналған Тұрақты даму есебінде келтірілген.

**Жұмысқа жарамдылық**

КПО-ның жұмысқа жарамдылық процедуралары IOGP нұсқаулықтарын қосу және жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес болу мақсатында қайта қаралды. (Халықаралық деңгейде аккредиттелген дәрігерлермен орындалған) OGUК жұмысқа жарамдылықты бағалау Ақсай мен Орал қалаларында 2019 жылы қолданыста болады.






Басшылық ету және басқару әдістері  
Этикалық тәртіп  
Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
**Денсаулықты қорғау**  
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту


**САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУ**

Салауатты өмір салтын насихаттау кәсіби әрі жалпы денсаулық мәселелері және олардың алдын алу туралы хабардарлықты арттыратын денсаулық сақтауды басқару жүйесінің ажырамас бір бөлігі. 2013 жылы бастау алған «Жүрек саулығы» бағдарламасы 2017 жылы оң нәтижелермен аяқталды.

13-СЫЗБА. КПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ СЕМІЗДІККЕ ШАЛДЫҒУ КӨРСЕТКІШІ, 2013-2017



14-СЫЗБА. КПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ХОЛЕСТЕРИННІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛЕРІ, 2013-2017



**Жергілікті халық денсаулығына төнетін қауіп-қатерді бағалау** GRI 413-1

2017 жылы КПО Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан жергілікті халық денсаулығына тиетін қызметтік әсерін бағалауды аяқтады. Бұл шара әсерді бағалауға мамандандырылған тәуелсіз компаниядан тыс үкіметтік емес ұйыммен бірге қызмет жасау арқылы жүргізілді.

Қарашығанақ кен орны айналасының 8 ауылында тұратын 4117 адамнан тұратын қауымдастық бағаланды. Бағалау шаралары аясында қоршаған орта (топырақ, су, ауа) мен эпидемиологиялық зерттеулер жасалып, сондай-ақ халықтың денсаулық сақтауға қолжетімділігі қарастырылды. Нәтижесінде, КПО қызметінен кен орны айналасында орналасқан жергілікті халық денсаулығына тиетін ешқандай кері әсер анықталмады. Сонымен қатар, денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау бойынша денсаулық сақтау саласына әлеуметтік инвестициялар, әсіресе, қауымдастықтың денсаулық сақтауға қолжетімділіктерін жақсарту мүмкіндіктері белгіленді. Бұл КПО-ның таяудағы әлеуметтік инвестициялар жоспарына енгізілетін болады.

**ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНДА САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ БАҚЫЛАУ**

**Жұмыс орындарын аттестациялау**

Жұмыс орындарын аттестациялау - олардың ҚР нормаларына сәйкес болу үшін еңбек жағдайларын нормативтік бағалау болып табылады. 2017 жылы КПО Денсаулық сақтау бөлімі осы шараны жүзеге асырып, лицензиясы бар мердігердің көмегімен ҚӨК, негізгі шеберхана, қойма, бастапқы өңдеу станциясы және ГҚДҚ-3 нысандарындағы жұмыс орындарды аттестациялауды жүргізді.

**Құрамында асбест бар материалдарды бақылау**

Құрамында асбест бар материалдарды бақылау бойынша зерттеулер 2016 жылы жүргізіліп, 2017 жылы да жалғасын тапты. Жоғары қауіпті материалдар туралы ақпарат шұғыл әрекет ету үшін тиісті нысан басшыларына жеткізілді. Құрамында асбест бар материалдарды бақылау процедурасы әзірленді және енгізілді. 2018 жылы құрамында асбест бар материалдарды бақылау жүйесін енгізу және қауіп-қатерлерді басқаруды іске асыру бойынша көлемді жұмыс күтілуде.



Өнеркәсіптік нысандарды оперативті бақылау - санитарлы-гигиеналық мониторингі бағдарламасын қамтитын нормативтерге сәйкестік әрекеті болып табылады.

18-кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы екі жыл ішінде шамадан асып кету көрсеткіші тұрақты болды, көбінесе олар төмен жарықтандыру және жоғары шу деңгейлерімен байланысты болды. Қазіргі уақытта КПО ескі жарық көздерін жарығырақ әрі энергия

үнемдегіш баламалармен кезең-кезеңмен ауыстыруды жүргізіп келеді. Шудың қызметкерлерге тигізетін әсерін азайтуға бағытталған іс-шараларды қамтитын Есту қабілетін қорғау бағдарламасының бір тақырыбы ретінде жоғары шу деңгейі бар нысандар қарастырылған.

18-КЕСТЕ. ФИЗИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫ БАҚЫЛАУ, 2017 Ж.

ФИЗИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР	2016		2017	
	Жүргізілген зерттеулер саны	ШРД***-ден асу жағдайларының саны	Жүргізілген зерттеулер саны	ШРД-ден асу жағдайларының саны
Шу	452	103 (22,8%)	426	106 (24,8%)
Діріл	93	19 (20,4%)	81	19 (23,4%)
ЭМӨ*	3 824	50 (0,13%)	3 936	11 (0,2%)
ЭСӨ**	2 062	0	2 133	0
Жарықтылық	2 741	767 (27,9%)	2 741	765 (27,9%)
Микроклимат	7 644	498 (6,51%)	6 630	387 (5,8%)
Жалпы	16 816	1 437 (8,5%)	15 947	1 288 (8,0%)

\* ЭМП – электромагниттік өріс  
\*\* ЭСӨ – электрстатикалық өріс  
\*\*\* ШРД – шекті рауалы деңгей

19-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС ОРНЫНДА АУАНЫ БАҚЫЛАУ

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ	САНЫ
Жоспарлы сынама алу жұмыстары	16 536
Өткізілген сынама алу жұмыстары	15 462*
Нормативтерге сәйкес келмеу жағдайларының саны	0
Шекті рауалы деңгейден (ШРД) асу жағдайлары байқалған сынамалардың үлесі	0

\* Аяқталған және жоспарланған өлшемдер арасындағы айырмашылық бұрғылау қондырғысын басқа жерге көшіру, кіргізуді шектеудің жаңа тәртібін енгізу, және қоршаған ортаға әсерді жоятын жоспарланбаған машиналар мен жабдықтарды жөндеу немесе оларға техникалық қызмет көрсету сияқты оқиғалармен байланысты.



Басшылық ету және басқару әдістері  
 Этикалық тәртіп  
 Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
 Денсаулықты қорғау  
**Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту**

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІ КӘСІБИ ДАМУЫ

Компанияның бизнес мақсаттары қызметкерлер біліктілігінің, жігерлі еңбегінің және жұмысқа берілгендігінің арқасында ғана орындалуы мүмкін. Қызметкерлеріміз Қарашығанақ кен орнын игеру мен пайдалануда шешуші рөл атқарады. Біз өз қызметкерлерімізді құрушы компаниялардың тәжірибесімен бөлісу, қажетті оқыту және білім ордаларын жұмылдыру арқылы дамытуды жалғастырамыз. <sup>GRI 103-1</sup>


20-КЕСТЕ. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУЫ МЕН ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША БІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІМІЗ <sup>GRI 103-2</sup>

2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР	ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР
1+2 санаттағы ≥ 75% көрсеткішін сақтап, 2015-2020 ж. арналған кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру.	Орындалды	2017 жылы кадрдағы жергілікті қамтудың үлесі 1+2 санаты (бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері) бойынша 76%-ке жетті. Бұл Қазақстан азаматтарын оқытуға, қайта даярлауға және біліктіліктерін арттыруға бағытталған. КПО-ның кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы аясында 2015-2020 жылдарға арналған жеделдетілген дамыту бағдарламасының 3-легіне қатысушылар іріктелді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жергілікті қызметкерлерді жеделдетілген дамыту бағдарламасы аясында 173 қатысушының 2018 жылға жоспарланған оқыту бағдарламасын бекітілген жеке кәсіби дамыту жоспарларына сәйкес жүзеге асыру;</li> <li>1+2 санаттағы (бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері) ≥ 75% көрсеткішін сақтап, 2015-2020 ж. арналған кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру</li> </ul>
Ұжымдық шарт ережелерінің уақытылы әрі толық орындалуын қадағалау	Орындалды	Ұжымдық шарт ережелеріне сәйкес бекітілген бюджет бойынша барлық жәрдемақылар төленді. Кәсіптік одақтармен және кәсіподақ федерацияларымен жүйелі кездесулер өткізілді. Қызметкерлерге берілетін кепілді төлемдер ай сайын тексеріліп тұрды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>31.12.2018 жылға дейін жаңа ұжымдық шарт жасасу бойынша келіссөздер жүргізу.</li> <li>Компания және кәсіподақтар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуды жалғастыру.</li> </ul>
КПО-дағы еңбекақы деңгейін ағымдағы нарықтық деңгеймен салыстырып талдауды жалғастыру, қажет жағдайда түзетулер енгізу.	Орындалды	КПО бойынша іс жүзіндегі еңбекақы мен сәйкес нарықтық еңбекақыға мұнайгаз секторын шолу бойынша салыстырмалы талдау жүргізілді. Салыстыру қорытындылары бойынша КПО еңбекақы деңгейі нарықтық деңгеймен тең түсіп, түзетулерді қажет етпейді.	Нарықтық еңбекақысына шолу негізінде КПО және ҚР мұнайгаз нарығы еңбекақыларын жыл сайын салыстыру, және қажет жағдайда түзетулер енгізу.
ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ қызметтерінің жұмыстарын өзара әрекеттесуді жақсарту және тиімділікті арттыру мақсатында қайта қарау	Орындалуы жалғасуда	2017 жылғы желтоқсан және 2018 жылғы ақпан аралығында ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ бөлімшелері жұмыстарының ұйымдастырылуы қайта қаралып, нәтижесінде жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстарды қамтыған есеп әзірленді.	ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ қызметтеріне олардың қызметтерін оңтайландыруды жүзеге асыру барысында, оның ішінде ұйымдық құрылымды, лауазымдық нұсқаулықтарды, қызметкерлердің жұмыс шарттарын өзгертуде қажетті қолдау көрсету.




2017 жылдың соңында Компанияның өзінде және уақытша жобаларда жұмыс істейтін КПО қызметкерлерінің жалпы саны 4421 адам болды, оның ішінде 4056-сы қазақстандық, ал 365-сі шетелдік қызметкерлер. <sup>GRI 102-7</sup>

15-СЫЗБА. 2015-2017 Ж.Ж. КПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ




16-СЫЗБА. 2015-2017 Ж.Ж. ЕҢБЕК ШАРТЫ ТҮРІ БОЙЫНША КПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ <sup>GRI 102-8</sup>



17-сызбада қызметкерлер саны гендерлік белгілеріне байланысты бөлініп көрсетілген. 2017 жылы КПО-да 3 222 ер адам және 1 199 әйел адам жұмыс жасаған. <sup>GRI 102-8</sup>


17-СЫЗБА. 2015-2017 Ж.Ж. ГЕНДЕРЛІК БЕЛГІСІ БОЙЫНША КПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ <sup>GRI 102-8</sup>





Басшылық ету және басқару әдістері  
 Этикалық тәртіп  
 Еңбекті қорғау, өндіріс тұтастығы және қауіпсіздік қызметі  
 Денсаулықты қорғау  
**Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту**

Картада Қазақстанның қалалары бойынша КПО қызметкерлері санының проценттік арақатынасы көрсетілген. 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы Орал кеңсесінде жұмыс істеу талап етіліп, әртүрлі бөлімдерден кейбір қызметкерлер көшу себебінен Орал қаласында жұмыс істейтін қызметкерлер саны өсті. GRI 102-8



2017 жылы уақытша жұмыс істейтін қызметкерлер саны 91 адам болды. GRI 401-2 Уақытша қызметкер – ақы төленбейтін немесе жүктілікке байланысты демалыстағы негізгі қызметкерді ауыстыру мақсатында шектеулі мерзімге жұмысқа алынатын немесе құрушы компанияға уақытша іссапармен жіберілген сыртқы қызметкер.

Жұмыстан босатылған және жұмысқа қайта алынған қызметкерлер саны 18-сызбада есептік кезең бойынша жас ерекшеліктеріне байланысты бөлініп көрсетілген. Сызбада, шетелдік қызметкерлерді қоспағанда, келісімшарт түріне қарамастан жергілікті қызметкерлер бойынша ақпарат берілген. GRI 401-1




2017 жылғы оңтайландыру және тиімділікті арттыру бағдарламасының жеңімпаздары




КПО қызметкерлері Ақсай қаласындағы Қазақстан халқытарының бірлігі күнінің шеруінде

18-СЫЗБА. 2017 ЖЫЛҒЫ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БОЙынША КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ GRI 401-1




19-сызбада 2017 жылғы жұмыстан босатылған және қайта қабылданған қызметкерлердің жалпы саны гендерлік белгілері бойынша бөліп көрсетілген. 2017 жылы КПО-ға қабылданған жаңа қызметкерлер саны қызметкерлердің орташа тізімдік санының 4,1%-ін құрады. 2017 жылғы кадрлар тұрақтамауы 2016 жылғы 1,9% көрсеткішімен салыстырғанда 2,7% құрады (Жергілікті қызметкерлер тұрақтамауы динамикасы 20-сызбаны қараңыз). GRI 401-1

19-СЫЗБА. 2017 ЖЫЛҒЫ ГЕНДЕРЛІК БЕЛГІСІ БОЙынША КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ GRI 401-1



20-СЫЗБА. 2015-2017 Ж.Ж. ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТҰРАҚТАМАУЫ ДИНАМИКАСЫ GRI 401-1, 103-3



Ескерту: ҚР еңбек заңнамасы талаптарына сәйкес 2017 жылғы жергілікті қызметкерлер тұрақтамауы динамикасына өз еркімен жұмыстан босатылған қызметкерлер де жатады.





**Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту**  
**Жергілікті қызметкерлерді дамыту**  
 Оқыту және дамыту  
 Қызметкерлермен өзара қарым-қатынас  
 Еңбекақысы мен жеңілдіктер  
 Шәкіртақы бағдарламалары  
 Қазақстандық жоғарғы оқу орындарымен серіктестік

**ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУЫ** GRI 405-1, 103-3

КПО компаниясы өз қызметкерлерінің кәсіби дағдылары мен қабілеттерін тұрақты дамыту үшін жағдай жасауға ерекше мән береді. КПО жыл сайын қызметкерлердің кәсіби дамуын қаржыландырады.

Шетелдік қызметкерлерді жергілікті мамандармен алмастыру бағдарламасының нәтижесінде 1998-2007 ж.ж. және 2008-2015 ж.ж. аралығында кадрлардағы жергілікті қамтудың үлесі 2015 жылдың басында: 1+2 санаты бойынша 71%-ті, ал 3+4 санаты бойынша 95%-ті құрады. Осы есептеу бағдарламалардың қолдану кезеңіне қызметкерлердің санаттауына сәйкес ұсынылды. Жалпы, 1999 – 2017 ж.ж. аралығында 180 астам КПО-ның шетелдік қызметкерлері жергілікті мамандармен алмастырылған, ал шетел қызметкерлері жасаған 177 қызмет қысқартылған.

2014 жылы қайта қаралған 2015-2020 ж.ж. арналған КПО-ның кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы жергілікті тұрғындардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін және жергілікті жұмыс күшін қаржыландыруды барынша арттыруға бағытталған. Осылайша аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру барысында 2017 жылы шетел қызметкерлерінің 10 лауазымы жергілікті қызметкерлермен алмастырылды, сонымен қатар бұған дейін шетел қызметкерлері жасаған 22 қызмет қысқартылды. КПО-ның шетелдік қызметкерлерді жергілікті мамандармен алмастыру жұмыстарының нәтижесінде, 2017 жылдың соңында жалпы қызметкерлер санының 91%-ын жергілікті қызметкерлер құрады. Санат бойынша көрсеткіштер 21-кестеде ұсынылған. GRI 103-2

**21-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛҒЫ КАДРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ АРТТЫРУ БОЙЫНША ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНАТЫ БОЙЫНША** GRI 202-2, 103-3

КАТЕГОРИЯСЫ	ТҮСІНДІРМЕСІ	ҚР ЗАҢНАМАЛЫҚ ТАЛАБЫ	2017
1+2	Бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері	74%-дан кем емес	76%
3+4	Мамандар / білікті жұмысшылар	92%-дан кем емес	95%

Кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру КПО-ның экономикалық мұрасын құрудағы маңызды элементі болып табылады. КПО компания қызметкерлерінің барлық бөлімшелері бойынша жетекшілік деңгейге көтеру үшін дамудың көп құралдарын пайдаланады. Дарынды және әлеуеті жоғары жергілікті қызметкерлерді дамытуға аса көңіл бөлінеді. Кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы келесі көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған:

- Жергілікті қызметкерлерді оқыту және дамыту процесінің тиімділігін арттыру;

- КПО жергілікті қызметкерлерінің, мердігерлерінің және қосалқы мердігерлерінің санын көбейту.

Кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы бойынша қойылған мақсаттарға сәйкес КПО БҚО-да тіркелген 41 мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарда олардың жүзеге асырылуын қадағалады. Мониторинг тоқсандық, жарты жылдық және жылдық негізде жүргізілді. Аталған ұйымдардағы жергілікті қамту көрсеткіштері 22-кестеде берілген.


**22-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛҒЫ БҚО-ДА ТІРКЕЛГЕН МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КАТЕГОРИЯЛАРЫ БОЙЫНША КАДРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ОРТА МӘНІ**

КАТЕГОРИЯСЫ	СИПАТТАМАСЫ	2017
1+2	Бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері	73%
3+4	Мамандар / білікті жұмысшылар	94%



21-сызбада КПО-ның 2015-2020 ж.ж. кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасына сәйкес уақытша жобаларға жұмылдырылған қызметкерлермен қоса КПО-дағы шетелдік мамандардың жалпы саны көрсетілген.

**21-СЫЗБА. ШЕТЕЛДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, 2015-2017 ЖЖ.**




22-сызбада КПО жергілікті және шетелдік қызметкерлер саны берілген.

**22-СЫЗБА. ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЖҰМЫСКЕРЛЕР ҮЛЕСІ, 2015-2017 ЖЖ.**



23-сызбада КПО құрылымындағы (негізгі ұйым мен уақытша жобаларды қосқанда) шетелдік және жергілікті қызметкерлердің жас ерекшеліктері мен жыныс белгілері бойынша жоғары және орта буын жетекшілерінің жалпы саны берілген.

**23-СЫЗБА. ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕНЕДЖЕРЛЕРІНІҢ ЖАС ЖӘНЕ ЖЫНЫС КАТЕГОРИЯЛАРЫ БОЙЫНША САНЫ, 2017 Ж.** GRI 405-1





**Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту**

Жергілікті қызметкерлерді дамыту  
**Оқыту және дамыту**  
 Қызметкерлермен өзара қарым-қатынас  
 Еңбекақысы мен жеңілдіктер  
 Шәкіртақы бағдарламалары  
 Қазақстандық жоғарғы оқу орындарымен серіктестік



КПО түлектерін дамыту бағдарламасының қатысушылары бағдарламаның 10 жылдық мерейтойында

**ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ GRI 103-3**

Қызметкерлерді оқыту - ынталандырады және жұмыс тиімділігін арттырады, қызметкер біліктілігінің өндіріс талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етеді, және әрі қарай қызметтік өсуге жағдай жасайды. Қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіби деңгейін тиімді өндіріс қызметтерінің бөлінбес шарты ретінде арттыру КПО кадр саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Сол себепті Компания өз қызметкерлерінің оқытуда және кәсіби тұрғыдан жетілу қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, олардың өсуіне және дамуына қолдау көрсетуге ұмтылады.

ӨБТК талаптарына сәйкес оқыту өндіріс қажеттіліктері мен өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сай жүргізіледі. 2017 жылы оқыту бағдарламалары мен міндетті оқу курстарын дайындау және ұсынуда шығындарды оңтайландыру процесі жалғасты.

КПО оқыту және дамыту бағдарламасы құрушы компаниялардың стратегиялық жоспарлары мен қызметкерлердің өздеріне жеткіліксіз болатын кәсіби біліктілікті ескеріп, қызметкерлердің білім мен біліктілік деңгейін арттыру мүмкіндіктерін көздейді. Оған дайындық, қайта дайындық және біліктілікті арттыру жатады.


2017 ж. КПО-да келесі оқыту және дамыту бағдарламалары жүргізілді:

- Сертификатталған халықаралық мамандықтар № 18-сызбада көрсетілген, оның ішінде:
  - CIPS – Негізгі курс бойынша сатып алу және жеткізімдер саласындағы CIPS институтының халықаралық дипломы;
  - IWCF – Газ, мұнай мен судың бөлінуі кезінде ұңғыманы басқару/ұңғымадағы қысымды бақылау;
  - MEMIR – Төтенше жағдайда апаттық әрекет ету курсы (OPITO стандарты);
  - NDT – Бұзылмайтын бақылау бойынша сертификациялау;

- NEBOSH – Еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігі бойынша Ұлттық емтихан кеңесімен берілетін денсаулық, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы халықаралық сертификат.
- Кәсіби оқыту;
- ЕК, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті оқытулар.

Тәжірибе бағдарламасы бойынша 2017 жылы Компания аталмыш бағдарламаға қажеттілікке, сондай-ақ үміткерлерді, болашақ орындарды және қызметкерлердің қатыса алатын жобаларын анықтауға талдау жүргізді.

**24-СЫЗБА. 2017 ЖЫЛҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША СЕРТИФИКАТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАР АЯСЫНДАҒЫ ОҚУДАН ӨТКЕН ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ**



**2017-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕДЕЛ ДАМУЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Жедел дамыту бағдарламасы әлеуеті жоғары қазақстандық қызметкерлерді анықтауға және олардың 2017-2020 жылдар аралығында максималды әлеуетіне жеткенге дейін әрі қарай дамытуға бағытталған. Бағдарлама компания қызметкерлеріне тұрақты кәсіби өсіп, дамуына қажетті білім алып, іскерлікті үйренуге жағдай жасайды, ал бұл компанияның алға қойылған мақсаттарына сәтті қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2016 жылдың соңында КПО қызметкерлерді оқыту және дамыту бөлімі 2017-2020 жж. аралығында Жедел дамыту бағдарламасына қатысу үшін үшінші қабылдауға потенциалды үміткерлерді іріктеуді бастады. Компанияның 217 потенциалды қызметкері бағдарламаға қатысты. Барлық қызметкерлер бағдарламаның шарттарына сәйкес компания бөлімшелерінің жетекшілерімен іріктелді.

Іріктеу кезеңі бағалау орталығын құрудан әр қатысушыға жеке сауалнама дайындауға дейін үлкен күш салуды қажет етті. Бағдарламаға қатысу үшін іріктелген үміткерлерді бағалау 2017 жылдың ақпан айынан мамыр айына дейін жалғасты. Іріктеу қабілеттілікті, ынтаны және адамдар мен процестерді басқару әлеуетін анықтайтын бірқатар психометриялық тесттерді құрады. Бағалау орталығының қорытындысы бойынша үміткерлердің басым тұстары мен бағыттары әрі қарай дамыту үшін анықталды.

Қызметкерлердің бір тобы үшін бағдарлама ұзақтығы 3 жылға созылады, ол кадр резервін құрудың ажыратылмас бөлігі болып табылады,

және өз кезегінде еңбек ресурстарын жоспарлаудың үздіксіздігіне және 2015-2020 жж. арналған кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасын орындауға кепілдік береді.

Жедел дамыту бағдарламасын жүзеге асыру барысында кадр резервін құруға, дарынды қызметкерлерді іріктеуге, олардың басым және әлсіз тұстарын анықтауға, жеке дамыту бағдарламаларын дайындап енгізуге, нәтижесінде компанияның бизнес қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін жоспарланған лауазымға тағайындауға аса көңіл бөледі.

**ОҚЫТУ БОЙЫНША СТАТИСТИКА GRI 404-1**

2017 ж. 380 922,8 адам-сағат (2016 ж. - 406 402 адам-сағат) жұмсалды, оның ішінде 260 207,8 адам-сағат (2016 ж. - 220 706 адам-сағат) КПО жұмыскерлеріне берілді. Қалған 120 715 адам-сағат (2016 ж. - 185 696 адам-сағат) мердігер жұмыскерлеріне ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ бойынша міндетті оқытудан өту үшін берілді.

2017 жылы бір жұмыскерді оқыту үшін орта есеппен 106 АҚШ доллары жұмсалды (2016 ж. 115 АҚШ доллары).

Бір жұмысшыға есептегенде оқыту сағатының орта саны 25-сызбада көрсетілген.

**25-СЫЗБА. ОҚЫТУ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БІР ЖҰМЫСШЫҒА ЖҰМСАЛҒАН ОҚЫТУ САҒАТЫНЫҢ ОРТА САНЫ, 2017 Ж.**



КПО түлектерін дамыту бағдарламасы сертификатын табыстау





**Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту**  
 Жергілікті қызметкерлерді дамыту  
**Оқыту және дамыту**  
**Қызметкерлермен өзара қарым-қатынас**  
 Еңбекақысы мен жеңілдіктер  
 Шәкіртақы бағдарламалары  
 Қазақстандық жоғарғы оқу орындарымен серіктестік

2017 жылы компания қызметкерлері үшін ұйымдастырылған оқыту 23-кестеде санат бойынша бөлініп келтірілген. 2017 жылы барлығы 42 944 адам-сағат курсы, оның ішінде 25 124-і мердігер қызметкерлері үшін өткізілді.

**23-КЕСТЕ. КАТЕГОРИЯ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ, 2015-2017 ЖЖ.**

КАТЕГОРИЯСЫ	2015	2016	2017
1. Жоғары және орта топ жетекшілері	219 адам (1 жұмысшыға 39,64 сағат)	293 адам (1 жұмысшыға 52,91 сағат)	125 адам (1 жұмысшыға 29,27 сағат)
2. Білікті мамандар / топ жетекшілері	1 682 адам (1 жұмысшыға 49,13 сағат)	1 019 адам (1 жұмысшыға 41,85 сағат)	1 749 адам (1 жұмысшыға 59, 64 сағат)
3. Техникалық қызметкерлер	1 045 адам (1 жұмысшыға 92,1 сағат)	1 233 адам (1 жұмысшыға 105,94 сағат)	1 356 адам (1 жұмысшыға 113,43 сағат)
4. Офистік және әкімшілік қызметкерлер	421 адам (1 жұмысшыға 16,5 сағат)	265 адам (1 жұмысшыға 38,99 сағат)	138 адам (1 жұмысшыға 18,96 сағат)

**КПО-ДАҒЫ ҚОСАРЛЫ БІЛІМ БЕРУ**

КПО қосарлы білім беру бағдарламасын 2005 жылдан бері қолданып келеді.

2016 жылы БҚО жоғары және кәсіби оқыту орындарынан 50 түлек «Өндірісті пайдалану мен техникалық қызмет көрсету жөніндегі техник» кәсіби дамыту бағдарламасына қатысу үшін іріктелді. Іріктеу тест топтамасынан және келесі пәндер бойынша техникалық сұхбат өткізу түрінде өтті: техник-электрик және бақылау-өлшеу құралдары мен автоматика, өндіру оператор, техник-механик. 2017 жылы шілде айында бағдарламаны аяқталысымен барлық тағылымгерлер іс-жүзінде тәжірибе алып, дағдылану үшін КПО нысандарына жіберілді. 2017 жылдың соңында Компанияға 31 тағылымгер жұмысқа орналасты.

**БІЛІКТІЛІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ GRI 103-2, 103-3**

Біліктілікті басқару жүйесі компаниядағы қызметкерлердің біліктілік деңгейін анықтауда ең қолайлы әдістердің бірі болып табылады. Біліктілікті басқарудың сауатты жүйесі барынша өнімді, қауіпсіз әрі тиімді жұмыспен және қызметкерлердің қажетті біліктілік деңгейімен қамтамасыз етеді. Өнімділік пен ұжымның барлық мүшелерінің кәсіби дамуын көрсеткіштерін қамтитын құрылымдалған өлшеу жүйесі кәсіпорынға біліктілікті басқарудың әр кезеңінде өз қауіп-қатерлерін және шығындарын мейлінше сапалы бақылауға мүмкіндік береді (іріктеу, бағалау, оқыту және дамыту, штаттық орналастыру және лауазымдық міндеттерді орындау). Аталмыш жүйе қызметкерлерді оқыту мен дамыту талаптарын орнатып, келесі тапсырмаларды орындауға көмектеседі:

- КПО жұмысшыларын оқыту мен дамытуды жоспарлаудың тиімді құралын тікелей жетекшілерін жұмылдыру арқылы әзірлеу;
- Өндіріске жұмылдырылған барлық жұмысшылардың қауіпсіздік техникасы мәдениетін жұмыс орнында қажетті біліктілік деңгейіне қол жеткізумен жақсарту;
- Қызметкерлерді оқыту мен дамытуға арналған қаражаттарды тиімді жоспарлауды қамтамасыз ету.

2017 жылы маусымда ОРІТО ұйымымен өткізілген жыл сайынғы аудит қорытындысы негізінде КПО компаниясы біліктілікті басқару жүйесінің тіркеу мерзімін 2019 жылдың маусымына дейін ұзартылуы расталды. Аккредиттеу жыл сайын тексеру жүргізуді білдіреді. КПО біліктілікті басқару жүйесінің тиімділігі мен үздіксіз жақсару мақсатында ОРІТО оқыту курсына тамамдаған және сертификатталған аудитор атанған өз қызметкерлері көмегімен ішкі аудиттерді өткізеді. GRI 103-3 2017 жылы КПО біліктілікті басқару жүйесі техникалық емес және техникалық рөлдеріне қатысты талаптарды сақтау жұмыстарын жалғастырды.

2018-2020 жж. аралығында біліктілікті басқару жүйесін әзірлеу мен оны кеңейту жоспарлануда. Оған инженер құрамы және өндіру мен техникалық қызмет көрсету бөлімінің супервайзерлерінің, сонымен қатар ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ бойынша жоғары және орта қауіпті жұмыстарды орындайтын негізгі мердігерлерінің біліктілік деңгейін қамтамасыз ету жүйесін дайындауды іс-жүзінде бар көлемге қосылады.



Компанияның техникалық емес бөлімінің біліктілігін басқару жүйесі арнайы дайындалған біліктілік моделі негізінде қызметкерлерді үш жылда бір рет бағалауды қамтиды. 2017 жылы заң бөлімінде осы бөлімнің талаптарына бейімделген біліктілік моделін ұсыну арқылы бағалау жүргізіліп, кәсіби дамудың аймағы анықталды.

Техникалық бөлімдерде персоналдың қажетті біліктілік деңгейін қамтамасыз ету үшін және біліктіліктің жеткіліксіз деңгейімен байланысты оқиғалардың пайда болу ықтималдығын азайту үшін бағалау жүргізіледі.

Біз біліктілікке белгілі бір мезгілде бағалау жүргізіп отырамыз. Осылайша, техникалық қызметкерлердің қол жеткізген біліктілік деңгейін сақтау мен жаңа талаптарды анықтау үшін қайта бағалау, және қажет жағдайда оқыту жүргізіледі.

КПО жүргізілген бағалаулар мен олардың жиілігі бойынша өзгертулерді қадағалап отыру үшін электрондық дерекқорды

**ЖҰМЫСШЫЛАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

КПО өз жұмыскерлерінің кәсіподақ қозғалысын құру және ұжымдық келісімшарт бойынша келіссөздерге қатысу құқығын қолдайды.

Екі кәсіподақ компания жұмыскерлерінің мүдделеріне өкілдік етеді: «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ және «КПО Б.В. және мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің Қарашығанақ жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ. Кәсіподақтар өз қызметтерінде әлеуметтік-еңбек қатынастарының түрлі аспектілері бойынша ұжымдық келісімшарт жобаларын дайындайды. Ұжымдық шарт қағидалары КПО штатына қабылданған, кәсіподақ мүшелігіне қарамастан барлық жұмысшыларға тиісті. КПО ұжымдық шарты жаңартылып, 2016 жылы оған қайта қол қойылды. GRI 102-41

КПО-да кері байланыстың бірнеше механизмдері бар: Еңбек ресурстары басқармасына тікелей немесе кәсіподақ арқылы және «Жедел желі» арқылы хабарласу. 2017 жылы Еңбек ресурстары басқармасына 7 шағым және 10 өтініш келіп түсті. Келіп түскен шағымдардың басым көпшілігінде жұмысқа орналастыру, бөлім ішіндегі жанжалдар, қызметін асыра қолдану, мердігер қызметкеріне қатысты заңсыз мінез-құлық мәселелері қозғалды. Жоғары аталған шағымдардың барлығы КПО-ның жұмысшылармен қарым-қатынас тобымен қарастырылып, шешім қабылданған болатын. GRI 102-17, 102-16, 103-2

КПО ұжымдық шартына сәйкес қызметкерлерді кейінгі қысқартумен Компанияны тарататын болса немесе түрді, жүйені немесе жұмысшылардың ахуалын нашарлататын төлемақы соммасын өзгертетін болса, кәсіподақтарды 2 ай (8 апта) бұрын хабардар етуге міндетті. GRI 402-1

Ұжымдық шарт аясында КПО зейнетақы жоспары еңбек шартын өз еркімен бұзу бағдарламасына сәйкес 2017 жылы компанияның 45 жұмыскері өз еркімен жұмыстан шығуға өтініш білдірді (2016 ж. – 18 жұмыскер). Еңбек шартын өз еркімен бұзу бағдарламасын пайдаланған жұмыскерлер санының артуы жаңа ҚР Еңбек кодексінің (бұдан кейін ҚР ЕК) күшіне енуімен байланысты болды. ҚР ЕК 52-бабы 1-тармағы 24-тармақшасына сәйкес жұмыс берушіге жұмыскер зейнеткерлік жасына жеткен кезде онымен еңбек шартын бұзуға рұқсат етілген. Осылайша ҚР жаңа ЕК-нің ережелері зейнеталды жастағы жұмыскерлердің көпшілігіне тиісті төлемдерді алу мақсатында қолданыстағы Бағдарлама бойынша еңбек шартын бұзуға негіз болды.

Компанияда ұжымдық шарттарды жүргізу өте маңызды. Сол себепті, КПО мердігерлерге заң талаптарына, ішкі ережелер мен саясаттарға қатысты түсінік беріп, мәжбүрлі еңбек етудің және/немесе

пайдаланады, ол презентациялардың әртүрлі нұсқаулары бар есептерді оңай түрлендіруге мүмкіндік береді.

КПО 2017 жылы техникалық қызметкерлер біліктілігінің стандарттар талаптарына сәйкестігінің 93% көрсеткішіне қол жеткізді. Нәтижесінде 852 техникалық мамандығы бар жұмыскер алғашқы бағалаудан өтіп, біліктілік сертификаттарын алды.

2017 жылы оқыту мен дамыту бөлімі және игеру мен техникалық қызмет көрсету бөлімінің біліктілікті басқару жүйесіне жауапты топтар біліктілікті басқарудың екі жүйесін (техникалық және техникалық емес) біріктіру бойынша жоспарын дайындауды бастады, бір жүйені келешекте ОРІТО ұйымы аккредиттеуден өткізуге жаспарлауда. Пилоттық нұсқасын сынау және жаңа жүйені енгізу 2018 жылдың ортасына қалдырылды.

жұмысшылардың жиындарды өткізу не ұжымдық жол беру құқықтарының алдын алу мақсатында үнемі жиындар өткізіп отырады. Бұл кейбір мердігерлер мен қосалқы мердігерлерде құқықтық нормаларды сақтауға жеткіліксіз көңіл бөлу жағдайында қолданылуы мүмкін. GRI 407-1



Ұңғымаларды жабдықтау бойынша аға инженер Берсугуров Ердоқ, КПО жоғары басшылығынан ерекше алғыс алуда





**Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту**

Жергілікті қызметкерлерді дамыту  
Оқыту және дамыту  
Қызметкерлермен өзара қарым-қатынас  
**Еңбекақысы мен жеңілдіктер**  
**Шәкіртақы бағдарламалары**  
Қазақстандық жоғарғы оқу орындарымен серіктестік



ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы салтанатты марапаттау рәсімінің қатысушылары

**ЕҢБЕК ТӨЛЕМІ МЕН ЖЕҢІЛДІКТЕР**

Компания өңір экономикасымен 20 жылдан астам уақыт байланысын үзбеуде және ол жергілікті білікті мамандардың компанияда жұмысын жалғастыруына мүдделі.

Компаниямен еңбек шарт жасасқан барлық жұмысшыларға әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер пакеті ұсынылады. Қоғамдық төлемдер мен жеңілдіктер пакеті жұмысқа орналасу кезінде ұсынылатын маңызды жағдай жасаушы болып табылады. Ол қаржы және қаржы емес төлемдерден тұрады. GRI 401-2

**КПО-мен еңбек шарт жасасқан жұмысшыларға арналған жылдық жеңілдіктер**

- Жыл қорытындысы бойынша сыйлықақы;
- Мұнай мен газ өндірісі жұмысшылары күніне арналған сыйлықақы;
- Денсаулықты қалпына келтіруге бір жолғы материалдық көмек;
- Жұмысшыларға шипажайда ем алуға берілетін төлем.

**Әлеуметтік жеңілдіктер**

- Жұмысшыларды оқытуға арналған грант бағдарламасы;
- Ауғанстан соғысы ардагерлеріне айлық үстеме;
- Зейнетке мерзімінен бұрын шыққанда берілетін жәрдемақы;
- КПО зейнеткерлеріне берілетін әлеуметтік көмек;
- КПО-да еңбек сіңірген жылдар үшін айлық үстеме;
- Сәбидің дүниеге келуіне байланысты бір жолғы ақшалай жәрдемақы.

**Өңірлік үстемелер**

- Ақсай қаласынан тыс аймақта тұрақты мекенжайда тіркелген қызметкерлер үшін тұрғын үйге және жол жүруге берілетін үстемелер;
- Ақсай қаласында тұрақты тұратын жұмыскерлерге тұрғын үй жағдайларын жақсартуға берілетін үстеме;
- Астана қаласындағы жұмыскерлерге өңірлік үстеме.

**Мерейтой мен мейрамдарда берілетін төлемдер**

- ЧМерейтой иелерін құттықтау (әйелдердің 50 мен 55 жас мерейтойлары және ерлердің 50 мен 60 жас мерейтойлары);
- 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне сыйлықақы;

- Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімге қол қоюға қатысты 5 жылда 1 рет берілетін сыйлықақы.

**Материалдық көмек**

- Жұмыскер қайтыс болған жағдайда берілетін материалдық көмек;
- Жұмыскердің отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда берілетін материалдық көмек;
- Зейнеткер қайтыс болған жағдайда берілетін материалдық көмек.

**Қаржылық емес жеңілдіктер**

- Медициналық сақтандыру;
- Жұмыс орнына дейін және кері жол жүруге тегін көлік;
- Кен орнындағы жұмыскерлерге тегін тамақтану немесе кен орнында ерекше жұмыс жағдайында жұмыс жасайтын қызметкерлердің тамақтануына үстеме;
- Жұмысшылардың 14 жасқа дейінгі балаларына жаңа жылдық сыйлықтар;
- Қосымша төленетін еңбек демалысы;
- Жазатайым оқиғалардан сақтандыру.

КПО-мен тікелей келісімшарт бойынша жұмысқа орналасқан барлық жергілікті жұмыскерлерге берілетін қаржылық емес төлемдердің бірі «Жазатайым оқиғалардан ерікті топтық сақтандыру» болып табылады. Сақтандыруға КПО жұмыскерінің жұмысқа жарамсыздыққа, ауруханаға жатқызу немесе өлімге апаруға мүмкін оқыстан болған дене жарақаттары кіреді. Сақтандыру бүкіл әлем бойынша, тәулік бойы, жұмыс немесе демалыс күндеріне қарамастан жылына барлық 365 күні жұмыс істейді.

КПО-да кадр агенттігі арқылы жұмыс істейтін қызметкерлерге сол агенттіктің ұжымдық шарттары қолданылады. Кадр агенттіктері арқылы жұмысқа алынған жұмысшылардың жәрдемақыларын өтеу үшін бөлек жоспарланған төлемдер КПО мен сол агенттіктер арасында бекітілген бюджет шеңберінде келісіледі.

Ұжымдық шарт шарттарына сәйкес КПО-ға жұмысқа алынатын мамандардың ең төмен еңбекақысы 155 000 теңге деңгейінде бекітілген. 2017 жылы өткізілген жыл сайынғы статистикалық мәліметтер негізінде КПО жұмысшыларының орташа еңбекақысы Батыс Қазақстан облысы бойынша орта көрсеткіштен 3,3 есе жоғары GRI 202-1



КПО жыл сайын өз жұмыскерлерінің еңбек төлемдерін қайта қарастырып отырады. Бұл инфляцияның жылдық деңгейі ескерілген жыл басындағы еңбекақыны көтеруді, жыл бойы орындаған жұмысының қорытындылары бойынша оң баға алған жұмыскерлерге сыйлықақыны жыл сайын төлеуді, сонымен қатар жалақыны жеке-кей көтеру және қосымша бір жолғы берілетін төлемдерді қамтиды. 2017 жылы жалпы еңбекақыны көтеру мөлшері 8,5%-ті құрап, алдыңғы 2016 жылғы инфляция деңгейімен бірдей болды.

2017 жылы қаңтарда Компания ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ саласында жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін жұмыскерлерге аталған төлемдерге қосымша сыйлықақы төленді. Мұнай мен газ кешені жұмысшылары күніне сыйлықақы бекітілген мерзімнен бұрын 2017 жылғы тамызда төленді. Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімге қол қойылу 20 жылдық мерейтойына байланысты сыйлықақы 2017 жылғы қазанда төленді. Компанияның негізгі сала қызметтеріндегі жетістіктерімен байланысты жергілікті жұмыскерлерге кезектен тыс бір жолғы төлем 2017 жылғы желтоқсанда берілді.

КПО жалақысы Қазақстандағы мұнай мен газ секторындағы еңбек төлемінің нарықтық деңгейіне сәйкестігін растаған еңбек нарығының ағымдағы жағдайын салыстырмалы талдау қорытындылары бойынша жалақыға қосымша түзетулер жүргізілмеді.


КПО өз жұмысшыларының жұмыс орнын сақтау құқықтарын қолдайды. ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес жұмыскер бала күтімі бойынша ол 3 жасқа толғанша дейін еңбекақысы сақталмайтын демалыс алуға құқылы. 2017 есеп жылында жүктілік және босану бойынша демалыс алған, сонымен қатар бала күтімі бойынша демалыс алған жұмыскерлердің 24%-і есептік кезеңде жұмысқа қайта оралды, сөйтіп қызметкерлерді жұмыс орындарында сақтап қалу проценті 100%-ті құрады. Қалған жұмыскерлердің 76%-і 1 жылдан астам уақыт бала күтімі бойынша демалыс алды.

26- сызбада 2017 жылғы жүктілік және босану демалысын алған, және 3 жасқа дейін бала күтімі бойынша демалыс алған жұмысшылардың жалпы саны, демалыстан шыққаннан кейін жұмысқа оралғандардың саны жыныс белгісі бойынша бөлініп көрсетілген. GRI 401-3

**ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ЕҢБЕКТІ БАҒАЛАУ GRI 404-3, 103-3**

КПО-да еңбек өнімділігі көрсеткіштерін үнемі жақсарту мақсатында жұмыс орындауды жыл сайын бағалау процедурасы бар. Бұл КПО-мен еңбек келісімшартын жасасқан және еңбек өтілі жарты жылдан асқан барлық жұмыскерлерге қатысты. Жетекшілік қызметтегі жұмыскерлер үшін жыл сайынғы негізгі тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалайтын бөлек процес бар.

**26-СЫЗБА. 2017 ЖЫЛҒЫ ЖҮКТІЛІК, БОСАНУ ЖӘНЕ БАЛА КҮТІМІ ДЕМАЛЫСТАРЫ БОЙЫНША КПО ДЕРЕКТЕРІ**



**КОМПАНИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ЖҰМЫС ПРОЦЕСТЕРІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ GRI 103-3**

Ұйымдық құрылым және жұмыс процесі тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында компанияда оңтайландырудың кезеңдік процесі бар.

2017 жылы жобаларды басқару тобындағы ұйымдық моделді жақсарту мақсатында жобаларды жүзеге асыру директорында матрицалық құрылымды қолдану арқылы қайта құру өткізілді. Аталмыш принцип жобаларды басқару жөніндегі топ жетекшілерімен қатар стандарттарды қолдану мен бөлек функциялар аясында бақылауды қамтамасыз етуге жауапты басқа жетекшілерге тікелей бағынуды көздейді. Мұндай функцияларға инженерлік қамтамасыз ету, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау, келісімшарттарды басқару мен сапаны бақылау жатады.

Матрица құрылымын қолдану компанияның негізгі жобаларын басқаратын бөлімдерге қажетті функционалдық қолдау көрсетеді, және олардың жұмыстарын тиімдірек ұйымдастыруға көмектеседі..

**ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ШӘКІРТАҚЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ GRI 404-2**

КПО өз жұмысшыларының біліктілігін арттыру бойынша үздіксіз қызмет атқарып келеді және осылайша үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ете отырып, кәсіби біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік береді. 2002 жылы енгізілген КПО-ның Қазақстандық жұмысшылар мен олардың балаларына арналған шәкіртақы бағдарламасы - жұмысшылар біліктілігін арттыру мен

қосымша кәсіби білім алудың маңызды түртікерлердің бірі.

2017 жылы жоғарыда аталған бағдарламалар аясында КПО-ның 20 қызметкері мен 40 қызметкер балалары шәкіртақысына жалпы көлемі 33 млн теңге (104 мың АҚШ доллар баламасында) қаражат бөлінді.


КПО гранты бойынша алған қосымша білім Компанияның 14 қызметкеріне қызметтерін ауыстыруға мүмкіндік берді, осылайша әрі қарай Компания игілігі үшін жұмыс жасап, өз мансаптарын дамытуды жалғастырды.




**Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту**

Жергілікті қызметкерлерді дамыту  
Оқыту және дамыту  
Қызметкерлермен өзара қарым-қатынас  
Еңбекақысы мен жеңілдіктер  
**Шәкіртақы бағдарламалары**  
Қазақстандық жоғарғы оқу орындарымен серіктестік

27-СЫЗБА. КПО-НЫҢ ШӘКІРТАҚЫ БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУ ДИНАМИКАСЫ, 2009-2017 ЖЖ.



28-СЫЗБА. ШӘКІРТАҚЫ БАҒДАРЛАМАСЫНА КПО-МЕН БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТ, 2009-2017 ЖЖ., МЛН ТЕҢГЕ



**СӘТТИ БАҒДАРЛАМА**

Шәкіртақы бағдарламасын сәтті жүзеге асырудағы көрнекі мысалдарының бірі – Сәрсенбай Әйгерім. Әйгерім ЕҚ, ҚТ және өндіріс тұтастығы басқармасының ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ бойынша құжаттармен жұмыс жөніндегі жетекші маман қызметін атқарды. 2015 жылы ол еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігі саласында біліктілік пен құзыретін арттыру, және осы салада әрі қарай кәсіби даму мақсатында грантқа өтініш берді. «Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша қосымша білім алуға грантты ұтып алу оған өз білімі мен дағдыларын жетілдіруге, сонымен қатар қызмет жолында жоғарылауға мүмкіндік берді. Әйгерім 2015-2017 жылдар аралығында нысан тұтастығын қамтамасыз ету бөлімінде өзгерістерді басқару жүйесінің басшысы қызметінде жұмыс жасады. 2018 жылдан бастап ол жобаларды жүзеге асыру директорының ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ көрсеткіштері тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі сектор басшысы қызметіне ауысты, алған білімі мен жиған тәжірибесін іс-жүзінде қолданып келеді.




**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН СЕРІКТЕСТІК**

Оқу орындары және жұмыс беруші арасындағы әріптестік - қос тарап үшін де тиімді және бірлескен әрекет. Ол жас мамандардың ғылым, технология және өндіріс процесстеріне оқыту және бейімдеумен байланысты мәселелерді шешуге оң септігін тигізеді. КПО компаниясының жоғарғы оқу орындарымен өзара әрекеттесуі студенттерге арналған арнайы шарттағы келісімшарт негізінде

ұсынылатын тағылымдамадан өту бағдарламасы арқылы жүргізіледі. 2017 жылы 31 оқу институттарының 23 мамандық бойынша 363 студент КПО-ның әртүрлі бөлімдерінде дипломалды тағылымдамадан өтті. 2013 жылдан 2017 жылға дейінгі аралықта Компания осындай студенттік тағылымдамадан өткен 114 студентті жұмысқа қабылдады.

29-СЫЗБА. 2015-2017 ЖЖ. АРАЛЫҒЫНДА КПО СТУДЕНТТІК ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТКЕН СТУДЕНТТЕР САНЫ



Бұған қоса, КПО Республикалық жастарды практикалық дайындау бағдарламасын орындауға ат салысып, осылайша Бөрлі ауданынан шыққан кәсіптік оқыту институттардың түлектерін барынша қолдайды. Бұл бағдарлама 2009 жылы басталғаннан бері КПО компаниясында жастар практикасы бағдарламасынан 155 жас маман өтті. 2017 жылы 10 жас түлек жастар практикасын тәмамдап, олардың бір бөлігі КПО компаниясында жұмыс істейтін болады. 2013-2017 жылдар аралығында жастар практикасы бағдарламасын аяқтаған 23 адам КПО компаниясына жұмысқа алынды.

Оқыту институттарымен осындай өзара әріптестік шеңберінде 2017 жылы келесі шаралар жасалды:

- 2017 жылдың 9 қаңтардан 13 қаңтарға дейінгі аралықта Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің жас мұғалімдері КПО-ның ҚӨК техникалық қызмет көрсету бөлімінде «Энергетикалық инженерия» және «Мұнай-газ ісі» саласында кәсіби тағылымдамадан өтті. Бұл тағылымдан өту шарасы жас мұнайшы-инженерлер қоғамдастығын қолдау бойынша бірлескен қызмет жасау үшін БҚАТУ мен КПО арасындағы 2016 жылы қол қойылған Өзара серіктестік жөніндегі келісім аясында өткізілді.
- 2017 жылдың 2 сәуірі күні Еңбек ресурстары басқармасының өкілдері Алматы қаласында Қазақстан-Ұлыбритания университетімен ұйымдастырылған бос жұмыс орны жәрмеңкесіне қатысты. Бұл бастама университеттің соңғы курсындағы студенттердің жұмысқа орналасуына қолдау көрсету мақсатында өткізілді. 2017 жылдың 6 сәуірінде Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ техникалық университетінің бірлескен сараптама бөлімінің тәжірибе және мансап бөлімшесі өзінің 3-курс студенттері үшін КПО компаниясы жайлы презентация өткізді. Бұл жиналыста КПО Еңбек ресурстары басқармасының өкілдері студенттерге компания қызметі, практикалық сараманнан өту және Қарашығанақ кен орнында жұмыс істеу шарттары туралы баяндады. Жиналғандар бірнеше сұрақ қойып, толыққанды жауаптар алды.

- 2017 жылғы 26 сәуір күні КПО Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде ұйымдастырылған «Мансап күні» бастамасына қатысты. Бұл шара барысында «Қарашығанақ тұрақты даму бағытымен» атты КПО туралы бейнефильм көрсетіліп, студенттік тағылымдама бағдарламасы тақырыбында презентация ұсынылды. Жәрмеңке соңында, БҚАТУ ректоры Н.Х.Серғалиев өзара әріптестік және жұмысқа тарту қызметіндегі сүбелі үлестері үшін бірқатар компанияны, соның ішінде КПО компаниясын да дипломмен марапаттау рәсімін өткізді.
- 2017 жылғы 30 мамыр күні жұмысшыларды БҚО машина жасау өнеркәсібіне оқыту бойынша консультативтік кеңеспен Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде «Мұнай және газ инженериясы» саласындағы қосалқы кластерді дамыту мәселесі жөніндегі жұмыс жиналысы ұйымдастырылды. Жиналысқа БҚО Кәсіпкерлер палатасының, БҚО кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының, «Орал» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ, ТехноПарк Алгоритмнің өкілдері, машина жасау және мұнай-газ мекемелерінің басшылары мен жетекші сарапшылары, сондай-ақ БҚАТУ машина жасау мен политехника факультеттерінің мұғалімдері де қатысты. Султанов Танат - Өндіріс процессін қолдау жөніндегі учаске басшысы және Давлетов Аслан - технологиялық құбырлар жөніндегі инженер КПО атынан өкілдік етті. Жиынға қатысушылар болашақ инженерлерді дайындаудың сапасын арттыру бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті. Олар студенттерді оқыту бағдарламасы, студенттерге арналған практикалық дайындықты ұйымдастырудағы мәселелі қырлар, сонымен қатар мекемелерде университет ғалымдарының зерттеу жұмыстарын жүргізуі іспеттес сұрақтарды белсенді талқылады. Жиналысқа қатысушылар осындай шараларда тәжірибе алмасу қажеттілігін бірауыздан қолдады. Олардың пайымдауынша, бұл әрекет жас түлектерді жұмысқа орналастыру және университеттер мен компания арасындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары саласындағы өзара әріптестік мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.



## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ



Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйелері  
2017 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары  
Атмосфераға тасталатын шығарындылар  
Қоршаған орта мониторингі  
Энергияны пайдалануды реттеу

Көмірсутектерді өндіру және өңдеу әрекеті КПО компаниясына қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан үлкен жауапкершілікті жүктейді. Қарашығанақ секілді техникалық жағынан күрделімұнай, м газ және конденсат кен орнын қоршаған ортамен үйлесімде игеру – жеңіл іс емес. Сондықтан, бұл мақсатта компания озық жабдықты және әлемдік деңгейдегі технологияларды қолданады. <sup>GRI 103-1</sup>

Өз қызметін КПО тұрақты даму қағидаларын сақтай отырып және қоршаған ортаны қорғаудың жоғары стандарттарына сәйкес атқарады. Компанияның еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саясатының негізгі міндеттері:

- қоршаған ортаға кері әсерді барынша азайту;
- қоршаған ортаның ластануы деңгейін азайту;
- қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ету. <sup>GRI 103-2</sup>

Қолжетімді үздік технологияларды қолдану арқылы компания мүмкіндік бар жерде парниктік газдар шығарындыларын азайту және табиғат қорларын сақтау мәселесіне бағытталған үлкен жұмыс атқарып келеді. Қоршаған ортаны қорғау қағидаларын орындау бойынша өндірістік мақсаттарымыз 24-кестеде берілген.

### 24-КЕСТЕ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДАҒЫ МІНДЕТТЕР <sup>GRI 103-2</sup>

2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР	ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР
<b>БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ</b>			
КПО ҚОҚ басқару жүйесінің экологиялық менеджмент жүйесі бойынша жаңа халықаралық ISO 14001:2015 стандартына сәйкестігін қайта куәландыру.	Орындалды	ISO 14001:2015 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестік бойынша сертификациялық аудит өткізілді. Аталмыш аудит нәтижелері бойынша, Bureau Veritas компаниясы КПО экологиялық менеджмент жүйесі қызметінің тиімділігін және оның ISO 14001:2015 стандартына сәйкестігін растады.	ISO 14001:2015 стандартына сәйкестікті тексеру бойынша сыртқы қадағалау аудитін ұйымдастыру және өткізу
<b>АУАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ПАРНИКТІК ГАЗДАР</b>			
ПГ қалдықтарының көрсеткішін CO <sub>2</sub> эквивалентіндегі 203 мың тоннаға азайту.	Орындалды	Жоспарланған шараларды орындау ПГ шығарындыларын CO <sub>2</sub> эквивалентіндегі 447 мың тоннаға азайтуға мүмкіндік берді	ПГ қалдықтарының көрсеткішін CO <sub>2</sub> эквивалентіндегі 250 мың тоннаға азайту.
ПГ салыстырмалы қалдықтарын өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннасына шаққандағы 69-тонна CO <sub>2</sub> көрсеткішінен асырмау.	Орындалды	ПГ шығарындыларын азайту бойынша жоспарланған шараларды орындау өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннасына шаққандағы 63-тонна CO <sub>2</sub> көрсеткішіне қол жеткізуге мүмкіндік берді.	ПГ салыстырмалы қалдықтарын өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннасына шаққандағы 68-тонна CO <sub>2</sub> көрсеткішінен асырмау.
Өнімділіктің жоғалуын 3,71% -дан асырмау.	Орындалды	Өндірісті тиімді ұйымдастырумен қатар ҚОҚ бойынша шаралар жоспарын орындау арқылы өнімділіктің жоғалуы 3,52% дейін қысқарды.	Өнімділіктің жоғалуын 3,7% -дан асырмау.
	Жаңа міндет		Стационарлық бақылау көздерінде ластаушы заттардың шығарылуын үздіксіз қадағалау бойынша техникалық-экономикалық негіздеме құжатын дайындау

## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ



## ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП | 2017



2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР	ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР
<b>ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ</b>			
<ul style="list-style-type: none"> <li>■ 2017 жылға арналған энергияны үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру жұмыстарын 2016-2020 жж. жоспар шеңберінде жүзеге асыру.</li> <li>■ КПО энергетикалық басқару жүйесінің ISO 50001 стандартына сәйкестігін сертификаттау.</li> <li>■ Компанияның қашықтағы нысандарында жаңартылатын қуат көздерін пайдалану мүмкіндіктерін талдау және зерттеу жұмыстарын жүргізу.</li> </ul>	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Өндірістік нысандарда жиілік-реттелмелі жетектерді орнату шараларына техникалық және экономикалық бағалау жүргізілді. Бағалау нәтижелеріне сәйкес жиілік-реттелмелі жетектерді орнату экономикалық тұрғыдан тиімсіз деп танылды; Өндірістік нысандарда ескі үлгідегі шамдар жарықдиодты шамдармен жартылай алмастырылды.</li> <li>■ 2017 жылғы шілде айында КПО “Энергия менеджменті жүйесі” ISO 50001:2011 стандарттар талаптарына сәйкестік бойынша сертификаттау аудитінен сәтті өтті.</li> <li>■ Жаңартылатын қуат көздерін пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу бойынша жұмыстар жүргізілді және оның нәтижелері компания басшылығына ұсынылды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ КПО энергия менеджменті жүйесінің сертификатталуын растау үшін ISO 50001:2011 стандарты бойынша бақылау аудитін ұйымдастыру және өткізу;</li> <li>■ Энергия тиімділігін арттыру және ПГ қалдықтарын азайту бойынша стратегия дайындау;</li> <li>■ ҚӨК нысанындағы энергия ресурстарын есепке алу үдерісін қайта қарастыру және жетілдіру.</li> </ul>
<b>САРҚЫНДЫ СУЛАР ЖӘНЕ ҚАЛДЫҚТАР</b>			
Ағын суды тазартуды оңтайландыру және БИО-50 жүйесін болашақта пайдалану бойынша шешім қабылдау мақсатында ГҚДҚ-3 нысанындағы БИО-50 ағын суды өңдеу жүйесін және Пилоттық қалашықтың суды өңдеу қондырғысын жетілдірудің техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау.	Орындалды	“Тұрмыстық сарқынды суларды тазарту сапасын арттыру мақсатында ГҚДҚ-3 нысанындағы БИО-50 қондырғысын және Пилоттық қалашықтың тазарту нысандарын жетілдірудің техникалық-экономикалық негіздемесі” жобасы дайындалды және келісілді. 2018 жылғы бірінші қаңтардан бастап, жоба шешіміне сәйкес, ГҚДҚ-3 нысанының тұрмыстық-шаруашылық сарқынды сулары Пилоттық қалашықтың тазарту қондырғыларына бағытталуда. БИО-50 қондырғысы 2018 жылдан бері қолданылмайды.	БИО-50 тұмшалануын ескере отырып, мезгілдік реттеу ыдысын бұдан әрі пайдаланудың жоспарын және ГҚДҚ-3 нысанындағы қауіп-қатерді төмендету бойынша тұжырымдаманы дайындау.
2018-2022 жылдар аралығында Қарашығанақ кен орнында ағын суларды қайта пайдалану бойынша технологиялық жұмыс тәртібін дайындау.	Орындалды	2018-2022 жылдар аралығында Қарашығанақ кен орнында ағын суларды қайта пайдалану бойынша технологиялық жұмыс тәртібі дайындалды.	Қайта тазартылған сарқынды суларды жалпы су пайдалану көлемінің 10%-дан төмен түспейтін көлемде екпе ағаштарын суаруға, шаң басу үшін, бұрғылау ерітінділерін дайындауға және гидросынауға пайдалану.





**Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйелері**

2017 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары  
Атмосфераға тасталатын шығарындылар  
Қоршаған орта мониторингі  
Энергияны пайдалануды реттеу

24-КЕСТЕ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДАҒЫ МІНДЕТТЕР (ЖАЛҒАСЫ) GRI 103-2

2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР	ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР
<ul style="list-style-type: none"> <li>ГКДҚ-3 қайта айдау алаңы №1 аймағындағы қабатқа енгізілетін ағын судағы күкіртті сутек шоғырлануын азайту мүмкіндіктері бойынша ғылыми және техникалық зерттеу жұмыстарын өткізу;</li> <li>Компанияның ағынды сулармен жерасты көкжиектерге енгізілетін шекті рауалы төгінді (ШРТ) нормативтерінің 2018 жылға арналған жобасын қарастыру жөнінде БҚО ҚОҚ Бөлімі жанындағы сарапшылық кеңеске қатысу.</li> </ul>	Орындалды	<p>ГКДҚ-3 нысанындағы өндірістік сарқындарды жерасты көмудің №1 полигонына енгізілетін сарқынды судағы H<sub>2</sub>S шоғырлануын азайту мүмкіндіктерін зерттеу бойынша жұмыстар өткізілді; Жүргізілген жұмыстар бойынша есеп БҚО ҚОҚ департаментіне және ҚР Энергетика министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау комитетіне ұсынылды.</p> <p>Компанияның ағынды сулармен жерасты көкжиектерге енгізілетін шекті рауалы төгінді (ШРТ) нормативтерінің 2018 жылға арналған жобасын қарастыру жөнінде БҚО ҚОҚ департаментімен 2 сарапшылық кеңестің шешіміне сай аталмыш жобаға мемлекеттік экологиялық сараптама қызметі өзінің оң қорытындысын берді.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Айдалатын сарқынды судың құрамындағы H<sub>2</sub>S шоғырлануын төмендету және қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ГКДҚ-3 нысанындағы бұмен тазарту қондырғысын орнатуға техникалық экономикалық негіздеме құжатын дайындау.</li> <li>Өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көмудің №1 полигонының жерасты деңгейжиектерге айдалатын сарқындардағы H<sub>2</sub>S шоғырлануын азайту мақсатында ГКДҚ-3 қондырғысында қолдану үшін H<sub>2</sub>S сіңіргішін іздеу және тиістісін таңдау бойынша жұмыстарды жүргізу.</li> </ul>
	Жаңа міндет		Өнеркәсіптік сарқынды суларды айдау көлемін ұлғайту мүмкіндігін негіздеу және сіңіргіш деңгейжиектегі оқшаулағыштың сенімділігін растау үшін өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көмудің №1 полигонында барлау алды жұмыстарды және ғылыми-зерттеулерді жүргізу. Бұл Қарашығанақтағы өндірістік сарқынды суларды тереңде жатқан су тұтқыш жиектерге айдау жобасын түзету бойынша жол картасы кесте-жоспарына және оған жасалған қоршаған ортаға әсер етуді бағалауға сәйкес жасалуы тиіс.
Экортталық нысанындағы қатты өнеркәсіптік қалдықтар полигонының, кем дегенде, 6 ұяшығын жабу.	Орындалды	Экоорталықтың қатты қалдықтарды көму полигонында қалдықтармен толған 6 ұяшықтың жабылуы аяқталды	
2018-2020 жылдарға арналған Қарашығанақ кен орнында қалдықтар мәселесін басқару бағдарламасын дайындау	Орындалды	2018-2020 жылдарға арналған қалдықтар мәселесін басқару бағдарламасы дайындалды және мақұлданды. Бұл құжат пайда болған және жиналған қалдықтардың көлемін азайтуды көздейді.	2018-2020 жылдарға арналған қалдықтар мәселесін басқару бағдарламасына сәйкес 2018 жылға жоспарланған шараларды жүзеге асыру.
<b>ТОПЫРАҚ</b>			
«Қарашығанақ кен орны санитарлық қорғаныш аймағын (СҚА) көгалдандырудың бірінші кезеңі және оның шекараларын белгілеу» жұмыс жобасын жүзеге асыру аясында Ақсай-Приуральный тас жолы бойындағы 28 га аймақтың топырағын егуге дайындау, соның ішінде тыңайған жерді ерте көктемдегі жырту, топырақты делегейлеу, қолсыту, тырмалау және күздегі қайта жырту	Орындалды	Ақсай-Приуральный тас жолы бойындағы 28 га аймақтың топырағын кейінгі егуге дайындау бойынша жұмыстар аяқталды.	Ақсай-Приуральный тас жолы бойындағы 28 га аймағында механикаландырылған көшет егу жұмыстарын, соның ішінде егуден кейінгі көшеттерді күту жұмыстарын жүзеге асыру.



2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР	ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР
Санитарлық қорғаныш аймағының (СҚА) кейінгі дамуы бойынша жоспар дайындау	Орындалды	СҚА кейінгі дамуы бойынша жоспар дайындалды және БҚО бойынша қоғамдық денсаулықты сақтау департаментіне ұсынылды. Өз кезегінде қоғамдық денсаулық сақтау департаменті бұл жоспарға сәйкес жұмыстарды жүргізуге өз келісін берді.	СҚА кейінгі дамуы бойынша жұмыстар теңдер аяқталған соң және мердігер ұйымы анықталғаннан кейін қайта жалғасады
ҚР орман кодексі талаптарына сәйкес Қарашығанақ кен орны аймағындағы өсімдіктер патологиясына зерттеу жүргізу	Орындалды	Қазақ орман шаруашылығы ғылыми зерттеу институты қызметкерлері Қарашығанақ аймағындағы жасыл көшеттердің орман патологиясы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. КПО компаниясына орманның санитарлық жағдайын жақсарту және орманды күту бойынша кеңестер берілді.	Орманның санитарлық жағдайын жақсарту және оны өрттен қорғауды қамтамасыз ету үшін көшеттерді санитарлық мақсатта кесуді жүргізу.
Термомеханикалық өңдеуден кейінгі су негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің сазды бұрғылау шламын қайта пайдалануға қатысты әдістерді дамыту саласындағы зерттеулерді жалғастыру	Орындалуы жалғасуда	Бірден-бір қызмет жеткізушіні(БҚМУ) негіздеу бойынша өтінішке қол қоюдың кідіруіне байланысты, жұмыс кеш басталды (2017 жылғы қазан айында).	Термомеханикалық су негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің сазды бұрғылау шламын топырағын қайта пайдалануға қатысты әдістерді дамыту саласындағы зерттеулерді жалғастыру
<b>БИОТҮРЛІЛІК</b>			
ҚОҚ бойынша мұнай өндіруші компаниялардың халықаралық қоғамдастығы/ Орынбор газ зауыты шығарған мұнай және газ саласында биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары нұсқаулығына сәйкес 2018-2019 жылдарға арналған биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспарын дайындау	Орындалды	Разработан План мероприятий по сохранению биоразнообразия на 2018-2020 гг. в соответствии с опубликованным IPIECA/ OGP Руководством по разработке плана действий сохранения биоразнообразия для нефтегазового сектора	Фаунаға бақылау жүргізу, сонымен қатар Қарашығанақ аумағындағы су қоймаларының ихтиофаунасын қосымша зерттеу.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ GRI 103-2, 103-3

КПО компаниясының ҚОҚ жүйесін басқару 2008 ж. бері ISO 14001 халықаралық стандарты бойынша куәландырылып келген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ біріктірілген жүйесі шеңберінде жүргізіледі. Экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) енгізілгеннен кейін КПО-да стандартқа сәйкестікті толықтай растаған үш қайталама сертификаттау тексерістері сәтті жүргізілді.

Оған қоса, 2017 жылы КПО ISO 50001-2011 стандартына сәйкестігін растады, және бұл Компанияның халықаралық деңгейдегі энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі қағидаттарына деген берілгендігін тағы бір мойындауы болып табылады.

2015 жылдың қыркүйегінде ISO Халықаралық стандарттау ұйымы ISO 14001 стандартының үшінші басылымын шығарды. Соңғы нұсқасымен салыстырғанда жаңа басылымда бірқатар елеулі өзгерістер бар және сертификаттаудан өткен ұйымдардан жаңа талаптарға сәйкестік деңгейіне сараптау жүргізуді талап етеді. Бұл орайда жаңа стандартқа көшу үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында, куәландыру аудитін бастамас бұрын, КПО ҚОҚ және басқару жүйесі (БЖ) басқармасы жаңа талаптар бойынша қолданыстағы жүйеге салыстырмалы талдау және бағалау жұмыстарын жүргізді.

Осыған орай Компания басшылығы жүйені жүйелі түрде жетілдіру үдерісі аясында ISO 14001: 2015 стандартының жаңа нұсқасына көшуді жүзеге асыруға және күнделікті қызметте халықаралық стандарттардың жаңа ұсыныстарын енгізуге шешім қабылдады.

Осы мақсатта КПО қызметін басқарудың және ұйымдастырудың қолданыстағы жүйесіне сапалы түзетулер енгізілді. 2016-2017 жж. аталмыш шара шеңберінде 30-ға жуық сыртқы және ішкі аудит жүргізілді, жүйелік құжаттама талданды, оның ішінде КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясаты және басқа да жүйе түзуші құжаттары қайта қаралды. 2016-2017 жж. аралығында ISO 14001: 2015 стандартының жаңа нұсқасын енгізу шараларын іске асыруға жұмылдырылған 80-нен астам КПО қызметкері оқыту курстары мен семинарларына қатысты. КПО өндірістік бөлімдері мен бөлімшелерінде экологиялық аспектілерінің барлық 17 тізілімі қайта қаралды. КПО-ның маңызды экологиялық аспектілерінің біріктірілген тізілімі жаңартылды, оның шеңберінде қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін КПО қызметінің барлық аспектілеріне талдау жасалып, жинақталды.



**Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйелері**

**2017 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары**

Атмосфераға тасталатын шығарындылар  
Қоршаған орта мониторингі  
Энергияны пайдалануды реттеу

2017 жылдың шілде айында жаңа ISO 14001: 2015 стандартына сәйкестікке сертификаттау аудиті өткізілді, нәтижесінде «Bureau Veritas» беделді халықаралық ұйымның аудиторлары КПО экологиялық менеджмент жүйесінің тиімділігін растады.

Бекітілген жылдық бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес бірыңғай ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін басқару жүйесінің барлық элементтерін бақылау мақсатында сыртқы және ішкі аудиттер, сондай-ақ КПО-мен келісімшарт бойынша жұмыс істейтін мердігерлік ұйымдар аудиттері жүргізіледі.

2017 жылы Компанияның ҚОҚ және БЖ басқармасы 15 ішкі және сыртқы экологиялық, және мердігерлердің аудиттерін жүргізді, олардың нәтижесі бойынша КПО-ның ЭМЖ-нің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестік дәрежесі бағаланды. Өткізілген аудиттің нәтижелері экологиялық менеджмент жүйесінің тексеріс барысында жұмыс істеу тиімділігін және жетілдіру мүмкіндіктерін көрсетті.

**ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

GRI 103-2, GRI 103-3

2014 жылғы маусымда «жасыл экономикаға» көшудің тиісті жағдайларын қамтамасыз ету үшін Компания құрылымында энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық

талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуді басты міндеті ретінде анықтаған энергия менеджментінің түбегейлі жаңа құрылымы құрылды.

Осы саладағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес 2015 ж. алғаш рет энергетикалық аудит жүргізу КПО-ның энергия тиімділігі көрсеткіштерін одан әрі жетілдіруге бастапқы нүкте болды.

Осы жұмыстың нәтижесінде КПО 2016 жылы энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, сондай-ақ энергия ресурстарын жүйелік басқару арқылы Компанияның қаржылық және материалдық шығындарын төмендетуге бағытталған энергия менеджменті жүйесін енгізді.

2017 ж. шілде айында КПО Қазақстандағы жер қойнауын пайдаланушы компаниялар арасында алғашқылардың бірі болып ISO 50001:2011 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» бойынша сертификаттау өткізді және энергияны үнемдеу мен энергия тиімділігін сақтаудың негізгі қағидаттарына сәйкестігін растайтын сәйкестік сертификатын алды. ISO 50001 сертификаты 2020 жылдың (келесі сертификаттау жылы болып есептеледі) қыркүйегіне дейін жарамды болып табылады. Стандарттың талаптарына сәйкестігін растау үшін Компания тәуелсіз үшінші тараптың жыл сайынғы қадағалау аудитін жүргізуді жоспарлап отыр. Бұл қадам КПО-ның заңнамалық талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкес болу үшін қажетті шараларды қабылдайтын Қазақстан Республикасының сенімді серіктесі ретінде іскерлік беделін одан әрі нығайтуға себептес болады.

**2017 ЖЫЛҒЫ ҚОҚ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ** GRI 103-2

Қоршаған ортаға қатысты алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін КПО жыл сайын Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарын (әрі қарай ҚОҚШЖ) дайындайды.

ҚР Экологиялық Кодекс (8-тарау) ережелеріне сәйкес Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағаздарын алу үшін КПО рұқсат алу кезеңі бойынша ҚОҚШ жоспарларын рұқсатты беруші органға ұсынады. Жоспарда айқындалатын шаралар экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ҚОҚ саласындағы әдістер мен технологияларды жетілдіруге, ISO 14001 және ISO 50001 халықаралық стандарттарын енгізуге және табиғат қорларын тиімді пайдалануға бағытталған.

2017 жылы КПО өз қызметтерін қолданысқа берілген Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағаздары және төмендегі 25-кестесінде келтірілген ҚОҚШЖ негізінде жүзеге асырды.

Берілген Қоршаған орта эмиссияларына рұқсат қағазының қолданыс мерзіміне 2017 жылы ҚМГКК арналған КПО-ның Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары әзірленді. ҚМГКК арналған КПО-ның ҚОҚШЖ-да белгіленген табиғатты қорғау шаралары ҚР Энергетика министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау комитетімен келісілді.

**25-КЕСТЕ. КПО-НЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ШАРАЛАР ЖОСПАРЛАРЫ ЖӘНЕ 2017 ЖЫЛЫ БЕРІЛГЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЭМИССИЯЛАРЫНА РҰҚСАТ ҚАҒАЗДАРЫ** GRI 307-1

2017 ЖЫЛҒА ДАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ КЕЛІСІЛГЕН ҚОҚ БОЙЫНША ШАРАЛАР ЖОСПАРЛАРЫ	2017 ЖЫЛҒА АЛЫНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ РҰҚСАТТАР	РҰҚСАТТЫ БЕРГЕН КОМИТЕТ
2017 ж. Қарашығанақ кен орнына арналған КПО-ның ҚОҚШЖ.	26.12.2016 жылғы № KZ19VCZ00122269 Қоршаған орта эмиссияларына рұқсат қағазы (қолдану мерзімі: 2017 жылғы 1 қаңтар – 2017 жылғы 31 желтоқсан)	ҚР Энергетика министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау комитеті
ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық құбыр желісіне (Батыс Қазақстан облысы) арналған КПО-ның 2016-2020 ж. ҚОҚШЖ	12.08.2015 жылғы № KZ68VDD00021755 Қоршаған орта эмиссияларына рұқсат қағазы (қолдану мерзімі: 2016 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығы)	БҚО әкімдігі, Батыс Қазақстан облысы бойынша табиғи ресурстар мен табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы
КПО-ның 2016-2020 ж. ҚОҚШЖ (Атырау облысы)	07.08.2015 жылғы № KZ87VDD00021510 Қоршаған орта эмиссияларына рұқсат қағазы, қолдану мерзімі: 2016 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығы)	Атырау облысының әкімдігі, Атырау облысы бойынша табиғи ресурстар мен табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы



Үлкен Шаған МАС (БҚО) және Атырау МАС экспорттық құбыр нысандарына арналған қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға рұқсаттар 2015 жылы, 25-кестеде көрсетілгендей 2020 жылға дейінгі мерзіммен алынды. 2016-2020 ж. арналған қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары берілген рұқсат қағаздар мерзімдері бойынша жоспарланды.

2017 жылда ҚМГКК бойынша жоспарланған шығын көлемі – 9,6 млрд. теңгені құрады. 2017 жылы ҚМГКК арналған КПО-ның ҚОҚ шараларын жүзеге асыруға жұмсалған жалпы нақты шығыны 9,4 млрд. теңгені құрады.

2016 жылмен салыстырғандағы ҚМГКК үшін КПО-ның 2017 жылғы ҚОҚ шараларына жұмсалған 1,5 есе көлеміндегі инвестициясы атмосфералық ауаны қорғау бойынша шараларды өткізумен байланысты болды, атап айтқанда:

- Қабатқа әсер ету үшін көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды (Lamix немесе Deisel) пайдалануға 1,7 млрд. теңге инвестицияланды;

- Ұңғымаларда көмірсутектерді жағу кезінде “Супержасыл жанарғыны” (СЖЖ) шығарындылар көлемін азайту мақсатында пайдалану үшін 0,35 млрд. теңге инвестицияланды.

«Супержасыл жанарғының» технологиясы ұңғымаларды сынау кезіндегі атмосфераға тасталатын зиянды микроэлементтер шығарындыларын жояды. Компрессор арқылы ауаны жану аймағына кері айдап, газдың күйе болмаған жағдайда неғұрлым тиімді жануына ықпал етеді

2017 ж. КПО ҚОҚШЖ бөлімдері бойынша жұмсалған шығындар 26-кестеде көрсетілген.

**26-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛҒЫ ҚОҚ ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫН, МЫҢ ТЕҢГЕ** GRI 103-2

№	ҚОҚ БОЙЫНША ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНЫҢ БӨЛІМДЕРІ	2017 ЖЫЛЫ КПО ШАРАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫНА ЖҰМСАЛҒАН НАҚТЫ ШЫҒЫН, МЫҢ ТЕҢГЕ:		
		- Қарашығанақ кен орнында	- ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық конденсат құбырында (БҚО)	- ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық конденсат құбырында (Атырау облысы)
1	Әуе бассейнін қорғау	5 069 616	8 793	5 218
2	Су қорларын қорғау және тиімді пайдалану	5 925	ҚМ*	ҚМ*
3	Жер қорларын қорғау	314 301	ҚМ*	ҚМ*
4	Жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану	223 621	ҚМ*	ҚМ*
5	Флора мен фаунаны қорғау	68 154	224	11 015
6	Өндіріс және тұтыну қалдықтарын өңдеу	3 422 333	62	0
7	Радияциялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік	200	ҚМ*	ҚМ*
8	Басқару жүйелерін және үздік қауіпсіздік технологияларын енгізу	62 346	ҚМ*	ҚМ*
9	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру жұмыстары	193 172	4 300	4 355
10	Экологиялық ағарту жұмыстары және насихаттау	25 361	0	0
БАРЛЫҒЫ:		9 385 029	13 379	20 588

\* ҚМ – шаралар қарастырылмаған.





Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйелері  
**2017 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары**  
**Атмосфераға тасталатын шығарындылар**  
 Қоршаған орта мониторингі  
 Энергияны пайдалануды реттеу



КПО қоршаған ортаны қорғау басқармасының қызметкерлері мен мемлекеттік орган өкілдері Қарашығанақ өңдеу кешенінде

2017 жылы КПО компаниясының ҚОҚ шараларын жүзеге асыру нәтижелері:

**Атмосфераға тасталатын шығарындылар**

- 9 ұңғыманы игеру кезінде жоғарғы қысым сүзгіштерін қолдану ластаушы заттардың атмосфераға шығарылу көлемін 11 629 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді;
- Мұнайды айдау үшін жоғарғы қысым сорғыларын пайдалану ластаушы заттардың атмосфераға шығарылу көлемін 328 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.
- Қабатқа әсер ету үшін көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды (Lamix немесе Deisel) пайдалану ластаушы заттардың атмосфераға шығарылу көлемін 428 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.

**Қалдықтарды және ағынды суларды басқару**

- Коммуналды және өндірістік қалдықтардың 929,94 тоннасы сұрыпталып, жалпы мақсаттағы пешке (ЖМП) жағу үшін жіберілді.
- Сұрыпталған, өңдеуге және қайталама шикізат ретінде қайта пайдалануға жіберілген көлем:
  - макулатураның 101,98 тоннасы, 2016 жылмен (75,32 тонна) салыстарғанда 26%-ға өсті;
  - метал сынықтарының 12,08 тоннасы, 2016 жылмен (14,04 тонна) салыстарғанда 14%-ға кем;
  - Пластиктің 18,04 тоннасы, 2016 жылмен (23, 18 тонна) салыстырғанда 28%-ға кем.
- Экоорталықтың қатты қалдықтарды көму полигонсында қалдықтармен толған 6 ұяшықтың жабылуы аяқталды;
- 2017 жылғы өңделген сұйық қалдықтар мен ағынды сулардың жалпы көлемі 14 638,64 тоннаны құрады, оның ішінде 4 815,46 тонна бұрғылау ерітінділерін/тұздықтарды дайындауға қайта қолданылды. Өңделген өнімдерді қайта пайдалану көлемі Компанияның өндірістік қажеттіліктеріне байланысты.
- Компания қатты қалдықтарды сақтау алаңында жиналған қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау ерітінділерін Экоорталықтың қатты қалдықтарды көму полигонына көшіру жұмыстарын жалғастыруда. Қалдықтарды полигонда көмуге дейін оларды Экоорталықтың айналымды пешінде қайта өңдейді. 2017 ж. 5 266,26 тонна қалдық қайта өңделді (5 733 тонна 2016 ж.). 2018 ж. шамамен 2 мың тонна қалдықты көшіру жоспарлануда.

- 2017 жылы ҚМГКК-дағы бұрғылау ерітінділерін дайындауға, екпе ағаштарын суаруға және шаң басу үшін тазартылған ағынды суларды қайта пайдалану көлемі 50 476 м³ құрады (48 023 м³ 2016 ж.). Қайталама пайдаланылған ағындардың көлемі жалпы таза техникалық суды пайдаланудың 11%-ын құрады.

**Топырақты қалпына келтіру GRI 304-3 (жартылай)**

- 2017 жылы ұңғыма операциялары мен құрылыс жұмыстарынан зақымдалған жерлердің 103,2 га көлемі қалпына келтірілді, яғни, 2016 жылмен (85,5 га) салыстырғанда қалпына келтірілген жерлер 17%-ға артты.

**Экологиялық басқару жүйесі GRI 103-3**

- Энергия менеджменті жүйесін енгізу шаралары аяқталды және ISO 50001:2011 стандарты талаптарына сәйкестікті сертификаттау аудиті сәтті өткізілді;
- Экологиялық менеджмент жүйесінің ISO 14001:2015 стандарты талаптарына сәйкестігі сертификаттауы өткізілді.

**Экологиялық айыппұлдар GRI 307-1**

2016 жылғы Есепте сипатталғандай, Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2016 жылғы мамыр айынан бастап жер қойнауын пайдаланушыларға технологиялық жабдықтардың жұмысындағы технологиялық ақауларға, бұзылуларға және ауытқуларға байланысты газды жағудан пайда болған ластаушы заттардың шығарындыларын нормалауға рұқсат етілген. КПО 2017 жылда Ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасындағы газды технологиялық тұрғыдан міндетті жағу көлемдері мен шекті рұқсат етілген шығарындылар жобасындағы осындай жағудан пайда болатын шығарындыларын нормалады.

2017 жылы КПО компаниясы ҚОҚ саласындағы істер бойынша әкімшілік жауапкершілікке де және азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартылған жоқ. 2017 жылы Компаниямен төленген әкімшілік айыппұлдар мен азаматтық істер сомасы 2015-2016 жылдарға қатысты, және соттық шағым берудің ұзақтығымен байланысты болды. Төлем 2017 жылы қойылған әкімшілік айыппұлдардың 153,5 млн. теңгесін және азаматтық істердің 3, 07 млрд. теңгесін құрады.

Өткен жылдардағыдай КПО 2017 жылғы қоршаған орта шығарылатын эмиссиялар рұқсатында белгіленген атмосфераға тасталатын ластаушы заттар шығарындылары лимитінен асқан жоқ.



**АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР GRI 305-7**

Компания атмосфераға тасталатын шығарындыларын қоршаған ортаға ластаушы заттар эмиссиясы рұқсатында белгіленген шектеулер негізінде басқарады. Шығарындылардың негізгі көлемі отын газының газ турбиналық қондырғыларында, қазандарда, технологиялық пештер мен компрессорларда, сондай-ақ газ бен сұйықтықтарды алауларда жағу барысында пайда болады.

2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылғы атмосфераға тасталатын шығарындылардың жалпы көлемі 25%-ға төмендеп, 8,6 мың тоннаны құрады.

Бұл шығарындылар көлемінің азаюы газ бен сұйықтардың ұңғымалар алауында жануының айтарлықтай төмендеуінен негізделген. 27-кестеде 2015-2017 жылдардағы КПО-ның рұқсат етілген және нақты шығарындылар туралы ақпарат көрсетілген.

27-КЕСТЕ. ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖӘНЕ НАҚТЫ КӨЛЕМІ, 2015-2017 ЖЖ.

ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ КӨЛЕМІ, ТОННАМЕН	2015	2016	2017
Рұқсат бойынша:	14 807	21 876	26 577
Іс жүзінде, оның ішінде:	11 314	11 421	8 569
Азот оксиді	1 594	1 934	1 967
Күкірт диоксиді	6 113	5 819	3 641
Көмірқышқыл оксиді	1 723	1 850	1 266
ҰОБ	1 515	1 449	1 533
Күкірт сутегі	29	28	27
Қатты бөлшектер	90	89	48
Басқалары	249	252	87

Ескерту: Шығарындылар көлемі туралы деректер «Ауа 2-ТП статистикалық есептерінің» деректеріне сәйкес берілген.

КПО-дағы ластаушы заттардың шығарындылар көлемі отын шығыны мен құрамы, сондай-ақ жабдық жұмысының уақыты туралы бастапқы деректер негізіндегі есептеу әдісімен анықталады. Есептеу әдісін қолдану КПО-да шығарындылар көздеріндегі өлшеу деректері негізіндегі шығарындыларды есептеу әдістемелерінің, сондай-ақ есептеу үшін қажетті өлшеулер санының болмауына байланысты қабылданды.


Жағылған жанармайдың шығын көлемі оны тұрақты өлшеу мен теңгеру әдісін қолдану арқылы есептеледі; дизель жанармай шығыны - бухгалтерлік есеп деректері негізінде, жабдықтың жұмыс уақытын - операторлардың күнделікті есебі бойынша анықталады. Газ бен мұнайдың құрамы КПО-ның аттестацияланған зертханасында анықталады.





Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйелері  
2017 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары  
**Атмосфераға тасталатын шығарындылар**  
Қоршаған орта мониторингі  
Энергияны пайдалануды реттеу

**30-СЫЗБА. АТМОСФЕРАНЫ НЕГІЗГІ ЛАСТАУ КӨЗДЕРІ БОЙЫНША 2017 ЖЫЛЫ КПО ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ**




Шығарындылар көздері түрлері мен әрбір ингредиент бойынша шығарындыларды есептеу ҚР-да қолдануға ұсынылған әдістемелерді пайдалану арқылы жүргізілді. 30-сызбада атмосфераны негізгі ластаушы көздері бойынша ластаушы заттар шығарындылары көрсетілген.

2017 жылы өндірілген өнім бірлігіне шаққандағы меншікті шығарындылар көлемі өндірілген мың тонна көмірсутектің (КС) 0,31 тоннасын құрады.

2016 жылмен салыстырғандағы 2017 жылғы меншікті шығарындылардың азаюы ұңғымалар мен өндірістік нысандар алауларындағы қоспаларды жағу көлемінің азаюымен, және өндіріс көлемінің артуымен байланысты.

**31-СЫЗБА. 2015-2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨМІРСУТЕГІ ШИКІЗАТЫН (КСШ) ӨНДІРУ ЖӘНЕ ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ**



Қарашығанақ өңдеу кешенінің көрінісі



**ГАЗДЫ АЛАУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫНДА ЖАҒУ <sup>64-066</sup>**

2017 жылы газды алауларда жағудың жалпы көлемі КПО өндірген жалпы газ көлемінің 0,08%-ын немесе өндірілген шикізат мың тоннасына шаққанда 0,49 тоннаны құрады. 2017 жылғы жағу нәтижесіндегі шығарындылардың мұндай қарқыны 2016 жылғы OGP есебінде көрсетілгендей әрбір мың тоннаға 12,9 тоннадан келген әлемдік орташа өнеркәсіптік көрсеткішпен, және әрбір мың тоннаға 3,6 тоннадан келген орташа еуропалық көрсеткішпен салыстырғандағы өте жоғары өндірістік көрсеткіштердің белгісі.

2017 жылы КПО ұңғымаларды тазарту (игеру) кезінде атмосфераға тасталатын шығарындылар деңгейін азайтатын жабдықтар мен

материалдарды белсенді қолданды: жоғары қысым сорғылары мен сепараторлар, көмірсутекті негіздегі сұйықтық.

Осы бастамаларды жүзеге асыру нәтижесінде сұйықтықты жағу көлемі 95 мың тоннаға азайды: бұл ұңғымаларды игеру барысында өндірілген көлемнің 96%-на тең.

Ұңғымаларды тазарту кезіндегі газды жағу көлемі 44 млн. м<sup>3</sup> (немесе ұңғымаларды игеру барысында өндірілген көлемнің 74%-на тең) азайды.


**32-СЫЗБА. 2015-2017 ЖЖ. АЛАУДА ЖАҒЫЛҒАН ІЛЕСПЕ ГАЗ КӨЛЕМІ, МЛН. М<sup>3</sup>**



**ГАЗДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ**

2017 жылғы КПО-ның газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,92%-ды (ал 2016 жылы – 99,84%) құрады. Бұл ретте, 2017 жылға Ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасы шеңберінде ҚР уәкілетті органымен бекітілген мақсатты көрсеткіш 99,2% құрайды. 2016 жылы Қазақстан Республикасы бойынша газды кәдеге жарату көрсеткіші 97,5% құрады.<sup>4</sup>

**33-СЫЗБА. 2017 ЖЫЛЫ ГАЗДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӘНЕ ЖАҒУ**



<sup>3</sup> Деректер көзі - Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығы (IOGP) ұйымының жыл сайынғы "Экологиялық нәтижелілік көрсеткіштері бойынша 2016 жылғы деректер" есептері.

<sup>4</sup> Деректер көзі - 2017-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің стратегиялық жоспары туралы 2016 жылғы 28 желтоқсандағы №571 Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы.



Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйелері  
2017 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары  
**Атмосфераға тасталатын шығарындылар**  
Қоршаған орта мониторингі  
Энергияны пайдалануды реттеу

**ПАРНИКТІ ГАЗДАРДЫҢ ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ** GRI 305-1

Компаниядағы парникті газдардың (ПГ) тікелей шығарындылары 2013 жылдан бері қолданыстағы ұлттық квоталар сауда жүйесі аясында реттеледі. КПО парникті газдар шығарындылары квоталарын 2013 жылдан 2015 жылға дейін алып тұрды.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 324-бабы, 9-тармағына сәйкес квоталық жүйе 01.01.2018 ж. дейін уақытша тоқтатылды. Осыған байланысты 2017 жылы парникті газдарға квота берілген жоқ. Осылайша, квота алудың негізгі жылы ресми түрде бекітілген жоқ. ПГ шығарындылары динамикасын салыстыру және есеп беру қағидаларын сақтау мақсатында осы құжатта негізгі жыл болып есеп беру жылына дейінгі, яғни 2016 жыл алынды.

2016-2020 жылдарға бекітілген бақылау жоспарына сәйкес, КПО көміртек диоксиді (CO<sub>2</sub>), метан (CH<sub>4</sub>) және азоттың шала тотығы (N<sub>2</sub>O) бойынша ПГ шығарындыларын тоқсан сайынғы бағалауын жүргізеді. Шығарындыларды бағалау жұмыстары ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрі міндетін атқарушысының бұйрығымен бекітілген 05.11.2010 жылғы № 280 қолданыстағы әдістемелік нұсқауларды пайдаланып, кәсіпорын қызметі туралы деректер (жанармайды тұтыну мен жанар-

майдың құрамы бойынша зертханалық деректер бойынша) негізінде есептеу әдісімен жүргізілді.

2017 жылғы ПГ шығарындыларын түгендеу туралы расталған есебіне сәйкес ПГ шығарындыларының жалпы көлемі CO<sub>2</sub> эквивалентінде 1 928 700 тоннаны құрады, оның ішінде CO<sub>2</sub> үлесіне қатысты 1 765 861 тонна CO<sub>2</sub> экв. (91,5%), CH<sub>4</sub> үлесіне – 154 113 тонна CO<sub>2</sub>-экв. (8%), ал N<sub>2</sub>O үлесіне – 8 726 тонна CO<sub>2</sub>-экв. (0,5%).

ПГ шығарындыларын көміртек диоксиді эквивалентіне (CO<sub>2</sub> экв.) қайта есептеу үшін, 100 жылдық мерзімдегі парникті газдардың климаттық әсеріне негізделген 1995 жылғы Климаттың өзгеруі бойынша үкіметаралық сарапшылар тобының Жанандық жылыну әлеуеттері қолданылды.

ПГ шығарындыларының түзілу динамикасы туралы ақпарат 28-кестеде көрсетілген. 2016 жылмен салыстырғандағы 2017 жылғы ПГ шығарындыларының артуы нысандардың жоспарлы жөндеу жұмыстарына толық тоқтату болмағандықтан жабдықтардың зағарақ жұмыс жасауымен байланысты болды. ПГ жалпы шығарындыларының негізгі үлесін (82%) газды кері айдау газ турбиналық қондырғыларында, электр станциясының газ турбиналық қондырғыларында және жоғарғы қысым бу генераторларында жанармай газын жағу кезінде пайда болатын шығарындылар құрайды.

**28-КЕСТЕ. КПО ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ САЛДАРЫНАН ПГ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ТҮЗІЛУ ДИНАМИКАСЫ**


ПАРНИКТІ ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ (CO <sub>2</sub> ЭКВИВАЛЕНТІНДЕ, ТОННАМЕН)					
Жанармайды алаулар мен инсинераторларда жағудан	Жанармайды тұрақты көздерде жағудан	Ұйымдастырылмаған шығарындылар	2017 жылғы ПГ жалпы шығарындылары	2016 жылғы ПГ жалпы шығарындылары	2015 жылғы ПГ жалпы шығарындылары
137 106	1 640 090	151 504	1 928 700	1 870 041	1 944 165



**ПАРНИКТІ ГАЗДАРДЫҢ МЕНШІКТІ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ** GRI 305-4

2017 жылы өндірілген көмірсутек шикізатының мың тоннасына шаққанда ПГ меншікті шығарындылары 69 тоннаны құрады, бұл 2016 жылғы ұқсас көрсеткіштен 4%-ға төмен. Бұл төмендеу көрсеткіші өндіріс көлемінің артуымен, сондай-ақ шараларды (30-кесте) жүзеге асыру нәтижесінде ұңғымаларды игеру кезінде қоспаларды жағу көлемінің газ бойынша 60%-ға, ал сұйықтық бойынша 84%-ға бір мезгілде төмендеуімен байланысты. ПГ меншікті шығарындыларының динамикасы 34-сызбада берілген.

**34-СЫЗБА. КӨМІРСУТЕК ШИКІЗАТЫ ӨНДІРІСІНІҢ БІРЛІГІНЕ ШАҚҚАНДА ПГ МЕНШІКТІ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ\***



29-кестеде КПО ПГ меншікті шығарындылары мен Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығымен берілген меншікті шығарындылар көрсеткіштері салыстырылған. 2017 жылғы ҚМГКК-ғы ПГ нақты меншікті шығарындылар деңгейі еуропалық көрсеткіштер деңгейінен 30%-ға, ал орташаландырылған халықаралық көрсеткіштер деңгейінен 54%-ға төмен болды.

**29-КЕСТЕ. КӨМІРСУТЕКТЕРДІ ӨНДІРУ (ӨНДІРІЛГЕН 1 000 ТОННА КС ШАҚҚАНДАҒЫ ТОННА) БІРЛІГІНЕ ШАҚҚАНДАҒЫ ПГ МЕНШІКТІ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ**

ПАРНИКТІ ГАЗДАР АТАУЫ	IOGP МӘЛІМЕТТЕРІ (ЕУРОПА)*	IOGP МӘЛІМЕТТЕРІ (ЖАЛПЫ АЛҒАНДА)*	КПО МӘЛІМЕТТЕРІ		
	2016	2016	2015	2016	2017
CO <sub>2</sub> + CH <sub>4</sub> + N <sub>2</sub> O (CO <sub>2</sub> e)	98	151	72	72	69
CO <sub>2</sub>	88	129	67	66	63

\* Ескерту: Деректер көзі ретінде Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) жыл сайынғы "Экологиялық нәтижелілік көрсеткіштері бойынша 2016 жылғы деректер" есептері алынды. 2017 ж. салыстыру үшін 2016 жылғы ақпарат қолданылды, себебі осы басылымды шығару кезінде IOGP 2017 жылғы есебі әлі дайын болмаған.

**ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АЗАЙТУ** GRI 305-5

ПГ (CO<sub>2</sub>) шығарындыларын жүйелі түрде азайту мақсатында КПО 2016-2020 жылдарға арналған тәуелсіз аккредиттелген ұйым растаған ПГ шығарындыларын азайту бағдарламасында 2017 жылға келесі мақсаттарды белгіледі:

- өндірісті оңтайландыру және қуат тиімділігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар жобаларды жүзеге асыру арқылы CO<sub>2</sub> тікелей шығарындыларын 203 081 тоннаға дейін азайту;

- өндірілген КС өнімінің мың тоннасына шаққанда CO<sub>2</sub> 70 тонна шамасында меншікті шығарындылар көлемін асырмауды қамтамасыз ету.

Базалық сценарий ұсынылған ішкі жобаның жоқтығы жағдайында ПГ шығарындыларының деңгейін немесе ПГ шығарындыларының сіңіру деңгейін ұсынады, осыған қарап қол жеткізген ПГ шығарындыларының қысқару және (немесе) сіңіру көлемі бағаланады<sup>5</sup>.

2016-2020 жж. арналған ПГ шығарындыларын азайту бағдарламасына сәйкес 2017 жылға болжанған негізгі шығарындылар көлемі 2 234 000 тонна CO<sub>2</sub> құрады.

<sup>5</sup> Шығарындылар мен парниктік газдырды сіңіруді жүзеге асыру саласындағы ережелер жиынтығы. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2012 жылғы 12 ақпандағы №76 бұйрығымен бекітілген.





Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйелері  
2017 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары  
**Атмосфераға тасталатын шығарындылар**  
**Қоршаған орта мониторингі**  
Энергияны пайдалануды реттеу

2017 жылы КПО бойынша CO<sub>2</sub> шығарындыларының салыстырмалы көрсеткіші өндірілген КСШ мың тоннасына шаққанда 63 тонна CO<sub>2</sub> құрады (29-кесте). 30-кестеде көрсетілген бес жобаны жүзеге.

**30-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛҒЫ ПГ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АЗАЙТУ ШАРАЛАРЫ**

№	ШАРАЛАР	ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫ АЗАЙТУ, ТОННА CO <sub>2</sub> /ЖЫЛ		ОРЫНДАЛУ %
		Жоспар	Іс жүзінде	
1	Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сепараторды қолдану	88 680	364 391	411%
2	Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сорғыны қолдану	36 940	14 833	40%
3	ҚӨК алау коллекторының клапандарын жөндеу	18 571	22 017	119%
4	4-технологиялық желідегі бу шығынын есептегіш жұмысын реттеу	9 817	13 441	137%
5	ГКДҚ-2 турбокомпрессорларының құбырлық байланыстарын жетілдіру	49 073	32 406	66%
Барлығы:		203 081	447 088	220%

CO<sub>2</sub> шығарындыларын нақты азайтуды есептеу үшін 2016-2020 жж. арналған бекітілген ПГ шығарындыларын қысқартудың азайту бағдарламасында ұсынылған әдістер мен коэффициенттер қолданылды.



Мемлекеттік экологиялық сараптаманың сараптама кеңесінің ҚӨК-дегі көшпелі отырысы



**ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ**

КПО өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасына сәйкес жан-жақты қоршаған ортаны бақылау жұмыстарын жүргізеді. Өндірістік экологиялық бақылау аясында өндірістік жұмыстардың қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалау үшін, қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға (өнеркәсіптік қалдықтар, ағын су, өндірістік қалдықтар), сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің сапасына (атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ) бақылау жасалынады. ӨЭБ бағдарламасы сынамалар алу/өлшем жүргізу орындарын, анықталатын компоненттердің тізімі мен мониторинг жүргізу жиілігін бекітеді.

Өндірістік экологиялық мониторинг Қарашығанақ кен орнының аумағында және санитарлық қорғау аймағының шекарасында, кен орнына жақын орналасқан елді мекендерде, құбыр жолы бойында және ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық конденсат құбыр жүйесі нысандарында жүргізіледі. Ауа сапасын бақылау туралы толық ақпарат біздің 2016 жылғы тұрақты даму есебінде берілген (78-бет).

КПО ауа сапасын аккредиттелген лабораторияда сынама алу мен сараптама жасау арқылы, сондай-ақ ҚМГКК мен СҚА бойында үзіліссіз жұмыс істейтін 18 автоматты экологиялық бақылау станциялары арқылы бақылайды. Әрбір ЭМС-да ауа құрамындағы (H<sub>2</sub>S) күкірт сутегісін, (SO<sub>2</sub>) күкірт диоксидін, (NO<sub>x</sub>) азот диоксидін, (CO) көміртек оксидін қадағалауға арналған үздіксіз жұмыс істейтін төрт (4) талдағыш орнатылған. Ауадағы ластаушы заттардың концентрациясы жоғары болғанда, станция ескерту дабылын іске қосады.

Қажет болған жағдайда, кейбір учаскелерде ауа мониторингін жүргізу үшін екі толықтай жабдықталған жылжымалы ЭМС-дың бірі қолданылады.

**ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНЫҢ САНИТАРЛЫҚ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА САПАСЫН БАҚЫЛАУ**

18 ЭМС көмегімен жүргізілетін үздіксіз ауа сапасы мониторингімен бірге аккредиттелген мердігерлік зертхана СҚА шекарасында тәулігіне бір рет атмосфералық ауа сынамаларын жүргізеді. СҚА-да ауа сынамалары 8 компас бағыттары (румб) бойынша жүргізіледі: С, СШ, Ш,ОШ, О, ОБ, Б және СБ. Алынған сынамалар құрамы ЭМС-дағы тексерілетін сол төрт компонентке, яғни (H<sub>2</sub>S) күкіртті сутекке, (SO<sub>2</sub>) күкірт диоксидіне, (NO<sub>x</sub>) азот диоксидіне, (CO) көміртек оксидіне, сондай-ақ метанға (CH<sub>4</sub>) және (CH<sub>3</sub>SH) метилмеркаптанға талданады.

2017 жылы ҚМГКК СҚА шекарасындағы атмосфералық ауада бақыланатын компоненттердің рұқсат етілген шекті концентрациядан (РШК) асып кету жағдайлары тіркелген жоқ.

2017 жылғы СҚА-да бақыланған атмосфералық ауа құрамындағы компоненттердің орташа концентрациясы бойынша ақпарат 31-кестеде келтірілген. «Нақты жылдық орташа концентрация» бағанасы 8 сынақ алу орны бойынша бақыланатын ауа компоненттерінің орташа концентрациясының максималды және минималды мәндерін көрсетеді.

**31-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛЫ СҚА ШЕКАРАСЫНДА БАҚЫЛАНҒАН АУА КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ОРТАША КОНЦЕНТРАЦИЯСЫ**

БАҚЫЛАНҒАН КОМПОНЕНТТЕР	НАҚТЫ ЖЫЛДЫҚ ОРТАША КОНЦЕНТРАЦИЯ, МГ/М <sup>3</sup>	БІР МЕЗГІЛДІК РШК МБ*, МГ/М <sup>3</sup>	РШК-НАН АРТУЫ
H <sub>2</sub> S	0,002	0,008	жоқ
SO <sub>2</sub>	0,003 - 0,004	0,5	жоқ
NO <sub>2</sub>	0,027 - 0,029	0,2	жоқ
CO	АТШ төмен*	5,0	жоқ
CH <sub>4</sub>	1,092 - 1,106	50**	жоқ
CH <sub>3</sub> SH	табылған жоқ	0,006	жоқ

\* Өлшеулер анықтаудың ең төменгі шегінен (АТШ) төмен болған. CO үшін АТШ - 0,6 мг/м<sup>3</sup>.

\*\* әсер етудің белгіленген болжамдағы қауіпсіз деңгейі. Метан үшін РШК-ы белгіленбеген.





Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйелері  
2017 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары  
Атмосфераға тасталатын шығарындылар  
**Қоршаған орта мониторингі**  
Энергияны пайдалануды реттеу

**ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНА ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН АУЫЛДАРДЫҢ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА САПАСЫН БАҚЫЛАУ**

Аккредиттелген мердігерлік зертхана кен орны шекарасы бойында орналасқан 8 елді мекенде (Березов, Бестау, Жарсуат, Жаңаталап, Димитрово, Қарашығанақ, Приурал, Успенев) және Ақсай қаласында орнатылған тұрақты бақылау бекеттері көмегімен тәулігіне 4 рет (сағат 01:00, 07:00, 13:00 және 19:00) сынамаалар іріктеу арқылы да атмосфералық ауаны бақылайды. Ауа сынамааларын тұрақты мониторинг бекеттері орнатылған елді мекен тұрғындары болып табылатын мердігерлік зертхананың штаттық қызметкерлері іріктейді.

Сонымен бірге елді мекеннен газ иісі туралы шағымдар түскен жағдайда, стационарлық станциялардан ауа сынамааларын жоспардан тыс алу жүргізіледі. Алынған ауа сынамаалары Ақсайдағы зертханаға жеткізіліп, Мемлекеттік стандарттар мен басқарушы құжаттарға сәйкес 4 негізгі компоненттің: күкіртті сутек ( $H_2S$ ), күкірт диоксиді ( $SO_2$ ), азот диоксиді ( $NO_2$ ) және көміртек монооксиді ( $CO$ ) құрамына химиялық сараптама жасалынады. Одан басқа, 10 күнде 1 рет ауа құрамындағы ұшқыш органикалық компоненттердің концентрациясына, атап айтқанда бензолға ( $C_6H_6$ ), толуолға ( $C_7H_8$ ), ксилолға ( $C_8H_{10}$ ) тексеріледі. Березовка

аулында жоғарыда келтірілген компоненттерге қоса ауадағы метилмеркаптанға ( $CH_3SH$ ) бақылау жасалады.

Ауа сапасын бақылаудың ай сайынғы нәтижелері жергілікті баспа бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және ақпараттық тақтаға орнатылу үшін ауылдарға таратылады. 2017 жылғы азот диоксидінің ( $NO_2$ ) концентрациясы РШК-ның айлық орташа деңгейінен аспаса да, 53,924 алынған сынамаалардың 4-і күнделікті орташа РШК шегінен асты:

- Березовка ауылында 1 жағдай: РШК-нан 1.225 есе, 2017 жылғы I-тоқсанында тіркелген;
- Ақсай қаласында 3 жағдай: РШК-нан 1.025; 1.1; 1.125 есе, 2017 жылғы III-тоқсанында тіркелген

Бұдан басқа компоненттер бойынша 2017 жылы РШК деңгейінен арту жағдайлары тіркелмеді.

2017 жылғы тоғыз елді мекендегі атмосфералық ауада бақыланатын компоненттердің орташа концентрациясы 32-кестеде келтірілген. «Нақты жылдық орташа концентрация» бағанасы 9 ауыл бойынша бақыланатын ауа компоненттерінің орташа концентарциясының ең жоғарғы және ең төмен мәндерін көрсетеді.

**32-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛҒЫ ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНА ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАДАҒЫ БАҚЫЛАНАТЫН КОМПОНЕНТТЕР КОНЦЕНТАРЦИЯСЫНЫҢ ОРТАША ЖЫЛДЫҚ МӘНДЕРІ.**

БАҚЫЛАНҒАН КОМПОНЕНТТЕР	НАҚТЫ ЖЫЛДЫҚ ОРТАША КОНЦЕНТРАЦИЯ, МГ/М <sup>3</sup>	ТӘУЛІКТІК ОРТАША РШК., МГ/М <sup>3</sup>	РШК-НАН АРТУЫ, ТӘУЛІКТІК ОРТАША
$H_2S$	0,002	0,008**	жоқ
$SO_2$	0,003 - 0,004	0,05	жоқ
$NO_2$	0,028 - 0,029	0,04	жоқ
$CO$	АТШ төмен*	3,0	жоқ
$C_6H_6$	0,143 - 0,158	0,3**	жоқ
$C_7H_8$	АТШ төмен*	0,6**	жоқ
$C_8H_{10}$	АТШ төмен*	0,2**	жоқ
$CH_3SH$	табылған жоқ	0,006**	жоқ

\* Өлшеулер анықтаудың ең төменгі шегінен (АТШ) төмен болған. Бақыланған параметрлер үшін АТШ келесідей:  $CO$  – 0,6 мг/м<sup>3</sup>;  $C_7H_8$  – 0,14 мг/м<sup>3</sup>;  $C_8H_{10}$  – 0,14 мг/м<sup>3</sup>.

\*\* РШШ бір мезгілдік (б.м.) Күкіртті сутек пен метилмеркаптан үшін РШК т.о. мөлшері бекітілмеген, сондықтан РШК б.м. салыстыру мақсатында қолданылады; сондай-ақ РШК б.м. атмосфералық ауа құрамындағы бензол, толуол және ксилол концентрациясы деңгейін бағалау үшін қолданылады, себебі осы компоненттер үшін сынамааларды алу және талдау жиілігі – 10 күнде 1 рет.



**АУА САПАСЫН АВТОМАТТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ СТАНЦИЯЛАРЫ (ЭМС) АРҚЫЛЫ БАҚЫЛАУ**

КПО-ның ауа бақылауын үздіксіз тәртіпте жүргізетін автоматты ЭМС СҚА шекарасындағы және Березовка аулындағы атмосфералық ауа күйі туралы қосымша ақпарат береді.

ЭМС-мен тіркелген бақыланатын компоненттердің 2017 жылғы орташа жылдық концентрациясы 33-кестеде және 34-кестеде келтірілген. Екі кестедегі «Нақты жылдық орташа концентрация» бағанасы әрбір ЭМС бақыланатын ауа компоненттерінің орташа концентарциясының ең жоғарғы және ең төмен мәндерін көрсетеді.

**33-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛҒЫ ЭМС-ДА ТІРКЕЛГЕН БАҚЫЛАНАТЫН КОМПОНЕНТТЕР КОНЦЕНТАРЦИЯСЫНЫҢ ОРТАША ЖЫЛДЫҚ МӘНДЕРІ**

БАҚЫЛАНҒАН КОМПОНЕНТТЕР	НАҚТЫ ЖЫЛДЫҚ ОРТАША КОНЦЕНТРАЦИЯ, МГ/М <sup>3</sup>	БІР МЕЗГІЛДІК РШК М.Б., МГ/М <sup>3</sup>	РШК-НАН АРТУЫ* Б.М.
$H_2S$	0 - 0,001	0,008	жоқ
$SO_2$	0,003 - 0,009	0,5	жоқ
$NO_2$	0,003 - 0,009	0,2	жоқ
$CO$	0,1 - 0,4	5,0	жоқ

\* СҚЗ шекарасындағы ауа сапасының мөлшері б.м. РШК.

**34-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛҒЫ БЕРЕЗОВ АУЛЫНДАҒЫ ЭМС № 013, 014 БАҚЫЛАНАТЫН КОМПОНЕНТТЕР КОНЦЕНТАРЦИЯСЫНЫҢ ОРТАША ЖЫЛДЫҚ МӘНДЕРІ**

БАҚЫЛАНҒАН КОМПОНЕНТТЕР	НАҚТЫ ЖЫЛДЫҚ ОРТАША КОНЦЕНТРАЦИЯ, МГ/М <sup>3</sup>	ТӘУЛІКТІК ОРТАША РШК, МГ/М <sup>3</sup>	РШК-НАН АРТУЫ, ТӘУЛІКТІК ОРТАША *
$H_2S$	0 – 0,001	0,008*	жоқ
$SO_2$	0,004 - 0,015	0,05	жоқ
$NO_2$	0,004 - 0,006	0,04	жоқ
$CO$	0,3	3,0	жоқ

\* РШК бір мезгілдік (б.м.) - күкірт диоксиді үшін үшін РШК т.о. мөлшері бекітілмеген, сондықтан РШК б.м. салыстыру мақсатында қолданылады.

Барлық орнатылған 18 ЭМС төрт негізгі ластаушылар ( $H_2S$ ,  $SO_2$ ,  $NOX$ ,  $CO$ ) бойынша тәулігіне 24 сағат бойы, үздіксіз сынама алып тұрады. 2017 жылғы Экологиялық мониторинг станцияларынан алынған мәлімет бойынша  $H_2S$  үшін нақты орташа тәулік мөлшері РШК

деңгейінен аспады. Сонымен қатар, азғантай уақыт ішінде (20 минут) РШК б.м. мөлшерінің артуы тіркелген.

2017 жылы басқа компоненттер бойынша РШК деңгейінен асу жағдайлары тіркелмеген.



Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйелері  
2017 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары  
Атмосфераға тасталатын шығарындылар  
**Қоршаған орта мониторингі**  
**Энергияны пайдалануды реттеу**

35-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛЫ ЭМС-ДА ТІРКЕЛГЕН КҮКІРТТІ СУТЕГІ (H<sub>2</sub>S) МӨЛШЕРІНІҢ БІР МЕЗГІЛДІК РШК-НАН АРТУЫ

ЭМС №	2017 ЖЫЛЫ ТІРКЕЛГЕН НАҚТЫ БІР МЕЗГІЛДІК КОНЦЕНТРАЦИЯЛАР, МГ/М³		ШАМАДАН АРТЫҚ БОЛҒАН ЖАҒДАЙЛАР САНЫ	РШК АРТУЫНЫҢ ЖИЛІЛІГІ, Б.М.*
	МИНИМ.	МАКС.		
ЭМС-008	0	0,071	2	5,75 – 8,875
ЭМС-011	0	0,017	4	1,025 – 2,125
ЭМС-013	0	0,009	1	1,125
ЭМС-017	0	0,018	2	1,875 – 2,25

\* Бір мезгілдік РШК 0,008 мг/м³ құрайды.

2013 жылғы Тұрақты даму есебінде келтірілгендей КПО Березов ауылында орнатылған автоматты ЭМС-нан Қазгидрометтің БҚО бойынша филиалына ауа сапасын қадағалау деректерін жолдау үшін онлайн ақпараттық порталды сәтті іске қосқан. Бұл аймақтық мемлекеттік органдарға Березовкадағы ЭМС-нан ауа сапасын қадағалау деректерін тікелей онлайн режимде алуға мүмкіндік берді. Жоба 2013 жылы Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарын жүзеге асыру шеңберінде өткізілді.

2018 жылы КПО барлық 18 автоматты ЭМС-нан ауа сапасын қадағалау деректерін Батыс Қазақстан облысы Экология департаментіне онлайн жолдау автоматты жүйесін іске қосуды жоспарлап отыр. Бұл КПО жүргізіп жатқан ауа сапасын қадағалау деректерінің айқындығын арттырады.

САНИТАРЛЫҚ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫ


2015 жылдың мамыр айында Қарашығанақ кен орнының шекарасында жаңа Санитарлық қорғау аймағы 2018 жылдан бастап жоспарланған КПО өндірістік нысандарын кеңейту жобасы бойынша бекітілді.

2017 жылы КПО орнатылған Экологиялық мониторинг станцияларының (ЭМС) кейбіреулерін бұрынғы СҚА шекарасынан жаңа орындарға және бір станцияны Ақсай қаласы шекарасына көшірудің ең тиімді жолын табу жұмыстарын жүргізді. Жыл басында бастапқы техникалық және экономикалық негіздеу жұмыстары басталып, кейін мониторинг станцияларын көшіру бойынша жобалау жұмыстарын жүзеге асыру кезеңі жүргізілді.

2017 жылы КПО СҚА әрі қарай дамыту жоспарын әзірлеп, БҚО денсаулық сақтау басқармасына жолдаған. 2018 жылы КПО жобаны жүзеге асыруды бастады.

2017 жылдың аяғында КПО Қарашығанақ кен орнының 2018 жылға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірледі. Жаңа СҚА пайдалануға және автоматты экологиялық мониторинг станцияларын көшіруге байланысты ҚМГКК СҚА шекарасындағы төрт бағыт (С,Б,О,Ш) бойынша мониторинг жүргізу көлемі күніне 1-ден 4 ретке дейін көбейтілді.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап КПО ауа сапасын бақылауды жаңа СҚА шекарасында жүргізіп келеді.



ЭНЕРГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ GRI 302-1


2017 жылы энергия ресурстарын жалпы тұтыну мөлшері, 2016 жылғы 971 700 тоннамен салыстырғанда, шартты жанармайдың 1 051 070 тоннасын құрады. Энергия түрлері бойынша энергияны тұтыну көлемдері 36-кестеде көрсетілген.

36-КЕСТЕ. 2015-2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ КПО ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУ

ЭНЕРГИЯ ТҮРІ	ӨЛ-ШЕМ БІРЛІГІ	ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ, ФИЗИКАЛЫҚ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ			ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ, ШАРТТЫ ОТЫН ТОННАСЫ			ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ, ГДЖ		
		2015	2016	2017	2015	2016	2017	2015	2016	2017
Отын газы	мың м³	804 002	785 007	850 765	990 531	967 129	1 048 142	29 032 455	28 346 542	30 721 053
Электр энергиясы (сатып алынған)	МВт/сағ	7 575	10 841	6 892	932	1 333	848	27 308	39 085	24 846
Дизель жанармайы	м³	1 215	1 436	772	1 532	1 811	911	44 901	53 074	26 696
Бензин	м³	321	264	287	354	291	316	10 386	8 535	9 274
Жылу (жалға алынған кеңселерде)	Гкал	8 678	7 943	7 468	1 241	1 136	1 068	36 373	33 292	31 301
БАРЛЫҒЫ					994 590	971 700	1 051 285	29 151 423	28 480 528	30 813 170

2016 жылмен салыстырғанда өндіріс деңгейінің артуына байланысты 2017 жылы отын газын тұтыну өсімі байқалды. Сатып алынатын электр энергиясын тұтыну деңгейі өткен жылға қарағанда төмен болды, себебі 2016 жылы сатып алынатын электр энергиясын тұтыну деңгейінің артуы нысандарда жоспарлы жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болды. Дизель жанармайы мен бензинді тұтыну көлемі айтарлықтай өзгерген жоқ.

35-СЫЗБА. ЭНЕРГИЯНЫ ЖҰМСАУ ДИНАМИКАСЫ, 2015-2017 ЖЖ. GRI 302-3, 102-48



2017 жылғы энергияның жұмсалыуы 1.10 ГДж /көмірсутектер тонна көлемін көрсетіп, өткен кезеңмен салыстырғанда сәл көптеу болды; алайда ол IOGP өз есептерін ұсынған компаниялардың энергияны жұмсау орта көрсеткіштерінен, және 2014 жылғы (1,4) базалық көрсеткіштен төмен деңгейде қалды.

Ескерту: Сызбада келтірілген 2015, 2016 жылдар бойынша көмірсутек өндіру туралы мәліметтер «31-сызба. 2015-2017 жылдардағы көмірсутегі шикізатын өндіру және ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі» сызбасындай көмірсутекті өндіру туралы деректерге сәйкес келтіру мақсатында түзетілді. Өндіріс деңгейін есептеудегі айырмашылық газды тоннаға айырбастау үшін түрлі тығыздық көрсеткіштерінің есептеулерінде қолдануға байланысты болды.



**Энергияны пайдалануды реттеу**  
**Су қорларын пайдалану**  
 Қалдықтар мәселесін басқару  
 Биотүрлілік

**ЭНЕРГИЯНЫ САҚТАУ БОЙЫНША ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

КПО-ның 2016-2020 жылдарға арналған энергияны сақтау мен тиімділігін жетілдіру бойынша бекітілген жоспарына сәйкес, 2017 жылы келесі шаралар жүзеге асырылды:

- Өндірістік нысандарда жиілік-реттелмелі жетектерді орнату шараларына техникалық және экономикалық бағалау жүргізілді.

Өкінішке орай, бағалау нәтижелеріне сәйкес жиілік-реттелмелі жетектерді орнату экономикалық тұрғыдан орынсыз деп танылды.

- Үлкен Шаған МАС-ның өндірістік нысаны мен химия зертханасында ескі үлгідегі шамдар жартылай жарықдиодтыларға алмастырылды.




«Uralsk Green Forum» халықаралық экологиялық форумы

**СУ ҚОРЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ**

Біздің міндетіміз – су қорларын сақтау мақсатында оларды сауатты және тиімді пайдалану. Кәсіпорындағы ауыз суды пайдалануды КПО су қорларын сақтау бойынша, және, мүмкін болған жағдайларда, тазартылған суды қайта қолдау бойынша шаралар кешені арқылы реттейді.

2017 жылы Компанияның жалпы су тұтынуы 538 464 м³ құрады, оның 447 774 м³ – техникалық су, ал 90 690 м³ – ауыз су.

**36-СЫЗБА. 2015-2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ КПО-НЫҢ СУ ТҰТЫНУЫ**



Су қабылдау мөлшерін шектейтін өндірістік қажеттіліктерге Суды арнайы тұтыну рұқсаттамасына сәйкес, КПО техникалық мақсаттарға пайдаланылатын суды Қоншыбай сайынан алып тұрады.

Бұл тұрғыдан КПО – алғашқы су тұтынушы. Жарсуат, Серебряков және Қиғаш су тоғандарынан су қабылдау ауыз су жеткізушілермен келісім-шарт арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайларда Компания қосымша тұтынушы болып табылады.

Нысандардағы су тұтыну көлемі су өлшеу аспаптарымен және құрылғылармен есептеліп, ҚР Судың бастапқы есебінің қағидаларына сай тіркеу кітаптарында тіркеледі.

37-кестеде су көздері бойынша КПО-ның су тұтынуы көрсетілген.

**37-КЕСТЕ. 2015-2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ КПО-НЫҢ СУ ТҰТЫНУ КӨЗДЕРІ, М³ GRI 303-1**

СУ КӨЗДЕРІ	НЫСАН	СУ САПАСЫ	ТҰТЫНУ		
			2015	2016	2017
1. Жарсуат су тоғаны	Қарашығанақ кен орны	жер асты, ауыз су	100 304	88 415	89 034
тұрмыстық қажеттіліктерге			100 304	88 415	89 034
2. Серебряков су тоғаны	Үлкен Шаған МАС	жер асты, ауыз су	1 708	1 670	1 656
тұрмыстық қажеттіліктерге			1 454	1 165	931
өндірістік қажеттіліктерге			254	505	725
3. Қоншыбай су қоймасы	Қарашығанақ кен орны	жер үсті, техникалық су	377 020	374 956	445 591
өндірістік қажеттіліктерге			377 020	374 956	445 591
4. Қиғаш су тоғаны	Атырау мұнай айдау станциясы	жер үсті, техникалық су	2 652	3 898	2 183
тұрмыстық қажеттіліктерге			845	1 053	1 054
өндірістік қажеттіліктерге			1 807	2 845	1 129

**ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН СУ**

КПО-ның тұрмыстық қажеттіліктері үшін сумен қамтамасыз ету көздері: Қарашығанақ кен орнында – Жарсуат су тоғаны, Үлкен Шаған мұнай айдау станциясында – Серебряков су тоғаны, Атырау мұнай айдау станциясында – Қиғаш су тоғаны пайдаланылады.

2017 жылы КПО бойынша тұрмыстық қажеттіліктер үшін су тұтыну көлемі 91 019 м³ құрады, бұл, 2016 жылғы 90 633 м³ көрсеткішімен салыстырғанда 0.4%-ға артық.

Ауыз су Компания нысандарының шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктері үшін ғана пайдаланылады. Үлкен Шаған мұнай айдау станциясында су «Қазводхоз» РМК БҚО филиалымен қамтамасыз етіліп, өрт резервуарларын толтыру үшін ғана қолданады.

**ТЕХНИКАЛЫҚ МАҚСАТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН СУ**

Қарашығанақ кен орнындағы техникалық мақсаттарға қажетті сумен қамтамасыз етуші негізгі көз Қоншыбай жырасындағы №1 су қоймасы болып табылады. Пайдалану мерзімі 22.09.2020 ж. күніне дейін созылатын және өндірістік мақсаттарда суды алу үшін суды пайдаланудың арнайы рұқсаттамасына сәйкес, жыл сайынғы су алу шегі 595 047 м³ құрайды. 2017 жылы Қоншыбай жырасынан алынған судың жалпы көлемі 445 591 м³ құрады.

Қоншыбай жырасы Батыс Қазақстан облысы әкімінің 16.06.2017 күнгі №176 Қаулысы бойынша жергілікті деңгейдегі балық шаруашылығы су қоймаларының тізіміне енбейді. Қоншыбай жырасы жерасты суларынан қоректенбейді, ол көктемгі қар еру мен жауын-шашындардан толып отырады.





Энергияны пайдалануды реттеу  
**Су қорларын пайдалану**  
 Қалдықтар мәселесін басқару  
 Биотүрлік



Қысқы уақытта жауын-шашынның аз болуына байланысты, Қарашығанақ кен орнының қажеттіліктеріне су алуға керекті су деңгейінің төмендеп кетуі мүмкін. Су жетіспеген жағдайда және компанияның жұмыстарын тоқтап қалуын болдырмау мақсатында Компанияда техникалық сападағы суы бар № W-9 бен W-4 екі резервтік ұңғымасы бар. 2017 жылы резервтік ұңғымалардан су пайдаланылмады.

Атырау терминалының мұнай айдау станциясының шаруашылық-тұрмыстық және техникалық қажеттіліктері үшін Астрахань-Маңғышлақ магистралды құбыр желісі арқылы Қиғаш су тоғанындағы техникалық сападағы су жеткізіледі.

2017 жылы техникалық қажеттіліктер үшін су тұтыну көлемі 447 445 м³ құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 18%-ға артық (378 306 м³).

**ТАЗАРТЫЛҒАН САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫ ТӨГУ GRI 306-1**

Өндірістенемесе шаруашылық-тұрмыстық қажеттілікке пайдаланған суға оның алғашқы құрамын немесе физикалық қасиеттерін өзгертетін қосымша қоспалар (ластаушылар) еніп, нәтижесінде сарқынды сулар пайда болады. Өндірістік нысандардан атмосфералық жауын-шашындардың түсуі кезінде ағатын су және көмірсутек шикізатын өндіру барысында пайда болатын су да сарқынды суларға жатады.

2015 жылы компаниямен Қарашығанақ кен орны бойынша 2016-2017 жылдарға және Үлкен Шаған және Атырау мұнай айдау станциялары бойынша 2016-2020 жылдарға арналған ластаушы заттардың рұқсат етілген шекті төгінділер (бұдан әрі - РЕШТ) нормативтерінің жоба-

лары және сарқынды сулардың сапасын бақылау кестелері дайындалып, бақылаушы органмен келісілді. Шекті төгінділер нормативтерінің жобалары сарқынды сулардың түрлерін және көлемін, оларды төгу нысандарын белгілейді, сонымен қатар ластаушы заттардың шоғырлануын және олардың РЕШТ нормативтерін реттейді.

Тазартылған тұрмыстық-шаруашылық, өндірістік-нөсерлік және нөсерлік сарқынды суларды жинау үшін үшін КПО падаланатын арнайы салынған жасанды құрылғылар 38- кестеде берілген: Бұл құрылыстар топырақ және жер асты суларына ластаушы заттардың жайылуын болдырмайды, сонымен қатар техникалық қажеттіліктерге қайта пайдалану үшін тазартылған сарқынды суларды жинауға, осы арқылы тұщы судың шығынын төмендетуге мүмкіндік береді.

Көмірсутекті шикізатпен бірге өндірілетін илеспе-қабат сулар және өндірістік сарқынды сулар тазартылып, өнеркәсіптік сарқынды сулар жер астында көмудің №1 және №2 полигондарының тереңде орналасқан жерасты деңгейжиектеріне айдалады. Өнеркәсіптік сарқынды суларды көму әдісі – тазарту кезінде тұзды қалдықтардың жер бетінде пайда болуынсыз сарқынды сулардың өңдеудің әлемдік тәжірибесі. Деңгейжиектердің берік оқшаулануы және сарқынды суларды айдауға өте қолайлы болып табылатын жыр қыртысының қасиеттері сарқынды сулардың жоғарғы деңгейжиектерге көшуін болдырмайды.

КПО-ның шаруашылық және өндірістік іс-шаралар нәтижесінде пайда болатын тазартылған сарқынды сулар табиғи су қоймаларына ағызылмайды.

39-шы кестеде сарқынды су түрлері мен қабылдаушы нысандар бойынша КПО-ның 2015-2017 жылдарға арналған төгу көлемдері.



**38-КЕСТЕ. САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫ ТӨГУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ**

САРҚЫНДЫ СУЛАР ТҮРЛЕРІ	ҚҰРЫЛЫС/ОРНАЛАСУ ОРНЫ
Тазартылған тұрмыстық-шаруашылық сарқынды сулар	<ul style="list-style-type: none"> <li>Әкімшілік-қонақжай кешеніндегі су жинақтауыш тоғандар #1, 2;</li> <li>Үлкен Шаған және Атырау МАС буландырғыш тоғандар;</li> <li>ГҚДҚ-3 нысанындағы мезгілдік реттеу ыдысы.</li> </ul>
Өндірістік-нөсерлік сарқынды сулар	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚӨК тұнба тоғаны,</li> <li>ГҚДҚ-2 тұнба тоғаны,</li> <li>ГҚДҚ-3 жиналмалы бассейндері (2 нысан)</li> </ul>
Еріген және жаңбырдың сарқынды сулары	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚӨК суландыру лагунасы (2 нысан),</li> <li>ӘҚК суландыру лагунасы,</li> <li>ГҚДҚ-2 суландыру лагунасы,</li> <li>Экоорталықтың су жинақтауыш тоғандары(2 нысан).</li> </ul>

**39-КЕСТЕ. САРҚЫНДЫ СУ ТҮРЛЕРІ МЕН ҚАБЫЛДАУШЫ НЫСАНДАР БОЙЫНША КПО-НЫҢ 2015-2017 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЛПЫ ТӨГУ КӨЛЕМДЕРІ, М³**

ҚАБЫЛДАУШЫ НЫСАН	САРҚЫНДЫ СУЛАР САНАТЫ	2015	2016	2017
Су жинақтауыш тоған	Тазартылған тұрмыстық сарқынды сулар	66 213	62 767	63 935
Өнеркәсіптік сарқынды сулар астында көму полигондары	Өндіріс пен дауылдың ағынды сулары,технологиялық және илеспе-қабат сарқынды сулар	377 086	413 399	582 400
Үлкен Шаған және Атырау терминалы мұнай айдау станцияларындағы жер рельефі	Еріген және жаңбырдың сарқынды сулары	3 297	5 543	2 862
Төгінділердің жалпы көлемі		446 596	481 709	649 197

2017 жылы сарқынды суларды ағызудың артуының негізгі себебі көмірсутекті шикізатпен өндірілетін өндірілген судың көлемін ұлғайту болды.

КПО өз нысандарында пайда болған және тазартылған сарқынды сулардағы ластаушы заттардың құрамына бақылау жасайды:

Тазартылған тұрмыстық-шаруашылық сарқынды сулар		pH, қалқымалы заттар, мұнай өнімдері, аммоний азоты, нитраттар, нитриттер, ОБТ-5 (оттегін биологиялық тұтыну) пен ОБТ-20, жалпы темір, СББЗ, сульфаттар, хлоридтер, фосфаттар, құрғақ қалдық, ерітілген оттегі, ОХТ (оттегін химиялық тұтыну)
Өндірістік-нөсерлік, еріген және жаңбырдың сарқынды сулары		pH, қалқымалы заттар, мұнай өнімдері, сульфаттар, хлоридтер, құрғақ қалдық, ОБТ, жалпы темір
Технологиялық және илеспе-қабат сарқынды сулар		қалқымалы заттар, мұнай өнімдері, сульфидтер, сульфаттар, хлоридтер, күкіртті сутек, метанол, темір, мыс, мырыш, алюминий





Энергияны пайдалануды реттеу  
**Су қорларын пайдалану**  
 Қалдықтар мәселесін басқару  
 Биотүрлілік



ГКДҚ-2 суландыру лагунасы

2017 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар сарқынды суларды төгудің көлемін мөлшерлемейді, шекті деңгей ластаушы заттардың тонналық көрсеткішіне белгіленген. 2015-17 жылдары аралығында сарқынды сулармен ластаушы заттарды төгу көлемі жөніндегі ақпарат 40-кестеде берілген.

**40-КЕСТЕ. 2015-17 ЖЫЛДАРЫ АРАЛЫҒЫНДА САРҚЫНДЫ СУЛАРМЕН ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫ ТӨГУ КӨЛЕМІ**

НЫСАН	НОРМАТИВ, ТОННА			ІС ЖҮЗІНДЕГІ, ТОННА		
	2015	2016	2017	2015	2016	2017
Қарашығанақ кен орны	31 915,92	57 272,71	57 274,87	14 780,25	17 094,78	32 930,47
Үлкен Шаған МАС	6,37	3,66	3,66	1,81	0,99	1,23
Атырау МАС	5,99	2,37	2,37	0,78	0,85	1,36
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>31 928,28</b>	<b>57 278,74</b>	<b>57 280,9</b>	<b>14 782,84</b>	<b>17 096,62</b>	<b>32 933,06</b>

2017 ластаушы заттардың 32 933,06 тоннасы төгілді (2016 жылғы 17 096,62 тонналық көрсеткішпен салыстырғанда 1,9 %-ға артық). Оның ішінде 28 791,17 тонна РЕШТ нормативтері шегінде, ал 4 141,88 тонна – одан тыс төгілді. Ластаушы заттардың нормативтер шегінен тыс төгінділерінің РЕШТ-ің шоғырлану деңгейінен асуы жинақтаушы тоғанға төгілетін нитраттарға (негізінен) және аммоний азоты мен тұрмыстық сарқындыларға (сирек) байланысты орын алып отырады. Жерасты деңгейжиектерге айдалатын сарқындылардан РЕШТ шоғырлану шегінен асу жағдайлары, негізінен, күкіртті қышқыл мен хлоридтер бойынша және кей уақытта қалқымалы заттар, мұнай өнімдері және сульфаттар бойынша тіркелген.

2017 жылдағы өнеркәсіптік сарқындылардың көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 1,4 %-ға өсті. Өнеркәсіптік сарқындылардың ұлғаюы Қарашығанақ кен орнында су алған өндіріші ұңғымалардың пайда болуымен байланысты. Ластаушы заттардың өсуі көмірсутек шикізатымен бірге өндірілетін ілеспе-қабат суларда, демек, жер асты деңгейжиектерге айдалатын сарқынды суларда да еритін тұздардың жоғары деңгейімен байланысты. Өндірістік сарқындыларды

жерасты көмудің №1 полигонында өндірістік сарқындылардың өсуі қалқымалы заттар, мұнай өнімдері, күкіртті сутек, алюминий, мырыш, сульфаттар және хлоридтер бойынша жылдық РЕШТ нормативтерінен асып кетуге және норматив шегінен асатын төгінділердің түзілуіне себеп болды. Пайда болған ластаушы заттардың нормативтерден тыс төгінділері үшін Компания ҚР Заңнамасына сәйкес төлемдер жасады.

Сарқындылар тереңде нық оқшауланған жерасты деңгейжиектерге айдалғандықтан, осы әрекет топырақ, өсімдіктер және жануарлар әлемі сияқты қоршаған орта компоненттеріне әсер етпейді. Бұл деңгейжиектердегі сулар жоғары минералданған және шарушылық-ауыз су, бальнеологиялық және техникалық қажеттіліктер үшін, суару және мал шаруашылығы үшін қолданылмайды.

Өнеркәсіптік сулар пермо-триас тұзды шөгінділерге айдалады. №1 өнеркәсіптік қоқыс төгу полигонының тереңдігі - 2,001 м, жер асты қоқыстарының № 2 өндірістік қалдықтарының тереңдігі - 2900 м дейін.



**ТАЗАРТЫЛҒАН САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫ ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУ**

Бұрғылау, бұрғылау ерітіндісін дайындау, екпе ағаштарын суару, құрылыс алаңдарындағы және жолдардың шағын басу сияқты жұмыстарға және әрекеттерге арналған жаңа су алуды азайту үшін КПО тазартылған тұрмыстық, өндірістік-жаңбырлық және нөсерлік сарқынды суларды пайдаланады. Сарқынды суларды компания нысандарына қайта пайдалану 2014-2017 жылдарға арналған технологиялық регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

КПО-ның 2017 жылы техникалық қажеттіліктер үшін қайта пайдаланған су көлемі Коншыбай жырасынан алынған техникалық судың 12,8%-ын құрады. 41-кестеде тазартылған сарқындыларды пайдаланатын жұмыс түрлері келтірілген.

**41-КЕСТЕ. 2015-2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАЗАРТЫЛҒАН САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫ ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУ, М<sup>3</sup> GRI 303-3**

	2015	2016	2017
<b>ЖАЛПЫ ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ:</b>	<b>31 213</b>	<b>48 023</b>	<b>50 476</b>
Бұрғылау қажеттіліктері және бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін	23 744	30 655	32 130
Суару, гидросынау және өрт резервуарларын толтыру	-	1 553	6 506
Шаң басу	7 469	15 815	11 840

2017 жылы Компания техникалық қажеттіліктерге тазартылған сарқынды сулардың 50 476 м<sup>3</sup> қайта пайдаланып, олардың негізгі көлемі бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін жұмсалды. 2016 жылмен салыстырғанда, 2017 жылы тазартылған тұрмыстық сарқынды суларды жас көшеттерді суару, Қарашығанақтың батыс бөлігіндегі

ұңғымаларды бұрғылау үшін № 9816Д ұңғыманың жинақтауыш тоғандарын толтыру мақсатында қайта пайдалану көлемінің ұлғаюы орын алды. Сонымен қатар, өрт резервуарлары нөсерлік сумен де толып отырды.



КПО ағынды суларды қайта өңдеу жобасы бойынша «Эни» марапаты



## ҚАЛДЫҚТАР МӘСЕЛЕСІН БАСҚАРУ


КПО-дағы қалдықтарды басқару іс-әрекеттері түзілетін шығарындылардың адамдар мен қоршаған ортаға нақты және ықтимал қаупін азайтуға бағытталған. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістерін қолданады, атап айтқанда:

- қалдықтарды өндірістік үдеріске қайта жіберу;
- қалдықтарды Эко орталық қондырғыларында қайта өңдеу;
- қалдықтарды Эко орталық нысандарына орналастыру;
- қалдықтарды кейінгі орналастыру, қайта өңдеу және жою үшін мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға жіберу.

НЗ7-сызбада түзілген қалдықтар мөлшерінің соңғы үш жылдағы динамикасы көрсетілген. 2017 ж. КПО нысандарында түзілген қалдықтардың жалпы мөлшері 35 319 тоннаны құрады.

2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы КПО нысандарында түзілген қалдықтардың мөлшері айтарлықтай көбейген жоқ. Мұндай маразмсыз ауытқулар өндірістік жұмыстардың кейбір түрлерін жүргізу жүйелілігімен байланысты болды.

### 37-СЫЗБА 2015-2017 ЖЫЛДАРЫ КПО НЫСАНДАРЫНДАҒЫ ТҮЗІЛГЕН ҚАЛДЫҚТАР МӨЛШЕРІ, ТОННАМЕН




### ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ

ЭКПО Эко орталығы, шын мәнінде, Батыс Қазақстан аймағындағы бұрғылау қалдықтарын басқару бойынша озық тәжірибенің мысалы болып табылады. Бұл нысан бұрғылау қалдықтары мен сұйықтықтарының тиімді және экологиялық қауіпсіз кәдеге жарату мен қайта өңдеуді қамтамасыз етеді.


Өндірістік және тұтыну қалдықтарын КПО Эко орталығының нысандарында қайта өңдеу қалдықтардың көлемін және қаупін азайтуға

мүмкіндік беретін, сонымен қатар қалдықтардан құнды бөлшектерді бөле алатын, және оларды қайта пайдалану үшін өңдей алатын үздік қолжетімді технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Компания қолданып келе жатқан қалдықтарды өндіріс үдерісіне қайтару процесі – бұрғылау кезінде пайда болған қалдықтарды қайта пайдаланудың оңтайлы әдісі болып табылады.


Төменде КПО Эко орталығының қалдықтарды қайта өңдеу қондырғылары келтірілген.





Мұнай негізіндегі қайта өңделген бұрғылау қалдықтарынан базалық май мен суды бөлу технологиясының нәтижесінде КПО қалдықтарын орналастыру мөлшері бастапқы түзілген көлемнен 17%-ға азайды.



Бұрғылау және өндіріс қалдықтарын айналымды пеште өңдеу және залалсыздандыру технологиясын қолдану нәтижесінде қалдықтардың мөлшері бастапқы түзілген көлемнен орташа есеппен 24% төмендеді. Бұл қалдықтар КПО Эко орталығы қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында орналастырылады.



Қалдықтарды жалпы мақсаттағы пеште жағу нәтижесінде пештен шығу кезіндегі қалдықтар көлемі 88%-ға қысқарды.



Мамандандырылған мердігерлік ұйымдар КПО-дан қабылданған қалдықтарды әрі қарай өңдеу әдістерін өздері анықтап, тоқсан сайын қалдықтарды орналастыру бойынша үшінші тараптарға есеп береді.

2017 жылы макулатураны бөліп жинау мен сұрыптау нәтижесінде қаланың қоқыс үйіндісіне жіберілген КПО-ның коммуналдық қалдықтарының мөлшері 102 тоннаға азайды. Жиналған макула-

тура тұтыну тауарларын дайындауда макулатураны қайталама шикізат ретінде пайдаланатын жергілікті кәсіпорындарға жіберілді.

Қалдықтардың Эко орталықтың қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында орналастырылуы ҚР экологиялық заңнамасы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.





	ҚЫЗМЕТІ	2017 ЖЫЛҒЫ КӨРСЕТКІШІ
6. Қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигоны	<p>Эко орталықтың қалдықтарды өңдеу қондырғыларында (БҚТТҚ, АП, ЖМП) түзілген қатты қалдықтары мен су негізіндегі бұрғылау шламдарын қауіпсіз көму.</p> <p>Полигонда әр ұяшықтың ауданы 7,5 мың кубқа тең 24 ұяшық орналасқан. Полигон қауіпсіздігі қалдықтардың немесе инфильтраттың қоршаған ортаға шығарылуын болдырмайтын геомембраны сазды қабаты бар ұяшықтардың құрылымымен байланысты. Ұяшықтар қалдықтармен толтырылғаннан кейін қоқыс газын жинау үшін кәріздік жүйесі бар оқшаулағыш қабатпен жабылады. Полигонда нәсер мен еріген қар суын жинайтын кәріз жүйесі де бар.</p>	<p>2011 жылдан бастап полигонда іс жүзінде 210 891,44 тонна қалдық көмілген. Ұяшықтар толған кезде олар жабылады. 2017 жылдың аяғында барлығы 12 ұяшық жабылды.</p>

2015 жылдан бастап алаңда қатты қалдықтар мен өңделген бұрғылау сұйықтықтарын орналастыру сақталмайды. 2017 ж. аталмыш алаңнан, Эко орталық қондырғыларында (БҚТТҚ, АП) өңделіп, қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында орналастырылған қалдықтарды алу жұмыстары жалғасты. 2017

ж. қатты қалдықтар мен өңделген бұрғылау сұйықтықтарын сақтау алаңынан қайта өңдеуге 5 266,26 тонна қалдық жіберілсе, 2016 ж. 5733,18 тонна қалдық жіберілді. 2018-2019 жж. алаңнан қалдықтарды одан әрі қайта өңдеу жоспарлануда.

**42-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛЫ КПО НЫСАНДАРЫНДАҒЫ ТҮЗІЛГЕН, ҚАЙТА ӨНДЕЛГЕН, ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТЫЛҒАН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ МӨЛШЕРІ, ТОННАМЕН** <sup>GRI 306-2</sup>

2017 ЖЫЛҒЫ КПО ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ		ҚАУІПТІ ТҮЗІЛГЕН ҚАЛДЫҚТАР	ҚАУІПСІЗ ТҮЗІЛГЕН ҚАЛДЫҚТАР	ҚАУІПТІ ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАЛДЫҚТАР	ҚАУІПСІЗ ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАЛДЫҚТАР	2017 ЖЫЛҒЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ ӨНІМДЕРІ	БАРЛЫҒЫ:
1. Жалпы мақсаттағы пеште (ЖМП) жағудан бұрын қалдықтарды сұрыптау	Қалдықтарды сұрыптау қондырғысына жіберілген	1 061,41	45,64	0,77	0	50,31	1 158,13
	Сұрыптаудан кейінгі салмақты қайта өлшеудегі айырмашылық		18,57				
	Кейінгі қайта өңдеу үшін үшінші тарапқа жіберу мақсатында сұрыптау кезінде бөлінген қалдықтар		151,57				
	Сұрыптау кезінде бөлінген және көму үшін үшінші жаққа жіберілген қалдықтар		58,12				
2. Пеште жағу	ЖМП-не сұрыптаудан кейін жіберілген қалдықтар		929,88				929,88
	ЖМП-не сұрыптаусыз жіберілген қалдықтар	0,06	0	0	0	0	0,06
	Оның ішінде						
	Жағудан кейін КПО полигонында көмілген қалдықтар		108,4				
	Жағу есебінен қалдықтардың азаюы		821,54				



**42-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛЫ КПО НЫСАНДАРЫНДАҒЫ ТҮЗІЛГЕН, ҚАЙТА ӨНДЕЛГЕН, ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТЫЛҒАН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ МӨЛШЕРІ, ТОННАМЕН (ЖАЛҒАСЫ)** <sup>GRI 306-2</sup>

2017 ЖЫЛҒЫ КПО ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ		ҚАУІПТІ ТҮЗІЛГЕН ҚАЛДЫҚТАР	ҚАУІПСІЗ ТҮЗІЛГЕН ҚАЛДЫҚТАР	ҚАУІПТІ ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАЛДЫҚТАР	ҚАУІПСІЗ ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАЛДЫҚТАР	2017 ЖЫЛҒЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ ӨНІМДЕРІ	БАРЛЫҒЫ:	
3. Қайта өңдеу	Айналымы пешке (АП), Қалдықтарды термомеханикалық тазалау қондырғысына (ҚТТҚ) және Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысына (СҚТҚ) қайта өңдеуге жіберілген қалдықтар	17 372,39	43,44	8 041,52	0	768,1	26 225,45	
	Оның ішінде	Өңдеуден кейін қайта пайдаланылған (алынған мұнай негізі, тазартылған тұздықтар мен ерітінділер)			5 808,53			
		Кейінгі қайта өңдеу			768,1			
		СҚТҚ-да бөлінген су			788,16			
		Қайта өңдеу кезіндегі жоғалтулар			678,46			
		35 А/Б чектерінде орналастыру			1 828,52			
		Қайта өңдеуден кейін полигонда көмілген (ҚТТҚ мен АП-дегі қатты қалдықтар, су негізіндегі бұрғылау шламы)			16 034,04			
		Қайта өңдеу кезінде бөлінген және үшінші тарапқа берілген қалдықтар (мұнайлы бұрғылау сұйықтықтар мен қалдықтар шламы)			319,64			
4. Қайта пайдалану және кәсіпорындағы үдеріске қайтару	87,23	2	1,5	0	0	90,73		
5. Кәсіпорында бейтараптандыру және КПО лай алаңдарында құрғату	735,48	0	0	0	0	735,48		
6. Қалдықтарды КПО полигонында өңдеусіз көму	2 553,50	0	0	0	0	2 553,50		
7. Кәсіпорында жинақталған (жыл барысында 35 А/Б чектерінде орналастырылған және 2018 жылда жіберуге дейін сақталып тұрған қалдықтар)	9 466,86	3,14	516,22	0	1 839,26	11 825,47		
8. 2017 жылы кейінгі қайта өңдеу, пайдалану, жағу және көму үшін үшінші тарапқа берілген қалдықтар	2 445,62	1 502,65	157,37	46,02	529,33	4 680,99		



Энергияны пайдалануды реттеу  
Су қорларын пайдалану  
**Қалдықтар мәселесін басқару**  
Биотүрлілік

Компания қалдықтарының басым бөлігі ұңғымаларды бұрғылаудан және жөндеуден түзіледі. Бұл ретте, қолданылатын бұрғылау ерітіндісі түріне байланысты су немесе мұнай негізіндегі бұрғылау шламы түзіледі. 2017 жылы 28 719 тонна қатты және сұйық бұрғылау қалдықтары пайда болып, Компанияның барлық қалдықтарының 81%-ын құрады.

43-кестеде бұрғылау қалдықтарының негізгі түрлері, оларды қолдану әдісі бойынша бөлініп көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей, тек су негізіндегі ерітінділер мен қалдықтарды ғана орналастыруға болады. Мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтары алдын ала өңделіп, құрамынан мұнай негізін алып тастағаннан кейін ғана көмуге жіберіледі.

43-КЕСТЕ. 2015-2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСІНЕ ҚАРАЙ ҰҢҒЫМАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ҚАЛДЫҚТАРЫ. G4-067

ҚАЛДЫҚ АТАУЫ	КӨЛЕМІ, ТОННАМЕН			ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ
	2015 Ж.	2016 Ж.	2017 Ж.	
Пайдаланылған су негізіндегі бұрғылау ерітінділері	392	950	2 943	СҚТҚ-да өңдеу
	3 413	4 188	4 471	Орналастыру
Су негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдықтары	1 200	1 994	2 554	Көму
	6	0	0	АП-де термикалық өңдеу
Пайдаланылған мұнай негізді бұрғылау ерітіндісі	2 216	2 156	2 043	СҚТҚ және БҚТТҚ-да қайта өңдеу
	7	0	0	АП-де термикалық өңдеу
Мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдығы	17 688	12 026	12 808	Мұнай негізі мен суды алумен және қатты бөлігін кейінгі көмумен БҚТТҚ-да қайта өңдеу
	9 280	3 802	3 546	СҚТҚ-да өңдеу
Пайдаланылған тұздықтар	2 371	984	353	Орналастыру
	133	60	0	АП-де термикалық өңдеу
Мұнайлы қалдықтар	12	0	0	БҚТТҚ-да өңдеу
	0	0	2	Мамандырылған мердігерлік ұйымға беру

**ТӨГІНДІЛЕР** GRI 306-3

2017 жылы Қарашығанақ кен орнының аумағында қауіпсіздік клапаны арқылы айтарлықтай конденсат төгілуінің бір жағдайы тіркелді. 1000 литрден астам төгілген конденсат жер мен нөсерлі сорғыш жүйесінен вакуумдық цистерна мен абсорбент материалды пайдалану арқылы шығарылды. IOGP классификациясы бойынша бұл іс бастапқы қорғаныштың тұтастығын бұзу деп қарастырылады (1-деңгей).

Оқиға Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарына хабарланып, белгіленген тергеу комиссиясы оның түпкі себептерін анықтады. Комиссияның қорытындысы бойынша мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермеу мақсатында бірқатар түзету-профилактикалық шаралар қабылданды.

<sup>6</sup> КПО оқиғалар жіктелуі бойынша «елеулі төгілу» анықтамасы 1000 литрден астам көмірсутектер/химикаттар төгіліп, топырақты немесе суды ластауға әкеліп соқтырған оқиғалар жағдайларына қатысты қолданылады



**БИОТҮРЛІЛІК**

Біз өндірістік қызметімізді жұмыс жасап жатқан аймақтың биотүрлілігіне және экожүйесіне мейлінше аз әсер әсермен жүргізуге бар күшімізді салып келеміз, және осы өлкедегі жалғыз ғана мүдделі тарап емес екенімізді айқын түсінеміз.

Қарашығанақ мұнай, газ конденсатты кен орны Қазақстанның солтүстік батысындағы құрғақ далалық аймақта орналасып, 280 км2-ден астам жерін алып жатыр. Өз қызметін компания шектелген ғана аймақта жүргізіп келеді, себебі жерді пайдалану бойынша ресми құқық өнеркәсіптік нысандардың, құбыр желілерінің және кен орны жолдардың астындағы жерлерге ғана рәсімделген. КПО нысандарына көршілес жерлер үшінші жақтың бірқатар өкілдерінің меншігі болып табылады және олармен ғана басқарылады. GRI 304-1

Жерді пайдаланудың өткен және қолданыстағы басқару әдістері өндірістік үдерістердің және жұмыстардың жергілікті және әлемдік деңгейдегі әсеріне ұшырап келе жатқан қазіргі ландшафты, биотүрлілік пен экожүйені құрады. Жалпы ландшафт және тарихи мәселелер қоршаған ортаның қазіргі жағдайының астарында жатқан себептерді, сонымен қатар биотүрлілікке және экожүйелерге әсер етіп келетін әрекеттерді түсінуде маңызы зор.

Флора мен фаунаның көптеген түрлері, соның ішінде табиғатты қорғау жөніндегі халықаралық одақ Қызыл тізіміне (Қызыл кітапқа) және Қазақстанның қызыл кітабына енгізілген түрлері Қарашығанақ кен орнына мекендейді. Осы түрлерді ескере отырып аймақтағы іс-әрекеттерін жоспарлау және жүзеге асыру – КПО үшін өте маңызды. Дегенмен, осы түрлердің болуы немесе олардың санының өзгеруі бойынша Компанияның қоршаған ортаны қорғауға бағытталған

әрекет-шаралары туралы пайымдауға болмайды, себебі бұл КПО іс-әрекетіне тікелей байланысы жоқ түрлі жағдайлар немесе аймақтық себептермен де өзгеруі мүмкін. Осындай түрлер санының өзгеруі құбылысын олардың көбею қарқыны тұрғысынан кеңірек талдануы тиіс. КПО, өз жағынан, өндірістік қызметін белгілі түрлердің көбеюіне тікелей немесе жанама әсер тигізбейтіндей ұйымдастыруға бар күшін салуда.

Қоршаған орта жағдайын бағалау, өндірістік қызметтің әсерін айқындау және оны жою мен азайту шараларын дайындау мақсатында КПО экологиялық мониторинг және биотүрлілікті сақтау бойынша бірқатар шаралар қолданады.

КПО-ның биотүрлілікті сақтауға бағытталған қағидалары мен әдістерін белгілейтін негізгі құжат - Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары (БСЖ). БСЖ негізгі мақсаты - фауна мен флора түрлерін және Қарашығанақ кен орнындағы олардың тіршілік ету ортасын КПО өндірістік қызметімен үйлесімде сақтау.

Биотүрліліктің өлкедегі жағдайын анықтау мақсатында 2010 жылы КПО ғылыми зерттеулер жүргізді. Бұл зерттеулер биологиялық алуан түрліліктің жалпы жағдайын бағалауды және өндірістік-өнеркәсіптік қызметтің бұған әсер ету бағалауын қамтыды. Алғашқы зерттеулер нәтижелері Қарашығанақ кен орны аумағында жануарлар мен өсімдіктер әлемінің жай-күйінің динамикасын сақтау мақсатында қолданылды.

2011 жылдан бастап БСЖ-на сәйкес КПО шаралардың келесі сатыларын өткізді.

44-КЕСТЕ. 2011-2020 ЖЖ. БИОТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ БОЙЫНША ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ GRI 103-2

КЕЗЕҢ	ЖЫЛ	ЗЕРТТЕУЛЕР
1		Орындалды:
	2011	2012-2013 жылдарға арналған Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспарын дайындау.
	2012	Қарашығанақ кен орны аумағындағы жануарлар әлемін зерттеу, соның ішінде сирек кездесетін жануарлар түрлерін тіркеу.
	2013	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кеніштің ықпал ету аймағындағы өсімдіктер жағдайын төрт әсер ету факторы бойынша қадағалау, атап айтқанда: қоршаған ортаға тасталатын шығарындылар, физикалық әсері, су тұтыну, жайылым жерлер;</li> <li>Үш кезеңде жерсеріктен түсірілген суреттерді экожүйелердегі өзгерістерді анықтау мақсатында талдау;</li> <li>Қарашығанақ су нысандарының (Березовка өзен, Қоншыбай жырасы) жағалық аймақтарын картаға түсіру.</li> </ul>
2	2014	2015-2016 жылдарға арналған Биотүрлілікті сақтау бойынша КПО шаралар жоспарын дайындау.





44-КЕСТЕ. 2011-2020 ЖЖ. БИОТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ БОЙЫНША ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ. (ЖАЛҒАСЫ) <sup>GRI 103-2</sup>

КЕЗЕҢ	ЖЫЛ	ЗЕРТТЕУЛЕР
2	2015	<p><b>Фауна мониторингімен</b> қоса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Атмосфераға шығарындыларды және жер қыртысындағы ластаушы заттарды картаға түсіру;</li> <li>КПО өндірістік қызметінің әсерін ескере отырып, Қарашығанақтың жануарлар әлемінің (сүтқоректілер, құстар, қосмекенділер, бауырмен жорғалаушылар) түр алуандығын зерттеу;</li> <li>Қоншыбай жырасы және Березовка өзені аймағындағы маңызды жануарлар түрлерін, соның ішінде құндыздарды, зерттеу;</li> <li>Жануарлар әлеміне мониторингтің нәтижелері негізінде Қарашығанақ аумағында мекендейтін түрлердің деректер базасын жаңарту;</li> </ul>
	2016	<p><b>Флора мониторингімен</b> қоса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Атмосфераға тасталатын шығарындылар, физикалық әсерлер, малдың жайылуы және су алу әсері тұрғысынан өсімдіктер әлеміне мониторинг;</li> <li>Қоншыбай жырасы және Березовка өзені маңында өсетін шілмұрттың сирек түрінің таралуын бақылауды жалғастыру.</li> </ul>
3	2017	КПО IRIECA және IOGP жариялаған мұнай және газ секторы үшін биотүрлілікті сақтау бойынша әрекет жоспарларын дайындауға арналған нұсқаулыққа сәйкес 2018-2019 жылдар үшін биотүрлілікті сақтау жоспары жасалды.
	Жоспарлануда:	
	2018	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жануарлар әлемі жай күйінің динамикасын қадағалау мақсатында флора мониторингін жалғастыру;</li> <li>Қоншыбай жырасы және Березовка өзені маңында маңызды жануарлар түрлерінің, соның ішінде бөренелерді есепке алуды жалғастыру.</li> </ul> <p>Алғашқы рет:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГКК аумағындағы су қоймаларында ихтиофаунаны зерттеу.</li> </ul>
	2019	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сирек маңызды түрлерді есепке ала отырып, флора мониторингін жалғастыру;</li> <li>Биотүрлілікті кешенді бағалау және аумақтағы экожүйелердің жалпы жай-күйін қадағалау мақсатында жағалық өсімдіктердің динамикасына мониторинг жүргізу.</li> </ul>
	2020	<p>Алғашқы рет:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГКК аумағында омыртқасыздар түрлерінің әртүрлілігін зерттеу.</li> </ul>

Жалпы алғанда, далалық жерлерді ауыл шаруашылығы тұрғысынан пайдалануды тоқтату арқасында тыңайма<sup>7</sup> орындарының табиғи қалпына келу үдерісі орын алып жатқанын айта кеткен жөн.

2011 жылдан бері Қарашығанақ аймағындағы жауарлар мен өсімдіктер әлеміне Компанияның тұрақты бақылау жүргізуі барысында флора мен фауна өкілдерінің мекендеу ортасына КПО қызметінің қандай да бір кері ықпалы айқындалмады. Керісінше, ауыл шаруашылығы жұмыстарының тоқталуы, аймақты толықтай қорғау және адамның кері әсері факторының мүлдем дерлік болмауы кен

орнында жергілікті флора мен фаунаға жағымды жағдайлар туғызып, сирек кездесетін түрлерді де сақтайды. <sup>GRI 304-2</sup>

1990-2016 жылдары өткізілген зерттеулер барысында Қарашығанақ кен орны аймағында тіркелген маңызды түрлер [www.kpo.kz](http://www.kpo.kz) вебсайтының «Тұрақты даму/ЕҚ,ҚТ және ҚОК/Қоршаған ортаны қорғау/Биотүрлілік» бөліміндегі тиісті кестесінде көрсетілген. Осы түрлердің барлығы Қарашығанақ кен орны аймағынан тыс жерлерде де кездесуі мүмкін. <sup>GRI 304-4</sup>

<sup>7</sup> Тыңайма, тыңайма орындары – бір жылдан астам уақыт бойы қолданылмаған егістікке арналған ауыл шаруашылығы алқаптары. Күз мезгілінен бастап ауыл шаруашылығы дақылдарын егу және жұптау мақсатында қолданылатын аумақ. Тыңайма орны екінші рет сукцессиядан өту (қалпына келтіру) процессінің үлгісі болып табылады.







Әлеуметтік инвестициялар

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік

БҚО электр қуатымен қамтамасыз ету  
Әлеуметтік инфрақұрылымға қолдау көрсету  
Жабдықтауды ұйымдастыру  
Жергілікті қамтуды дамыту

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ СТРАТЕГИЯСЫ GRI 102-44, 103-2

КПО жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынасын нығайту және қоғам дамуына мүмкіндіктер тудыру арқасында компания қызметінің теріс әсерін алдын алу немесе азайту, сонымен қатар өндірісінің барынша пайдалы болуы мақсатында еңбек етуде. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершелік саласындағы саясаттарымыз, стандарттарымыз және процедураларымыз халықаралық қаржы корпорациясының (ХҚК) қызмет тиімділігінің стандарттарына негізделген. КПО мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік процедурасы, шарасыз көшу процедурасы, шағымдар мен ұсыныстарды басқару процедурасы ХҚК стандарттарына негізделген. GRI 102-12, 103-2

Алдыңғы жылдары шығарылған тұрақты даму туралы есептерде айтылғандай, КПО компаниясы өз мүдделі тараптарымен ашық сұхбат орнату әрекетіне асқан көңіл бөледі. Осылайша, арамызда сенімділік пен өзара жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас орнайды. Ауылдық консультативтік кеңес бағдарламасы шеңберінде Қарашығанақ кен орны айналасындағы бес ауылдық елді-мекен (Приуральный, Успен, Березов, Жарсуат, Пугачев) тұрғындарымен

45-КЕСТЕ. ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС БОЙЫНША МІНДЕТТЕРІМІЗ GRI 103-2

2017 ЖЫЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ	МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ
Қаражат бекітілуі тиіс 2017 жылғы әлеуметтік жобалар жоспарын орындау.	Орындалды, алайда қаражаттың бекітілмеуі себебінен жергілікті инфрақұрылымды дамыту бағдарламалары жүзеге асырылған жоқ <small>GRI 413-1</small>	КПО Березов пен Бестау ауылдарын көшіру жобасын орындауда жергілікті билік органдарына қолдау көрсетті. Арыз-шағымдарды қадағалау әрекеті тиісті процедураға сәйкес жалғасты.	Жергілікті инфрақұрылымды дамыту бағдарламаларын 2018 жылға бекітілген қаражатқа сәйкес жүзеге асыру.
2017 жылдың аяғына дейін кен орнының маңында орналасқан бес ауылдық округ тұрғындарымен қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша 16 ауылдық кеңес отырысын өткізу.	Орындалды	Ауылдық кеңес отырыстарында талқыланған тақырыптар: КПО денсаулық сақтау бөлімі өткізген денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау, шәкіртақы бағдарламасының нәтижелері, Бөрлі ауданы әкімінің жылдық есебі, жергілікті газет-журналдарға жазылу және т.б.	Үш ауылдық округ (Приуральный, Жарсуат, Успен) тұрғындарының қатысуымен әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тақырыптарға қатысты 12 ауылдық кеңес отырыстарын өткізу.
Жергілікті тұрғындардың арыз-шағымдарын және ұсыныстарын қабылдауды басқару тәртібіне сай жергілікті қоғамдастықтармен әрекеттесуді жалғастыру.	Орындалды	2017 жылы 410 шағым тіркелді. Оларға тиісті жауап берілді.	Халықтан түскен арыз-шағымдарды жергілікті тұрғындардың шағымдарын және ұсыныстарын қабылдауды басқару тәртібіне сай қарастыру және әрекет ету.



2017 ЖЫЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ	МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР	2018 ЖЫЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ
КПО басшылығына және Бөрлі ауданы әкімдігіне Березов және Бестау ауылдарын көшіру жобасының екінші кезеңін ҚР тиісті заңнамасы және халықаралық стандарттарға сай жүзеге асыруға жәрдемдесу.	Орындалды	Березов және Бестау ауылдарын көшіру жобасы 2017 жылдың аяғында аяқталды.	Ақсай және Аралталға жаңа көшірілген жаңылардың арыз-шағымдарын шағымдар процедурасына сәйкес қарастыру арқылы көшіруден кейінгі қадағалау жұмыстарын жүргізіп, әрі-қарай қалпына келтіруді қолдау.

ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТАН ТҮСКЕН ШАҒЫМДАРМЕН ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ GRI 103-2, 103-3


КПО компаниясы Қарашығанақ кен орнына жақын тұратын халықтан түскен арыз-шағымдарға айрықша көңіл бөледі. Газ иісіне шағымданған тұрғындар КПО халықпен жұмыс істеу бөлімі тобынан уақытылы жауап алады.

КПО-ның жергілікті халықтан түскен шағымдармен және ұсыныстармен жұмыс істеу процедурасына сәйкес 2017 жылы 410 шағым қабылданды (38-сызба). 2016 жылғы деректермен салыстырғандағы шағымдар санының күрт өсуі, негізінен, Березов пен Бестау ауылдарын көшіру

жобасымен байланысты. Тұрғындар өз шағымдарын халықпен жұмыс істеу тобына ауызша немесе жазбаша түрде де қалдыра алады. Олардың көтерген мәселелері арасында үй-пәтерлерді тиісінше бөлу ережелері, өтемақы туралы толық ақпарат және Аралтал ықшам ауданындағы мен Ақсай қаласындағы үйлер құрылысындағы шағын кемшіліктерді жою бар.

КПО түскен шағымдарды барынша қарастыруға тырысты: адамдармен жеке кездесу ұйымдастырылды, үй-пәтерлерді бөлу және өтемақы тағайындау тәртібі түсіндірілді, құрылыс компаниясымен әрекеттесу арқылы құрылыстағы кемшіліктерді жоюға көмектесті.

38-СЫЗБА. 2017 ЖЫЛҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРДАН ТҮСКЕН ШАҒЫМДАР МЕН ҰСЫНЫСТАР GRI 103-3



БЕРЕЗОВ ЖӘНЕ БЕСТАУ АУЫЛДАРЫ ТҰРҒЫНДАРЫН КӨШІРУ G4 0612

Березов және Бестау ауылдарын іс жүзіндегі көшіру жобасы Қарашығанақ кен орнының жоспарлы дамуына байланысты 2017 жылдың аяғында сәтті аяқталды. Тұрғындардың көбі Ақсай қаласына және Ақсай қаласынан 5 шақырымға жуық жерде орналасқан, табиғаты жайлы Аралтал ықшам ауданына көшірілді, кейбіреулері өтемақы алды. 2016 жылғы тұрақты даму есебінде айтылғандай, екі ауылды көшіру үдерісі Батыс Қазақстан облысы әкімшілігі басшылығымен және КПО жақтан қаржылай қолдауымен өтті.

Көшіру екі кезеңде өткізілді. 1-кезеңде 2015 жылдың аяғында өз еркімен көшуге ниет білдірген әлеуметтік жағынан жағдайы төмен жанұялар көшірілді.

Қарашығанақ кен орны маңында тұратын халыққа арналған газ иісімен байланысты мәселелерді басқару процедурасына сәйкес, компания түскен шағымдарға уақытылы жауап қайтаруға тырысты. Шағымдарды қарастыру нәтижелері негізінде, халықпен жұмыс жөніндегі топ арқылы тұрғындарға тиісті жауап қайтарылды.

Газ иісімен байланысты шағымдар бойынша КПО өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес тиісті аймақтарда кешенді экологиялық мониторинг өткізді. Ауа күйін және газдың ауада шоғырлануын бақылау нәтижесінде жиналған деректер жайындағы толық ақпарат 85-88-беттеріндегі "Қоршаған ортаға қамқорлық" тарауында берілген.

Көшіру жобасының екінші кезеңі 2017 жылы аяқталды. Осы кезеңде қалған тұрғындарға көшу нұсқалары арасында таңдау жасау құқығы беріліп, олар Аралтал ықшам ауданындағы жер телімдері бар үйлерге немесе Ақсай қаласындағы Қарашығанақ-1 ықшам ауданының пәтерлеріне көшірілді.

Көшіру жобасы өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімнің, ҚР заңнамасының және ХҚК халықаралық стандарттарының және бизнес пен адам құқықтарының нұсқаушы қағидаларының талаптарын бұлжытпай орындау арқылы жүзеге асырылды. Аталған стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында көшіру үрдістеріне қатысты әлемдік тәжірибесі бар тәуелсіз кеңесшілер жобаның ең басынан бастап қатыстырылды.



Әлеуметтік инвестициялар

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік


БҚО электр қуатымен қамтамасыз ету

Әлеуметтік инфрақұрылымға қолдау көрсету

Жабдықтауды ұйымдастыру

Жергілікті қамтуды дамыту

39-СЫЗБА. ТҰРҒЫНДАРДЫҢ КӨШІРУДІҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІНДЕ  
ҰСЫНЫЛҒАН ҮШ НҮСҚА АРАСЫНДАҒЫ ТАҢДАУЛАРЫ



39-сызба жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес үш қоныс аудару нұсқаларының бірін таңдау мүмкіндігін көрсетеді.

Көшіру жобасы барысында тұрғындарға көшу туралы егжей-тегжейлі кеңес-ақпарат беріліп отырды.

Үй иелері және қосымша иелері берілетін өтемақы мәселесін талқылау үшін жеке әңгімелерге шақырылды.

Берлі әкімшілігінде тұрғындардың шағымдары мен арыздарын қарау комиссиясы құрылып, оның құрамына жергілікті билік органдары, Берлі ауданының маслихат депутаттары және КПО қызметкерлері енді. Бұл комиссия тұрғындардың көшу үдерісіне, соның ішінде үй-пәтерлердің бөлінуі тәртібіне және басқа да жеке мәселелерге қатысты шағымдарын қарастырды. Қойған сұрақтарына тұрғындар жазбаша жауап алды.

Көшіру жобасына қатысты арыз-шағымдарды қарастыру мақсатында КПО жергілікті халықтан түскен шағымдармен және ұсыныстармен жұмыс істеу процедурасын іске қосты. Бұлақпарат 2015-2016 жылдары Березов пен Бестау ауыл тұрғындарымен өткізілген ашық есіктер күндері форматындағы бірнеше жиналыстарда кеңінен таратылды. Кеңес беру шараларының шеңберінде Берлі ауданы әкімшілігінің және КПО халықпен жұмыс жөніндегі тобының телефон нөмірлері мен басқа да байланысу бойынша ақпарат басылған парақтар да тұрғындарға үйлестірілді. Сонымен қатар, әрбір тұрғынның Берлі ауданы әкімдігіне хат пен арыздарды тікелей жіберу мүмкіндігі болды. Берлі ауданы әкімдігінің өкілдері көшірілетін қауыммен кездесіп, туындаған мәселелерді талқылауға әрдайым дайын болды.

Олардың белсенді қатысуы мен жеке көзқарастарын қамтамасыз ету мақсатында 2016 жылы құрамына Березов пен Бестау ауылдарының тұрғындары кірген тұрғындар комитеті құрылды. 2016-2017 жылдары тұрғындар комитеті мүшелері Ақсай мен Аралталдағы жаңа үйлер салынуын бақылау мақсатымен әр ай сайын құрылыс алаңдарын аралап жүрді. Тұрғындардың осындай әрбір сапары кезінде оларды құрылыс үдерісімен таныстыру және ой-пікірлерін білу үшін олармен КПО өкілдері де жүрді. Тұрғындар комитетінің мұндай пікірлері мен сұраныстарының кейбірі ескеріліп, тиісті шаралар қолға алынды. Мәселен, Аралталдағы әрбір үйдің ауласында шаруашылық қажеттіліктерге арналған техникалық су құдығы қазылды.

Көшірілген тұрғындарға ұсынылған әлеуметтік инфрақұрылым Ақсай қаласы Қарашығанақ-1 ықшам ауданындағы 320 орынға арналған жаңа бала бақша және Аралталдағы 300 балаға арналған жаңа мектепті қамтиды.

Экономикалық әріптестік және даму ұйымына  
шағымдану

2014, 2015 жылғы есеп беттерінде біз 2013 жылы "Crude accountability" үкіметтік емес халықаралық экологиялық ұйымның экономикалық



КПО басшылығы қоныс аударған отбасыларын көруде

әріптестік және даму ұйымына КПО-ға қарсы шағым түсіргені туралы хабарлаған болатынбыз.

КПО және оның құрушы компаниялары осы шағым бойынша 2014-2017 жылдары жүргізілген талдау үдерісі барысында Ұлыбританиялық ұлттық координациялық орталықпен (ҰКО) ұдайы байланыста болып, 2017 жылғы желтоқсан айында Ұлыбританиялық ҰКО өзінің қорытынды тұжырымын жариялады.

Экономикалық әріптестік және даму ұйымы (ЭӘДҰ) конкорциум серіктестеріне қарсы түсірілген шағымдардың барлығын дерлік қанағаттанырылмаса да, ЭӘДҰ пайымдауынша, Березов ауылының екі отбасы өтемақы тиесілі жанұя болып есептелуі тиіс. Қорытынды тұжырымда ҰКО КПО компаниясына екі жанұяны қолданыстағы шарасыз көшу бойынша ХҚК стандартына сай көшірілуге құқылы деп санауға және оларға ұсынылған шарттардағы барлық кемшіліктерді жою мақсатында стандартта белгіленген қадамдарды жасауға, сонымен қатар тиісті шаралардың барлығын 2018 жылдың мамырына дейін аяқтауға кеңес берді.

Біз оқырмандармен осы мәселенің шешілуі бойынша жаңа ақпаратпен 2018 жылғы есепте бөлісеміз.



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫН ЭЛЕКТР ҚУАТЫМЕН  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ <sup>GRI 203-1</sup>

КПО-ның электр қуатын өндіру және Батыс Қазақстан аймағына жеткізу қызметі Қарашығанақ кен орнының негізгі және алғашқы қажеттіліктерін қамтамасыз етумен қатар жүргізіледі.

КПО-ның газ турбиналы электр станциясында 4 генератор іске қосылған: олардың үшеуі қос отынмен (газ-дизель), ал біреуі тек газбен жұмыс істейді.

КПО ГТЭС-да өндірілген электр қуатын ішкі нысандарға – ҚӨК, ГКДҚ-2, ГКДҚ-3, жинақтау жүйесі, эко орталық және Пилот қалашығына, сонымен қатар, электр энергиясын жеткізуші ұйымдарға: «Ақсайэнерго» ЖШС және «Батыс Энергоресурстары» ЖШС-не жібереді. Бұл ұйымдар, өз кезегінде, электр қуатымен БҚО тұтынушыларын қамтамасыз етеді.

2017 жылы КПО аймақтық желіге 40-45 МВт электр қуатын жеткізді. 2015-2017 жылдар аралығындағы КПО-ның отын газын және электр қуатын жеткізу көлемі 46-кестеде берілген.

46-КЕСТЕ. КПО-НЫҢ ОТЫН ГАЗЫ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ЖЕТКІЗУ КӨЛЕМІ, 2015-2017 ЖЖ.

СИПАТТАМАСЫ	2015	2016	2017
БҚО аймағына жеткізілген электр қуаты, ГВт-сағ, соның ішінде:	233,94	294,1	307,64
■ «Ақсайэнерго» ЖШС	29,62	35,49	35,04
■ «БатысЭнергоресурстары» ЖШС	204,32	258,61	272,60
Батыс Қазақстан облысы үшін электр энергиясын өндіруге отын газын пайдалану, млн.м³, оның ішінде:	76,199	98,064	102,63
■ Батыс Қазақстан облысына электр энергиясын ГТЭС-да өндіруге өз отын газын сату	68,052	50,808	97,72
■ Батыс Қазақстан облысына электр энергиясын ГТЭС-да өндіру үшін үшінші тарап жеткізушісінен сатып алу	8,147	47,256	4,91

2016 жылмен салыстырғанда, 2017 жылдағы Батыс Қазақстан облысына жеткізілетін электр қуаты көлемі 4.6% өсті. 2017 жылы №1 газ турбиналы генератордың турбинасын күрделі жөндеу және газ каналын алмастыру жұмыстары өткізілді.

КПО қондырғыларындағы өндірістік шектеулерге байланысты Батыс Қазақстан облысына арналған электр қуатының біл бөлігі сыртқы жеткізуші газымен өндіріледі. 2016 ҚӨК нысаныдағы газ тазартудың 5-339 қондырғысында жүргізіген жөндеу жұмыстары техникалық шектеулерді барынша түсіруге және, сәйкесінше, компанияның

үшінші тарап газын 2017 жылдағы пайдалану көлемін азайтуға мүмкіндік берді.

Есеп беру жылы, КПО компаниясында сыртқы қуат желілерінің әсерінен өндірістік шығындар болған жоқ. Қуатпен қамтамасыз ету қауіпсіздігінің артуы сыртқы электр желілеріне жұмсалған КПО-ның бұдан бұрынғы инвестицияларының арқасында мүмкін болды (2014 жылғы (133-бет) және 2015 жылғы (100-бет) тұрақты даму есептерін қараңыз).



Әлеуметтік инвестициялар

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік  
БҚО электр қуатымен қамтамасыз ету  
Әлеуметтік инфрақұрылымға қолдау көрсету  
Жабдықтауды ұйымдастыру  
Жергілікті қамтуды дамыту

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

GRI 203-1

КПО компаниясы өнімді бөлісудің түпкілікті келісімінің (ӨБТК) 5-қосымшасына сәйкес әр жыл сайын Батыс Қазақстан облысы аймағында әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырып келеді. GRI 103-2

Басқару жөніндегі бірлескен комитетінің шешіміне сәйкес 2010 жылдан бері КПО компаниясы Батыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жылына 20 млн. АҚШ долларын бөлуде. Басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК) Бөрлі ауданындағы 2014-2016 жылдары жүзеге асырылатын әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалар үшін қосымша 30 млн доллар қаражат бөлу туралы шешім қабылдады (жыл сайын 10 млн АҚШ доллары). Бұл қаражатты игеру 2017 жылы жалғасты.

Жоспарланған жобалардың тізімі жыл сайын КПО және БҚО әкімдігімен облыстың әлеуметтік дамуының қажеттіліктеріне орай келісіледі. БҚО әкімдігі бұл тізімді мемлекеттік басымдықтарға сәйкес және Орал қаласының инфрақұрылымын, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін, сонымен қатар өңірдегі дене шынықтыру мен спорт салаларын дамыту қажеттіліктері негізінде дайындайды.

Компания бұл жобалардың техникалық шешімі, сатып алу кезеңі, құрылыстың толық аяқталуы және кейінгі ҚР меншігіне өткізілуіне дейінгі барлық үдеріс үшін толықтай жауапты. Әлеуметтік жобалардың барлығы жергілікті мердігерлермен орындалуы тиіс. Жобаларды жыл аяғына дейін толық орындамаған жағдайда, игерілмеген қаржы келесі жылға өткізіледі.

2017 жылы аяқталған әлеуметтік жобалардың тізімі төмендегі 47 және 48-кестелерде көрсетілген.

47-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛЫ КПО ОРАЛ ҚАЛАСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАН ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР

САЛА	ЖОБАНЫҢ АТЫ	СИПАТТАМАСЫ	ІС ЖҮЗІНДЕ ИГЕРІЛГЕН ҚАРАЖАТ (МЛН ТЕҢГЕ)*
Жолдарды жөндеу және салу	Азербайджанская көшесінің жолын Жәңгір хан атындағы көшеден Энтузиастов атындағы көшеге дейін күрделі жөндеу	Жоба көліктердің жайлы қозғалысы үшін жолдың асфальтбетон қабатын бастапқы қалпына келтіру мақсатында жүзеге асырылды.	352,6
	Шаған-набережная көшесінің жолын Сарайшық көшесінен Пугачев атындағы көшеге дейін күрделі жөндеу	Жоба көліктердің қала жолдарымен қауіпсіз қозғалысы үшін жолдың қанағаттанарлықсыз қабатын қалпына келтіру мақсатында жүзеге асырылды. Шаған-набережная көшесі - қаланың орталық ықшам ауданына шығатын маңызды жолдардың бірі	240,1
	Депоская, Восточная көшелеріндегі 2-базадан Депо өткеліне дейінгі жолды жөндеу	Бұл жоба жол жабынын және жолдың осы бөлігін қиып өтетін инженерлік желілерді көліктер мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіз қозғалысы үшін жөндеуге бағытталған.	247,8
	Урдинская көшесін Гагарин атындағы көшеден Жамбыл атындағы көшеге дейін күрделі жөндеу	Күрделі жөндеу жұмыстары асфальтбетон жабынының пайдалану параметрлерін және жол құрылымдарын қалпына келтіруге көзделген.	103
	Зашаған кентіндегі Жәңгір хан атындағы көшенің жолын Набережная көшесінен Азербайджанская көшесіне дейін орташа жөндеу	Қала тұрғындарының қозғалыс жайлылығы үшін көліктердің жүру қарқыны жоғары және қаланың ең маңызды көшелерінің бірінің жол жабынын жөндеуге бағытталған.	340,8



47-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛЫ КПО ОРАЛ ҚАЛАСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАН ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР (ПРОДОЛЖЕНИЕ)

САЛА	ЖОБАНЫҢ АТЫ	СИПАТТАМАСЫ	ІС ЖҮЗІНДЕ ИГЕРІЛГЕН ҚАРАЖАТ (МЛН ТЕҢГЕ)*
Жолдарды жөндеу және салу	7-9 ықшам аудандарына кірме жолдардың құрылысы (№ 1 көше)	Жаңа 7 және 9 ықшам аудандарындағы № 1 көше Әбілқайыр хан даңғылы мен Московская көшелерін қосу үшін салынған. Көше ұзындығы - 761 метр	288,5
	Шевченко атындағы және Исаев атындағы көше мен көше жолдарын Айтиев атындағы көшеден Нүрпейісова атындағы көшеге дейін күрделі жөндеу	Күрделі жөндеу жұмыстары асфальтбетон жабынының пайдалану параметрлері мен жол құрылымдарын қалпына келтіруге көзделген.	87,5
	Зеленов ауданы, Дарьинск ауылы ішіндегі көлік жолдарын күрделі жөндеу	Жоба Дарьинск ауылының инфрақұрылымын жақсарту үшін жол жабынын жөндеуге бағытталған.	350,4
Азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс	Қалалық мәдениет және демалыс саябағындағы Шаған өзенінің оң жағасын қайта құру - 2-кезең	Қала тұрғындарын мәдени-бұқаралық және спорттық шараларды өткізу мүмкіндігімен қамтамасыз етуді көздеді. Бұл жоба өзеннің оң жағасында веложолдардың құрылысын және саябақты 100 көлікке арналған тұрағы бар кірме жолмен қамтамасыз етуді қамтиды.	307,5**
	Әуежайға апаратын жолдың сыртқы жарықтандыру жүйесін жаңарту: ■ Подстепное-Ақсай жолынан әуежайға дейін; ■ 261-шақырым тұсынан әуежайға бұрылысқа дейін; ■ 261-шақырым тұсынан «Еуропа-Азия» тасына дейін	Жоба өткізілген тексеру нәтижесінде анықталған электр жеткізудің әуе желілерінің аталған аймақтарда тозуы себебінен алмастырылуы мақсатында жүзеге асырылды.	405,7
	Петровский атындағы көшеден Даумов атындағы көшеге дейін Сарайшық көшесінің сыртқы жарықтандыру жүйесін жаңарту	Жоба өткізілген тексеру нәтижесінде анықталған электр жеткізудің әуе желілерінің аталған аймақтарда тозуы себебінен алмастырылуы мақсатында жүзеге асырылды.	105,4
	Барлығы		2 829,3

\* Қосылған құн салығы (ҚҚС) есептелген;

\*\* 2017 жылы бұл жоба бойынша төлем толық жасалған жоқ.





Әлеуметтік инвестициялар

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік  
БҚО электр қуатымен қамтамасыз ету  
Әлеуметтік инфрақұрылымға қолдау көрсету  
Жабдықтауды ұйымдастыру  
Жергілікті қамтуды дамыту

48-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛЫ КПО БӨРЛІ ЖӘНЕ БҚО БАСҚА ДА АУДАНДАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР

САЛА	ЖОБАНЫҢ АТЫ	СИПАТТАМАСЫ	БЮДЖЕТ (МЛН ТЕҢГЕ)*
Жолдарды жөндеу және салу	Ақсай қаласындағы Цвиллинга атындағы көше жолының төсемін және жабындысын салу және қайта құру	Жоба автокөлік жолының пайдалану күйін қалпына келтіру мен жетіспейтін компоненттерді жетілдіру мақсатында қайта құру жұмыстарын қамтыды	261,2
	Ақсай қаласында Железнодорожная көшесін Садовая көшесінен Западная көшесіне дейін күрделі жөндеу	Жоба көліктердің жайлы қозғалысы үшін жолдың асфальтбетон қабатының бастапқы қалпына келтіру мақсатында жүзеге асырылды.	262,5
	Ақсай қаласында М.Маметова атындағы көшені күрделі жөндеу	Жоба мақсаты - қаланың ең маңызды көшелерінің бірі болып табылатын М.Маметова атындағы көшенің көлік жолында және жаяу жүргіншілер жолдарында асфальт-бетон жабындысын салу.	221,6
Азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс	Ақсай қаласында спорттық-сауықтыру кешенін салу	Жоба қаладағы дене шынықтыру және спорт саласын дамытуға және Ақсай қаласы тұрғындарының денсаулығын нығайтуға бағытталған. Жоба қосымша объектілері қарастырылған спорт залды, әкімшілік ғимаратты, модульді қазандықты салуды, волейбол, баскетбол және теннис ойындарына арналған әмбебап алаңдарды ұйымдастыруды, 1200 көрерменге арналған орындары бар футбол алаңын құруды қамтыды.	867,4
	БҚО Бөрлі ауданындағы балалар шығармашылық мектебі ғимаратын күрделі жөндеу	Балалар шығармашылық мектебі ғимаратын күрделі жөндеу мектеп оқушыларының жан-жақты дамуына жағдай жасау үшін екі қабатты мектеп ғимаратын салуды қамтыды.	116
Барлығы			1 728,7

\* ҚҚС есептелген



КПО өкілдері «WestKazInvest-2017» IV халықаралық инвестициялық форумында

ЖАБДЫҚТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ GRI 102-9

Жеткізілімдерді тұрақты ұйымдастыру Қарашығанақ жобасын қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан қауіпсіз және әлеуметтік-жауапты дамыту бойынша КПО қызметі үшін аса маңызды.

Батыс Қазақстан аймағындағы маңызды экономикалық тұлғалардың бірі ретінде біз өңірдің тұрақты дамуына өз үлесімізді қосамыз. КПО компаниясының және оның Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестерінің жергілікті қамтуды дамыту және индустриалды-инновациялық дамуды нығайтуға қатысты бағдарламалар мен бастамаларды барынша қолдауы - осының бұлтартпас айғағы.

КПО әлеуметтік жобаларын жүзеге асыру мақсатында жеткізілімдерді ұйымдастыру директоры қазақстандық бизнесті дамыту басқармасымен ұйым шеңберінде тығыз әрекет етеді. Бұл туралы толық ақпарат осы есептің тиісті тарауларында берілген.

КПО тауарлар мен қызметтерді сатып алу саласындағы әрекеттері Қазақстан Республикасы заңнамасының және ӨБТК талаптарына сәйкес, сондай-ақ бекітілген КПО тендерлік ережелеріне сай жүзеге асырылады. Сатып алулар объективтіліктің, кемсітпеушіліктің және жүйенің принциптерін сақтай отырып конкурс негізінде өткізілетін тендер жүргізу арқылы өтеді. Бұл қағидалардың КПО-ның мердігерлермен және жеткізушілермен келісімшарттар жасасу әрекеттеріне қатысты негіздік мағынасы бар. КПО компаниясындағы сатып алу үдерісі бойынша толық ақпарат және сипаттама 2016 жылғы есептің 105 бетінде берілген. GRI 103-2

КПО Қарашығанақ кен орнының дамуы үшін тауар, жұмыс және қызмет жеткізетін және өз қызметтерін қауіпсіздік, экономикалық, экологиялық, этикалық тұрғыдан тиімді және тиісті жауапкершілік негізінде жүргізетін жеткізушілермен және мердігерлермен жұмыс істеуге тырысады.

Мердігерлер мен жеткізушілер тобы Қазақстан Республикасы, Италия, Ұлыбритания, Франция, Германия, Ресей, АҚШ, Нидерланд, Норвегия және т.б. мемлекеттер аймағында тіркелген компаниялар мен ұйымдарды қамтиды. Мұндай әріптестік Қарашығанақ кен орнында пайдалануға енгізілетін технологиялармен және тәжірибелермен бөлісуге мүмкіндік береді.


Қарашығанақ кен орнын игеруді бастау уақытынан 2017 жылдың соңына дейінгі аралықта КПО-ның жеткізушілер туралы мәліметтер базасында 8 500-нан астам тауар, жұмыс және қызмет түрін ықтимал жеткізуші тіркелген.

2017 жылы 562 жеткізушімен келісімшарттар мен қосымша келісімдер жасалды, соның ішінде:

- 364 (65%) – жергілікті компаниялар;
- 198 (35%) – Қазақстан Республикасы аймағында тіркелмеген шетелдік компаниялар және Қазақстан Республикасы аймағында филиалдар арқылы тіркелген шетелдік компаниялар.


Төмендегі сызбада 2015-2017 жылдар аралығындағы жергілікті және шетел жеткізушілерінің қатынасы көрсетілген.

40-СЫЗБА. 2015-2017 ЖЖ. КПО ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫРЫЛҒАН ЖЕТКІЗУШІЛЕР






41-СЫЗБА. 2016-2017 ЖЖ. КЕЛІСІМШАРТТАРДЫҢ ҰСЫНЫЛҒАН ҚҰНЫ ЖӘНЕ КЕЛІСІМШАРТТАРҒА ҚОСЫМШАЛАР БОЙЫНША АЙНАЛЫМ ҚАРҚЫНЫ



Ескерту: 2016 жыл бойынша осыдан бұрын жарияланған деректер жаңа жасалған келісімшарттар құнына қатысты (әрекеттегі келісімшарттарға қосымшалар бойынша деректерді қамтымайды)

Келесі сызбада жеткізушілер түр бойынша бөлінген.

42-СЫЗБА. 2017 ЖЫЛДАҒЫ КПО ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ, ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША



Ықтимал жеткізушілердің «АЛАШ» біріңғай деректер қорында тіркелуі.

Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің және мұнай-газ операторларының бастамасымен Қазақстан Республикасында «АЛАШ» біріңғай деректер қоры қолданысқа енгізілді. Бұл қордың мақсаты - жергілікті қамтуды дамыту, қазақстандық жеткізушілер үшін «біріңғай терезе» қағидасын қамтамасыз ету, КПО, НКОК және ТШО секілді қазақстандық ірі мұнай-газ өндіруші операторлар үшін, сонымен қатар, Қазақстанның мұнай-газ саласында жұмыс істеп жатқан немесе жұмыс істеуге ынталы басқа да ірі компаниялар мен қауымдастықтар үшін нарықтың ашықтығына үлес қосу.

Algorithmi KZ ЖШС «АЛАШ» біріңғай деректер қорының операторы болып табылады және тіркелу процессін қолдайды. Аталмыш дерекқор 2016 жылдың ақпан айында іске қосылып, оның одан әрі дамып жетілуі 2017 жылы жалғасын тапты.



Орал қаласындағы қазақстандық қамтуды дамыту саласындағы форум



ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУЫ GRI 203-2

Қарашығанақ кен орнын игеру барысында КПО жергілікті қамтуды барынша кеңейтуге бар күшін салып келеді. Компанияның жергілікті қамтуды нығайтудағы басты мақсаты - сырттан әкелінетін тауарларды азайтып, Қарашығанақ жобасының қажеттілігіне сатып алынатын жергілікті тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге деген сұранысты арттыру. Қызметтерімізді «Қазақстан-2050», машина жасау өнеркәсібін дамыту, цифрлы технологияларды индустриализациялау және оларды тарату сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларына сай ұйымдастырамыз.


КПО-ның жергілікті қамтуды дамыту саясаты келесі мақсаттарды орындай отыра, жалпы Қазақстан Республикасы, әсіресе Батыс Қазақстан облысы экономикасының тұрақты дамуына зор үлес қосуды көздейді:

- КПО қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын жергілікті өндірушілердің мүмкіншіліктерін анықтау және қолдану;
- Жергілікті өндірушілерге Қазақстанда тауарлар мен жабдықтарды, соның ішінде жоғары технологиялық өндірісті игеруге жәрдемдесу;
- Технологиялармен бөлісу және жұмыс орындарын ашу мақсатында жергілікті жеткізушілерге бірлескен кәсіпорын құруда қолдау көрсету;
- Қазақстандық кадрлардың кәсіби даму деңгейін оқыту арқылы көтеру;
- Жергілікті қамтуды дамыту мәселері бойынша билік органдарымен және қауымдастықтармен тығыз қарым-қатынас орнату;

2017 жылы жергілікті қамтудың Қарашығанақ жобасындағы үлесі, сызбада көрсетілгендей, 54,1% құрады (400 млн жуық АҚШ доллары). 1997 жылы ӨТБК-ге қол қойылғаннан бері 2017 жылдың соңына қарай жергілікті қамтудың тауарлар, жұмыстар мен қызметтердегі үлесі 6.54 млрд АҚШ долларына жетті. <sup>GRI 204-1</sup>

В2017 есеп беру жылында КПО 2016-2017 жылдарға арналған жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасы аясында бірнеше ұзақ мерзімді бастамалар бойынша жүзеге асыру жұмыстарын

43-СЫЗБА. 2015-2017 ЖЖ. КПО САТЫП АЛУДЫҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫҒЫ ҮЛЕСІ, ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРМЕН <sup>GRI 204-1</sup>



қолданыстағы келесі келісімшарттарға сай жалғастырып келеді: Ақтау декларациясы, ұлттық өнеркәсіпті дамыту бойынша КПО, «PSA» ЖШС, «ҚазЭнерджи» қауымдастығы қол қойған Түсіністік туралы меморандум. «Теңізшевройл», «Норт Каспиан Оперейтинг Компани», КПО және «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясымен бірлесіп жасасқан Ақтау декларациясы аясында ТОП-10 тауар, жұмыс және қызметтердің 13 атауы, соның ішінде техникалық қызмет көрсету атаулары (техникалық қызмет көрсету бойынша 8 қосалқы топтан құралған) жергіліктендірілді, ал 3 тауар атаулары бойынша өндірісті жергіліктендіру жұмыстары әлі жалғасуда. Осыған қоса, 2017 жылы келесі келісімшарттарға қол қойылды:

- 2017 жылға қойылған жергілікті қамтуға қатысты мақсаттарды белгілеу бойынша БҚО әкімдігі мен КПО арасындағы өзара түсіністік туралы келісімшарт;
- Мұнай және газ өндірісі үшін машина жасау саласында өзара әрекеттесу бойынша КПО, БҚО әкімдігі, «Орал» ӘКК» ҰК» АҚ және Зенит ТехСервис ЖШС арасындағы өзара түсіністік меморандумы.

2017 жылдың 22 мамырда КПО жергілікті тауар өндірушілері мен қызмет жеткізушілерді компанияның жобаларымен, қолданыстағы алдын ала сынау процесімен, ерте тендерлер мен сынама тапсырыстарды өткізу, оған қоса 10 ең қажетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтер түрлерімен таныстыру үшін жергілікті қамтуды дамыту форумын өткізді.

Ақтау декларациясы аясында ҚР Энергетика министрлігінің, «PSA» ЖШС-нің, БҚО әкімдігінің қолдауымен өткізілген бұл форумға жергілікті компаниялар, Атамекен АҚП, ҚазЭнерджи және ҚазСервис қауымдастықтары өкілдері қатысты.

2016-2017 жылдар аралығында компания Қарашығанаққа қажетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді жергіліктендіру бағытындағы жұмыстарын жалғастырды:

- Бұрын ҚР-нан тыс аймақтан сатып алынып жүрген жалпы көлемі 21 млн АҚШ долларға тең 10 тауарлар мен материалдар, сонымен қатар осыған дейін шетелдік компаниялармен орындалған, жалпы көлемі 390 млн АҚШ долларын құрайтын 21 жұмыс пен қызмет жергіліктендірілді;
- Аталмыш бағдарлама жергілікті мұнай сервистік компаниялардың қатысуымен 9 бірлескен кәсіпорын және консорциум құруға мүмкіндік туғызды;
- Қазақстанға шамамен 62 млн АҚШ долларына тең инвестиция тартуға және 200-ден астам жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашуға жағдай жасалды.

Топ-10 шеңберіндегі тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің отандық өнеркәсіпті дамыту және ұңғымалық операциялардың жол картасы бойынша ТТМ аясындағы тауарлар, жұмыстар мен қызметтеріне түспа-тұс келетінін айта кеткен жөн.

Жергілікті қамтуды дамытудың және жергілікті тауар өндірушілердің мүмкіндіктерімен танысудың ең тиімді жолдарының бірі - бұл өңіраралық өзара әрекеттесу аясында аймақтарды аралау. Мұндай әріптестік арқылы компания жергілікті тауар өндірушілері мен қызмет жеткізушілерінің тауарларымен және мүмкіндіктерімен жете таныса алады. Отандық компаниялар, өз кезегінде, КПО-ның қазіргі және келешек қажеттіліктері туралы ақпаратты алып, техникалық сипаттамалармен, сонымен қатар келісімшарт жасасу, сатып алу, жергілікті қамтуға қатысты талаптармен танысады. 2016-2017 жылдары өңіраралық өзара әрекеттесу шеңберінде орындалған жұмыстардың қорытындылары бойынша КПО жергілікті ұйымдарға 10 келісімшартты ұсынды.



Компания 2017 жылы БҚО әкімдігімен, «PSA» ЖШС өкілетті органмен тығыз әрекеттесіп, КПО өкілдерінің тауарларды өндіру, жұмыстар мен қызметтерді жеткізудегі өңірлердің мүмкіндіктерімен танысу үшін Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан облыстарына және Алматы қаласына сапарларын ұйымдастырды.

Өңіраралық әрекеттесу шеңберінде 2017 жылы орындалған іс-шаралар төмендегі сызбада көрсетілген:

49-КЕСТЕ. 2017 ЖЫЛЫ ӨҢІРАРАЛЫҚ ҒЫНТМАҚТАСТЫҚ АЯСЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР

АЙМАҚТАР	НӘТИЖЕЛЕР
Ақтөбе облысы	Жергілікті кәсіпорындарға КПО қызметтерінің презентациясы көрсетілді және өңірдің ірі кәсіпорындаркөрсмесіне сапар ұйымдастырылды.
Оңтүстік Қазақстан облысы	<ul style="list-style-type: none"> <li>"Кентау Трансформатор зауыты" ЖШС-мен "ҚӨҚ газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасына" қажетті қазақстандық трансформаторларды жеткізу туралы меморандумға қол қойылды.</li> <li>КПО мердігері болып табылатын «Baker Hughes» компаниясы және «Шымкентцемент» АҚ Қарашығанақ жобасына қажетті отандық нығыздау цементін жеткізу туралы келісімшартқа қол қойды. Қазақстандық нығыздау цементі КПО-ның 9856-ші ұңғыманың жоғарғы секцияларын цементтеу кезіндегі тексерісінен сәтті өтті. Отандық цемент өндірісін сәтті жергіліктендіру Қарашығанақ жобасындағы шетелдік нығыздау цементін алмастыруға мүмкіндік беріп, соның арқасында бұл материалға басқа мұнай және газ операторларының қызығушылығын оятты.</li> <li>Делегация «Karlskrona» сорғы өндіру зауытына және «Hill Corporation» мотор және майлау майларын шығару зауытына да барды.</li> </ul>
Алматы	<ul style="list-style-type: none"> <li>КПО және «Schneider Electric» ЖШС арасындағы "ҚӨҚ газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасы" үшін модульді шағын электр станциясын жасап шығару мен жеткізу туралы келісімшартқа қол қойылды. Бұл келісімшарт бойынша бұрын шетелден әкелінетін модульді шағын электр станциялары алғаш рет Қазақстан Республикасы аумағында жасалып шығарылатын болады. Бұл КПО-ның тапсырысын орындау кезінде ҚР-ның 100-ден аса азаматының жұмыспен қамтылуына мүмкіндік береді.</li> <li>КПО мен ЖШС «Bureau Veritas Kazakhstan» ЖШС арасында БҚО компанияларын ASME/API оқыту және сертификаттау бойынша келісімге қол қойылды.</li> <li>КПО және «KazSPO-N» ЖШС Қазақстан аймағында шығарылатын өртке төзімді ЖҚЖ жеткізу туралы келісімшартқа қол қойды. КПО ерте тендер өткізу арқылы Қазақстанда шығарылатын өртке төзімді киім тігу өнеркәсібін меңгеруге бастамашы болды. Бұл әрекет, өз кезегінде, қазақстандық өндірушілерге еліміздің басқа да ірі аймақтық жер қойнауын пайдаланушыларына және дүниежүзілік нарыққа өртке төзімді ЖҚЖ жеткізу есігін ашады.</li> <li>Делегация «PSI Group» ЖШС-нің болатын өндіру зауытына және «KazSPO-N» ЖШС-нің ЖҚЖ киімдерін тігу зауытына іссапармен барды.</li> </ul>

Отандық компаниялардың біліктілігін арттыру

2017 жылы КПО жеткізушілерді кәсіби дамыту бастамасының бір бөлігі ретінде жергілікті он компанияның жетекшілік ұжымына IPMA стандарты бойынша жобаларды басқару жөніндегі оқу курсы ұйымдастырылды.

Жергілікті жеткізушілердің бәсекеге қабілеттілігін күшейту және компанияға жеткізілетін тауарлар мен қызметтердің сапасын арттыру мақсатында, Орал, Ақсай және Атырау қалаларында жұмыс істейтін, оның ішінде әлеуетті жеткізушілердің қатарындағы жергілікті жеті компанияларға ISO 9001: 2015, ISO / TS 29001: 2015, ISO / TS 29001:

2010, ISO 14001: 2015, OHSAS 18001: 2007 басқару стандарттарының біріктірілген тәртіпте енгізілуі ұйымдастырылды.

Өткен жылы ішінде БҚО-дағы машина жасау зауыттарының әлеуетін арттыру процесі ASME халықаралық стандарттарды енгізуге және қысым ыдыстарын өндіру бойынша сертификалуға жәрдемдесу арқылы жүзеге асырылып келді. БҚО-дағы екі машина жасау кәсіпорны: «Ақсайгазсервис» ЖШС және «Зенит» Орал Зауыты ЖШС ASME стандарты (VIII-ші секция, 1-ші бөлім) бойынша сертификаттауға одан әрі дайындалу үшін тәуелсіз аудит компаниясы өткізген алдын ала бағалау сынағынан сәтті өтіп, ASME талаптарына сәйкес өндіру қуаттылығын енгізу және сертификаттау процесін бастады.



Осыдан бірнеше уақыт бұрын озық технологияларды тасымалдау және Қазақстан экономикасының өнеркәсіп секторын нығайтуға бағытталған бірқатар бірлескен жобалар іске қосылған болатын. 2017 жылы КПО сол жұмыстардың нәтижелерін көре алды.

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ №1 (2015 ЖЫЛДАН БЕРІ ЖАЛҒАСЫП КЕЛЕДІ):

Отандық өндірісті дамыту бойынша Түсіністік туралы меморандумға сәйкес ерте тендерлерді және сынама тапсырыстарды өткізу

2014 жылы КПО, «PSA» ЖШС және «KazEnergy» қауымдастығы ҚР Үкіметінің өндірістік және сервистік кластерлерді дамыту бастамаларын қолдап, түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжаттың негізгі міндеттері - КПО жобаларының бастапқы кезеңдерінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді анықтау, олардың кластерлерін құру және отандық жеткізушілер арасында ерте тендерлерді жүзеге асыру және/немесе сынама тапсырыстарды (СТ) беру. Бұл бастама бойынша 2017 жылы КПО келесі жетістіктерге жетті:

- 2017 жылдың тамызында ерте тендердің нәтижелері негізінде КПО «KazSPO-N» ЖШС-мен өртке төзімді қысқы және жазғы ЖҚЖ, сонымен қатар отандық өндірісте шығарылатын қысқы күртешелерді жеткізу туралы ұзақ мерзімді келісімшартқа отырды, ондағы ЖҚ-дың үлесі 70%-ды құрады. 2017 жылдың шілде айында КПО Қазақстанда шығарылатын бұрғылау қашауын жеткізу үшін «ЖігерМұнайСервис» ЖШС-мен ұзақ мерзімді келісімшарт жасасты. Екінші жетілдірілген бұрғылау қашауын сынақтан өткізудің қанағаттанарлық нәтижелерін ескере отырып, КПО көлемі кішілеу бұрғылау қашауларын келешекте жергіліктендіру мүмкіндігін қарастыруда.
- 2017 жылдың тамызында ерте тендердің нәтижелері негізінде КПО «KazSPO-N» ЖШС-мен өртке төзімді қысқы және жазғы ЖҚЖ, сонымен қатар отандық өндірісте шығарылатын қысқы күртешелерді жеткізу туралы ұзақ мерзімді келісімшартқа отырды, ондағы ЖҚ-дың үлесі 70%-ды құрады.
- 2017 жылдың тамызында энергияны үнемдеу бағдарламасы шеңберінде КПО отандық өндірісті дамыту үшін және КПО-ның нысандарында орнатылған жарық жабдықтарын ауыстыру мақсатында компанияға энергияны үнемдейтін жарық жабдықтары мен шамдарын жеткізуге «Prolux LED» ЖШС-мен ұзақ мерзімді келісімшарт жасасты. 2017 жылдың қыркүйек айында Қазақстанда жасалған жарықты үнемдеу жабдықтары мен шамдарының бірінші партиясы жеткізіліп, КПО-да орнатылды.
- 2016-2017 жылдарға арналған жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасына сәйкес КПО Қарашығанақтағы жарылысқа төзімді электр моторларын жөндеу және қайтадан орау қызметтерін жергіліктендіруге бастамашы болды. Осындай қызметтер бұған дейін шетел мердігерлерімен орындалды. Компания Атырау қаласында жаңа электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсету орталығын жергіліктендіру мен құруға өз қызығушылығын білдірген қазақстандық әлеуетті жабдықтаушыны анықтады. ТТМ-ның (түсіністік туралы меморандум) жұмыс тобының келісіміне сәйкес, 2017 жылдың наурыз айында «Еділ-Орал.kz» ЖШС-мен жоғарыда аталған қызметтер бойынша ұзақ мерзімді келісімшарт жасалды.

Ұлттық өнеркәсіпті дамыту бойынша ТТМ-ға қол қойылғаннан бері КПО тауарлардың 7 атауын және қызметтің 1 түрін ерте тендер мен сынама тапсырыс көмегімен сәтті жергіліктендірді. Бастаманың басталғаны жөнінде КПО-ның 2015 және 2016 жылғы тұрақты даму туралы есептерінде жарияланған болатын.

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ № 2 (2015 ЖЫЛДАН БЕРІ ЖАЛҒАСЫП КЕЛЕДІ):

Ұңғымалық операциялар бойынша жол картасы бастамасы

КПО ұңғымалық операциялар бойынша жол картасын отандық компаниялар мен халықаралық мердігерлер арасында серіктестік құру арқылы отандық мұнай сервистік компаниялардың ұңғымалық операциялар технологияларын иемденуіне және кәсіби дамуына жағдай жасау мақсатында дайындап шығарды. Бұл бастама туралы ақпарат 2015-2016 жылдар бойынша алдыңғы есептерде толығырақ берілген.

